

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 811.512.122'373.2

Қолжазба құқығында

ӘЛИАҚБАРОВА АЙГЕРІМ ТІЛЕСБЕКҚЫЗЫ

**Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы замануи қазақ антропонимиясы:
трансмиссия, трансформация**

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор Г.Б. Мадиева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD докторы
Э. Хоффманн (Австрия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

| | | |
|----------|--|-----|
| | АНЫҚТАМАЛАР | 3 |
| | ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР | 6 |
| | КІРІСПЕ | 7 |
| 1 | АНТРОПОНИМИЯ: ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ | 15 |
| 1.1 | Антропономастиканың теориялық негіздері | 16 |
| 1.2 | Қазақ антропонимиясының қалыптасуы мен дамуы | 28 |
| 1.3 | Антропонимиядағы тілдік трансмиссия құбылысы | 33 |
| 1.4 | Антропонимдік трансформация құбылысы | 37 |
| | 1 бөлім бойынша тұжырым | 39 |
| 2 | ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДІК ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ | 41 |
| 2.1 | Заманауи қазақ антропонимиясы: лексика-семантикалық топтастырылуы | 42 |
| 2.1.1 | Қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық топтары | 46 |
| 2.1.2 | Қазақ кісі тектерінің лексика-семантикалық топтары | 53 |
| 2.2 | Заманауи қазақ антропонимиясы: құрылымдық-сөзжасамдық түрлері | 57 |
| 2.2.1 | Қазақ кісі есімдерінің құрылымдық-сөзжасамдық түрлері | 60 |
| 2.2.2 | Қазақ кісі тектерінің құрылымдық-сөзжасамдық түрлері | 64 |
| 2.3 | Заманауи қазақ антропонимиясы: тілдік қатысымдылығы | 66 |
| 2.3.1 | Қазақ кісі есімдерінің тілдік қатысымдылығы | 68 |
| 2.3.2 | Қазақ кісі тектерінің тілдік қатысымдылығы | 72 |
| | 2 бөлім бойынша тұжырым | 75 |
| 3 | АНТРОПОНИМДІК ТРАНСМИССИЯ ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯ | 77 |
| 3.1 | Қазақ антропонимиясы: кісі есімдері мен тектері құрамы | 78 |
| 3.1.1 | 1980, 1990 жылдардағы кісі есімдері мен тектері құрамы | 79 |
| 3.1.2 | 2000 жылғы және 2017 жыл білім гранты иегерлері материалы негізінде кісі есімдері мен тектері құрамы | 94 |
| 3.1.3 | 2010, 2018 жылдардағы кісі есімдері мен тектері құрамы | 109 |
| 3.2 | Ұрпақаралық антропонимдік трансмиссия | 124 |
| 3.3 | Қазақ кісі есімдері мен тектерінің трансформациясы | 132 |
| 3.4 | Қазақ антропонимиясындағы сахналық есімдер трансформациясы | 144 |
| | 3 бөлім бойынша тұжырым | 150 |
| | ҚОРЫТЫНДЫ | 153 |
| | ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ | 157 |
| | ҚОСЫМША А | 168 |
| | ҚОСЫМША Ә | 216 |
| | ҚОСЫМША Б | 249 |
| | ҚОСЫМША В | 265 |

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Автономасия – жалқы және жалпы есім арасында болатын ауысу үдерісі.

Антропоним (*anthropos* – адам, *onyma* – есім, ат) – кісі есімі.

Антропонимика – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын, яғни антропонимдерді зерттейтін ономастика тармағы.

Антропонимдік саясат (*Personal names policy*) – әлеуметтік-мәдени құндылықтардың, салт-дәстүрдің көрінісі. Антропонимдік саясатқа сәйкес есімдер тілдің құрамдас бөлігі ретінде тіл саясатына тікелей қатысты қарастырылады.

Антропонимдік трансмиссия – антропонимдердің алдыңғы буын өкілдерінен кейінгі ұрпаққа мұра ретінде табысталу, жеткізілу үдерісі.

Антропонимдік трансформация – әлеуметтік-саяси жағдаят пен жаһандану үдерісі ықпалынан кісі есімдерінің тілдік санада сәнді, заманауи болып қабылдануы тұрғысынан батыс елдері тілдерінің нормаларына сәйкес дыбыстық өзгеріске ұшырау құбылысы.

Антропонимия (грек тілінде *anthropos* «кісі» және *onyma* «ат», «есім») – бір тілдегі немесе бір облыстағы кісі аттарының жиынтығы.

Арнау мәнді немесе құрмет есімдер (меморативтер) – тарихи тұлғалардың, халық қаһармандарының, танымал адамдардың құрметіне, қайтыс болған ата-бабасының, туған-туысының құрметіне қойылатын есімдер.

Әлеуметтік лингвистика – тілдің әлеуметтік табиғатын, қоғамдық қызметін, қоғам өміріндегі ролін және оның дамуына әсер ететін факторлар мен оларды реттеу тетіктерін т.б. кең көлемдік проблемаларды кешенді түрде зерттейтін ғылым саласы.

Бүркеншік ат – шын есімнен бөлек, ойдан шығарылған, есім мен тектің орнына жүретін ойдан шығарылған атау.

Гендер (ағыл. *gender* – тек (род), жыныс) – әлеуметтік жынысты биологиялық жыныстан айыру үшін қолданылатын термин. Ол биологиялық жыныс пен әлеуметтік-мәдени жыныстың (еркектік, әйелдік белгілерінің рөлдер бөлінісі, мәдени дәстүрлер, биліктік қатынастар арқылы тұжырымдалуы) шекарасын бөліп көрсету мақсатында енгізілді.

Гендерлік лингвистика (ағыл. *gender* – грамм. тек (род) және франц. *linguistiques* лат. *lingua* – тіл) – гендер мен тілдің өзара байланысын зерттейтін гендер мен лингвистика аралығындағы ғылым саласы.

Гибридті есімдер – тілде екі немесе одан да көп шет тілдердің лексикалық немесе морфологиялық элементтерінен құралған есімдер.

Заманауи есім – кісі есімінің заманауилығы сәнді есімдерге тән атрибуттық белгілердің біріне жатады, яғни бұрын қалыптасқан антропонимдік стандартқа қатысты жаңашылдығымен ерекшеленетін есімдер.

Зооним есімдер – жаңа туылған нәрестені тылсым күштерден және көз тиюден сақтау, қорғау мақсатында есім ретінде қойылған үй жануарлары, жабайы аңдар мен құстардың атаулары.

Кофигуративті мәдениет – білім мен мәдениеттің ересектер, құрдастары мен замандастары арқылы игерілуі, жас ұрпақтың техникалық және әлеуметтік даму бойынша бірегей көзқараста болуы, қоғамда түбегейлі өзгерістер болған жағдайда жастар контрмәдениетінің дамуы.

Көлбеу мәдени трансмиссия (*oblique cultural transmission*) – мәдени құндылықтың ересектер мен мемлекеттік мекемелер, ұлттық мәдениет пен өзге мәдениет арқылы игерілуі.

Көлденең мәдени трансмиссия (*horizontal cultural transmission*) – мәдени құндылықтарды күнделікті қарым-қатынас барысында достар мен замандастардан үйрену арқылы жүзеге асады.

Кісі есімі – адам баласы өмірге келген сәтте ресми бекітілген дербес атау. Есім адамды отбасындағы, қоғамдағы басқа адамдардан ажырату қызметін атқарады.

Кісі тегі – ата-бабадан мұра ретінде беріліп, адамның нақты бір отбасына немесе белгілі бір жерге қатысын білдіретін атау.

Латын әліпбиі (лат. *latinus*, ағыл. *Latin script*) – көне римдіктер пайдаланған және әлемдегі мыңдаған жазба тілдер әліпбиінің негізі болған әліпби және жазу.

Мәдени-тарихи (әлеуметтік) есімдер – діни наным-сенімдер, тотем мен табуға қатысты және неологизм есімдерді қамтиды.

Мәдени трансмиссия – тұлғаның әлеуметтену үдерісінде мәдени мұраның бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табысталуы.

Менталитет – адамның мінез-құлқы, іс-қимылы, ойлау ерекшелігі, дүниені сезінуі мен қабылдауы, саналық пен бейсаналықтың тұтастығы, қоғамдағы ұжымдық деңгейде қалыптасатын ойлау және іс атқару жүйесі, ол қоғамның барлық мүшелеріне тән және барлық жеке тұлғалардың іс-әрекеттерінде көрінеді.

Норма (лат. *norma* ереже, үлгі; ағыл. *norm*) – тілдің әрбір нақты даму кезеңінде тіл құралдарын қолдану және іріктеу қағидаларының жиынтығы; тіл құрылымына сәйкес келетін, дәстүрлі сипат алған, қарым-қатынас үдерісі кезінде пайдаланылатын барынша тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы.

Ономастика – жалқы есімдерді, олардың қалыптасу және түрлену тарихын зерделейтін тіл білімінің саласы.

Постфигуративті мәдениет – білім мен мәдениеттің ересектерден балаға берілуі, ата-баба тәжірибесіне, дәстүрге негізделген бағыт, мұнда әлеуметтік және мәдени өзгерістер баяу жүреді.

Преноним – бүркеншік аттың ерекше түрі, яғни шоу бизнес өкілдерінің тегін қолданбай, өз есімін ғана танымалдық үшін қолдануы.

Префигуративті мәдениет – білім мен мәдениеттің ересектерге балалар арқылы берілуі, қарқынды әлеуметтік және мәдени өзгерістерде болатын

болашаққа бағытталу, бұрынғы тәжірибелерді сыни тұрғыда бағалау, стереотиптердің өзгеруі.

Прототип есімдер (грек. *prototypon* – түп-төркін, бейне) – өмірде, тарихта болған тұлғаның елге танылған батырлық, еңбекқорлық т.б. қасиеттерінің прототиптік мағына ретінде кісі есімдеріне орнығуы. Прототип есімдердің бастапқы мағынасына қарағанда, әлеуметтік мағынасына басымдық беріледі.

Сәнді есім – келесі атрибуттық белгілер арқылы сипатталады: *әмбебаптылық* (белгілі бір лингвомәдениет аясында нақты уақыт кезеңінде есімнің жиілігі), *заманауилығы* (бұрынғы антропонимдік стандартқа қатысты жаңашылдығы), *демонстрациялық қасиеті* (өзгешелік, ерекшелік, түпнұсқалылық).

Сипаттау мәнді есімдер (дескриптивтер) – нәрестенің физиологиялық ерекшелігін сипаттап, бет-әлпетіне, денесінің түсіне және жүріс-тұрысына қатысты есімдер.

Сирек есім – сәбиге есім таңдауда қиялға ерік беру нәтижесінде пайда болған дара, ерекше, сирек (экзотикалық) есім.

Табу (ағыл. *taboo*, фр. *interdiction de vocabulaire*, нем. *Verbot, Tabuierung*) – қолданылуына тыйым салынатын сөздер немесе сөз қолданыстары.

Тілдік сана – сөйлеуді қамтамасыз ететін когнитивті сананың бір түрі.

Тілдік трансмиссия – тіл арқылы жүзеге асқан құндылықтардың сақталып, табысталу тетігі.

Тілек есімдер (десидеративтер) – ата-ананың сәбиіне ұзақ өмір, бақыт, байлық, батырлық, батылдық, сұлулық, нәзіктік, сыпайылық, мәдениеттілік, ақылдылық, даналық секілді жақсы қасиеттерді тілеу ниетінен туындаған есімдер.

Трансформация (*transformatio* – кейпі өзгеру) – негізгі ереже әрекеті нәтижесінде үстірт құрылымның ішкі құрылымынан туындау үдерісі.

Тігінен мәдени трансмиссия (*vertical cultural transmission*) – балаға мәдени құндылықтар, қабілеттер, наным-сенімдер мен уәждердің ата-ана арқылы табысталуы.

Уәж (себеп-салдар) – тілдік белгінің атауына негіз болған құбылыс.

Уәждеме – тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу актісі.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

АХАТ– Азаматық хал актілерін тіркеу

ТЕӘ – тегі, есімі, әкесі

ТЕ – тегі, есімі

ӘЕ – әкесі, есімі

ағыл. – ағылшын тілі

алт. – алтай тілі

ар. – араб тілі

ассир. – ассирия тілі

ауысп. – ауыспалы мағына

батыс. ес. – батыс есімі

герм. – герман тілі

гр. – грек тілі

евр. – еврей тілі

ж.е. – жаңа есім

ир. – иран тілі

ирл. – ирланд тілі

исп. – испан тілі

к.ағыл. – көне ағылшын тілі

к.ассир. – көне ассирия тілі

кельт – кельт тілі

к.егип. – көне египет есімі

к.евр. – көне еврей

к.герм. – көне герман тілі

к.парс. – көне парсы тілі

к.слав. – көне славян тілі

к.т. – көне түркі тілі

қаз. – қазақ тілі

қырғ. – қырғыз тілі

лат. – латын тілі

монғ. – монғол тілі

ор. – орыс тілі

санск. – санскрит

сканд. – скандинавия тілі

слав. – славян тілі

тат. – татар тілі

тәж. – тәжік тілі

тув. – тува тілі

түр. – түрік тілі

түрк. – түркі тілі

фр. – француз тілі

хак. – хакас тілі

КІРІСПЕ

Бүгінгі тіл білімі ғылымында ономастика мәселелеріне қатысты зерттеу жұмыстары ерекше назар аудартады. Лингвистика ғылымы үздіксіз дамуда, бұл орайда бірнеше ғылым салаларының интеграциясы негізінде зерттеуді қажет ететін жаңа бағыттар, салалар туындауда. Осыған байланысты ономастика саласында, оның ішінде кісі есімдері жайлы ғылым ретінде антропонимикада жаңа зерттеулер пайда болуда, себебі қоғамда орын алған өзгерістер саяси-әлеуметтік оқиғалар, мәдени қатынастар жайлы нақты мәлімет сақталатын антропонимдерде көрініс табады.

Әбдуәли Қайдардың пікірі бойынша адам өмірінде ат қою дәстүрі зор маңызға ие: «Адам баласының жер бетінде қауымдаса өмір сүре бастаған бағзы замандардың өзінде өзара араласып, қарым-қатынас жасау қажеттілігінен туындаған өркениетті дәстүрдің бірі – «бір-біріне ат қойып, айдар тағу. Онсыз адамдардың қауымдаса, ұйымдаса тіршілік етуі, табиғаттың сырын ұғынып, тылсым күшіне қарсы тұруы мүмкін емес еді» [1, 728 б.].

Қазақстандағы ономастикалық зерттеулерде, оның ішінде антропонимика саласына қатысты зерттеу жұмыстарында антропонимдердің тарихи даму жолдары айқындалып, семантикалық, құрылымдық, этнолингвистикалық ерекшеліктері салыстырмалы, салғастырмалы аспектіде қарастырылып, уәжділік сипаты анықталған. Дегенмен қазақ антропонимиясы қазіргі жай-күйі, даму динамикасы үрдісінің айқындалуы, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазақ антропонимдік жүйесінде көрініс табуы, оның қазақ халқы менталитетіндегі өзгерістермен өзара шартты байланысы тұрғысында жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Аталған диссертациялық жұмыста заманауи қазақ антропонимдері лексика-семантикалық тұрғыда топтастырылып, құрылымы және сөзжасамдық құрамына талдау жасалып, белгілі бір лингвомәдениетке қатысты антропонимдердің сандық-пайыздық құрамын анықтау мақсатында нақты деректі материалдардың тілдік атрибуциясы айқындалды. Қазақ антропонимдерінің өсу динамикасын анықтау мақсатында 1980-2018 жылдар аралығында туылған ұлты қазақ азаматтардың аты-жөні нұсқалары сандық есептеу тәсілі негізінде қарастырылып, ең жиі қойылған және сирек кездесетін кісі есімдері анықталды. Сонымен бірге жаңа туған сәбиге есім берудегі сәнді үрдісті айқындауға мүмкіндік тудырған антропонимиядағы «сән» ұғымы, сонымен қатар қазақ шоу бизнесіндегі сахналық есімдердің ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар соңғы онжылдықта қоғамда орын алған әлеуметтік-мәдени жағдайлардың, ғаламдық жаһандану үдерісінің көрінісі ретінде қарастырылатын тілдік трансмиссия және трансформация құбылыстары, есім берудегі ұлттық дәстүрдің сақталу үрдісі айқындалды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында тілге мәдениеттің көпөлшемді ұғымы ретінде баса назар аударылады. Сол себепті мәдениеттің игерілу, сақталу, кейінгі ұрпаққа табысталу, тіл арқылы мәдениеттің модернизациялану мәселелері өзектілікке

себеп болып, тіл білімінде антропоэзектік және этноцентристік бағыттағы зерттеулерде қарастырылуда. Осыған орай жұмыстың өзектілігі қазақ антропонимиясында ұрпақтан ұрпаққа берілетін (*тілдік/антропонимдік трансмиссия*) есімдерді анықтауға негізделген антропонимиялық қорда сақталған есімдерді айқындау болып табылады. Сонымен қатар орындалған диссертациялық жұмыс «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасының бастамасымен жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанда бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан – 2030 барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиясы сынды бағдарламалық құжаттардың жүзеге асырылуымен де байланысты. Соңғы құжатта «қоғамымыздағы трансформация ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік» [2] деп көрсетілген. Осымен байланысты жүргізілген зерттеу жұмысының міндеттерінің бірі халық менталитеті трансформациясын көрнекі түрде аңғартатын антропонимдердің трансформациясын анықтау болып табылады. Антропонимдер де қоғамдағы түрлі жағдаяттарға, жаһандану үдерісіне сәйкес мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан үнемі өзгеріп, дамып отырады. Қоғамдағы жаңа әлеуметтік өзгерістерге қатысты қазақ кісі есімдері жүйесінде орын алған трансформацияны (*антропонимдік трансформация*) айқындау да зерттеу жұмысының өзектілігі болып саналады. Қазіргі таңда қазақ антропонимиялық қорында айтарлықтай өзгерістер орын алғандығын зерттеу нәтижелері дәлелдеп отыр: көне түркі дәуірінде қалыптасқан ай мен күнге табыну, аң-құстарды, табиғат құбылыстарын тотем ретінде тану, сонымен бірге қазақ халқының наным-сеніміне, салт-дәстүріне қатысты қойылған кісі есімдері қолданыстан шығып немесе өзгеріске ұшырау үстінде. Жиі кездесетін есімдер қатарын анықтау кезінде қазіргі кезеңде нәрестеге есім беруде оның мәнді, мағыналы болуына қарағанда, қысқа, әрі құлаққа жағымды естілуіне, заманауи және сәнді есім болуына баса назар аударылатындығы белгілі болды. Қоғамда орын алған саяси-экономикалық жағдаяттардың, жаһандану үдерісінің кісі есімдерінде көрініс табуы антропонимдердің әлеуметтік-мәдени маңыздылығын айшықтай түседі.

«Қазақстан – 2030 барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» бағдарламалық құжатында: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. <...> Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады» деп атап көрсетілген [2].

Осыған орай қазақ халқының есім беру дәстүрі сақталып келеді ме деген заңды сұрақ туындайды. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап жана туған сәбиге

тарихи тұлғалардың құрметіне: ел билеген хандар мен билердің, елді жаудан қорғаған батырлар мен сұлтандардың, саяси тұлғалар, қоғам қайраткерлерінің есімдері берілді, бұл ұлттық сана-сезімнің, сондай-ақ қоғамның тарихи-мәдени модернизациясының көрінісі іспетті.

Алматы қаласы АХАТ бөлімдеріндегі туу туралы акт жазбалары және Әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағатынан алынған құжаттар, түрлі антропонимдік тізімдерден таңдалған деректі материалдар негізінде «Заманауи қазақ есімдерінің электронды сөздігін», яғни жаңа типтегі мобильді қосымша түрінде заманауи антропонимиялық сөздік құрастыру мүмкіндігі туындады. Аталған сөздікті «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын дамытуға белгілі бір деңгейде үлес қосу мақсатында жасалған инновациялық ақпараттық технология өнімі ретінде қарастыруға болады.

Зерттеудің нысаны – заманауи қазақ антропонимиясы (кісі есімдері, тектері).

Зерттеу жұмысының пәні – заманауи антропонимдердің лексика-семантикалық және құрылымдық-сөзжасамдық ерекшеліктері, трансмиссия және трансформация құбылыстары.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің **мақсаты** – заманауи қазақ антропонимиясындағы жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға қатысты туындайтын ұрпақаралық трансмиссия және трансформация нәтижелерін айқындау. Осы зерттеу мақсатына жету үшін келесі **міндеттерді** шешу көзделді:

- ономастикаға, оның ішінде қазақ антропонимикасына қатысты жүргізілген ғылыми тарихи-лингвистикалық зерттеулерге аналитикалық шолу жасау;

- заманауи қазақ антропонимдерін лексика-семантикалық тұрғыда топтастыру, құрылымдық-сөзжасамдық ерекшеліктерін сипаттау;

- белгілі бір мәдениетке қатыстылығы тұрғысында заманауи қазақ антропонимиясының тілдік құрамын: түркі негізді және шет тілдерден енген антропонимдерді анықтау;

- қазақ антропонимиясындағы ұрпақаралық трансмиссия құбылысын айқындау;

- қазақ халқы менталитетінің өзгеруімен байланысты қазіргі қазақ антропонимиясындағы трансформация құбылысын саралау;

- қазақ есімдерінің ағылшын тілінде және латын графикасы бойынша дұрыс жазылуы тұрғысында ақпарат беретін, қазақ-орыс тілдерінде мобильді қосымша түрінде заманауи қазақ есімдері электронды сөздігін құрастыру.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер. Зерттеу жұмысында жинақталған тілдік материалды зерттеп, бір жүйеге келтіру мақсатында Алматы қаласы АХАТ бөлімдері, архив қоры атрибуциясы, жаппай іріктеу тәсілі негізінде сипаттау әдісі қолданылды; заманауи кісі есімдері мен тектері лексика-семантикалық және құрылымдық-сөзжасамдық талдау негізінде лексика-семантикалық ерекшеліктері бойынша

топтастырылды; заманауи қазақ есімдері тілдік атрибуция көмегімен айқындалды; заманауи қазақ антропонимдерінің өсу динамикасын, жиі қойылған және сирек кездесетін есімдерді анықтауда Microsoft Office Excel және SPSS компьютерлік бағдарламалары көмегімен сандық есептеу тәсілі пайдаланылды; тіл иесінің тілдік санасындағы элементтер ретінде есімдер мен тектердің лексикалық мағынасын айқындау үшін есімнің лексикографиялық мағынасын анықтауға мүмкіндік беретін лексикографиялық талдау жасалды, сонымен бірге мобильді қосымша түрінде антропонимиялық сөздік құрастыруға мүмкіндік туғызған сөздіктердегі анықтаманы жалпылау әдісі қолданылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Диссертация жұмысының тақырыбын ашу мақсатында тіл біліміндегі жалпы әдістемелік қағидалар, белгілі отандық және шетелдік ғалымдардың ономастика, оның ішінде антропонимика саласы бойынша ғылыми еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде: Т. Жанұзақов [13], В.А. Никонов [20], А.В. Суперанская [7], В.Д. Бондалетов [10], В.Д. Карпенко [104], Б.А. Старостин [134], Г.В. Тропин [18], Г.Б. Мадиева [43], Қ.Қ. Рысбергген [4], Б. Әбдуәлиұлы [86], Н.Д. Оңдасынов [152], Г.И. Кульдеева [83], А. Gardiner [114], С. Hough [12], R.D. Alford [58], W. Van Langendonck [22], K. Agyekum [21] (антропонимдердің теориялық мәселелері); J. Algeo [14], F. Akinnaso [34], А.Н. Al-Qawasmi & А.А. Al-Haq [37], V. Adminiene & A. Nauseda [36] (әлеуметтік лингвистика); Ж.А. Манкеева [139] (этномәдени атаулар), В. Spolsky [38], J.B. Walkowiak [39] (personal name policy); А.М. Селищев [28], А. Жұбанов, [145], А.С. Аманжолов [119], Ә. Қайдар [73], В. Гордлевский [65], Р.Л. Сельвина [66], Г.Г. Стратанович [67], Л.В. Никулина [68], В. Jernudd [69], В.І. Creamer Thomas [70], S. Mwizenge [40] (этникалық ономастика); О.И. Блинова [48], Т.Р. Кияк [49], Н.Д. Голев, [52] (уәжтану); З.К. Ахметжанова, У.А. Мусабекова [53], Н.Ө. Асылбекова [54] (антропонимдердің уәжділік аспектісі); S. Lieberon, E.O. Bell [64] (an Empirical Study of Social Taste); R.J. Stoller [55], J. Lyons [51], М.М. Гинатулин [47], А.В. Кирилина [56], Б. Хасанұлы [59], Г. Мамашарипова [60], Г. Шоқым [62] (гендер ұғымы); А.Ж. Кульмагамбетова [79] (антропонимдердегі әлемнің тілдік бейнесі); В.И. Супрун [171] (ономастикалық өріс мәселесі); G. Trommsdorff [97], Д.И. Дубров, А.Н. Татарко [94], С.Г. Воркачев [91], В.В. Красных [92], Э.Д. Сүлейменова [96], Г.Ф. Благова [99], S. Wilson [100] (ұрпақаралық трансмиссия, тілдік трансмиссия); О.В. Врублевская [109] сәнді есім; Т.Ф. Аристова [110], Г.Р. Галиуллина [50], К.Г. Чаукерова, К.К. Койше, Г.М. Ниязова [106] (кісі есімдері трансформациясы); У.Е. Мусабекова [175] (ортологиялық бейімделу); Ю.И. Масанов [178], В.Г. Дмитриев [179], К.С. Мочалкина [181], Т.Т. Джарасова [77] (бүркеншік аттар) және т.б. ғалымдардың зерттеулері мен ғылыми еңбектері алынды.

Диссертациялық зерттеудің материалдық негізі. Зерттеу материалы ретінде 124800-ден астам ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндері қарастырылды.

Диссертациялық зерттеудің дереккөздері. Деректі материалдар келесі дереккөздерден алынды:

- Алматы қаласы Әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағатынан алынған, Алматы қаласы АХАТ бөлімдерінде 1980-2018 жылдар аралығында дүниеге келген нәрестелердің есімі, тегі, әкесінің аты тіркелген туу туралы акт жазбалары (43 027 бірлік): 1980 жыл – 3481 (Әуезов, Калинин, Ленин, Октябрь, Совет, Фрунзе аудандарының АХАТ бөлімдері), 1990 жыл – 5912 (Алатау, Әуезов, Калинин, Ленин, Москва, Октябрь, Совет, Фрунзе аудандарының АХАТ бөлімдері), 2000 жыл – 6934 (Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандарының АХАТ бөлімдері), 2010 жыл – 9093 (Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандарының АХАТ бөлімдері), 2018 жыл – 17 607 (Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандарының АХАТ бөлімдері) бойынша туу туралы акт жазбалары;

- Әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағатындағы құжаттар;

- 2017 жылғы Қазақстан Республикасы білім гранты иегерлері (1999-2000 жылдары туылған) атанған 28 000-нан астам талапкерлердің аты-жөні;

- бұқаралық ақпарат құралдары ((<https://bilim-all.kz/esimder/all>, [imyа.com, https://sites.google.com/site/esymder/](https://sites.google.com/site/esymder/), <https://imena-znachenie.ru/imena/kazahskie/>, <https://islam.kz/ru/articles/traditsiya/znachenie-kazahskih-imen-449/>, <https://www.youtube.com/watch?v=IOgEDQtyZRo>).

Сонымен қатар Л. Данклинг (Leslie Duncling) «The Guinness Book of Names» еңбегі (1995) [167], А.В. Суперанскаяның «Современный словарь личных имен: Сравнение. Происхождение. Написание» сөздігі (2005) [166], Т. Жанұзақовтың «Есіміңіз кім? Ваше имя?» атты қазақша-орысша түсіндірме сөздігі (2008) [136], «Қазақ есімдерінің анықтамалығы» (2009) [174], Н.Д. Оңдасыновтың «Араб текті қазақ есімдері» сөздігі (2011) [153], Ш.Ш. Сагаутдиновтың «Татарские имена: происхождение, значение, примеры» сөздігі (2011) [165], А. Смағұловтың «Қазақ есімдері» атты энциклопедиялық анықтамалығы (2013) [128], интернет сайттары (<https://names.neolove.ru/national/kazakhskoe/>, <https://al-ismad.kz/stati/kazahskie-muzhskie-i-zhenskie-imena-znachenie-kazahskih-imen/>, <https://nashiimena.ru/nacionalnye-imena/kazahskie-imena/>). қолданылды.

Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы. Заманауи қазақ антропонимиясына жүргізілген зерттеудің теориялық маңыздылығы қазақ, кеңірек алғанда түркі ономастикасының ары қарай дамуына қосатын үлесімен айқындалады. Деректі материалдар мен ғылыми нәтижелерді ономастикалық зерттеулерде кеңінен қолдануға болады. Статистикалық мәліметтер тіл мамандарына, әлеуметтанушыларға, психологтарға, мәдениеттанушыларға және т.б. ұлттық тіл мен ұлттық сананың қалыптасу үдерістері бойынша тиісті қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдарын, сонымен бірге жинақталған тілдік материалдарды ономастика теориясы, қазақ антропонимиясы және салғастырмалы ономастика бойынша арнайы курстарда, семантика, сөзжасам, лексикография бойынша дәріс оқуда қолдануға болады. «Заманауи қазақ есімдері электронды сөздігі» (қазақша-орысша) және қазақ есімдерінің ағылшын, латын графикасы негізінде дұрыс жазылуы бойынша мәлімет АХАТ мамандары үшін анықтамалық ретінде ұсынылады. Ұсынылып отырған сөздік жаңа туылған сәбиге есім беруде, оның дұрыс жазылуы бойынша көпшілік аудиторияға пайдалы болады деген сенімдеміз.

Зерттеу жұмысының жаңалығы. Зерттеу жұмысында түрлі дереккөздерден, туу туралы акт жазбаларынан таңдалған заманауи қазақ кісі есімдері мен тектері кешенді, әрі жүйелі түрде зерттелді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы келесі көрсеткіштерге сәйкес анықталды:

– 1980-2018 жылдар аралығында (38 жыл) Алматы қаласы бойынша АХАТ бөлімдерінен жинақталған тілдік материалдар және өзге де объективті дереккөздер негізінде заманауи қазақ антропонимиясы бойынша алынған деректер корпусы;

– қазіргі қазақ кісі есімдеріне Excel, SPSS компьютерлік бағдарламалары негізінде талдау жасалып (ер, әйел антропонимдері), нәтижесінде қазақ антропонимиясының 1980, 1990, 2000, 2010, 2018 жылдардағы даму динамикасы айқындалды;

– заманауи кісі есімдерінің тілдік қатысымдылығы бойынша сандық-пайыздық қатынасы анықталды;

– заманауи қазақ антропонимиясындағы ұрпақаралық трансмиссия құбылысын көрсететін нәтижелер алынды, сонымен ерте ғасырлардан қазіргі күнге дейін тілдік санада сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен кісі есімдері анықталды;

– заманауи қазақ антропонимдік жүйесінің өзегі мен шеткері кеңістігі айқындалды;

- мемлекеттің саяси-әлеуметтік факторларға, ғаламдық жаһандану үдерісіне ықпалынан қазақ антропонимиясында туындаған трансформация құбылысы зерттелді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Саяси-әлеуметтік факторлар, ғаламдық жаһандану үдерісі, тілдік сананың трансформациясы ықпалынан қазақ антропонимиялық кеңістігінде антропонимдік трансформация үдерісі байқалады: күнтізбелік есімдер, қазақ халқының көшпелі өмір салтын және пұтқа табынуды көрсететін есімдер қолданыстан шығып, историзм есімдерге, архаизм есімдерге айналуда; қазақ антропонимиялық қоры жаңа типтегі есімдермен толығуда: а) қазақ тіліндегі жағымды естілетін есімдер, б) еуропалық үлгідегі әуезді есімдер, в) сәнді есімдер, г) екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған есімдер: бірге, бөлек, дефис арқылы беріледі.

2. Заманауи қазақ антропонимиясының тілдік құрамы дәстүрлі қазақ есімдеріне тән емес антропонимдердің белсенді қойылуын, ер антропонимиясымен салыстырғанда әйел антропонимиясында еуропалық есімдер есебінен шет тілден енген антропонимдердің басымдығын көрсетеді. Әуезді, жағымды есім беруге деген талпыныс қазақ есімдер жүйесінің ұлттық біртұтастығын бұзбайды, себебі, антропонимдік кеңістік өзегін қазақ есімдері және қазақ мәдениетімен игеріліп қазақ есімдері ретінде қабылданатын антропонимдер құрайды.

3. Кісі тегі – белгілі бір отбасында ұрпақтан ұрпаққа шексіз жалғасып, өзгеріссіз берілетін генетикалық маркер, мұрагерлік атау. Қазақ мәдениетінде тарихи қалыптасқан орыс тілі үлгісіндегі үш мүшелі антропонимдік формуламен бірге параллельді түрде 1980 жылдан бастап екі мүшелі *тегі+есімі* формуласы қолданылады, мұнда кісі тегі рөлін әулет аты, арғы атасының аты, сонымен бірге әкесінің аты атқарды. 2018 жылғы дерек бойынша ұлттық нұсқа ретіндегі қазақ антропонимдік формуласының үш типі тұрақты түрде қолданыста: *есімі+әкесі+тегі*, *есімі+тегі*, тегі ретінде әке аты қолданылатын *есімі+әкесі*. Келесі ұрпаққа берілмейтін әке атын кісі тегі қызметінде қолдану генетикалық тізбекті үзеді.

4. Антропонимдік жүйеде ұлттық тілдік санаға негізделген базалық антропонимдердің ұрпақаралық табысталу үдерісі – антропонимдік трансмиссия құбылысы байқалады. Антропонимдік трансмиссия: тігінен антропонимдік трансмиссия және көлденең антропонимдік трансмиссия болып екі түрге бөлінеді.

Жұмыстың талқылануы мен мақұлданыуы. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық

- Қазақ антропонимиясының дамуы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №5 (114). – Астана, 2016. – Б. 24-27.

- Қазақ антропонимиясының лингвомәдени ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №1 (165). – Алматы, 2017. – Б. 139-142.

- Қазақ антропонимиясында кісі тегінің трансформациялану құбылысы // «Ономастика – Қоғам – Уақыт» атты жас ғалымдардың IV республикалық ғылыми-танымдық конференция материалдарының жинағы. Алматы, Қазақстан. 13 сәуір, 2017. – Б. 10-16.

- Қазақ антропонимиясындағы тілдік трансмиссия құбылысы // «XXI ғасыр филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, Қазақстан. 2-3 маусым 2017. – 20-25 бб.

- Қазақ антропонимиясында трансформацияның рөлі // IV Халықаралық Фараби оқулары. Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, Қазақстан. 10-13 сәуір, 2017. – 228 б.

- Transformation of anthroponyms in the Kazakh language // Сборник материалов I Международной научно-практической конференции «Пересекая

границы: межкультурная коммуникация в глобальном контексте». – Москва, 14-16 февраля 2018 г. – С.181-183.

- Қазақ антропонимиясындағы сахналық аттардың лингвистикалық ерекшеліктеріне шолу // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. Филология сериясы, – №4 (61). – Астана, 2018. – Б. 42-46.

- The impact of globalization on the transformation of naming // V International Farabi Readings. Materials of the International Scientific Conference of Students and Young Scientists «Farabi Alemi». – Almaty, Kazakhstan. April 11-12, 2018. – P. 223-224.

- Қазіргі қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №3 (171). – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – Б. 139-147.

- Structural-Semantic Analysis of Modern Kazakh Anthroponyms // Materials of the IV International Scientific-Practical Conference “Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our time”. – Sapporo (Japan), February 13-15, 2019. – P. 430-436.

- Linguistic fashion in anthroponymy: fashionable names // VI International Farabi Readings. Materials of the International Scientific Conference of Students and Young Scientists «Farabi Alemi». – Almaty, Kazakhstan. April 2-12, 2019. – P. 336-337.

- Gender difference in Kazakh personal names // «Ономастика – Қоғам – Уақыт» атты жас ғалымдардың VI республикалық ғылыми-танымдық конференция материалдары. – Алматы. 5 сәуір 2019 ж. – Б. 4-6.

- Contemporary state of Kazakh personal names // 9th International Conference on Foreign Language Teaching and Applied Linguistics». Book of Abstracts. – Tashkent, 2-3 May, 2019. – P. 78.

- Linguistic attribution of modern Kazakh anthroponyms // Eurasian Journal of Philology: Science and Education, №1 (177). – Almaty: Kazakh University, 2020. – P. 78-85.

- On Some Current Trends in Kazakh Anthroponymy (Based on Materials from Almaty) // Voprosy onomastiki (Problems of Onomastics). Volume 17, Issue 2. – Yekaterinburg, 2020. – P. 312–322. DOI: 10.15826 / vopr_onom. 2020.17.2.030.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс 167 бетте мазмұндалып, кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 110 беттен тұратын қазақ есімдерінің ағылшын және латын графикасында дұрыс жазылуы бойынша мәлімет берілген «Заманауи қазақ есімдері сөздігінен» (қазақша-орысша) тұрады.

1 АНТРОПОНИМИЯ: ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Адамзат баласының дүниеге келгеннен кейін қоршаған ортаны тануы, тілді меңгеруі ересек адамдардың қолданысындағы есім сөздер арқылы жүзеге асады. Заттарды, ұғымдар мен құбылыстарды бір-бірінен ажырату үшін оларға атау беріледі, бұл атауыштық қызмет тілдегі есім сөздерге тән.

«Сәби өзіне таныс емес затты көргенде оның қалай аталатындығын сұрайды, бұл үдеріс аталған заттың кейбір қасиеттерін, ұқсас заттармен ассоциациялық байланысын танып-біліп, бір топқа біріктіріп үйренгенше жалғасатын болады. Ересек адам өзге кісімен танысқанда ең алдымен ол кісінің есімін, өзге жерге барса ол жердің қалай аталатындығын сұрайды» [3, с. 252]. Демек адамның атаулар табиғатына деген қызығушылығы сәби кезінен бастап қалыптасып, өмірінің барлық кезеңдерінде дамып отырады.

«Қай кезде, қай қоғамда болмасын адам баласы дүниеге келген заматтан бастап атаулар қоршауында болған. Ең алдымен адам өзін-өзі есімі арқылы танытып, туған жерін, шыққан тегін идентификациялап, жақын мен жатты осы атаулар арқылы түйсінген» [4, 12 б.].

Адамның белгілі бір есіммен аталып қана қоймай, айналасындағы заттар мен құбылыстарға нақты атау беретін қабілетке ие саналы тіршілік иесі екендігін ғалымдар «человек является не только единственным именуемым существом, но и единственным в мире объектом, способным к самоименованию» деп атап өтеді [5, с. 17]. Яғни бізді қоршаған жанды және жансыз болмыстың барлығының дерлік атауы адамзат баласы арқылы беріліп отырады.

Ономастика (грек т. *onomastike* – «есім беру өнері», ағылш. *onomastics, name study*; фр. *onomastique*; нем. *Onomastik, Namenkunde, Namenforschung*) – кез-келген жалқы есімді жан-жақты зерттейтін тіл білімінің саласы [6, с. 97].

Жалқы есімдер ежелгі ғасырлардан бері, атап айтқанда көне египет, грек және римнің ұлы ойшылдары мен философтарының назарында болған. Олардың арасында стоицизм философиясын жақтаушы Хрисиппті атап айтуға болады. Ал қайта өркендеу дәуірінде, жаңа дәуірде Т. Гоббс, Дж. Локк, Г. Лейбниц сынды ойшылдар, XIX ғасырда Дж. Ст. Миль, Х. Джозеф және тағы да басқа ғалымдар жалқы есімдер жайлы құнды пікірлер білдірді [7, с. 41-91].

Сәйкесінше W. Van Langendonck жалқы есімдердің көне грек философтарының ерекше назарында болып, XX ғасырдан бастап ономаст-ғалымдар тарапынан теориялық тұрғыда зерттелгендігі жөнінде «proper names have been attracting a lot of attention from philosophers ever since the Ancient Greeks <...> but only in the 20th century from theoretical onomasticians» деп баяндайды [8, p. 2].

J. Algeo бірнеше ғалымдар ұсынған тұжырымдарға сүйеніп, жалқы есімнің орфографиялық, морфосинтаксистік, референттік, семантикалық ерекшеліктерін сипаттайды:

1) orthographic: proper names are capitalised;

2) morphosyntactic: proper names have no plural forms; they are used without articles; they do not accept restrictive modifiers;

3) referential: proper names refer to single unique individuals;

4) semantic: proper names do not impute any qualities to the objects designated and are therefore meaningless; they have a distinctive form of definition that includes a citation of their expression [9, p. 136-44]. Яғни жалқы есімдердің орфографиялық ерекшелігі бас әріппен жазылуы; морфосинтаксистік ерекшелігі көпше түрінің болмауы, артикльсіз қолданылуы, рестриктивті модификацияны қажет етпеуі; референттік ерекшелігі бірегей, дара тұлғаға қатысты болуы; семантикалық ерекшелігі мағынаның болмауы тұрғысынан сипатталады.

В.Д. Бондалетов жалқы есімдерді зерттейтін ғылым ономастиканың *антропонимика*, *топонимика*, *космонимика*, *зоонимика*, *ктематонимика* және тағы басқа салаларын бөліп қарастырады [10, с. 8].

А.А. Белецкий ономастиканың жоғарыда аталған салалары ішінде топонимика мен антропонимиканың зерттелу аясының кең ауқымдылығы жайлы «в ономастической литературе заметна тенденция ограничивать материал двумя большими классами: классом географических названий, или топонимов, и классом личных собственных имен (преимущественно людей, а не животных), или антропонимов, со всякими подклассами обоих названных классов» дейді [11, с. 20]. Бұл бөлімде ономастиканың негізгі салаларының бірі антропонимика мәселелері қарастырылатын болады.

1.1 Антропоономастиканың теориялық негіздері

Ғылыми теориялық еңбектер мен лексикографиялық еңбектер бойынша «*антропоономастика*», «*антропонимика*», «*антропонимия*», «*антропоним*» терминдеріне берілген анықтамаларға тоқталып өтейік.

Антропонимика және антропономастика терминдерін өз еңбектерінде қатар қолданған С. Hough, жеке тұлғаға немесе адамдар тобына берілетін есімдерді зерттейтін ғылым деп анықтама береді: «Also referred to as ‘anthroponymy’, anthroponomastics encompasses the study of names given to individuals or to groups of people» [12, p. 6].

«Жалқы есімдердің (ономастиканың) бір саласы антропонимика ішінара фамилия, әке аты, лақап ат, бүркешік ат болып бөлініп, бір тілге тән антропонимикалық жүйеге жатады» [13, 9 б.]. Антропонимика ономастиканың кісі есімдерін зерттейтін негізгі бөлімі болып табылады.

Антропонимия – ономастика қолшатыры астындағы сала ретінде кісі есімдерін, олардың формасы мен қолданысын қарастырады [14, p. 727].

Антропоним терминіне Н.В. Подольская құрастырған арнайы терминдер сөздігінде: «Антропоним – это собственное имя, которое может иметь человек (или группа людей), в том числе личное имя, отчество, фамилия, прозвище, псевдоним, криптоним, кличка, андроним, гинеконим, патроним» деп анықтама берілген [15, с. 31].

Д.И. Ермолович өз еңбегінде антропонимді (барлық мүмкін болатын нұсқаларын қоса алғандағы есімдер жиынтығы) адам ресми түрде иемденіп, өзін таныту белгісі ретінде қолданады деп түсіндіреді [16, с. 16].

В.И. Супрун қарым-қатынас орнату қызметін атқаратын тілдік бірліктердің ішінде антропонимдердің орны ерекше екенін айта келіп, олардың қызметі интралингвистикалық заңдылықтар және экстралингвистикалық факторлармен анықталатынын айтады. В.И. Супрун антропонимияны ономастикалық өрістің өзегі ретінде: «В целом антропонимия является ядерным разрядом в ономастическом поле любого языка, что можно определить как языковую универсалию» деп атап өтеді [17, с. 92-93].

Жұмыста зерттеу материалы ретінде *кісі есімі*, *тегі* қарастырылуына орай осы ұғымдарға берілген анықтамаларға тоқталып өтейік.

Кісі есімі. Нәрестеге есім дүниеге келген кезінде ең алдымен отбасында қойылады. Сол есім оны отбасындағы, қоғамдағы басқа адамдардан ажырату үшін қызмет етеді. Көп жағдайда адам ата-анасы қойған есімді өмір бойы өзімен бірге алып жүреді [18, с. 7].

А.В. Суперанскаяның анықтамасы бойынша адамның есімі оның дүниеге келген сәтінде ресми бекітілген дербес атау болып табылады: «личное имя это индивидуальное именование субъекта, официально закрепленное за ним при рождении» [19, с. 6].

В.А. Никонов тарихта адамзат қоғамының барлық дәуірлерінде кісі есімдерінің болғандығын, оның қандай түрі болмасын, яғни адамның есімі немесе оның түрлі формаларының: тегі, әкесінің аты, кісі есімінің басқа да түрлерінің қоғамда аса жауапты, маңызды қызмет атқаратынын атап өтеді [20, с. 3].

К. Агуекум адам есіміне қатысты мәселе философтар, антропологтар, лингвист ғалымдар мен қарапайым адамдардың назарын аударған бірнеше пән тоғысындағы салаға тиесілі екенін атап өтеді. К. Агуекум бойынша: «Personal names can best be analysed by a combination of both philosophical and anthropological notions» [21, p. 207]. Демек антропонимдер философиялық және антропологиялық ұғымдар арқылы талдау жасауды қажет етеді.

W. Van Langendonck, M. Van de Velde бойынша кісі есімдерін прототип есімдер ретінде есептеуге болады: «Personal names are arguably prototypical names. The number and types of names that are bestowed on people are highly culture specific, as are the principles that guide the choice of a name» [22, p. 33]. Яғни әр түрлі мәдени ортада адам есімінің таңдалуы, оның саны мен түрлері өзіндік ерекшеліктері бойынша сипатталады.

Антропонимдерді профессор Г.Б. Мадиева өз еңбегінде қандай да бір тілдің ономастикалық кеңістігіндегі өзегі ретінде қарастырады. Ономаст ғалымдардың ортақ пікірінше есім кез-келген адамға беріледі. Қазіргі өркениетті қоғам тұлғаның әлеуметтенуі тұрғысында кісі тегінің болуын, яғни оның ата тегіне, түп-тамырына қатысты туыстық қатынасты сәйкесендіруді талап етеді [23, с. 30].

Сонымен антропонимдік жүйеде адам есімінің бірнеше түрлерінің ішінде кісі есімі өзінің бастапқы болу табиғатымен ерекшеленеді.

Kісі тегі. Түсіндірме сөздікте кісі *тегіне* келесі анықтама беріледі: «*фамилия*» (лат. familia) – наследственное семейное наименование, прибавляемое к личному имени и переходящее от отца (или матери) к детям, а также (до революции, теперь необязательно) от мужа к жене [24, с. 1056].

Римдіктерде көпсатылы кісі есімі жүйесі ерте кезеңнен бастап қалыптасып, мемлекеттік органдар мен мемлекетті басқару ұйымдары құрамында көптеген колониялардың болуына байланысты азаматтардың толық аты-жөнінің, сан мыңдаған рим әскерлері қатарындағы жауынгерлердің нақты есімінің болуына қатаң талап қойылған. Мысалы, адам аты-жөнінің келесі түрлері кездеседі: кісі есімі (praenomen), көп жағдайда, қысқартылып, есімнің бас әріптерімен аталу (*Marcus* – орнына М), рулық есіммен аталу (homen), фамилиямен аталу (cognomen) немесе отбасы атымен аталу, қосымша бүркеншік ат (agnomen): *Публий Корнегий Сципион Африканский* [7, с. 89-90]. Яғни римдіктер үшін кісі тегі оның құқықтық жағдайын айқындап көрсетіп, сонымен қатар ақсүйек әулетінен шыққандығының белгісі ретінде есептелген. Бұл тұрғыда римдіктерде ерте кезеңдердің өзінде аты-жөнінің толық болуына баса назар аударылғандығын байқауға болады.

Көне түркі руникалық жазуы тарихын зерттеген түркітанушы ғалым А.С. Аманжолов өз еңбегінде Қазақстан аумағынан табылған эпиграфиялық материалдарды талдау барысында көне түркі халықтарында да хандар мен батырлардың өз есімінен бөлек рулық есімі, ерлік жасаған есімі, шайқастағы есімі, лақап аты болғандығын атап өтеді. Мысалы: «Мое геройское имя – *Кара-Чур* (меткий стрелок), вражеское (на войне) имя *Кар-Яз-маз* (букв. «Рука-Не-Проманется». қар «верхняя часть руки»); *Сю-Чур* – его родовое имя. Высокородный племянник, внук (для) знатного, ханского рода (по материнской линии). Вражеское (на войне) имя – *Кыйаган*» [25, с. 92]. Мұндай есімдер шайқас алаңында көрсеткен ерліктеріне, батырлық ерекшеліктеріне қатысты берілгендігін аңғаруға болады.

J.C. Scott кісі тегінің әкімшілік өкілетті органдар тарапынан адамды дұрыс сәйкестендіру қажеттілігінен туындап, кейін *тектер қоры* (pool of surnames) нақты сол адамды тану мақсатын көздегені жайлы мынадай тұжырым жасайды: «The development of the personal surname went hand in hand with the development of written, official documents such as tithe records, manorial dues rolls, marriage registers, censuses, tax records, and land records. They were necessary to the successful conduct of any administrative exercise involving large numbers of people who had to be individually identified and who were not known personally by the authorities» [26, p. 67]. Кісі тегінің дамуы жазбаша ресми құжаттардың, атап айтқанда иеліктегі жерді, жеке қонысты, заңды некені тіркеу, халық санағын жүргізу, салық пен жер мәселесіне қатысты дамыды.

Н.А. Баскаков «Русские фамилий тюркского происхождения» атты ғылыми еңбегінде түркі халықтары арқылы орыс тіліне енген 300-ге жуық кісі тегіне тарихи-филологиялық талдау жасаған [27].

Г.В. Тропин славян тілдеріндегі ата-баба (эке, ата, арғы ата) есімінен жасалған тектердің 5 түрін қарастырады: а) *-ич*; б) *-ов, -ев, -ин*; в) *-ко*; г) *-чук -юк* жұрнақтарына аяқталатын; д) кісі есімінен жасалған тектер (*Петрусь, Игор, Спиридон*) [18, с. 22].

А.М. Селищев зерттеу жұмысында орыс тілінде кісі тегін феодалдық-меншік тенденциясына қатысты туындап, XVI-XVIII ғасырларда қалыптасты деп тұжырым жасайды. Олардың арасында *-ский (-ской)* жұрнағына (суффикс) аяқталып, феодалға тиесілі территориялық аймақты (*Елецкий (Елецкой), Звенигородский (Звенигородской), Мосальский*), *-ский* жұрнағына аяқталып феодалдың шыққан, туған жерін (*Мещерский, Сибирский, Тюменский*) білдіретін бірқатар кісі тектері болған [28, с. 97].

Жоғарыда аталған зерттеуді дамыта отырып, А.В. Суперанская бір отбасынан, бір атадан тарағандар *-ов, -ев, -ин*, туған жерін көрсету үшін *-ский* жұрнақтарын қолданған деп атап өтеді. *Кузнецов, Волков, Гришин, Иванов* сынды бұқараға тән кісі тектері әлеуметтік жағдайдың айқын көрінісін аңғартады [19, с. 76-77].

Т. Жанұзақов орта ғасырда Орта Азияда және қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген ұлы ойшылдардың туған жері немесе қаласының атауын тегі ретінде қолдану үлгісі архаизм факторына айналғанын айтады. Мысалы: *Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Әбу Насыр әл-Фараби, Қадырғали Жалаири, Әбуабдулла Рудаки, Шахид Балхи, Әлішер Науаи, Бируни, Тарагани, Низами* т.б. [13, 99-100 бб.].

Ч.С. Темиров өз еңбегінде Қазақстан Ресей құрамына қосылған кезеңге дейін қазақтарда тек болмағандығы жөнінде: «Никаких фамилии раньше не было, только имя и отчество. Аксакалы и карасакалы, встретив незнакомого юношу, в первую очередь спаршивали: Кімнің баласысың? Руың кім?» деп атап өтеді [29, с. 268].

Қазақ кісі тектерінің алғашқы нұсқалары орыс тіліндегі кісі тегі (фамилия) үлгісі негізінде XVII-XVIII ғасырларда қолданыла бастайды. Бұл дәуірлерде кісі тегін үстем тап өкілдері, қала тұрғындары иемденген. Кісі тегін қолдану Қазан төңкерісінен кейін қалыптасып, кеңінен тарай бастады [13, 100 б].

Тектің жасалу тәсілі туралы В.А. Никонов «Русские фамилии при возникновении имели форму прилагательных. Преобладающий способ славянского именного словообразования – суффиксация» дейді. Демек орыс тілінде кісі тегі сын есім тұлғасында болып, олардың жасалуында жұрнақ қосу басты тәсіл болып табылады [20, с. 204-205].

Қазақ қоғамында кісінің аты-жөні ресми түрде орыс тіліндегі үш мүшелі аты-жөні үлгісі бойынша қалыптасуы, дамуы, олардың қазіргі кезде құжаттарда кездесетін бірнеше нұсқалары жөнінде Г.Б. Мадиева, Р.М. Таева «The Evolution of Kazakh surnames: “For” and “Against”» атты еңбектерінде баяндайды. Ғалымдар кісі тегін әлеуметтік және заңдық тұрғыда маңызды қызмет атқаратын тарихи категория ретінде қарастырады: the surname is a historical category representing an additional individualizing sign which performs important

social and legal functions: individuals' identification and socialization in society» [30, p. 4799].

Жалпы кісі тегінің есім мен әке атынан басты ерекшелігі оның адам аты-жөнінде тұрақты бөлшек ретінде белгілі бір отбасында ұзақ уақыт бойында ұрпақтан ұрпаққа жалғасуында, ал есім мен әке аты үнемі өзгеріп отырады. Адамға есімі дүниеге келген кезінде отбасында қойылса, тегі ата-бабадан мұра ретінде беріліп, адамның нақты бір отбасына немесе белгілі бір жерге қатысын білдіреді және әр түрлі морфологиялық тәсілдер арқылы жасалған.

Антропонимдердің әлеуметтік лингвистикалық аспектісі. Қоғамның бір мүшесін өзге мүшелерінен ажырату үшін адамға есімнің қажеттігін Levi-Strauss келесі сөздермен дәйектейді: «naming claims unity at the heart of diversity» [31, p. 176].

Ономастика салалары ішінде антропонимиканың әлеуметтік аспектіде ерекше назар аудартуы жайлы Т. Жанұзақов: «Антропонимы по сравнению с топонимами, астронимами, космонимами, зономами представляют большой интерес в социологическом аспекте» [31, с. 13] деп атап өтеді.

В.У. Махпиров антропонимдердің тұлғаны сәйкестендірудегі әлеуметтік қызметін «Антропонимия в широком смысле этого слова в древности, как, впрочем, и сейчас, имела чрезвычайно большое значение для члена общества» [33, с. 29]. Демек қай кезеңде, қай қоғамда болмасын қоғам мүшесі үшін антропонимдер айрықша маңызға ие болған.

J. Algeo өз еңбегінде адам баласы есімінің әлеуметтік және психологиялық аспектісі жайлы: «People are almost invariably named, indeed, a human being without a name would be socially and psychologically less than a fully man» дейді [14, p. 728]. Мұнда қоғамдағы барлық дерлік адамның есімі болады, есімі жоқ адам әлеуметтік және психологиялық тұрғыда толыққанды тұлға деп есептеуге келмейтіндігі баяндалады.

F. Akinnaso антропонимдердің әлеуметтік аспектісі туралы «Like every aspect of society, the name, which is a symbolic system of identification, is usually historically constructed, socially maintained, and based on shared assumption of a particular community» яғни адам есімі сәйкестендірудің символдық жүйесі ретінде тарихи тұрғыда қалыптасып, әлеуметтік тұрғыда анықталып, белгілі бір қоғамның ортақ алғышарттарына негізделеді [34, p. 227].

К.С. Еспаева «Абай жолы» эпопеясындағы антропонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктерін талдап, феодалдар (байлар, билер, старшиналар, сұлтандар) мен қарапайым адамдардың есімдері арасындағы әлеуметтік айырмашылық жайлы айтады. Феодалдар балаларына *бай, бек, хан, сұлтан* сөздерін жалғау арқылы (*Кеңгірбай, Өскенбай, Құнанбай, Алшынбай, Оразбай, Ысқақбай, Ақылбай, Байсүгір, Бесбай, Қондыбай*), Исламдағы халифалар мен пайғамбарлардың есімдерін берсе, ал, шаруа отбасылары балаларына қарапайым есімдер қояды [35, 232-233 бб.].

V. Adminiene және A. Nauseda ағылшын тілінде сөйлейтін елдер Америка, Канада және Британияның бұқаралық ақпарат құралдарының онлайн жарияланымдары негізінде сәбиге берілетін есімдердің әлеуметтік

лингвистикалық үрдісін зерттейді. V. Adminiene және A. Nauseda пікірінше: «In the context of sociolinguistics, the reasons for the choice of the baby name could be related to the peculiarities of speech community, as well as the influence of media» [36, p. 331]. Яғни әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда сәбиге есімнің таңдалу себептері қоғамдағы тілдік ерекшеліктер мен БАҚ (танымал фильмдер, әндер, әдеби шығармалар) ықпалына қатысты болуы мүмкін.

Al-Qawasmi және Al-Haq Иордания елінде 1970-2015 жылдар аралығында жаңа туылған сәбилерге есім таңдау мәселесін әлеуметтік лингвистика тұрғысында қарастырады. Ғалымдар аталған кезеңдегі антропонимдерді тарихи оқиғаларға, дінге, әлеуметтік факторларға қатысты таңдалған есімдер деп жіктеп, өз зерттеулері бойынша қорытынды шығарады: «personal names are useful tools for reference as they provide information on various events in the life of an individual, the family or the society» [37, p. 185]. Кісі есімдері жеке тұлғаның өмірі, оның отбасында немесе қоғамда орын алған алуан түрлі оқиғалар жайлы ақпарат беретін анықтағыш құрал болып есептеледі.

B. Spolsky тіл саясаты мен антропонимдік саясатты (name policy) өзара салыстыра зерттей отырып, олардың ортақ тұстары көп екендігін баяндайды: «In fact, the two – language policy and name policy – have much in common. Historically, language policies were closely linked with religious ideologies, later to be superseded with nationalist ideologies» [38, p. 375]. Демек тарихи тұрғыда тіл саясаты бастапқыда діни идеологиямен, кейіннен ұлттық идеологиямен тығыз байланысты болған. Бұл антропонимдік саясатқа да қатысты болып келеді. Жалпы антропонимге қатысты мәселелер тіл саясатына байланысты орын алады, себебі ресми құжаттарды, атап айтқанда туу туралы акт жазбаларын рәсімдеу мемлекеттік тіл заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы пікірді Европа елдерімен қоса Түркия, Кавказ елдері, Армения, Азербайжан, Грузия мемлекеттеріндегі антропонимдерді зерттеген Justyna B. Walkowiak дамыта түседі. Ол «Name Policy» терминімен қатар «Personal Name Policy» терминін де қолданып, антропонимдік саясат әлеуметтік-мәдени құндылықтардың, салт-дәстүрдің көрінісі екендігін алға тартады: «In particular, many name policies are a reflection of societal cultural values, of tradition, of what is in very imprecise lay parlance sometimes referred to as ‘the spirit of a language» [39, p. 13-14]. Антропонимдік саясатта есімдер тілдің құрамдас бөлігі ретінде тіл саясатына тікелей қатысты қарастырылады.

S.T. Mwizenge Оңтүстік Африканың Замбия мемлекетінде кейбір есімдер қоғамда орын алған оқиғалардың құрметіне қойылатынын баяндайды. Мысалы: *Solstice* (күн тоқырауы, ұлға берілген), *Solstina* (күн тоқырауы, қызға берілген), *Eclipto* (тұтылу), *Sky Shadow* (аспанның күңгірттенуі), *Blindness* (қараңғылық, көрмеушілік) сынды есімдер Замбияда 2001 жылы 21 маусымда орын алған күн тұтылу құбылысына қатысты берілген болса, *Pollingday* (сайлау күні), *Ballotbox* (сайлау жәшігі) немесе *Voted* (сайланған) есімдері 2001 жылы 17 желтоқсанда болған ел президентін сайлау күнін еске түсіретін есімдер болып табылады [40, p. 6-7].

Ал Батыс Африканың Гана мемлекетінде сәби аптаның қай күнінде туылса, сол күннің атауымен байланысты қойылатын дәстүрлі *апта күндеріне қатысты есімдер* (day names) бар, мұндай есімдер баланың жынысына қатысты ерекшеленеді. Сонымен бірге дүниеге келген баланың отбасында нешінші бала екенін білдіретін *позициялық есімдер* (positional names) де кездеседі [Reisøter, 41, p. 226]. Апта күндеріне, ай атауларына, отбасында нешінші бала екендігіне қатысты антропонимдер қазақ тілінің есімдер жүйесіне де тән. Мұндай есімдердің қазіргі уақытта қолданыстан шығып бара жатқандығын атап өтуге болады.

Қоғам өміріндегі өзгерістердің есімдер жүйесіне ықпалы жөнінде И.В. Данилова: «Фундаментальные процессы вызывают коренную перестройку именника, тогда как стабильность в обществе предполагает и стабильность репертуара имен» деп атап өтеді. И.В. Данилова ХХ ғасырдағы есімдер жүйесінің дамуына әсерін тигізген екі жаһандық үдерісті атап өтеді. Оның бірі – төңкерістен кейінгі дехристиандану болса, екінші қарама-қайшы бағыт – есімдердің жаңадан христиандануы, бұл үдеріс 1980 жылдардың аяғында басталған [42, с. 141].

Г.Б. Мадиева бойынша [43, с. 39]: «Тіл – қоғамның жемісі. Тілдің дамуы түрлі әлеуметтік факторларға негізделеді:

- тіл иесінің ортасын өзгертуі;
- халықтың басқа территориялық аймаққа көшуі;
- тілдің әлеуметтік және аумақтық жіктелуі;
- жаңа мемлекеттің құрылуы;
- қоғамдық даму;
- қоғамдық сананың өзгеруі;
- қоғамның тілге саналы түрдегі ықпалы;
- тілдік қатынастар;
- тілдік ахуал және т.б.».

Аталған факторлардың әсерін тілден, оның бірліктерінен, әсіресе онимдік бірліктерінен көре аламыз. Онимдік бірліктердің ішінде антропонимдер бұл әсерлерге аса төзімсіз. Қоғамда болып жатқан түрлі саяси, діни, мәдени, тарихи, әлеуметтік өзгерістердің әсері антропонимдерде көрініс тауып отырады. Оның дәлелі ретінде АХАТ бөлімдерінен жинақталған зерттеу материалын саралау барысында орыс және қазақ тілдеріндегі сөздерден жасалған келесі кісі тектерін атап көрсетуге болады: *Әскербай, Жеңіс, Кеңесбай, Мэльсова* (Меліс), *Сайлау, Советбек* (*Советжан, Советқазы, Советхан*), *Социал, Үкіметхан*, т.б. Қазақ ұлтының антропонимиялық қорында мұндай есімдердің пайда болуы алдыңғы ұрпақ өкілдеріне есім ретінде қойылуымен түсіндіріледі. Сондықтан әлеуметтік жағдайлар, халықаралық қатынастар, этностың өмір сүру кезеңіндегі жағдаяттар антропонимдік жүйеге тікелей ықпалын етіп отырады.

А. Сейдімбек өз еңбегінде әлеуметтік тұлға ретінде адамзат атаулының тарихы адамның аты-жөні белгіленген кезден басталады деп тұжырым жасайды. Ғалымның пікірінше: «қазақ антропонимикасы қазақ ұлтының төлтума қасиеттерін, дәстүрлі дүниетанымын, арман-аңсарын (идеалын), тарихи кезеңдердегі саяси-әлеуметтік ахуалын, экожүйемен қойындасқан өмір

салтын, ең арғысы қоршаған орта мен жан-жануарлар дүниесіне дейін айғақтай алатын аса мәнді тарихи дерек көзі болып табылады» [44, 22 б.].

Жалқы есімдердің дамуы олардың пайда болған қоғамының даму тарихымен, әдебиетімен, қоғамдағы тілдік санамен, ұлттық менталитетпен тығыз байланысты.

Антропонимдердің уәжділігі. Уәж, уәждеме, уәжділік ұғымдарына У.А. Мусабекова келесі анықтамаларды береді: «*мотив* – определенный признак, легший в основу наименования; *мотивация* – процесс установления связи между словами и вещами в момент их наименования; *мотивированность* – структурно-семантическое свойство слова, позволяющее осознать рациональность связи значения и звуковой оболочки слова на основе его лексической и структурной соотносительности» [45, с. 10]. Яғни уәж – атаудың негізі болып табылатын заттың нақты белгісі болса, уәждеме – зат пен атаудың арасындағы байланысты қарастырады, ал уәжділік дегеніміз – сөздің дыбысталуы мен мағынасы арасындағы байланысты ұғынуға мүмкіндік беретін құрылымдық-семантикалық қасиеті болып есептеледі.

Б. Қасым бойынша: «Уәждеме – аталымның жасалуындағы алдын-ала жасалатын міндетті баспалдақ» [46, 250 б.].

Лексикалық бірліктердің уәждемесін зерттеген М.М. Гинатулин өз еңбегінде уәждеме құбылысына: «Мотивация как языковое явление есть акт отражения признака предмета в его названии средствами языка» деп анықтама береді [47, с. 11].

Ғалымдар кісі есімінің уәжділігі бойынша: «Мотивировка имени – это комплекс причинно-следственных связей, по-разному представленный у имен разных типов и в разной степени доступной для наблюдения и изучения» дейді [5, с. 20].

О.И. Блиноваға сәйкес сөздің уәжділігі оның лексикалық және құрылымдық арақатынасы негізінде мағыналық және дыбыстық байланысын ұғынуға мүмкіндік беретін құрылымдық-семантикалық қасиеті бойынша анықталады [48, с. 74].

Уәжділік үдерісінде лексикалық бірліктің мағынасы емес, атауы негізгі құралға айналады, нақтырақ айтқанда, «уәжділіктің негізі» ретінде түсіндіруге болатын оның ішкі формасы – уәжділік құралы болады [49, с. 74].

Г.Р. Галиуллина кез-келген есім өзіне тән индивидуалдық уәждеме арқылы ерекшеленетінін атап өтеді: «Каждое новое имя отличается индивидуальной мотивацией, известной только родителям, давшим ребенку данное имя» [50, с. 270].

Уәжденген есім А.В. Суперанская бойынша нақты ақпараттан хабар береді: «мотивированное имя несет определенную информацию, но создается не ради того, чтобы включить эту информацию» [7, с. 270].

J. Lyons жалқы есімдерді синхронды және диахронды тұрғыда уәжденеді деп қарастырады: «proper names are both synchronically and diachronically motivated» [51, p. 222].

Н.Д. Голев «Динамический аспект лексической мотивации» еңбегінде уәждеменің абсолютті жоспары (абсолютный план мотивации) мен катыстылық жоспары (относительный план мотивации) арасындағы айырмашылықтың аражігін ашып көрсетеді [52, с. 14-17].

З.К. Ахметжанова, У.А. Мусабекова тілдік таңба ретінде қолданылатын антропонимдердегі уәждеменің абсолютті және катыстылық жоспарын былайша түсіндіреді: «когда новорожденного именуют *Бейбіт*, соотнося антропоним с нарицательным существительным *бейбіт* (мир), то это абсолютный план мотивации, когда же младенцу казаху или русскому дают имя *Элеонора*, мотивируя это фактором балгозвучия или необычного звучания, моды, то перед нами относительный план мотивации» [53, с. 70].

«Антропонимдердің уәжін зерттеу – танымдық жағынан ғана емес, халықтың адамға ат қоюындағы, мәдени, тарихи өміріндегі ерекшеліктерін танытумен қатар жүретін ғылыми сала [54, 10 б.].

Антропонимиядағы гендер мәселесі. Қазіргі таңда тіл білімінде антропоэзеттік бағыттағы зерттеулерде гендерлік лингвистикаға, яғни гендер мен тілдің өзара байланысына катысты ғылыми еңбектердің саны артып келеді.

Гендер терминін американдық психоаналитик Robert J. Stoller 1968 жылы «Sex and Gender» (Жыныс және Гендер) еңбегінде алғаш рет ғылымға енгізді. R.J. Stoller пікірінше, жыныс пен гендердің айырмашылығы жыныстың биологиялық, ал гендердің психологиялық мәдени феномен екендігінде деп түсіндіреді [55, р. 9].

А.В. Кирилина *гендер* термині жөнінде: «Термин *гендер* был призван подчеркнуть не природную, а социокультурную причину межполовых различий» дейді [56, с. 18-19]. Яғни гендер термині табиғи немесе биологиялық ерекшеліктерге емес, жыныс аралық айырмашылықтың әлеуметтік мәдени себептеріне назар аударуды көздейтін грамматикалық тек категориясын білдіреді.

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде *гендер*, *гендер лингвистикасы* терминдеріне келесі анықтама берілген: «ағыл. gender – нақты тілдік категория болып есептелмейтін (кейде мәдениеттің концептісі ретінде қарастырылатын), алайда тілдің нысандары мен мағыналарын өзбетінше танытуға қабілеті жоқ әлеуметтік / әлеуметтік-мәдени жыныс түрі». «Гендерлік лингвистика (ағыл. *gender* – жыныс + *linguistique* < лат. *lingua* – тіл, *gender linguistics*) – тілді пайдаланушылардың жыныстық айырмашылықтарына байланысты тілдік құбылыстарды зерттейтін айрықша лингвистикалық пән [57, 73 б.]

Кросс-мәдени зерттеулерінде R.D. Alford бүкіл дүние жүзі бойынша 60 елдің мәдениетін қарастырып, олардың төрттен үшінде есім әдетте бала жынысын анықтайды деп тұжырым жасайды [58, р. 66].

Б. Хасанұлы еңбектерінде гендер терминінің аражігін ашып көрсетеді: «Адам ата мен Хауа ана – гендерлектілер. Байқасақ, Аллах тағала адамды жаратқанда гендерлік табиғат сыйлаған, Адам ата мен Хауа ананы екі жыныстың өкілі етіп жаратқан. Сондықтан да *гендер* ұғымы бұл жалғанда

адамзат жаратылған тұста, *еркек, әйел* ұғымдарымен бірге пайда болған дейміз» [59, 284 б].

Қоғамда әйелдер мен ерлердің мүддесін, гендерлік теңдік, гендерлік саясат мәселесін Г. Мамашарипова қарастырады. Оның пікірінше: «Адамзат дамуының әлемдік тенденциясы әйелдер мен еркектер арасындағы өмір сүру ұзақтығы, білім және жалақы айырмашылығының болуы болып табылады. Еркектер мен әйелдердің құқықтық теңсіздігі жағымсыз әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге соқтырады» [60, 31 б.].

Н.И. Ерғазиева XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басындағы іскерлік құжаттардағы қазақ антропонимдік жүйесін зерттеп, *хан, бахадүр, батыр, сұлтан, бай, би, бек, мырза, тархан, төленгіт, молда, қазы* сынды әлеуметтік-саяси терминдердің (титулдар) әлеуметтік мәніне, қызметі мен мағынасына тоқталады [61, с. 210-211].

Г. Шоқым бойынша: «Гендер әйел мен ер жынысының әлеуметтік ортадағы, қоғамдық-мәдени институттардағы орнын анықтайды» [Шоқым, 2009: 12 б]. Қазақ қоғамындағы ер мен әйелдің билік жүйесіндегі гендерлік рөлін Г. Шоқым былайша сипаттап көрсетеді: «Тіліміздегі *хан, сұлтан, би, бек, ел ағасы, ауыл ақсақалы, ру басы, қазы, төре* т.б. ер адамдарға қатысты қолданылатын гендерлектілер әлеуметтік дәреже-лауазымды білдіретін гендерлік лексиканы құрайды. Дей тұрсақ та, халқымыздың арғы-бергі тарихында батырлық көрсеткен, билікке араласқан, көсемдігімен, шешендігімен дараланған, «ұлы даланың ұлағатты қыздары» атанған *Томирис (Тұмар), Айша бибі, Домалақ ана (Нұрила), Бегім ана, Айбике, Абақ, Қызай, Ұлбике, Бопай ханша* т.б. есімдері мәлім» [62, 43 б].

Лингвистиканың дәстүрлі құрылымдық жүйеден «адам тілі» және «тілдегі адам құбылысын» басты нысан етіп алған антропоэлектік парадигма әсерінен ономастикалық кеңістікте, әсіресе антропонимдер басымдылыққа ие екендігін айтады [63, 33 б]. «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты А.М. Байғұтова антропонимдердің гендерлік сипаты бойынша тәуелсіздікке қол жеткізген тұста тарихи тұлғаларымыз бен көркем шығармадағы жағымды кейіпкерлер, ұлтымыздың атақты әнші-бишілерінің, қазақи болмысқа жақын есімдерді қою сәнге айналғанын атап өтеді. Мысалы: *Нұрила, Зере, Тұмар, Айғаным, Майра, Шұғыла, Қарақат, Айару, Аружан, Нұрай, Аймен, Аруана, Мерей, Шапағат, Назерке, Жәния, Гүлсая, Жанерке* т.б.» [63, 36 б.].

Американдық S. Lieberson және E.O. Bell Нью-Йорк штатында 1973-1985 жылдары дүнеге келген сәбилердің есіміне талдау жасап, гендерлік айырмашылығын зерттейді. Ғалымдар ғылыми тұрғыда мынадай қорытынды жасайды: “parents are relatively more likely to give daughters names that are not standard ones in the existing American repertoire. By contrast, boys’ names are more often chosen from the existing stock of long-standing names in the society, even if they were not popular in recent years [64, p. 548]. Балаға есім таңдаудың қоғамдық үдеріс екендігін, мұнда ата-ананың талғамы олардың қандай әлеуметтік топ өкілі болуына, сонымен қатар нәсілі мен білім деңгейіне байланысты болатыны жайлы атап көрсетеді.

Иордания мемлекетіндегі антропонимдердің гендерлік аспектісі жөнінде Al-Qawasmi және Al-Haq: «For females, a name is consider as a part of her beauty; therefore, parents choose an attractive name for their daughters, so they search carefully to find an attractive one which is beautiful both in sound and meaning. On the other hand, for males, a name is consider as a part of his personality; therefore, when parents choose a name for their son they select traditional and old names which once were very common» деп тұжырым жасайды [37, p. 185]. Демек қыз баланың есімі оның сұлулығын білдіреді, сол себепті ата-аналары қыздарына әдемі есім таңдайды, сондықтан дыбысталуы жағынан да, мағынасы жағынан да жағымды есімдерді мұқият іздестіреді. Ұлдың есімі оның мінез-құлқын, тұлғалық қасиетін сипаттайды, сондықтан ата-аналары оларға дәстүрлі және көне есімдерді таңдайды.

Экстралингвистикалық факторлардың антропонимдерге ықпалы. Адам мен оның есімінің арасында байланыс бар деп топшылау түрлі халықтарда жиі кездеседі. Мәселен, түркі халықтарында адамның тірі жүруі, денінің сау болуы оған сәби кезінде берілетін есіммен тығыз байланысты деп есептеген. Бұл жөнінде А.М. Селищев адам мен оның есімі арасындағы магиялық байланысты: «Русские имена *Найден, Краден, Продан, Куплен, Ненаш* в своем происхождении связаны были, по-видимому, как и других народов, с магическим обрядом мнимой находки, продажи, кражи, купли ребенка» деп түсіндіреді [28, с. 116]. Сонымен қатар А.М. Селищев жаңа туылған сәбидің аман қалуы үшін жасалатын рәсімді атап өтеді: «Если дети не выживают в семье, то для защиты новорожденного от злой силы, истребляющей детей, происходит обряд подмены новорожденного. Новорожденного выносят из избы вместе с сором. Посторонний человек, принявший ребенка, как бы уже совсем другого, приносит его в избу» [28, с. 116].

Сәйкесінше В. Гордлевский түркі тілдес халықтарда баласы тұрмай, шетіней берген отбасында ескі наным-сенімге сүйеніп, баланың өмірін сақтап қалу мақсатында қойылған қорғаныш есімдерін атап көрсетеді: «Для сохранения ребенка родители дают новорожденному – безразлично мальчику или девочке – имена: *Яшар* (он будет жить, он выживет); *Дурсун* (пусть устоит); *Дурмуш* (он устоял) [65, с. 131-132].

Мұндай ырыммен байланысты «сақтаушы есімдер» түркі тілдерінің көбінде бар. Мәселен, қазақта *Тұрсын, Тоқтар, Тоқтасын*, түрікменде *Турсун, Турды, Иетер*; өзбекте *Турсун, Тохта, Махкам*; құмықта *Өлмес, Қалсын*, т.б. [13, 44 б.]. Демек сақтаушы немесе қорғаныс есімдердің түркі тілдес халықтардың көпшілігіне тән екендігі белгілі.

Қалмақ антропонимдерін зерттеуші өз еңбегінде Р.Л. Сельвина келесі сақтаушы немесе қорғаныс есімдерді мысал ретінде келтіреді: *Му кёвьюн* (жаман бала), *Му хар* (му – «жаман», хар – «қара»), *Му кююкн* (жаман қыз). Мұндай есімдер баланы қауіптен, тіл-көзден, ауру-сырқауден сақтау ниетімен берілген [66, с. 88].

Г.Г. Стратанович бирман халқы жаңа туылған нәрестенің дүниеге келген уақытына, яғни жыл, ай, күн, минут және мүмкіндігінше секундқа дейін баса

назар аударып мән бергендігіне тоқталады. Бұл мәліметтер бұрын киелі кітапқа сүйене отырып сәби есімінің үндестікте болуына ой қосатын және жұлдызнама құрастырушы астрологқа қажет болған. Ғалым бирман халқына тән қорғаныс есімдері жөнінде: «Детское имя часто бывало бранным, унижительным: суеверные родители старались уберечь ребенка от посягательства «злых духов». А вырос сын – его право сменить имя на благозвучное, красивое» деп атап өтеді [67, с. 126].

Сәбиге есім қоюда ерекше салт-жора Индонезия елінің Солтүстік Суматра атты шеткі аймағында тұратын тоба-батак жұртында қалай жүзеге асырылатындығы жайлы Л.В. Никулина: «Церемония наречения именем сопровождается сложным ритуалом разрушения табу и очищения от вредных влияний (manaruhon арі пі anduhur – унести горлицу от огня): мать берет ребенка в левую руку, в правую – тлеющую головешку из очага и оправляется к реке или другому источнику. Здесь она гасит головешку водой, омывает себя и ребенка и возвращается в дом. Нередко, опасаясь болезни или сглаза, родители дают детям оскорбительные имена: *Si Bengkala* – «макака», *Si Kososng* – «пустышка», *Si Gopok* – «толстый» [68, с. 130]. Ғалым бұл еңбегінде нәрестеге ат қою жоралғысына жеті адамның қатысып, ұлға анасы, анасының аға-інілері, олардың әйелдері, ал қызға әкесі, әкесінің апа-қарындастары, олардың күйеулері есім бергендігін де атап көрсетеді.

Сонымен қатар кейбір мемлекеттерде нәрестеге есім беруде мемлекет басшысының заңмен бекітілген ережесі болған. Мысалы, Тайланд елінде егер жаңа туылған сәбиге патшаның есіміне ұқсас есім қойылса, сол есім туралы актіні тіркеу заңға қайшы болып табылғандығы жайлы В. Jernudd былайша сипаттама береді: «A case in point may be the 1985 Thai name law which makes it illegal to register a name resembling the King's name» [69, p. 121].

Осы жағдайға ұқсас кісі есіміне тыйым салуға қатысты заңды Қытай елінен де кездестіруге болады: «When the Chinese emperor ascended the throne, all his subjects who happened to bear the same name had to change it or face severe punishment» [70, p. 911]. Мұнда да кісі есіміне байланысты мемлекет басшысының арнайы ережесін байқауға болады, яғни қытай императоры таққа отырғанда оның құзырындығы кісілердің есімдері императордың есімімен бірдей болған жағдайда барлық азаматтар өз есімдерін өзгертуге міндетті. Ережеге бағынбаған жағдайда жазаланатын болған.

Қазақ халқында сәбиге есім қою дәстүрінде ырымға сүйенеді. Бұл сөздің магиялық күшіне сенумен тығыз байланысты болып келеді. Осыған байланысты Ш. Уалиханов ырымға мынадай анықтама береді: «Рым, т.е. обычай, называются также обряды, исполняемые в виде предзнаменования. Например, те, у кого нет сыновей, а рождаются девочки, дают последней из своих дочерей имя *Ултуган* (родился сын), чтобы оно было предзнаменованием для рождения сына» [71, с. 163]. Қазіргі кезде де отбасында ұлды бола алмай, тек қыз туыла берген жағдайда, соңғы туылған қыз балаға ырымдап *Ербала*, *Жаңыл*, *Ұлболсын*, *Ұлбала*, *Ұлжалғас*, *Ұлжан*, *Ұлжібек*, *Ұлзира*, *Ұлзия*, *Ұлмекен*,

Ұлменай, Ұлнара, Ұлтуар, Ұлыш сынды есімдер береді. Бұл кейін дүниеге келетін сәби ұл болады деген үміттен, тілектен туындаған.

«Халықтың өзіне тән өмірінің басты көрінісі дәстүрінде. Ал дәстүрдің де сан салалы тамыры, көкке қол созған жас өркені бар. Әр дәуірдің перзенті оған өзінше қызмет етеді. Керегін алып, рухани дүниесін шындаса, шындалған рухпен оның жаңа беттерін ашады. Сөйтіп, халық пен дәстүр бірін-бірі толықтыра отырып, бір-біріне бар болмысымен байланып, қатар ғұмыр кешеді» [72, 19 б.].

Сонымен қатар антропонимдердің пайда болуы заң институттарының қалыптасуы мен тұлғаның аты-жөнін ресми құжаттарда тіркеу нормаларының болуына сәйкес оның қоғамдағы орнын, рөлін анықтау қажеттілігімен тікелей байланысты. Кейбір елдерде есім қоюға қатысты тыйымдар да кездеседі, бұл жағдай сол мемлекет басшысының есіміне сәйкес есімнің жаңа туылған сәбиге берілмеуіне қатысты жарғысына, ережелерге байланысты болып келеді.

Әр халықтың антропонимдері сол халықтың өзіне тән ұлттық болмысын сипаттайды. Халықтың дүниетанымы, наным-сенімдері мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері ықпалынан туындаған кісі есімдері аса құнды лингвомәдени ақпарат көзі болып табылады.

Антропонимдердің пайда болуы заң институттарының қалыптасуы мен тұлғаның аты-жөнін ресми құжаттарда тіркеу нормаларының болуына сәйкес оның қоғамдағы орнын, рөлін анықтау қажеттілігімен тікелей байланысты. Кейбір елдерде есім қоюға қатысты тыйымдар да кездеседі, бұл жағдай сол мемлекет басшысының есіміне сәйкес есімнің жаңа туылған сәбиге берілмеуіне қатысты жарғысына, ережелерге байланысты болып келеді.

1.2 Қазақ антропонимиясының қалыптасуы мен дамуы

Бүгінгі таңда ономастика ғылымында зерттеліп жүрген өзекті мәселелердің бірі – ономастиканың күрделі бір саласы антропонимика. Қазақ антропонимикасын зерттеуші ономаст-ғалымдар бұл саланы әртүрлі қырынан қарастырады.

Қазақ тіліндегі кісі есімдерін ең алғашқы болып кешенді түрде зерттеп, антропонимдердің пайда болу, шығу тарихын, даму негіздерін бірнеше дәуірлерге бөліп қарастырып, грамматикалық және семантикалық сипатын жүйеге келтірген ономаст-ғалым, профессор – Телқожа Жанұзақов. Ғалымның ғылыми еңбектерінің ішінде «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде ономастиканың басты саласы – антропонимика лингвистикалық, тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеліп, талданған. «Антропонимия (грек тілінде *anthropos* «кісі» және *onoma* «ат», «есім») деп бір тілдегі яки бір облыстағы кісі аттарының жиынтығын айтады» [13, 22 б.].

Қазақ антропонимикасының негізін қалаушы ғалым Т. Жанұзақов қазақ антропонимиясының даму жүйесін төрт кезеңге бөліп қарастырады: 1) көне түркі кезеңі (V-X ғғ.) – пұтқа табынуға байланысты жалқы есімдер; 2) ортағасырлық кезең (X-XVII ғғ.) – тайпалық одақ, халық болып қалыптасуы, ислам діні, әдебиет пен мәдениет, білімнің дамуы, араб, парсы, монғол тілдерінен енген

антропонимдерді қамтиды; 3) XVII-XIX ғғ. аралығындағы кезең – Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталып, әлеуметтік факторлардың ықпалымен орыс тілінен көптеген кісі есімдері енді. Орыс тіліндегі тек пен әке атындағы жұрнақтарды қабылдау кезеңі басталды; 4) Кеңестік кезең – Қазан төңкерісінен кейін Кеңес дәуірінде дамыған есімдер [13, 27-70 бб.].

Профессор Г.Б. Мадиева «Имя собственное в контексте познания» атты еңбегінде қазақ антропонимиясы дамуының тағы бір кезеңін қосады: 5) Посткеңестік кезең – КСРО-ның ыдырауы мен егемендік алып, тәуелсіздік жарияланған уақытта байырғы қазақ есімдерінің, тарихи тұлғалар есімдерінің жаңғыруы, еуропалық есімдердің енуімен байланысты болып келеді [43, с. 40]. Сонымен қатар ғылыми еңбекте жалқы есімдер негізінде тілдік сана мен когнитивтік кеңістік арасындағы қатынас қарастырылып, ономастикада антропонимдердің алатын орны жайлы былайша баяндалады: «Ядром ономастического пространства являются, по единому мнению исследователей, *антропонимы* (любые ИС людей прежде всего личные имена, поскольку каждый человек имеет личное имя, но не каждый – прозвище, псевдоним и т.п.) околоядерное пространство занимают антропонимоподобные образования (*зоонимы, теонимы, мифонимы*), тяготеют к ядру *топонимы*, галактонимы, т.к. почти все географические и космические объекты, вовлеченные в сферу деятельности человека, имеют имя собственное [43, с. 156].

«Ов» туралы атты мақалада ғалым Ә. Қайдаров: «Қазақта фамилия болмады. Қазақ салты бойынша кісінің аты-жөні өзінің әкесінің атымен ғана айқындалады. Атасының аты тек қазбалай сұрасқанда ғана айтылып, одан әрі қарай ата-бабалар – 7 ата, 77 атаға дейін қажетті жағдайда таныстырылады. Күнделікті өмірде ататек, өз аты мен әкесінің аты ғана аталса, жеткілікті» деп тұжырым жасайды [73, 7 б.].

«Қазақ тіліндегі антропонимиялық аталымдардың этнолингвистикалық сипаттамасы» атты ғылыми жұмысында М.Д. Мұсабаева антропонимиялық «аталымдарды» тақырыптық, мағыналық және қолданыс ерекшеліктеріне қарай топтастырып, олардың тұлғалық сипаты мен құрамын, антропонимиялық аталымдарға экспрессивті-эмоционалды реңк беретін жұрнақтар тобын, оларға жалғанатын жұрнаққа айналған сөздерді (суффиксоидтар) қарастырған, Сонымен қатар антропонимиялық аталымдардың этнолингвистикалық сипаттамасын жасап, олардың мотивациялық негіздерін айқындаған [74].

«Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты» атты ғылыми жұмысында Ж.А. Ағабекова бүгінгі қазақ қауымында антропонимияның даму үрдісі өзінің өткендегі дәстүрлерінен толық, не жартылай өзгергендігін, олардың орнына айтуға жеңіл, есте сақталуы оңай, дыбысталуы әуезді есімдер көбейе түскенін атап өтеді. Қазақ тіліндегі араб текті есімдердің қазіргі уақыттағы қалпын қарастыру мақсатында Ж.А. Ағабекова К.И. Есенберлиннің «Қазахские имена» атты анықтамалық-сөздігі мен Т. Жанұзақовтың «Есімдер сыры. Тайны имен» атты сөздігін саралай отырып, ер және әйел есімдерінің сан-мөлшерін анықтайды. Сандық есептеу тәсілінің қорытындысы бойынша: «Жалпы араб текті қазақ есімдерінің

жалпы саны – 2000 деп алсақ, оның 1000-нан астамы ерлер, 900-дейі әйелдер есімін құрайды» [75, 79 б.].

Қазақ және түрік тілдеріндегі етістік тұлғалы антропонимдерді салыстыра отырып зерттеген ғылыми жұмысында З.К. Жанғабылова етістік тұлғалы антропонимдердің негізгі құрылымдық қалыптарын көрсетіп, етістік категорияларына қарай талдау жасайды. Олардың семантикалық топтары мен белгілерін анықтап, салыстырмалы талдау жасау арқылы қорытындысын ұсынады [76].

Салғастырмалы-типологиялық сипаттағы зерттеу жұмыстарының қатарында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі бүркеншік аттар Т.Т. Джарасованың «Псевдонимы в лингвокультурном контексте (на материале казахского, русского и английского языков)» атты кандидаттық диссертациясында кеңінен қарастырылған. Зерттеу жұмысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі бүркеншік аттардың түрлері мен ерекшеліктері түсіндіріліп, олардың ұлттық мәдениет пен діл мәселесіне қатысты өзектілігі сипатталады, үш тілдегі бүркеншік аттарға құрылымдық-семантикалық, сөзжасамдық талдау жасалынған. Автор бүркеншік аттар корпусын салғастырмалы талдау нәтижесінде қазақ тіліндегі бүркеншік аттардың орыс және ағылшын тілдерімен салыстырғанда сирек кездесетіндігін айтады. Мәселен, қазақ әдебиетінде: *Әкім Тарази – Әкім Әшімов, Шарипов Сабыр – Мұхаммедсабыр Дәулетшин, Еркеш Ибрагим – Ебекенов Еркеш*. Орыс әдебиетінде: *Аркадий Гайдар – А.П. Голиков, Максим Горький – А.П. Пешков, Анна Ахматова – А.А. Горенко, Демьян Бедный – Е.А. Придворов* және тағы басқа. Ағылшын тілінде: *O’Henry – William Sydney Porter, Mark Twain – Samuel Langhorne Clemens, Agatha Christie – Agatha Mary Clarissa Christie Mallowan, Lewiss Carroll – Charles Dodgson*. Мұндай бүркеншік аттар бірегей, тұрақты, танымал есімдер әдебиет тарихына енген [77, с. 25-26].

Қазақ антропонимиясы тақырыбына арналған ғылыми жұмыстар соңғы жылдары қарқынды даму үстінде. Қазақ және орыс антропонимдерінің функционалдық уәжділігі тақырыбына арналған еңбекте З.К. Ахметжанова мен У.А. Мусабекова [2006] қазақ және орыс тілдеріндегі антропонимдердің қалыптасу тарихын, екі тілдегі антропонимдердің уәжділігін қарастырады.

Қазақ антропонимдерін зерттеуде уәжділікке қатысты мәселе Н.Ө. Асылбекованың «Кісі есімдерінің уәжділігі және танымдық сипаты» [54] атты диссертациясында кеңінен қарастырылады. Ғылыми жұмыста кісі есімдерінің зерттелу тарихы, уәждеме теориясы мен кісі есімдерінің уәжділік сипаты, «Күлтегін» ескерткішіндегі, шежіредегі кісі есімдері жүйеленіп, құрамы мен құрылымына номинациялық аспектіде талдау жасалынады. Н.Ө. Асылбекова Тараз қаласында 2003-2004 жылы дүниеге келген 2000 баланың есімін саралау барысында олардың 60-65 %-ның аттары батырлардың, хандардың, ғалымдар мен жазушылардың есімдері болғандығын атап көрсетеді. Қазіргі таңда ер балаларға *Ерасыл, Ахмет, Мағауия, Бекболат, Нұрсұлтан, Абылай, Кенесары, Қазыбек, Міржақып, Мұстафа, Шыңғыс, Темір, Олжас, Мағжан* сынды есімдердің қойылуын егемендік алған еліміздің ертеңін өз

тарихымен байланыстыра отырып, жарқын болашаққа үлкен үмітпен қарайтындығымен түсіндіреді. Сондай-ақ, қыз балаларға есім беруде *Анель, Анеля, Адель, Аида, Жанна, Жанель, Элеонора, Сабина, Диана, Альмира* секілді шет тіліндегі аттарға еліктеу мәселесін де атап өтеді [54, 104 б.].

«Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі» атты еңбегінде Ф.М. Әшімханова антропонимдерді этнотаңбалы, этномазмұнды лингвомәдени жүйе ретінде қарастырып, кейінгі заманда туған көркем мәтіндердің кестесіне кірігіп, функционалдық, әлеуметтік, этнотанымдық қызмет атқаратын антропонимдердің қолданысын түсіндіреді [78]. Тілдік деректерді лингвомәдени тұрғыда зерттеу барысында Ф.М. Әшімханова «тіл мен таным» және «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағиданы басшылыққа алады. Себебі, тілдік деректерді сол тілде сөйлеуші халықтың әр кезеңдегі тарихи-әлеуметтік тәжірибесіне негізделіп, мәдени-танымдық деңгейіне сай қалыптасқан вербалды-ассоциативті категория ретінде есептейді. «Тіл мен ұлт біртұтас» деген қағиданы басшылыққа алып, ежелгі мәдениет пен түрлі салт-дәстүрлердің тіл арқылы сақталып жетуін тілдің ұлтты тұтастырушы, жалғастырушы қызметімен дәлелдеп көрсетеді [78, 40 б.].

Туыс емес тілдердегі антропонимдерді салғастыру бойынша А.Ж. Құлмағамбетованың «Языковая картина мира в антропонимах английского и казахского языков» [79] атты ғылыми жұмысында антропонимдердегі тілдің әлемдік бейнесі көрінісіне құрылымдық талдау жасалады, ағылшын және қазақ тілдеріндегі антропонимдердегі тілдің әлемдік бейнесінің қалыптасуымен байланысты лингво-арнайы концептілер анықталады, сонымен қатар құрылымы әртүрлі тілдердің лингвомәдени ерекшеліктерін есепке ала отырып, антропонимдер когнитивті аспектіде зерттеледі.

Қазақ грамматикасында жалпы есімнің жалқы есімге, жалқы есімнің жалпы есімге ауысып отыру үдерісі тілдегі омонимдер пайда болуының бір жолы ретінде қарастырылады. Мәселен, әйел кісілердің есімі ретінде жиі естілетін *Өрік, Мейіз, Алма, Алуа, Бота, Бәтес, Ақұштан, Жібек, Гауһар, Маржан* тәрізді жалпы есім сөздерден жасалған есімдер, ер кісілердің есімі ретінде қойылатын *Қозы, Бүркіт, Көбей, Арыстан, Әмір, Темір, Сұлтан, Сайлау, Тілек, Жеңіс* секілді есімдердің бастапқыда жалпы есім болғанын білеміз. Сол тәрізді ел арасында сараңдықтың, қаталдықтың белгісі ретінде айтылатын *Қарабай, Қарынбай, Шығайбай*, батырлық ұғымдағы *қаһарман*, жүйріктіктің символы *дүлдүл* сөздерінің басында жалқы есім болғаны мәлім [80, 444-445 бб.].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі антропонимдерді салғастырып зерттеген А.Қ. Мейрбеков ғылыми зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі антропонимдерді салғастыра зерттей отырып, кісі есімдерінің әр түрлі лингвомәдени ортадағы ментальды, тұрмыстық дүниетанымындағы қолданыс аясын, лексика-семантикалық топтарын, құрамы мен құрылымын анықтап, есімдердің коннотативтік және жағымды/жағымсыз мағынадағы концептілердің лингвомәдени моделін құрастырып, екі тілдегі антропонимдердің ұлттық

ерекшеліктерін анықтайды. Сонымен қатар бүгінгі таңда есім таңдауда қазақ және ағылшын тілдерінде дәстүрлі мәдениет элементтері болып табылатын ырым, наным-сенімге негізделген есімдерге қарағанда есімдегі дыбыс пен буындардың үйлесімділігі, орфографиялық ерекшеліктері мен саяси жағдайға қатысты қойылу тенденциясының басым екендігін айтады [81, 26 б.].

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде түрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеуге ерекше қызығушылық танытуда. Бұл орайда Т.М. Абдрахманованың «Қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдердің ерекшелігі» атты еңбегін атап көрсетуге болады. Зерттеу жұмысында қазақ, орыс және неміс тілдерінде лақап есімдердің көбісі ер адамдарға қойылатындығы баяндалады. Неміс және орыс тілдерінде лақап аттар жынысқа байланысты ерекшеленеді, ал қазақ тілінде бұл өзгешелік байқалмайды. Мұның басты себебі тек категориясының орыс және неміс тілдеріне тән екендігімен түсіндіріледі. Автордың пікірінше: «Бұл ерекшелік ер адамдар мен әйел адамдардың мінез-құлқына байланысты болуы тиіс. Кез-келген елде әйелдер ермен салыстырғанда жұмсақ мінезді, нәзік жанды, инабатты болады, сондықтан да әйел адамдарға көп лақап ат қойылмауы керек». Зерттеуде қазақ, орыс және неміс тілдерінде қарастырылған ер адамдардың бейресми есімдері 70 %-ды құраса, ал әйел адамдардың бейресми есімдері 30 %-дық көрсеткішпен айқындалған [82, с. 129].

Татар ономастикасындағы аса ірі тұлға, ғалым Г.Ф. Саттаровтың жетекшілігімен қазақ антропонимикасы тақырыбына арналған ғылыми жұмыстар: Г.И. Кульдеева мен К.А. Ниетбаеваның докторлық және кандидаттық диссертациялары. Г.И. Кульдеева қазақ тіліндегі антропонимдік жүйе тақырыбына арналған өз ғылыми жұмысында қазақ тіліндегі антропонимдік жүйенің қалыптасуы мен дамуына негіз болған тарихи және мәдени дәстүрлерді, аталмыш жүйенің дамуына әсер еткен материалдық және рухани мәдениетті, антропонимдік жүйенің этнолингвистикалық қабаттарын, қазақ тіліндегі антропонимдік жүйенің лексика-семантикалық топтарының генетикасын, құрылымдық ерекшеліктерін, XX ғасырдағы әйел және ер кісі есімдерінің даму жағдайын қарастырады. Ғылыми жұмыста Қазақстанның 5 облыстық орталығы бойынша 1920-2000 жылдар аралығындағы антропонимдік жүйедегі өзгерістер көрсетіледі [83, с. 7].

К.А. Ниетбаева «Историко-лингвистический анализ казахских фамилий» атты еңбегінде кісі тегінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-этнографиялық көрінісі мен лексика-семантикалық тұрғыда жіктелуі, жалқы есімдер, лақап аттар, жасанды сөздер және диалектілер негізінде жасалған кісі тегіне қатысты мәселелерді қарастырады [84].

М.М. Бигельдиева «Қазақ және түрік әйел антропонимиясы» атты кандидаттық диссертациясында 8000 қазақ әйел есімдері мен 3500 жуық түрік тіліндегі әйел есімдерін, сонымен қатар 200 шамасында көне түркі әйел есімдерін қарастырып, талдау жасайды. Түркі ономастикасының антропонимика саласын салыстыра зерттеу арқылы қазақ және түрік тілдеріндегі әйел есімдерінің лексика-семантикалық жүйесін, құрылымын және құрылысын, варианттылығын, әлеуметтік мәнін, ресми емес әйел есімдерін,

ресми қаратпаларды, етістік тұлғалы әйел есімдерін, сонымен қатар халық ауыз әдебиетіндегі әйел есімдері мен есім беру принципіндегі өзіндік ұлттық ерекшеліктерді қарастырады. М.М. Бигельдиева пікірінше, ер кісі есімдері сан жағынан өте көп, сәйкесінше көп мысал келтіріледі, бұл әйел есімін мысал ретінде беруді қаламаудан емес, әйел есімдері санының аздығынан, кейбір тұжырымдарға тек ер есімдерінің ғана мысал ретінде берілуінен туындайды [85, 22 б].

Б. Әбдуәлиұлы «Қазақ антропонимжасамының теориялық және практикалық негіздері» атты докторлық диссертациясында қазақ антропонимжасамының теориялық мәселелерін, кісі есімдерінің жасалуы, тілде нормалануы, тарихи негіздері мен қазіргі түркі халықтарына ортақ белгілерін қарастырады. Сонымен бірге антропонимжасамдық негіздердің көне жазбалардағы нұсқаларымен байланысын, қосымшалардың қызметін, есім жасау қабілеті мен қалыптасу жолдарын, тарихи-этимологиялық сырларын саралап, мағыналық негіздер мен жасанды негіздерді топтастырады [86].

Жоғарыда қарастырылған ғылыми еңбектер қазақ антропонимдік жүйесінің қалыптасу және даму кезеңдері жайлы тың ғылыми мәлімет береді.

1.3 Антропонимиядағы тілдік трансмиссия құбылысы

Қазіргі таңда тілді антропоэекті көзқарас тұрғысынан, яғни адамды дүниенің тетігі деп білетін ілім бағытына сәйкес зерттеуге орай ұлттық таңбаның бірі ономастикалық атаулар тек ономастика шеңберінде ғана емес, сонымен бірге когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, психолингвистика сынды салаларда да қарастырылып жүр. Мұның басты себебі тілді зерттеуде сол тілде сөйлейтін халықтың тарихы, ұлттық мәдениеті, мінез-құлық нормалары, түрлі дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері өзара байланыста зерттелуімен түсіндіріледі.

W.A. Foley бойынша антропологиялық лингвистика әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі тілдің қоғамдағы орнын, тілді мәдени тәжірибе мен әлеуметтік құрылымды қалыптастырудағы рөлін қарастыратын сала болып есептеледі: «Anthropological linguistics is that sub-field of linguistics which is concerned with the place of language in its wider social and cultural context, its role in forging and sustaining cultural practices and social structures» [87, p. 3].

A. Duranti антропологиялық лингвистикаға тілді мәдени дереккөз ретінде және сол тілде сөйлеуді мәдени тәжірибе ретінде зерттеу деп анықтама береді [88, p. 2].

«Тіл – ұлт мәдениетінің негізі» деген қағида бойынша тіл мен мәдениет арасындағы тікелей қатынас анық байқалады, сан ғасырлар бойы халық тілінде жинақталған асыл мұраның болашақ ұрпаққа сақталып, жеткізілуі тілдің мұрагерлік, кумулятивтік қызметі ретінде айқындалады. Ономастиканы теориялық және практикалық тұрғыда зерттеген А.В. Суперанская көптеген мәселелердің шешімін дұрыс тауып көрсете келе, «...тілдің қоғамдағы мәдениет тарихымен байланысына ерекше назар аудару қажет» екендігін атап өтеді [89, с. 26].

Тіл – семиотикалық жүйе болғандықтан, мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде мәдениеттен тыс өмір сүре алмайды. Лингвистикалық ықтималдылық теориясының негізін қалаушы Эдуард Сепир мәдениет терминіне қатысты бірнеше анықтама береді: «Во-первых, это «социально наследуемые черты человеческой жизни», а также «цивилизация, взятая в той мере, в какой она воплощает в себе национальный дух»; <...> во-вторых, «условный идеал индивидуальной благовоспитанности»; <...> в-третьих, «общие установки, взгляды на жизнь и специфические проявления цивилизации, которые позволяют конкретному народу определить свое место в мире» [90, с. 466-469]; <...> «культуру можно определить как то, что данное общество делает и думает. Язык же есть то, как думают» [90, с. 185]. Ғалым үшінші анықтама арқылы мәдениеттің аксиологиялық құраушы ретіндегі мәнін көрсетеді.

Тілдік трансмиссия ұғымының мазмұнын түсіндіру үшін ең алдымен тіл, мәдениет және ойлаудың өзара байланысы мәнмәтініндегі орнын анықтау қажеттілігі туындайды. Осы орайда «*Тіл – мәдениет – ойлау*» (триада) үштігін талдай отырып, С.Г. Воркачев моральдық қасиет пен сезімді, дүниетанымды біріктіретін рухани мәдениет үшін, сонымен қатар ұғымның коннотативті және этникалық ерекшеліктер секілді қасиеттерін қолдануға мүмкіндік беретін логикалық-вербальды ойлау үшін де тіл мен мәдениеттің ұлттық құндылықты құраушы бірлік ретіндегі маңыздылығын атап өтеді. Яғни осы үштік арқылы «ерекше мінез-құлықтық стереотип анықталып, ұлттық сипат пен менталитет бейнесі ретінде этникалық стереотип қалыптасады» [91, с. 16].

В.В. Красных «*тіл – мәдениет – ойлау*» атты үштіктің ауқымын кеңейтіп, «*адам – сана – мәдениет – лингвомәдениет – коммуникация – қауымдастық*» сынды көп өлшемді бірлікті ұсынады. Тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттестігінің күрделі құрылымын ашып көрсете отырып, оларды адамның ақиқат шындықты түсінуіне индивидуалдық және ұжымдық ықпал ету мен коммуникация үдерісі әсерінен тыс қарастыруға болмайтындығын айтады [92, с. 77-78]. Ғалымның тілді лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастыруы тілдің мәдениетті жеткізу құралы ретіндегі қызметі тілге қаншалықты ықпал ететіндігін анықтауға мүмкіндік береді.

М. Мид ұрпақаралық қатынасты қоғамның дамуы мен басымдыққа ие отбасылық ұйыммен байланыстыра отырып, адамзат тарихындағы үш түрлі мәдениетті бөліп қарастырады [93, с. 209-235]: *постфигуративті* (білім мен мәдениеттің ересектерден балаға берілуі, ата-баба тәжірибесіне, дәстүрге негізделген бағыт, әлеуметтік және мәдени өзгерістер баяу жүреді) *кофигуративті* мәдениет (білім мен мәдениеттің ересектермен қатар құрдастары мен замандастар арқылы игерілуі, жас ұрпақтың техникалық және әлеуметтік дамуға бірегей көзқараста болуы, қоғамда түбегейлі өзгерістер болған жағдайда жастар контрмәдениетінің дамуы), *префигуративті* мәдениет (білім мен мәдениеттің ересектерге балалар арқылы берілуі, қарқынды әлеуметтік және мәдени өзгерістерде болатын болашаққа бағытталу, бұрынғы тәжірибелерді сыни тұрғыда бағалау, стереотиптердің өзгеруі).

Д.И. Дубров, А.Н. Татарко құндылықтардың мәдени трансмиссиясы ұғымына берілген анықтамаларды талдай келе: «что данное понятие можно определить как передачу ценностей одного поколения к другому в процессе социализации личности» [94, с. 300] деп тұжырым жасайды. Яғни құндылықтардың мәдени трансмиссиясы тұлғаның әлеуметтену үдерісінде құндылықтың бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табысталуы ретінде түсіндіріледі.

J.W. Berry, Y.H. Poortinga, M.H. Segall, және P.R. Dasen бойынша «Мәдени трансмиссия» термині генетикалық механизмдердің көмегімен түрлі ұрпақта нақты белгінің пайда болу үдерісін білдіретін биологиялық (генетикалық) трансмиссияның аналогы ретінде туындауы мүмкін. Мәдениаралық психология, этнопсихология тұрғысынан алып қарағанда әлеуметтану мен мәдениеттің шартты белгісі ретінде мәдени трансмиссияның келесі түрлері бөліп қарастырылады: «In vertical transmission parents transmit cultural values, skills, beliefs, and motives to their offspring. <...> In horizontal cultural transmission, we learn from our peers in day-to-day interactions during the course of development from birth to adulthood. <...> And in oblique cultural transmission, we learn from other adults and institutions (for example in formal schooling), either in our own culture or from other cultures» [95, p. 20-21]. Яғни мәдени трансмиссия түрлерінің ерекшеліктері төмендегідей:

- 1) ата-анасынан үйрену (тікелей мәдени трансмиссия);
- 2) замандастарынан, достарынан үйрену (көлденең мәдени трансмиссия);
- 3) ересектер мен білім беру ұйымдарынан, ұлттық мәдениет пен өзге мәдениеттен үйрену (көлбеу мәдени трансмиссия).

Э.Д. Сүлейменова тілдік және мәдени трансмиссияның көлденең және тігінен жүзеге асырылуы тұрғысында: «Смена поколений в каждом обществе происходит как одна из изначальных и естественных предпосылок его существования, при этом сами поколения – относительно самостоятельные образования – обеспечивают непрерывную передачу (трансмиссию) языка и культуры как по горизонтали в пределах одного поколения, так и по вертикали из предшествующих поколений» деп тұжырым жасайды [96, с. 14].

Демек қоғамда ұрпақтар алмасуы оның өмір сүруінің бастапқы және табиғи алғышарты болып есептеледі. Осы орайда, алдыңғы ұрпақтан келесі ұрпаққа табысталатын тілдік және мәдени трансмиссияның көлденең (бір ұрпақ ішінде) және тігінен (алдыңғы ұрпақ арқылы) берілу түрлері болады.

G. Trommsdorff бойынша мәдениеттің ұрпақаралық трансмиссиясы бір ұрпақта басымдыққа ие құндылықтар, білім мен тәжірибенің келесі ұрпаққа табысталуына қатысты болады: «Continuity and change of cultures over generations are affected by cultural transmission. The intergenerational transmission of culture refers to the way values, knowledge, and practices that are prevalent in one generation are transferred to the next generation» [97, p. 126].

А.И. Кравченко «Культурология» сөздігінде *мәдени трансмиссия* терминінің дидактикалық құраушы ретіндегі қызметін басты назарға алып, мәдени мұраның берілуін, жеткізілуін және сақталуын қамтамасыз етудегі маңызын атап өтеді. А.И. Кравченко бойынша: «Мәдени трансмиссия –

мәдениеттің алдыңғы буын өкілдерінен келесі ұрпаққа табысталу, жеткізілу үдерісі» [98, с. 280].

Түркі антропонимиясын лингвомәдениеттану тұрғысында зерттеудің маңызы жөнінде Г.Ф. Благова: «Әлеуметтік ортада, құндылық бағдар жүйесінде ұрпақ арқылы берілетін мәдени трансмиссия тұрғысында түркі антропонимиясын маңызы зор мәдени қарым-қатынас феномені ретінде қабылдауға болады. Антропонимияда, яғни ат қою дәстүрінде ойлау мен мінез-құлықтың этникалық стереотиптері айқын көрініс табады» [96, с. 754] деп атап өтеді.

Батыс еуропа елдеріндегі антропонимдердің әлеуметтік және мәдени тарихын зерттеген S. Wilson өз еңбегінде антропонимиядағы трансмиссия жөнінде: «Elsewhere, transmission might be directly from one generation to the next. Parents' names were given to children, for example, in Bologna and the Trentino in the seventeenth and eighteenth centuries» дейді. Яғни XVII-XVIII ғасырларда Италияның Болонья және Трентино қалаларында балаға ата-анасының есімі беріліп отырған. Бұл тұрғыда S. Wilson келесі мысалды келтіреді: «My grandfather was called Méou [a diminutive of Barthélemy], my father was called Méou, my name is Méou, so I want my son to be called Méou» [100, p. 225]. Бұл мысалдан есімнің отбасындағы үлкен ұлға берілгенін анық аңғаруға болады. Ата-ананың есімдері балаларына отбасылық мұра ретінде табысталып отырған. Антропонимдер ұрпақтан ұрпаққа тікелей жеткізіледі.

Қазақстандағы тіл саясаты тұрғысында тілдік трансмиссия, ана тілі, азаматтық сәйкестілік, этникалық сәйкестілік мәселелері бойынша зерттеу жүргізген Э. Сулейменова, М. Ақберді, Г. Қойшыбаева өз еңбектерінде ұрпақаралық (респонденттің анасымен, әкесімен, атасы және әжесімен тілдесуі) және ұрпақшіндегі (респонденттің ағасы мен әпкесінің, ата-анасының, ата-әжесінің өзара тілдесуі) тілдік трансмиссияның ерекшеліктерін анықтайды [101, с. 23-24].

Мәдениет қоғамдағы ойлау мен іс-әрекет арқылы анықталса, тіл – ойды білдіру мен жеткізу құралы болып табылады. Тілдік бірлік ретінде антропонимдерде қоғамдағы әлеуметтік және мәдени, саяси оқиғалар жайлы нақты ақпарат көрініс тауып отырады.

Антропонимдер алдыңғы буын өкілдерінен ұрпақаралық тілдік трансмиссия арқылы беріліп, жеткізіліп, сақталып отырады. Яғни антропонимдік трансмиссия дегеніміз – антропонимдердің алдыңғы буын өкілдерінен кейінгі ұрпаққа мұра ретінде табысталу, жеткізілу үдерісі болып табылады.

Антропонимиядағы трансмиссия құбылысын анықтаудың алғышарттары: адам → сана → мәдениет → тіл → тілдік сана → мәдени трансмиссия → тілдік трансмиссия → ұрпақаралық трансмиссия → ономастикалық трансмиссия → антропонимдік трансмиссия. Антропонимдік трансмиссия ұлттық тіл қорында сақталған кісі есімдерінің болашақ ұрпаққа жеткізілуі, табысталуы болып табылады.

1.4 Антропонимдік трансформация құбылысы

Тілдің ақпаратты жеткізу, сақтау құралы ғана емес, сонымен бірге адамның ойлау тәсілін анықтайтын құрал екендігі белгілі. Қазіргі қоғамда тілдің қуаты мен сөздің құдіреті зор маңызға ие. Соңғы жылдары қоғамдағы трансформация ықпалымен, адамдық қарым-қатынастар, құндылықтар сапалық тұрғыда өзгеше жүйеге дағдылана бастады. Сәйкесінше халық менталитетінде орын алған трансформация тілде көрнініс тауып, тілдік/антропонимдік трансформация құбылысының пайда болуына септігін тигізді.

Тілдегі трансформация құбылысы. Түсіндерме сөздікте трансформация термині «перемена вида, формы чего-н., преобразование, превращение» деп түсіндіріледі [24, с. 775]. *Трансформацияға* шет тілдері сөздігінде (лат. *transformatio*) – преобразование сочетания морфем, слов или классов слов, благодаря которому из одной конструкции может быть получен ряд других конструкции, напр. Преобразование актива в пассив («охотник убил медведя» → медведь убит охотником)» деп анықтама берілген [102, с. 617]. Тіл білімі сөздігі бойынша: «Трансформация (*transformatio* – кейпі өзгеру) – негізгі ереже әрекеті нәтижесінде үстірт құрылымның ішкі құрылымынан туындау үдерісі. Трансформация үдерісінде белгілердің 4 түрлі жасалуы іске асады: үстеу, түсіру, орнын ауыстыру және алмастыру» [103, с. 386].

Кісі есіміндегі трансформация құбылысы. Есімдердің қысқартылып айтылуы мен еркелету формасының трансформациясын В.И. Карпенко функционалды фонетиканың аса маңызды, алайда аз зерттелген саласына жатқызады [104, с. 4].

Г.Р. Галиуллина өз еңбегінде Інжілдегі пайғамбар есімдері басқа тілдерге енуі нәтижесінде орын алған фонетикалық трансформация жөнінде: «при заимствовании они претерпели фонетические трансформации (например, выпадение гортанного звука или его замена на звук [ʃ] в именах Исмаил – Исмагыйль, Иса – Гайсә)» деп атап өтеді [105, с. 26].

К.Г. Чаукурова, К.К. Койше, Г.М. Ниязова Ресей мен Қазақстан шекарасында полиэтникалық аймақтағы Сібір қазақтарына сауалнама жүргізіп, өзге этникалық ортадағы қазақ антропонимиясының өміршеңдігі мәселесі жөнінде: «Имя как идентификатор этнической принадлежности является важным носителем информации, поэтому любые трансформации имени в иноэтнической среде приводят к дискомфортному психологическому состоянию носителя языка» дейді. Зерттеушілер түркі тілдеріндегі фонетикалық үдерістерге байланысты дауысты және дауыссыз дыбыстардың өзгертілуі бойынша келесі мысалдарды келтіреді: *Серикбай – Серыкпай, Гүльжамал – Күльжамал, Батырбай – Батурбай, Мамтука – Мафтуха, Амиржан – Амыржан, Бакытчан – Бахытжан* [106, с. 24]. Яғни өзге этникалық ортада кісі есімінің трансформацияға ұшырауы тіл иесінің психологиялық жағдайына кері ықпалын тигізеді.

Б. Досжанов өз еңбегінде кісі есімінің атауыштық қасиетін басты назарға ала отырып, қандай элементтерден тұрғанына қарамай, біртұтас таңба ретінде қолданысқа түсетінін атап өтеді: «туынды тұлғалы *Төлек, Төлен, Төлеп, Төлеш,*

Төлтай есімдерінің мағынасы ортақ, айырмашылықтары дыбыстық тұлғасында, алайда осылардың әрқайсысын иемденген адамдардың есімдерін бір-бірінен дыбыстық ерекшеліктері арқылы айырады» [107, 197 б.]. Яғни сөз есімге айналып, адамды атау қызметіне ие болғаннан кейін дыбыстық форма бірінші орынға, ал мағына екінші орынға ауысады.

Кісі тегіндегі трансформация құбылысы.

А.В. Суперанская, А.В. Сулова «Современные русские фамилии» атты еңбегінде орыс тілі лексикалық қорындағы сөздердің барлығы дерлік кісі тегінің жасалуына қатысы болатындығын айтады. Бұл еңбекте сан түрлі элементтер есебінен орын алатын антропонимдік трансформация тұрғысында: «По своему положению в языке это могут быть личные имена, прозвища, отчества, а также уже готовые фамилии, подвергающиеся дальнейшим трансформациям (нестандартные фамилии *Божко, Папко* от имен *Божен, Божидар* и *Папа, Папила* и их стандартизированные варианты *Божков, Папков*), географические названия, названия племен и народов, весь фонд нарицательной лексики русского языка, по различным причинам вовлеченный в сферу образования фамилий» делінген [108, с. 39].

О.В. Врублевская экономикалық, саяси, мәдени және жаһандану үдерістері ықпалынан коммуникативтік актіде орыс тіліндегі антропонимиялық формуланың батыстық этикет үлгісі бойынша қолданылу дәстүрі жөнінде: «Данная традиция становится модным стандартом, тиражируемым средствами массовой информации, что обуславливает нарушение устоявшихся норм этикета и приводит к трансформации русской формулы имени и русской системы обращений» [109, с. 265] дейді. О.В. Врублевская іскери қарым-қатынаста, ресми жағдайларда әке атын қолданбай, тек есімімен атау антропонимиялық формуланың (имя+отчество) ұлттық мәдениетті сипаттайтын құрал болудан қалып бара жатқандығын: «Обращения Евгения, Антонина, Елизавета; Анатолий, Иван, Вячеслав и др. без отчеств непривычны для слуха носителей русской лингвокультуры и оцениваются ими как модное употребление, подражание западным образцам» [109, с. 263] деп түсіндіреді.

Т.Ф. Аристова Абхаз АССР-нда Сухумск ауданының Эшери ауылындағы кісі есімдері мен әке атының трансформациялануы тұрғысында: «За последнее десятилетие процесс трансформации коснулся не только личных имен но и отчеств. Все чаще в быту появляются обращения к армянину или армянке по имени и отчеству. При этом имя остается обычно национальным, а отчество образуется из русского эквивалента. Например, *Арташес Никохосович* становится *Арташесом Николаевичем*, а *Мануш Никохосовна* – *Мануш Николаевной* или просто *Марией Николаевной*» деп атап өтеді [110, с. 98]. Т.Ф. Аристова армян есімдеріне талдау жасай келе 50-80 жас аралығындағы тұрғындар дәстүрлі материалдық және рухани құндылықтарды сақтағанын, 25-30 жас аралығындағы жас ұрпақтың есімдері мен әке аты трансформациялық өзгеріске ұшырауын алға тартады.

В.А. Никоновтың тұжырымы бойынша, Орта Азия халықтарында, оның ішінде қазақ халқында орыс халқымен тығыз қатынас орнағанға дейін тек

болмаған. Текті алғашқылардың бірі болып көпестер, байлар, саудагерлер, патша өкіметімен тығыз қарым-қатынаста болған адамдар иемдене бастайды. Текті қолдану 1930 жылы халық арасында кеңінен тарай бастады, ал кейін міндетті болып есептелді және орыс халқының тек үлгісіне сәйкес жасалып, рәсімделетін болды [111, с. 141].

Ресми құжаттарда тәуелсіздік алған жылдарға дейін орыс тілінің антропонимдік жүйесіне сәйкес үш мүшелі (фамилия + имя + отчество) аты-жөні нұсқасы қолданылып келді. Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығы шықты. Жарлыққа сәйкес: «Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес *-ов, -ова, -ев, -ева, -ович, -овна* аффикстерін алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде азаматтың жынысына қарай «ұлы» немесе «қызы» сөздері қосылып, бірге жазылады» деп көрсетілген [112].

Бұл тұрғыда Ч.С. Темиров азаматтардың тегіндегі қазақ тіліне тән емес аффикстерді алып тастау арқылы ұлттық-тарихи дәстүрге сәйкес келтіру мәселесі бойынша: «Но ведь трансформация *Ибрагимова Казбека* в *Ибрагима Казбека* – не есть «приведение в соответствие с исторически сложившимися традициями». Вот если бы просто отбрасывалась фамилия, а *-ович* в отчестве заменялось на *-ұлы* (то есть – Шоқан Шыңғысұлы), можно было бы говорить об этом самом «приведении в соответствие» [29, с. 269] дейді.

«Посткеңестік кеңістіктегі тіл қызметі саласындағы белсенді трансформациялық үдерістер орыс тілді әлемнің қайта құрылу үдерісін көрнекі түрде көрсетеді» [106, с. 25]. Г.Р. Галиуллина өз зерттеуінде ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында татар антропонимиясы трансформациясына септігін тигізген ішінара әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық болып бөлінетін экстралингвистикалық факторларды қарастырды [105, с. 29].

Сонымен қоғамдағы трансформация үдерісі тілдің, ұлттық сананың, ұлттық менталитеттің өзгеруіне ықпалын тигізді. Сәйкесінше ұлттық тілде көрініс тапқан тілдік трансформация қазіргі кезде сәбиге есім беруде орын алған антропонимдік трансформация құбылысына септігін тигізді. Бұл мәселе жайында толығырақ келесі бөлімдерде сипатталады.

1 бөлім бойынша тұжырым

Антропонимдер – әлеуметтік-мәдени құндылықтың, салт-дәстүрдің көрінісі ретінде тіл саясатымен тығыз байланыста қарастырылады. Адам белгілі бір есім иесі ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға атау беруге қабілетті саналы тіршілік иесі болып табылады.

Антропонимдерге қатысты мәселе философтар, антропологтар, әлеуметтанушылар, лингвистер мен қоғамдағы барлық адамның назарында болатын бірнеше пән тоғысына тиесілі мәселе. Кез-келген тілдің антропонимдік

жүйесінде кісі есімі отбасында дүниеге келген кезінде беріліп, бастапқы болу табиғатымен ерекшеленеді.

Кісі тегі адамның шыққан тегі жайлы мәлімет беретін отбасылық мұра ретінде есептеледі, сонымен бірге адам аты-жөніндегі тұрақты бөлшек ретінде белгілі бір отбасында ұзақ уақыт бойында ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады, ал есім мен әке аты үнемі өзгеріп отырады. Бұл тұрғыда антропонимдердің тарихи, әлеуметтік-саяси өзгерістер жайлы ақпарат беретін тілдік бірлік екендігі назар аудартады.

Ғалымдар тіл саясаты мен антропонимдік саясатты (name policy) салыстырмалы түрде зерттей отырып, олардың ортақ тұстары көп екендігін айтады. Антропонимдер саяси-әлеуметтік, экономикалық оқиғалар, рухани және мәдени құндылықтар, діни және ұлттық идеология, салт-дәстүрдің көрінісі болып саналады. Сондықтан теориялық негізді құрайтын бұл бөлімде антропонимдердің даму және қалыптасу тарихы, семантикалық, құрылымдық, этнолингвистикалық ерекшеліктері, салыстырмалы және салғастырмалы тұрғыда зерттелуі, уәжділік сипаты, әлеуметтік лингвистикалық аспектісі, оларға ықпал ететін экстарлингвистикалық факторлар бойынша зерттеу жұмыстары қарастырылды.

Берілген бөлімнің мақсатына заманауи қазақ есімдер жүйесіндегі антропонимдік трансмиссия, антропонимдік трансформация құбылысын анықтаудың алғышартын құрайтын мәдени трансмиссия, ұрпақаралық трансмиссия, тілдік трансмиссия, ономастикалық трансформация, антропонимдік трансмиссия ұғымдарының табиғатын жан-жақты ашып, жұмыста қолданылатын терминдердің анықтамасын нақтылау жатады.

Мәдени трансмиссия әлеуметтік-мәдени үдерістерінің шартты белгісі ретінде тікелей мәдени трансмиссия, көлденең мәдени трансмиссия, жанама мәдени трансмиссия болып жіктеледі. Ұрпақаралық трансмиссия қоғамда ұрпақтар алмасуы тұрғысында рухани және мәдени құндылықтардың алдыңғы ұрпақтан келесі ұрпаққа табысталуымен түсіндіріледі. Ұлттық тіл – ұрпақтар жалғастығын, ұлттың дәстүрін, әлеуметтік-мәдени құндылықтарын, этникалық қасиеттерін анықтайтын әлеуметтік институт болып есептеледі. Тілдік трансмиссия – тіл арқылы жүзеге асқан құндылықтардың сақталып, табысталу тетігі ретінде анықталса, *антропонимдік трансмиссия* – ұлттық тіл қорында сақталған кісі есімдерін болашақ ұрпаққа табыстау, жеткізу болып саналады.

Әлеуметтік-саяси жағдаят пен жаһандану үдерісі ықпалынан кісі есімдерінің тілдік санада сәнді, заманауи болып қабылдануы тұрғысынан батыс елдері тілдерінің нормаларына сәйкес дыбыстық өзгеріске ұшыраған есімдер *антропонимдік трансформация* құбылысын анықтайды.

2 ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДІК ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ

Жалқы есімнің мағынасы жөнінде ғалымдардың пікірлері біркелкі емес, олардың кейбірі жалқы есімде мағына болмайды десе, екіншілері мағына бар деген пікірді ұстанады.

J.S. Mill бойынша жалқы есімге келесі классикалық анықтама беріледі: «a proper name is a word which answers the purpose of showing what thing it is we are talking about, but not of telling anything about it» [113, p. 36]. Яғни жалқы есімнің мақсаты – заттың атауын білдіру болып есептеледі.

A. Gardiner «The theory of proper names» атты ғылыми еңбегінде жалқы есімде мағына болмайтындығы жайлы айтады [114, p. 39]: «Жалқы есім – белгілі бір нысанды дыбысталуы арқылы сәйкестендіретін сөз».

Кісі есімін когнитивтік психология тұрғысынан зерттеген T. Brennen [115, p. 142]: «There is, however, a great deal of evidence from everyday life and in the scholarly literature which supports the notion that personal names are meaningful» дейді. Демек күнделікті өмірдегі және ғылыми әдебиеттерде келтірілген деректер кісі есімі мағынаға ие екенін дәлелдейді.

В.Д. Карпенко антропонимдік мағынаны: «Антропонимическое значение, основное и единственно обязательное для антропонима, – значение личного имени, индивидуализирующего знака для выделения человека из числа других людей. С этим значением связана и основная функция личного имени – номинативная, обязательная для каждого антропонима, тогда как описательная функция, связанная с до антропонимическим (этимологическое) значением личного имени, не только не обязательна для антропонимов, но как правило в них отсутствует» деп сипаттайды [104, с. 16]. Мұнда антропонимдердің антропонимге дейінгі (этимологиялық) мағынасына қатысты сипаттау қызметіне қарағанда антропонимдік мағынасымен байланысты номинативтік қызметінің маңыздылығы баяндалады.

А.В. Суперанская «К проблеме типологии антропонимических основ» еңбегінде славян, еврей, түркі және шығыс антропонимдерін талдау нәтижесінде адамның қоршаған ортаға қатынасына, ойлау мен қабылдау формаларына, дүниетанымдық көзқарасына негізделген түрлі халықтардың типологиялық ұқсастықтарын анықтайтын антропонимикалық негіздің типтік және раритеттік түрлерін ажыратып көрсетеді. А.В. Суперанская өз топтастыруында В.Г. Богораз-Тан қағидасына сүйене отырып, кез-келген халықтың тілінде адамды, туыстық қатынасты, табиғат құбылыстарын, материалдық мәдениетті сипаттайтын лексемалардың болатынын атап өтеді. Антропонимдерді жасауда қолданылатын лексемалардың төрт тобынан бөлек келесі топтарды енгізеді: элеуметтік мәдениетті, физикалық қатынастар мен параметрлерін сипаттайтын лексемалар, антропонимдер құрамындағы түрлі жалқы есімдер [116, с. 8-19].

К. Агуекум Гана мемлекетіндегі Акан (Akan) тіліндегі антропонимдерді типологиялық тұрғыда 10 негізгі топ бойынша бөліп қарастырады [21, p. 206-235]: 1) күнтізбелік есімдер (birthday names), 2) тегі немесе тайпа есімі (family

names), 3) жағдаятқа қатысты есімдер (circumstantial names), 4) теофорлық есімдер (theophorous names), өсімдік және жануарлар әлеміне қатысты есімдер (flora and fauna names), және жаңаша түрленген есімдер (weird and reincarnate names), құрмет есімдері және титулдық есімдер (honorifics and title names), жанама тұспалдау және мақал-мәтелдерден жасалған есімдер (insinuating and proverbial names), дене мүшелеріне қатысты есімдер (bodily structure), туыстық атаудан жасалған есімдер (kinship).

2.1 Заманауи қазақ антропонимиясы: лексика-семантикалық топтастырылуы

Халқымызда сәби жарық дүние есігін ашқаннан кейін орындалуға тиісті маңызды міндеттердің бірі – азан шақырып ат қою немесе есім беру дәстүрі. Балаға есім берілу барысында оның мәнді, әрі мағыналы болуына баса назар аударылады. Әдетте балаға жасы үлкен, елге сыйлы, құрметті, беделді, абыройлы кісі есім береді. Сонымен бірге тілдік санада кісі есімінің білдіретін мағынасы оның тағдырына әсерін тигізеді деген наным-сенім қалыптасқан.

«Ертеде адамдар табиғатты, жер-суды, тау-тасты, ағашты, өсімдіктерді де жанды нәрсе деп есептеп, оларға сыйынып отырған. Адамзат дамуының көне дәуірінде атау мен аталған заттың арасында ажырамас байланыс бар деген түсінік болған» [117, 4 б.].

Кісі есімінің көркем, мәнді және мағыналы болуы оның өзіндік менін қалыптастыруға септігін тигізіп, психологиялық тұрғыда білгілі бір деңгейде өмір сүру салтына әсерін тигізеді. Мысалы, өз есімінің білдіретін мағынасы оның тағдырына ықпалын тигізгені жайлы *Жаназар* есімді орта жастан асқан ер кісі төсек тартып, ауыр қалде жатқанда мынадай оймен бөліседі: «Менің жаным тыныш емес, үнемі жаным қиналып, жаным азар болып жүремін. Неліктен атымды Жаназар деп қойды екен...?». Науқас осыдан соң ауыр күрсініп, балаға ат қойғанда оның мағынасына мән беруге кеңес береді (ауызекі әңгімеден, респондент Әлиакбарұлы Махмұт, 82 жас) [118, 27 б.].

Келтірілген мысал негізінде қазақ халқының есім беруде оның білдіретін мағынасы адам өміріне белгілі бір деңгейде ықпалын тигізетіні жайлы сенімі басым екендігін аңғаруға болады.

Профессор С. Аманжоловтың анықтамасы бойынша: «Семантика дегеніміз – сөздің мағынасы деген сөз. Жалпы сөз мағынасын, оның ескі, жаңа түрінің мағыналық жақтан өзгеру жолдарын тексеретін ғылымды семасиология дейді» [119, 47-52 бб.]. Ғалым семасиология сөздердің қалыптасқан түрін ғана емес, сөздердің тарихи дамуын, мағыналарының өзгерісін де зерттейтін сала екендігін айтады.

Мағына ұғымына берілген бірнеше анықтаманы қарастырайық. «Қазақ тілінің лексикологиясында» Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиұлы сөздің мағынасына келесідей анықтама береді: «Мағына дегеніміз – ойлау мен сөздің арасында жатқан аумақ. Мағына бұл ойлаудан сөзге дейін жүрілетін жол» [120, 155 б.].

Сөздің мағынасы, яғни лексикалық мағына жайлы А. Ысқақов: «Әрбір сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа түспей жеке-дара тұрғандағы

(статикалық күйдегі) нақтылы, я негізгі мағынасы, әдетте, лексикалық я тура мағына деп аталады» [121, 7 б.] дейді.

Б. Ақбердиева бойынша: «Лексикалық мағына – зат, құбылыс, іс-әрекеттің санада бейнеленіп, тұрақталған ұғымының мазмұны» [122, 73 б.].

Жалқы есімнің семантикасы деп негізінен экстралингвистикалық сипаттағы оның құрамдас компоненттерінің тіркесін ұғынамыз, жалқы есімнің семантикасы ақпараттан жинақталады, ал ақпарат тілдік, сөйлеу және арнайы ономастикалық функциялардан, стилистикалық және эстетикалық маңыздылықтардан құралады [123, 73 б.].

Б.Ә. Досжанов антропонимге арқау болған сөздің алғашқы номинативтік мағынасы мен антропонимдік мағынасы арасындағы айырмашылық жөнінде: «Барақ есімінің алғашқы мағынасы көне түркі тілінде «сабалақ, жүндес, аңшы ит дегенді білдірсе, қазіргі тілімізде «барақ ит» деп сол күйінде қолданылады. Оның шығуы көне дәуірлердегі тотеммен байланысты. Алайда антропоним ретінде туынды мағынасы басты назарда болады. Соңғы ғасырларда тарихта болған *Би Барақ, Барақ хан, Барақ сұлтан, Көкжал Барақ* секілді атақты адамдардың ерен қасиеттері ескеріліп, бұл есімнің әуелгі мағынасы жойылып, ауыспалы мағына иемденеді. Келесі ұрпаққа бұл есімнің қойылуы батыр, дана т.б. болсын деген ниетпен жүзеге асты» дейді [123, 63 б.].

Б.М. Тілеубердиев жоғарыда айтылған пікірді қолдай отырып, мағыналық тұрғыдан даму барысында, эстетикалық талғамның өсуіне қарай кісі есімдері әр дәуірде жаңаша сипаттарға ие болғанын айтады: «Аталған *Барақ* есімімен қатар, *Ит, Күшік* секілді кісі аттарының алғашқы мағынасы кие тұтумен байланысты болса, кейінгі дәуірлерде бұл жануардың түрлі кемшіліктері ескеріліп, ырымдау басты назарға алынды (*Итемген* есімінің шығу мотивтері бұған дәлел). Салыстыра қарар болсақ, алғашқысы көк тәңіріне табыну, өгіз, бөрі, жануарларын кие тұтумен мағыналас, ал кейінгілері *Ырымбай, Жаманбай, Жәутік, Жұрқа, Елеусіз* есімдерінің синонимі ретінде қарастырылады» [124, 178 б.]. Мағыналық тұрғыда даму барысында антропонимдер тілдік талғамның өзгеріне байланысты әр кезеңде жаңаша сипатқа ие болып отырады.

Көне түркі заманында ай мен күнге табыну, табиғатты, анды, құстарды ерекше күш ретінде санап, кейбір хайуандарды (бөрі, ит, бұқа) шыққан тегіміз деп тотем ету жайттары басым болған. Соның нәтижесінде келесі есімдер шыққан: *Айсұлу, Айжарық, Айқан, Айдай, Кұнай, Айкүн, Таутай, Тайбай, Көлбай, Көлтай* [125, с. 5].

Кейін бұл тұрғыда өзбек антропонимикасы туралы Э. Бегметов төмендегідей пікір білдіреді: «Имена, *Тангриберген, Тангриберди, Тангриқұл, Қуанышбек, Ойзада, Ойкон* связаны с культом неба, солнца, и луны, являются ярким свидетельством поклонения и почитания людьми этих небесных и наземных «божеств» [126, с. 18].

Көне есімдердің шығу тарихы жөнінде түрікмен ономастикасын зерттеуші ғалым З.Б. Мухамедова: «древнейшими, на наш взгляд, следует считать имена, восходящие к названиям атмосферных осадков, солнце, луны, растений и животных» дейді [127, с. 45].

«Қазақ есімдері» атты энциклопедиялық анықтамалықта А. Смағұлов жаңа туылған нәрестені тылсым күштерден және көз тиюден сақтау, қорғау мақсатында есім ретінде қойылған үй жануарлары және жабайы аңдар мен құстардың атауларын *зооним есімдер* деп береді. Оларға келесі мысалдарды келтіреді: *Бөрібай, Қасқырбай, Арлан, Барақ, Құртқа, Бүркіт, Лашын, Атан, Қозы, Нарбай*, т.б. [128, 6 б.].

А.М. Байғұтова бойынша: «Халқымыздың танымында қалыптасқан белгілі бір аң, жануар, құс туралы ұғымдар ұлттық мәдени стереотиптерге айналып, нәтижесінде этностың, жеке тілдік тұлғаның аялық біліміне енеді. Тіліміздегі *Аубай, Қасқырбай, Арыстанбек, Жолбарыс, Ақбота, Ақмарал, Қозыбақ, Бүркіт, Лашын*, т.б. аттары осылайша пайда болған» [129, 144 б.]

Қалмақ антропонимиясындағы жануарлар мен құстардың атаулары негіз болған кісі есімдері жайлы Р.Л. Сельвина: «В калмыцкой антропонимии (преимущественно у представителей старшего поколения) сохранились древние калмыцкие имена, в основу которых положены названия птиц и животных: *Харих* (ястреб), *Эля* (орел), *Итльг* (сокол), *Керя* (ворона), *Гурвд* (сова), *Буга* (буг марл – «олень»), *Кермн* (белка), *Булгн* (соболь), *Бух* (бык), *Чон* (волк), *Тек* (дикий козел). По всей видимости, данная категория личных имен – реликт очень древних тотемистических представлений, бытовавших у далеких предков монголоязычных народов, древней прародиной которых являлась территория прибайкальских степей, где и могли обитать названные представители животного мира» деп атап өтеді [130, с. 89-90].

Сәйкесінше қазақ тілінде кісі есімі ретінде жабайы аңдардың, құстардың атауларының берілу себебін Р. Панзарбекова олардың еркіндікте, бостандықта жүретін, қарулы әрі жүйрік болып саналуымен түсіндіреді. Оның пікірінше жабайы хайуандардың аттарын бала мықты, күшті, қарулы болсын және солар сияқты еркін өмір сүрсін деген мақсатта қойған. Ата-бабамыздың негізгі кәсібі мал шаруашылығымен байланысты болғандықтан төрт түлік малға қатысты кісі есімдері де жиі кездеседі. Мысалы: *Жылқыайдар, Жылқыбек, Нартай, Қойшыбай, Малбағар, Малыш, Ақбота, Айбота, Жанбота, Бурабай* т.б. [131, 18 б.].

Қазақ тілінде қыз балаларға өсімдік атауларынан берілген есімдер туралы Б. Қалиев: «Потенциальная возможность перехода НР в женское имя возникает тех случаях, когда растения являются символом красоты, изящества и нежности. Поэтому в качестве женских имен чаще всего используются наименования красивых цветов. Например: *Жанар* или *Жанаргүл* (златоцвет), *Еңлік* или *Еңлікгүл* (эдельвейс), *Қалампыр* (гвоздика), *Қызғалдақ* (тюльпан), *Райхан* (базилик), *Раушан* (роза) и др.» деп түсіндіреді [132, с. 70].

Түркі тілдерінде грамматикалық тек категориясы жоқ. Түркі тілдеріндегі кісі есімдерінің әйел не ер кісіге қатыстылығы олардың мағынасына қарай белгілі болады. Ұлға күш, жігер, батылдық және қайсарлық мағынасындағы сөздер, қызға әдемілік, сұлулық, нәзіктікті білдіретін сөздерден жасалған есімдер қойған. Бұған қоса, тек әйел, не ер антропонимдерінде қолданылатын ұлттық бірліктер бар [133, с. 64].

Б.А. Старостин қазақ тіліне араб тілінен енген есімдер арқылы тек категориясының пайда болғандығын айтады: «Арабские имена женского рода (*Амина, Закия, Парида, Рашида, Салиха* и др.) впервые внесли категорию рода в казахский язык» [134, с. 285].

Демек ер мен әйел антропонимдерінің лексикалық жүйесінен гендерлік айырмашылықты байқауға болады. Ер антропонимдері аңдарға, құстарға байланысты атаулардан болса, ал әйел антропонимдері өсімдік, мата атауларынан қойылған.

Т. Жанұзақов өз еңбегінде «Қымбат бағалы металл мен сапасы жоғары маталар, алуан түрлі тастар атауларынан қойылған есімдер тек әйелдерге берілетін» деп атап өтеді [13, 59 б.].

Қазақ және түрік тілдеріндегі қымбат металл мен асылтас атауларынан жасалған ер және әйел антропонимдерінің айырмашылығын М.М. Бигелдиева былайша көрсетеді: «Қымбат металл мен асылтас атауларынан жасалған есімдер де өзара бөлінеді. Әшекей жасауда қолданылатын металлдар мен асылтас атауларынан жасалған есімдер әрдайым қыз балаға беріледі. Мысалы: *Алтын, Алтынгүл, Күміс, Меруерт, Маржан, Гауһар, Gümüş, Altun, Zümrüt, İnci, Yeşim*. Мұндай есімдерді берудегі басты уәж – қыз баланың әдемі, сыпайы, тәрбиелі, нәзік болуын тілеу. Ал мықтылықты, қаттылықты білдіретін металл мен асылтас атауларынан жасалған есімдер сәйкесінше тек ер балаларға қойылған. Мысалы: *Алмас, Болат, Құрыш, Polat, Çelik, Demir*. Мұндағы басты уәж ер баланың бекем, мықты, жігерлі, күшті болуын қалауы» [85, 74 б.].

Телқожа Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» (1982) [135] еңбегінде В.А. Никоновтың ғылыми негізделген семантикалық топтастыруына [20] сүйене отырып, зерттеу жұмыстарын толықтыра келе қазақ антропонимиясының лексикалық және семантикалық жүйесін жасады:

- 1) *имена описательные (дескриптивы)*;
- 2) *имена-пожелания (дезидеративы)*;
- 3) *имена-посвящение (меморативы)*;

Өз тарапынан Т. Жанұзақов антропонимдердің семантикалық тобына тағы бір топты қосады:

- 4) *имена культурно-исторические (социальные)* [135, с. 23-26].

Біздің тарапымыздан жоғарыда аталған семантикалық топтастыруға заманауи қазақ есімдері тобы қосылды.

Қазақ антропонимиясында *нәрестенің сипатына қарай берілетін есімдер (дескриптивтер)* баланың физиологиялық ерекшелігі, туған жері мен туылған күні, отбасында сәбидің нешінші бала болып өмірге келуі, ата-ананың тілегі, қуаныш сезімі, баланың жарық дүние есігін ашқанда орын алған түрлі оқиғаларды сипаттайды. *Тілек есімдер (дезидеративтер)* ата-ананың сәбиіне ұзақ өмір, бақыт, байлық, батырлық, батылдық, сұлулық, нәзіктік, сыпайылық, мәдениеттілік, ақылдылық, даналық секілді жақсы қасиеттерді тілеу ниетінен туындаған. Бұл топқа келесі сәбидің ұл болуын тілеген есімдер, сәбидің дүниеге келгендегі ата-ананың арман-тілегінің орындалғанын білдіретін есімдер де жатады. *Құрмет есімдері (меморативтер)* тарихи тұлғалардың,

халық қаһармандарының, танымал адамдардың құрметіне, қайтыс болған ата-бабасының, туған-туысының құрметіне қойылады. *Мәдени-тарихи есімдер (әлеуметтік)* есімдер пұтқа табынушылықты сипаттайтын (языческие имена), тотемдік, діни, табуға қатысты және неологизм есімдерді қамтиды.

Аталған бөлімде 1980, 1990, 2000, 2010, 2018 жылдары дүниеге келген нәрестелердің аты-жөні тіркелген – 43 027 туу туралы акт жазбасы негізінде кісі есімдері мен тектеріне лексика-семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық, тілдік қатысымдылығына қатысты талдау жасалады.

2.1.1 Қазақ кісі есімдерінің лексика-семантикалық топтары

Ер антропонимдері

Сипаттау мәнді ер есімдері (дескриптивтер). Сипаттау мәнді ер есімдері нәрестенің физиологиялық ерекшелігін сипаттап, бет-әлпетіне, денесінің түсіне және жүріс-тұрысына қатысты болып келеді:

- дене мүшелерінің қатысуымен жасалған ер есімдері: *Ақжүрек, Бауыржан*;

- сәбидің денесіндегі қал немесе мең болуына орай қойылған ер есімдері: *Қалдыбек, Қалдыбай, Қалжан, Қалтай*.

- денесінің түсіне байланысты берілген ер есімдері: *Ақжігіт, Қаражан*.

Сәбидің туған жері, туған күні мен айына (немесе сол айдағы оқиға) қатысты қойылған есімдер:

- туған жерге, яғни географиялық ұғымдарға байланысты ер есімдері: *Таужан, Алтай, Ертіс, Еділ, Есіл, Оқжетпес, Саян*;

- апта күндеріне қатысты есімдердің ішінде ир. *сәрсенбі* (*шәһар* – төрт + *шәмбе* – күн, төртінші күн (бейсенбі) дүниеге келген балаға қойылған [136, 117 б.] ер есімі кездесті: *Сәрсен* – Сәрсенбі сөзінің ықшамдала, қысқартылған түрі;

- ай атауларына байланысты қойылған ер антропонимдері: *Мамыр, Маусым, Наурыз, Наурызбек, Наурызхан*. Заманауи антропонимдер арасында *Мизам, Мизамбек* есімдері кездесті. *Мизам*, ар. – қыркүйек айына сәйкес келетін ай аты [136, 94 б.].

- мұсылман қауымында қасиетті ай саналатын Ораза айында туылған ер балаға *Рамазан* есімі қойылған;

- құрбан айт мерекесі қарсаңында дүниеге келген сәбиге: *Айтбай, Айтбек, Айтжан, Айтқали* есімдері берілген.

Қазақ тілінде сәбидің отбасында нешінші бала екенін білдіретін есімдер: отбасындағы алғашқы балаға – *Тұңғышәли*, кенже балаға – *Кенжебек* есімдерін берген.

Бала дүниеге келген кездегі ата-анасының эмоциясын, тілегінің қабыл болғанын, қуаныш сезімін сипаттайтын есімдер: *Аллаберген (Алдаберген), Аңсаған, Берген, Бердібек, Қалау, Қуаныш, Құдайберген, Сағындық*.

Тілек мәнді есімдер (дезидеративтер):

- ата-ананың сәбиіне ұзақ өмір тілеуіне байланысты есімдер: *Жанұзақ, Ғасыр, Мыңжасар, Өмірбек, Өміржан, Өмірзақ*;

- нәрестеге бақыт тілеумен байланысты есімдер: *Бақберген, Бақдәуір, Бақжан, Бақкелді, Бақыт, Бақытжан, Нұрбақыт*;

- сәбидің күшті, батыр болып өсуін тілеумен байланысты есімдер: *Батыр, Батырлан, Батырхан, Жігер, Қайсар, Қуат*;

- нәресте өскенде ақылды болсын деген тілекпен ұл балаға берілген есімдер: *Ақыл, Ақылбек, Ақылжан, Данабек, Данышпан*;

- сәбидің молшылықта, баршылықта өмір сүруін, ырыс-несібелі болуын тілеумен байланысты есімдер: *Берекет, Несібек, Ырысбек, Ырысдәулет, Ырысәлі, Ырыскелді*;

- баланың аман болуын, тірі қалуын тілеумен байланысты есімдер: *Аман, Есен, Тұрар*.

Арнау мәнді немесе құрмет есімдер (меморативтер) тарихи тұлғалардың, халық қаһармандарының, танымал адамдардың құрметіне, қайтыс болған ата-бабасының, туған-туысының құрметіне қойылады. Бүгінгі таңда қазақ балаларына тарихта болған ұлы тұлғалардың, атақты, ел билеген хандардың, батырлардың, әдеби шығарма кейіпкерлерінің құрметіне қойылған есімдерді қою үрдіске айналды:

- көне түркі дәуірі мен орта ғасырдағы тарихи тұлғалардың есімдері мен тегінің құрметіне қойылған антропонимдер: *Күлтегін, Қорқыт, Қожахмет, Ясауи*;

- әулие-әмбие есімдері құрметіне қойылған антропоним: *Пірбекет*;

- ұлы хандардың, батырлардың құрметіне қойылған есімдер: *Абылай, Абылайхан, Әбілмансұр (Абылай ханның шын есімі), Бейбарыс, Ерасыл (Қабанбай батырдың шын есімі), Ерназар, Жәңгір, Исатай, Кенесары, Керей, Қазыбек, Қарасай, Қасымхан, Маханбет, Райымбек, Сырым, Тәуке, Хақназар, Шыңғыс, Шыңғысхан*;

- жыраулар, билер мен шешендердің құрметіне қойылған есімдер: *Ақтамберді, Жиренше, Майқыби, Төлеби*;

- ұлы тұлғалар, ақын-жазушылар, ғалымдар мен саяси қайраткерлердің құрметіне қойылған есімдер: *Абай, Әлихан, Әл-фараби, Бейімбет, Жамбыл, Мұқағали, Мұхтар, Олжас, Сәкен, Шәкәрім, Шоқан, Ыбырай, Илияс*;

- мемлекет басшыларының (президенттердің) құрметіне берілген есімдер: *Ататүрік, Нұрсұлтан, Рамзан*;

Осы тұрғыда Б. Әбдуәлиұлы «прототип есімдер» туралы: «Тәуелсіздік жылдарында отандық тарихтың жаңғыруымен *Елхан, Бейбарыс, Қасым, Абылай, Ерасыл, Кенесары, Әлихан, Тұрар, Жүсіпбек, Мағжан* т.б. секілді есімдер қойыла бастады. Кеңес өкіметі тұсында да елге танымал *Амангелді (Иманов), Болатбек (батыр бала), Асқар, Ботагөз («Ботагөз» романының кейіпкері), Кәмиат (Дөненбаева), Зылиха (Тамшыбаев)* т.б. секілді есімдер болды. Әрқайсысының елге танылған батырлық, еңбекқорлық т.б. қасиеттері прототиптік мағына ретінде өз есімдеріне орнықты» деп баяндайды [86, 65 б.]. Мұнда прототип есімдердің бастапқы мағынасына қарағанда, әлеуметтік мағынасына басымдық берілетіндігі, яғни тарихта есімі танымал болған

тұлғалардың қоғамда атқарған ісіне, тұлғалық қасиеттеріне баса назар аударылады.

Қазақта өмірден озған ата-бабасының, жақын туыстарының атын беру салты бар. Нәрестеге өмірден өткен атасының, әкесінің немесе туысының құрметіне сол кісінің есімі беріледі. Зерттеу жұмысында жинақталған тілдік материалдарды саралау кезінде ер балаға өмірден өткен туысының орнын басар ұл болсын деген ниетпен қойылған *Орынбасар* есімі кездесті.

Мәдени-тарихи (әлеуметтік) есімдер діни наным-сенімдер, тотем мен табуға қатысты есімдерді қамтиды:

- аспан денелеріне, яғни, ай мен күнге табынуға байланысты берілген есімдер: *Айбол, Айтуар, Айсерік, Күнтуған*;

- жабайы аңдар мен жыртқыш құстарды, кейбір хайуандарды тотем етуге қатысты жасалған есімдер: *Арыстан, Барысхан, Жолбарыс, Қаршыға, Бүркіт, Сұңқар*;

- ислам дініне қатысты араб тіліндегі есімдер: *Абдулла, Абдулазиз, Аян, Дінмұхамбет, Ислам, Исламхан, Мұхамбетәмин, Нұрмұхамбет*, т.б.

Табумен байланысты есімдер. Табу (ағыл. taboo, фр. interdiction de vocabulaire, нем. Verbot, Tabuierung) – қолданылуына тыйым салынатын сөздер немесе сөз қолданыстары. Мифтерге сену, ырымшылдық, соқыр сенім табу қалыптасуына себепкер болады. Ауру аттары, құдайлар мен жын-пері, аруақ аттары, ауланатын жануарлар, туыстық атаулар мен өлімге қатысты атаулар туыстық атауларға (күйеу, қайын ата, қайнаға, қайын ене) табу сөздермен айтылады [103, с. 371].

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде табу терминіне келесі анықтама берілген: «Табу (полинез. tabu белгілеу, айрықшалау + ru тұтастай, taru > tabu тұтастай айрықшаланған; ерекше белгіленген) ағыл. taboo – 1. Нақты бір іс-әрекетке, оның ішінде атын атап айтуға болмайтын заттарға қатысты тілдік іс-әрекетке тыйым салатын алғашқы қауымдастық сипатындағы әлеуметтік институт. 2. Этномәдени факторлардың ықпалымен қолданылуына тыйым салынуы тиіс сөз немесе сөйленіс. Табудың пайда болуын дінмен, ырыммен, моральдық тыйымдармен және адамгершілік нормаларымен, реттеушілік қызметі бар әлеуметтік институттармен, нышандық-таңбалық жүйелермен байланыстырады» [57, 232 б.].

Қазан төңкерісінен бұрын қазақ тұрмысында сөзге тыйым салу, астарлап сөйлеу дәстүрін Т. Жанұзақов: «Ерте заманнан бар бұл дәстүр халық арасында кеңінен етек алған. Сөзге тыйым салу, астарлап сөйлеу әдеті кісі аттарына да әсерін тигізбей қалмаған. Бұрынғы кезде ауылдағы әйелдер ерінің, ата-ене, қайнаға, қайыніні, қайынсіңілілерінің атын атамаған. Сөйтіп, ат тергеу ғұрпы кеңінен тараған. Бұлайша сөзге тыйым салуды ғылымда табу дейді» деп атап өтеді [13, 82-83 бб.].

Ә. Ахметов «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» атты еңбегінде қазақ келіні күйеуінің әке-шешесі көзі тірі кезінде өзі тапқан бірінші баланы да өз атымен атамай, оның жынысына қарамастан, *кенже бала* немесе *бөпе-жан* сияқты эвфемистік есім қолданғандығы жайлы баяндайды. Ізетті келін өзінен

бұрынырақ келін болып түскен қайнысының әйелін де, яғни жасы кіші абысынының да атын тергеп, оны келіншек деп атаған. Кейде тыйым салынған есімдерді тергеп айтуға мүмкіндік болмай қалса, әлгі есімдердің бір дыбысын өзгертіп, *Мәмбетті – Сәмбет, Тұрсынды – Мұрсын, Ахметті – Сахмет* және т.с.с. бұзып айту да эвфемистік есімдер жасаудың бір тәсілі ретінде қолданылған [137, 39 б.].

Ш.Б. Салықжанова ат тергеуге байланысты: «Әйелдер күйеуінің атын атамай «әлгі», «біздің үйдегі», «от ағасы» немесе баласының атымен атау (Еркетайдың әкесі деп) дәстүрінің қалдығы әлі кездеседі. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүрі болған. Сөйтіп, жаңадан түскен жас келін болсын, оның абысын-ажындары болсын ат тергеуді міндет санаған» [138, 421 б.].

«Мәдениет арқылы өрнектелген ұлт болмысы тек тіл арқылы танылады» [139, 4 б.]. Ұлттық мәдениет пен болмысты сипаттайтын антропонимиядағы табу мәселесі ата-бабамыздың дәстүрі ретінде осы күнге жеткен мәдени мұра. Олар сыйластық пен құрметті, ізеттілікті білдіретін этикеттік бірлікті болып есептеледі. Бұл дәстүр еліміздің оңтүстік аймақтарында әлі күнге дейін сақталған. Әсіресе жаңа түскен келін сол әулеттегі үлкендерді атымен атамайды, қайнылары мен қайынсіңлілеріне ат қойып, сол атпен атайды. Қазіргі кезде ат тергеу салты негізінен жасы егде ауыл тұрғындары арасында қолданылады.

Неологизм есімдер. Өз еңбегінде Т. Жанұзақ *интернационалдық есімдер* деп көрсеткен *Артур, Диас, Марат* [135, с. 26] есімдері қазіргі уақытта да сәбилерге қойылып жүр.

Біз өз тарапымыздан қазақ антропонимиясын семантикалық топтастыру бойынша *заманауи қазақ есімдері* тобын қосуды ұйғардық.

Заманауи қазақ есімдеріне қазақ тіліндегі жалпы есім сөздерден жасалған дара тұлғалы антропонимдерді, біріккен тұлғалы антропонимдерді, араб тілінен енген жаңа есімдер, жаһандану үдерісі мен БАҚ құралдары ықпалынан енген есімдерді және дыбыстық өзгеріске ұшыраған есімдер кіреді.

- қазақ тілдеріндегі жалпы есім сөздерден жасалған ер есімдері: *Ақиқат, Алғыс, Арнамыс, Асу, Әлем, Белес, Ғаламат, Ғарыш, Демеу, Жасын, Жеткер, Кемеңгер, Пейіл, Самғар, Сеңгір, Тағдыр, Ұлағат;*

- көне түркі антропокомпонеттері (*ай, ақ, бай, ел, ер, тәңір*) мен жалпы есім сөздерден жасалған туынды тұлғалы ер есімдері: *Айбарыс, Айқұт, Айжас, Айсері, Айсұңқар, Айтас, Ақмейір, Ақнан, Ақтаң, Байтас, Елсұңқар, Ертұмар, Ертұғрыл, Тәңірұлан;*

- екі есімнен бірігіп жасалған ер есімдер: *Абылайханбейбарыс, Бекмұхамбетсұлтан, Жарасөркен, Мәдизейінуәйіс, Мұхамбетәмин, Мұхамбетжолдас, Мұхамбетясин, Мұхамбетшайбани;*

- араб тілінен енген есімдер: *Азан, Әбдімүтәліп, Әзірет (Хазірет), Әли-Ағзам, Әлисұлтан, Әмин, Дініслам, Діннұр, Мәдімар, Салах Ад Дин (Салахаддин), Саламат, Хабибрахман, Яхияжұма;*

- жаһандану үдерісі мен БАҚ құралдары ықпалынан пайда болған есімдер: *Альбертгор, Анаис, Бельгер, Бернард, Джихат, Иммануил, Марсель, Маттео, Микаэль, Оскар, Рауль, Рамзес, Рафаэль, Роллан (Роланд), Самуэль, Эдуард Элисар Ян, Эрнест;*

- дыбыстық өзгеріске түскен ер есімдері: *Айанер (Айнар), Аймер, Айсар (Айсары), Алесар, Алсан, Армиль, Арьен, Асмир, Аджи Гирей (Әжігерей), Аламир, Әлихар, Байэль, Бигель (Би+келді), Диасыл (Диас+Асыл), Дильен, Жансүр (Жансүгір), Махди, Сағди, Тамир (Темір), Халис (Халид), Ильяр (Илияс), т.б.*

Профессор Т. Жанұзақов қазақ есімдерін жасалу жолдары бойынша келесі лексика-семантикалық топтарға жіктейді: *мал шаруашылығына байланысты есімдер, табиғат құбылыстарымен байланысты есімдер, тағы аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты, асыл тастар, металдарға байланысты атаулар, жеміс-жидек атаулары байланысты есімдер, туыстық атаулармен байланысты есімдер, сын есімдердің қатысуымен жасалатын есімдер, жер-су аттарына қойылған есімдер, тұрмыстағы керек-жарақтарды білдіретін есімдер, түрлі тағам аттарына байланысты есімдер* [140, с. 34].

Жоғарыда көрсетілген топтастыру негізінде қазіргі ер есімдерінің жасалу жолдары бойынша лексика-семантикалық топтары:

- ру атауына қатысты есімдер есімдер: *Адай, Адайхан, Албан, Арғын, Әлім, Дулат, Жалайыр, Жағалбайлы, Наймантай;*

- топонимдерден жасалған есімдер: *Балхаш, Атлант, Еділ, Есіл, Жайық, Назарет, Тұран;*

- тау атауларынан жасалған есімдер: *Арафат, Саян, Оқжетпес;*

- жабайы аң, құс атауларынан жасалған есімдер: *Барыс, Бүркіт, Елік, Сұңқар.*

Әйел антропонимиясы. Нәрестенің физиологиялық ерекшелігін сипаттайтын *сипаттау мәнді әйел есімдері* (дескриптивтер):

- бет-әлпетіне, дене мүшелеріне байланысты қойылатын есімдер: шаш – *Сұлушаш, Алтыншаш, Қарашаш, Маржанишаш, Мыңшаш;* маңдай – *Ақмаңдай;* көз – *Айқаракөз, Айнамкөз, Асылкөз, Аякөз, Қаракөз, Ботакөз;* қас – *Қаламқас, Кермеқас;* білек – *Ақбілек;* жүрек – *Айжүрек.*

- сәбидің денесіндегі қал немесе мең болуына орай қойылған әйел есімдері: *Қалбибі, Қалдыгүл, Қалдықыз, Қалжан, Қалымжан, Меңдігүл, Меңтай;*

- нәрестенің денесінің түсіне байланысты берілген есімдер: *Ақбикеш, Ақбөпе, Ақжан.*

Туған күні мен айына (немесе сол айдағы оқиға) қатысты есімдер:

- апта күндеріне қатысты есімдерге *жұма* (ар. *джумга* – жиын, жалпы қауым жиналатын күн) [136, 75 б.] сөзінен жасалған әйел есімдері: *Жұмабике, Жұмагүл, Жұмағайша;* *Әдиа* ир. *одина* – аптаның бесінші күні, жұма күні туылған балаға қойылатын есім, синонимі *Атина* [136, 142 б.] есімдері жатады.

- ай атауларына байланысты қойылған әйел есімдері: *Гүлнаурыз, Наурызгүл, Наурызым, Маусымжан, Сәуіржамал;*

- құрбан айт мерекесі қарсаңында дүниеге келген сәбиге: *Айтгүл* (*Айткүл*), *Мейрамгүл* сынды есімдер қойылған.

Сәбидің отбасында нешінші бала екенін білдіретін есімдер:

- отбасында екінші балаға берілетін *Сәния* (ар., тәж.) есімі – сан жағынан үйдегі екінші туған бала [136, 168 б.] дегенді білдіреді;

- отбасындағы кіші балаға қойылған әйел есімдері: *Айкенже*, *Ақкенже*, *Кенже*, *Кенжегүл*;

Бала дүниеге келген кездегі ата-анасының эмоциясын, тілегінің қабыл болғанын, қуаныш сезімін сипаттайтын әйел есімдері: *Дәметкен*, *Дәмегүл*, *Дәмелі*, *Қуаныш*, *Сағыныш*, *Шаттық*.

Тілек мәнді есімдер (дезидеративтер):

- нәрестеге бақыт тілеумен байланысты есімдер: *Бақжан*, *Бақыт*, *Бақытгүл*, *Бақытжан*, *Гүлбақыт*;

- қыз баланың сұлу, көрікті, ажарлы, нәзік болуын тілеумен байланысты есімдер: *Ажар*, *Айсұлу*, *Аққербез*, *Әдемі*, *Әсем*, *Әсемжан*, *Әсемгүл*, *Көркем*, *Сұлу*;

- мата атауынан қойылған есімдер: *Барқыт*, *Жібек*, *Мақпал*, *Масаты*;

- нәресте өскенде ақылды болсын деген тілекпен *Әлима* (ар. ғалима – оқымысты ғалым әйел [136, 143 б.]), *Дана*, *Данагүл*, *Парасат* секілді есімдер қойылған;

- сәбидің молшылықта, баршылықта өмір сүруін, ырысты болуын тілеумен байланысты есімдер: *Береке*, *Несібелі*, *Ырзагүл*;

- ата-ананың өздеріне деген тілек-ниетін білдіретін, яғни келесі сәбидің ұл болуын қалауға қатысты есімдер: *Жаңыл*, *Қыздықой*, *Ұлай*, *Ұлайым*, *Ұлбала*, *Ұлбану*, *Ұлбосын*, *Ұлбөбек* (*Ұлбөпе*), *Ұлғанша*, *Ұлдай*, *Ұлдана*, *Ұлданай*, *Ұлдар*, *Ұлдария*, *Ұлдархан*, *Ұлдықыз*, *Ұлжалғас*, *Ұлжан*, *Ұлжарқын*, *Ұлжібек*, *Ұлзира*, *Ұлмекен*, *Ұлнара*, *Ұлсана*, *Ұлсерік*, *Ұлтай*, *Ұлту*, *Ұлтуар*, *Ұлыш*. Қыздарға мұндай сипаттағы есімдерді беру қазіргі күнге дейін өз жалғасын тауып келе жатқандығын атап өтуге болады.

Арнау мәнді немесе құрмет есімдер (меморативтер) тарихи тұлғалардың, халық қаһармандарының, танымал адамдардың құрметіне қойылады:

- ел билеген атақты әйел кісілер, батыр қыздардың есімдері: *Томирис* (*Тұмар*), *Алия*, *Мәңшүк*.

Мәдени-тарихи (әлеуметтік) есімдер пұтқа табынушылықты білдіретін есімдер (языческие имена), тотем есімдер, ислам есімдері, табу есімдер мен неологизм есімдерді қамтиды:

- аспан денелеріне, яғни ай мен күнге табынуға байланысты берілген есімдер: *Айсұлу*, *Айым*, *Айжұлдыз*, *Күнімай*, *Күнсұлу*;

- ислам дініне қатысты араб тіліндегі есімдер: *Айша*, *Әмина*, *Мадина*, *Малика*, *Намаз*, *Фатима*, *Хадиа*.

Неологизм есімдер:

- интернационалдық әйел есімдері: *Анжела*, *Долорес*, *Ирада*, *Клара*, *Софья*, *Элеонора* қазіргі кезеңде қазақ антропонимиялық қорында кездеседі.

Заманауи қазақ әйел есімдері

Қазақ тіліндегі жалпы есім сөздерден жасалған дара тұлғалы антропонимдерді, біріккен тұлғалы антропонимдерді, жаһандану үдерісі мен БАҚ құралдары ықпалынан пайда болған есімдерді және дыбыстық өзгеріске ұшыраған есімдер кіреді.

- жалпы есім сөздерден жасалған әйел антропонимдері: *Айнақыз, Ақылай, Әуел, Бақмекен, Балғын, Елриза, Елігай, Ерек, Кербез, Нұрсыйла, Нұршаиқан, Нұршуақ, Періште, Сәтті*;

- көне түркі антропокомпонеттері (*ай, ақ, бай, ел*) мен жалпы есім сөздерден жасалған туынды тұлғалы әйел есімдері: *Айасыл, Айбөбек, Айдария, Айкүнім, Айсезім, Айтеңіз, Айшешек, Ақару, Ақберен, Ақжүзік, Ақмөр, Ақпейіл, Ақсана, Ақұлта, Байбике, Елана, Елданасы, Елерке*;

- араб тілінен енген әйел есімдері: *Бәдінұр, Ғайникамал, Дінзухра, Нұраят, Нұриман, Нұрхадия, Румейса, Рухия, Саиданұр, Сафиянұр, Тәслима, Уәсила, Қайырниса*;

- парсы тілінен енген әйел есімдері: *Махфират, Сәруар, Фердаус*;

- екі есімнен бірігіп жасалған әйел есімдері: *Асылзере, Бибіжамал, Инаятбану, Нұрлыайым, Томирисясмин, Інжумаржан*;

- жаһандану үдерісі мен БАҚ құралдары ықпалынан пайда болған жаңа әйел есімдері: *Адалин, Аделайда, Азалия, Азия, Айя, Амелия (Амели), Анабель, Ангелина, Ариелла, Арманда, Арнелла, Ванесса, Нелли, Низатель, Николь, Майя, Микаэля, Мириамрада, Орли, Ребекка, Сабрина, Семирамида, Тея, Фарангис, Ханна Окоуе, Шейла, Эвелина, Элайя*;

- дыбыстық өзгеріске түскен әйел есімдері: *Айла – Айлана – Айлин (Айлина) – Айлуна (Айлун) – Айлара, Айнель (Айна), Айни (ар. Аниса), Айрин – Айрей – Айрим – Айрис, Айсель (Ай+Әсел), Айсу, Альви – Альвина – Альфина – Эльвина (Альбина), Инзипия (ар. Инсаф), Лария (Лариса), Меери (Мария), Рамида – Рамина, Сандина, Сарина – Сариям, Тамилана (Тәмила), Эльзат (Елизавета), Эльнара (Елнар)*.

Т. Жанұзақовтың топтастыруы негізінде қазіргі әйел есімдерінің жасалу жолдары бойынша лексика-семантикалық топтары:

- құс атауларынан жасалған әйел есімдері: *Аққу, Ақтоты (Тоты), Бұлбұл, Қарлығаш, Лашын, Үкіжан*;

- өсімдік атауларынан жасалған әйел есімдері: *Шынар* (биік, тау тірегі, шынар ағашы);

- жеміс-жидек атауларынан жасалған әйел есімдері *Алма, Анар* (ир. қызыл түсті дәні бар алма тектес жеміс), *Бүлдірген, Жүзім, Құлпынай*;

- гүл атауынан жасалған қыз есімдері: *Еңлік, Жауқазын, Қалампыр, Қызғалдақ, Ләйла* (араб тілінде гүл аты), *Райхан, Раушан, Сарығалдақ* (Сарықалдақ);

- мата атауынан жасалған қыз есімдері: *Масаты, Жібек, Мақпал*;

- асыл тас атауынан жасалған әйел есімдері: *Гауһар*, ир. – қымбат, бағалы тас [136, 147 б.], *Меруерт*. ир. – асыл тас [136, 162 б.], *Фарида*, ар. – 1) інжу, маржан; 2) маржан, теңдесі жоқ, сирек зат [136, 172 б.]; *Инжу*, ар. – маржан [136, 175 б.].

Жалпы лексика-семантикалық талдау нәтижесінде заманауи кісі есімдері жүйесінде орын алған өзгерістерге: көшпенді өмір салтына қатысты төрт түлік малға бай болсын деген ниетпен қойылған есімдердің қолданыстан шығуын, тотемдік, ай мен күнге табынуға байланысты есімдердің, қорғаныс есімдерінің және ауа-райы құбылыстарына қатысты берілген есімдердің архаизмге айналу үдерісін жатқызуға болады.

Апта, ай аттарына байланысты күнтізбелік есімдер қазіргі антропонимиялық қорда аз да болса кездеседі. Гендерлік айырмашылық тұрғысында баланың туған жеріне қатысты антропонимдер ер есімдерінде ғана кездесетіндігін атап өтуге болады. Ислам дініне қатысты араб тіліндегі есімдер қатары артқандығы назар аудартады. Сонымен бірге ғаламдық жаһандану үдерісінің ықпалымен шет тілдерден енген есімдер сәнді есімдер қатарынан орын алып отыр. Қазіргі уақытта жас ата-аналар тарапынан балаға есім таңдауда есімнің білдіретін мағынасына қарағанда, дыбысталуы, жағымды естілуі, заманауи, сәнді есім болуына мән берілуде.

2.1.2 Қазақ кісі тектерінің лексика-семантикалық топтары

Кісі тегіне лексика-семантикалық талдау нәтижесінде олардың ономастикада қалыптасқан дәстүрлі топтастыруға толықтай сәйкес келетіндігі айқындалды.

Нәрестенің сипатына қарай берілетін есімдер (дескриптивтер).

Сәбидің физиологиялық ерекшелігін сипаттайтын есімдер денесінің түсіне, бет-әлпетіне және жүріс-тұрысына байланысты беріледі. Нәресте денесінің түсіне байланысты есімдер негізінен «ақ», «қара», «сары», «қоңыр» лексикалық компоненттері арқылы жасалған.

«Сырға толы түр мен түс» еңбегінде Ә. Қайдаров әрбір халық түстердің белгілі бір түріне өзіне тән ұғымдар мен түсініктерге орай мән-мағына беруге тырысатынын жазады. Мысалы, жергілікті ерекшеліктерге байланысты ақ түс бірде «тазалық», «пәктік», «әділеттілік» мағынасын білдірсе, кейбір жерлерде қайғылы қазаның символы ретінде де қолданылады [141, 64 б.]. Демек *ақ* сөзінен жасалған *Ақбаев, Ақтаев, Ақбергенов* секілді антропонимдер алғашқы мағынаның негізінде, яғни сәбидің таза, пәк, әділетті болуын тілеумен қатысты болып табылады.

А. Гафуров өз еңбегінде түркі халықтарында ақ компонентімен жасалған есімдерде *ақ* сөзі әйел есімдерінде (*Ақгүл, Аққыз, Ақбике*) қалыңдықтың көйлегі секілді тазалық пен адалдықты білдірсе, ер есімдерінде (*Ақбай, Ақболат, Ақмұхаммед, Ақмырза, Ақтимур*) өмір жасы ұзақ, бақытты болсын деген мағынаны білдіретіні жайлы айтады. Жалпы *ақ* сөзінің бірнеше мағынасы бар екендігі жайлы А. Гафуров: «Вообще слово с компонентом ак редко бывает однозначными. <...> слова *аккиши* и *акбазарган* употреблялись в смысле ‘человек умудренный знаниями и опытом жизни’, ‘с добрым сердцем’ и ‘самый старый и самый мудрый купец, которому доверяли возглавлять караван» деп атап өтеді [142, с. 23].

Көне түркі сөздігінде қара сөзі «түс атауы», «құл, қызметкер», «қара халық» секілді жалқы есімдердің бір компоненті мағынасында берілген [143, с. 313]. Демек *қара* сөзінің антропонимдік мағынасы көне түркі тіліндегі мағынаны сақтай отырып жасалған деп айтуға болады. Мысалы: *Қараев, Қарабалаев, Қарабалин, Қарабатыров, Қарабеков, Қарамолдаев, Қарашиолақова*.

Б.Ә. Досжанов өз еңбегінде ертеректе ақ пен сары сын есімдері мағыналас болғанын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Сарыбай мен Қарабай образдары арқылы түсіндіре келіп, мұнда «ақ» орнына «сары» сын есімі қолданылып тұрғанын айтады. «Сары» сөзінің кең, үлкен, биік мағынасы кісі атына айналуға негіз болған [123, 62 б.]. Кісі тектерін талдау нәтижесінде сары сөзімен жасалған келесі антропонимдер кездесті: *Сарыбаева, Сарыбеков, Сарыбалаев, Сарыбалина, Сарыбасова, Сарина*.

«Қоңырдың антропонимдік мағынасы жуас мінезділікті, аңғарлы, сабырлық пен салмақтылықты білдіреді» [123, 63 б.]. «Қоңыр» сөзінен жасалған антропонимдер: *Байқоңыров, Қоңырова, Қоңырбаева, Қоңырбекова*.

Баланың бет-әлпеті, дене мүшелерінің қатысуы арқылы жасалған кісі тектері:

- бас – *Сар(ы)басова, Жарықбасова, Қазанбасова, Қызылбасова, Үкібасов*
- шаш – *Қарашашов; кекіл – Кекілов*
- қабақ – *Қабақ*
- көз – *Көздібаев, Көккөзова, Жыланг(к)өзов, Қалдыкөз*
- қас – *Аққасова, Қарақасов*
- самай – *Самайева*
- мұрын – *Мұрынова, Шонмұрынов; танау – Танаубаев*
- саусақ – *Саусақбаев*
- бақай – *Бақаев*

Ер баланың сыртқы сипатына байланысты алты саусақты бала туылса, оған – *Артық* есімі берілген. Осыған орай *Артықбаев* сынды кісі тегін мысал ретінде келтіруге болады. Шала туылған нәрестелерге қойылған антропонимдер арасында *Шалабаев, Шалатаев, Лекерова (Лекерова)*.

- нәрестенің денесіндегі қал немесе мең болуына қатысты берілген антропонимдер: *Анарбеков, Қалдыбеков, Қалдыбаев, Қалдығожин, Қалжігітов, Қалмұрат, Қалмырзаева, Меңаяқова, Меңдібаева, Меңжанова*.

- ер бала анасының құрсағында жатып сүндеттеліп туылған жағдайда балаға *Сүндет* деген есім берілген. *Сүндетов, Сүндетбаев* секілді кісі тектері бұған мысал бола алады.

Сәбидің туған күні мен айына (немесе сол айдағы оқиға) қатысты, яғни *күнтізбелік есімдер*:

- Апта күндеріне байланысты антропонимдер:
- Дүйсенбі – *Дүйсенов, Дүйсенбаев (Дүйсебаев), Дүйсенбеков, Дүйсенбиева, Дүйсенбина;*
- Сейсенбі – *Сейсенов, Сейсенбаев, Сейсенбеков, Сейсенғалиев;*
- Сәрсенбі – *Сәрсенов, Сәрсенбеков, Сәрсенғалиев, Сәрсенбаева;*

- Бейсенбі – *Бейсенбаев, Бейсенбеков, Бейсенбинов, Бейсенғалиев, Бейсенханов;*

- Жұма – *Байжұма, Жұманов, Жұмабаев, Жұмабеков, Жұмағалиев, Жұмақұлов, Жұмажанова, Жұматаева, Жұмаханов;*

- Сенбі – *Сенбеков;*

- Жексенбі – *Жексенбаев, Жексенбеков, Жексенбиева.*

Көшпенді өмір салтын сипаттайтын жылдың төрт мезгіліне қатысты «қыстау», «жайлау», «көктеу» сөздерімен жасалған есімдер ұлдарға қойылып отырған: *Жайлауов, Жайлаубаев, Қыстаубаев, Көктеубай;*

Сәбидің туылған айына байланысты қойылған антропонимдер:

- Қаңтар – *Қаңтарбаев;*

- Ақпан – *Ақпанов, Ақпанбаева, Ақпанбетов;*

- Наурыз (Март) – *Наурызов, Наурызбаева, Мартбаева;*

- Сәуір – *Сәуірбаев;*

- Мамыр – *Мамырбаев, Мамырханов;*

- Шілде – *Шілдебаев, Шілдебекова, Шілдеханов.*

Мұсылман қауымы үшін қасиетті Ораза айында туған сәбиге қойылған антропонимдер: *Айтбергенов, Айтқұлова, Айтқожаева, Құрбанов, Оразаев, Рамазанов.*

Нәрестенің отбасында нешінші бала екенін білдіретін кісі тектері: *Төлбасы, Тұңғышбаев, Кенжалин, Кенжебаев, Кенжеболатов, Кенжеғали, Кенжеғұлова, Кенжесейітова.*

Бала дүниеге келген кезде ата-ананың эмоциясын, тілегінің қабыл болғанын, қуаныш сезімін сипаттайтын кісі тектері: *Аллабергенов (Алдабергенов), Амангелді, Құдайбергенов, Аяпбергенов, Сүйінбаев, Сүйіншіәлиев, Сағындықов, Тілекқабылов, Тілебалды, Ұлекенов.*

Баланың жарық дүние есігін ашқанда орын алған түрлі оқиғаларды, табиғат құбылыстарын сипаттайтын антропонимдер: *Боранбаев, Боранқұлов, Дауылбаев, Жаңбырбаев, Жолдыбаев, Жолтаев, Тұманбаев.*

Тарихи, әлеуметтік-саяси оқиғаларды сипаттайтын кісі тектері: *Съезбаев, Сайлауов, Сайлаубекөв, Социал, Съезд.*

Тілек мәнді есімдер (дезидеративтер):

- ата-ананың сәбиіне ұзақ өмір тілеуіне байланысты антропонимдер: *Өмірзақов, Жанұзақов, Көпжасаров, Көпжүрсін, Өмірханов;*

- нәрестеге бақыт тілеуге қатысты антропонимдер: *Бағ(қ)ашар, Бақтыбаев, Бақтыбеков, Нұрбақытова;*

- балаға байлық тілеумен байланысты есімдер негізінде ер бала төрт түлік малға бай болсын деген ниеттен туындаған. Мысалы: *Жылқыбаев, Жылқыайдаров, Қойбағаров, Қойшыбаева;*

- сәбидің күшті, батыр болып өсуін тілеумен байланысты антропонимдер: *Батырханов, Қаһарман;*

- ер баланың мықты болуын тілеумен байланысты металл мен асылтас атауларынан жасалған антропонимдер: *Болат, Болатбеков, Болатханова, Тасболат, Темірхан, Шойынбаева;*

- нәресте өскенде ақылды болсын деген тілекпен қойылған антропонимдер: *Ақылбеков, Ақылжанов, Ғалымбек*;

- сәбидің байлықта, молшылықта, баршылықта, өмір сүруін, ырысты болуын тілеумен байланысты антропонимдер: *Байбатша, Баймахан, Байбол, Байтұрсын, Дәулетбақ, Ырысбеков (Рысбеков), Ырысқалиев*.

- ұзақ уақыт баласы тұрмай, шетіней берген ата-ана баласының тірі қалуын тілеу мақсатында қойылған антропонимдер: *Амандықов, Ескеалмасов, Сақтағанов, Сатыбалдинов, Тұрғанов, Тұрсынбаев*.

- балаға көз тимесін деген ниетпен берілген антропонимдер: *Елеусіз, Елемес, Тезекбаев, Жаманбалаев, Жаманқұлов, Итемгенова*.

Құрмет есімдері немесе арнау мәнді есімдер (меморативтер):

- ел билеген хандардың, билердің құрметіне қойылған есімдер: *Тәукеева, Ерназаров, Кенесариев, Казбекова*.

Мәдени-тарихи (әлеуметтік) есімдер пұтқа табынушылықты білдіретін есімдер (языческие имена) тотем есімдер, ислам есімдерін қамтиды:

- ай мен күнге, тау мен өзен, көлге табынуға байланысты антропонимдер: *Айбергенов, Күншуақов, Көлбаев, Көлішқов, Таубаев, Теңізбаев*;

- тотемге байланысты антропонимдер *бөрі, ит, бұқа* сөздерінен жасалған: *Бөрібаев, Бұқабаев, Итбаев, Итемгенов*;

- ислам дініне байланысты кісі тектері: *Мұхаммедов, Нұрмұхаммедов, Аятов, Исламов*.

Неологизм есімдер. Октябрь революциясынан кейін әлеуметтік өзгерістерге байланысты пайда болған есімдер: *Әскербеков, Сайлауов, Советжанов, Социалов, Съезд*.

Қазіргі қазақ антропонимиясына жасалған лексика-семантикалық талдау нәтижесінде мал шаруашылығына қатысты қойылған *Жайлаубай, Жылқыбай, Жылқайдар, Қойбағар, Қыстаубай, Малыш, Түйебай* есімдерінің архаизмге айналу үдерісі байқалды. Бүгінгі таңда бұл есімдер тек кісі тегінде ғана кездеседі.

Сонымен бірге ұзақ уақыт баласы тұрмай, шетіней берген жағдайда қойылған қорғаныс есімдер де кісі тегінде кеңінен қолданылса (*Балатұрсын, Елемес, Елеусіз, Жаманбала, Жаманқұл, Сатыбалды, Тезекбай, Тоқтаубек, Тұрсын, Тұрған*), қазіргі қазақ антропонимиясында көп қолданылмайтындығы анықталды. Мұндай есімдер кісі тегінде ғана көрініс тапқандығына байланысты, қорғаныс есімдердің архаизмге айналып бара жатқандығын байқауға болады [144, 145 б.].

Кісі тегі жасалу жолдары бойынша келесі лексика-семантикалық топтарға бөлініп қарастырылады:

- этнонимдерден (халық, ру, тайпа атауынан) жасалған есімдер: *Албанбекова, Арғынбаева, Жанаев, Божбанбаев, Дүнгенбай, Ернайманова, Жетіруов, Қазақбаева, Қонақбай, Қоңыратбаев, Қыпшақбаева, Қытайбекова, Қаңлыбаев, Қырғызбаева, Наймантай, Немісбек, Ноғайбеков, Суанбеков, Өзбекбаев, Түркменбаев*;

- туыстық атаудан жасалған антропонимдер: *Азабек, Атабаев, Атажан, Әкетаева, Бөлебаева, Жиенбаев, Құдабаев, Нағашыбаева*;
- топонимдерден, яғни жер-су атауларынан жасалған есімдер: *Арқалық, Балқаш, Қарғалинова, Меркібаева, Самарқанова, Семейғазы, Тәшкенбаева, Шымкентбек*;
- табиғат құбылыстарынан кісі тектері: *Аязов, Аязбаев, Тұманов, Боранбаева, Дауылбаев, Желдібаев, Ызғарбек*;
- өсімдік атауынан жасалған кісі тектері: *Арпабаев, Бидайбекова, Бидайбаев, Тарыбаев, Жусанбаева, Жынғылбаева, Талдыбаев, Сарымсақов*;
- жабайы аң, жануар атауларынан жасалған есімдер: *Арыстанов, Түлкібаев, Бесқұланов, Бөкенова, Бұғыбаева, Елікбаев, Қарсақбаев, Құлтан, Маралбаева*;
- төрт түлік мал атауларына қатысты қойылған антропонимдер: *Баспаков, Ботабаев, Боташева, Дөненбаев, Қойсоймасова, Қозыбағаров, Қошқарова, Марқабаяев, Серкебаева, Сиырбаева, Танабаев, Тоқтыбаева, Түйебаева, Текебаев*;
- құс, балық атауларынан жасалған есімдер: *Бүркітов, Қырғауыл, Шымшықбаева, Сазанбай, Шортанбаев*;
- жәндік атауынан жасалған есімдер: *Кенебаева, Көбелеков, Масабаева, Тышқанбаева, Шыбынтаева, Шаянбай*;
- қазақ батырының қару-жарақтары атауынан жасалған есімдер: *Қанжарбек, Қылышова, Сауытбаев*;
- құрал-саймандарға қатысты есімдер: *Балғабекова, Балтабаев, Егеубаева, Қайрақбаев, Орақбаев, Шегебаев*.

Антропонимдердің жасалу жолына байланысты қазіргі кісі есімдері мен тектерінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар екені анықталды. Мысалы, заманауи кісі есімдерінде туыстық атау, этнонимдер, төрт түлік мал атауы, табиғат құбылыстары, қару-жарақтар мен тұрмыстық құралдар, жәндік атауларынан жасалған есімдер кездеспеді. Антропонимдердің жасалуына байланысты лексика-семантикалық топтарға жіктеуде кісі есіміне қарағанда кісі тегінің жалпы есімнен жасалу аясының кеңдігі байқалды.

Кісі есімдерінің жасалу жолдарына қатысты гендерлік аспектісі бойынша айырмашылықтарды аңғаруға болады. Мысалы, ұлдарға табиғат құбылыстарына қатысты, топонимдерге, тау атауларына, ру атаулары, жабайы аң аттарынан жасалған есімдер берілген. Ал қыздарға өсімдік, гүл, мата, асыл тас атауларынан жасалған есімдер тиесілі. Құс атауларына қатысты есімдер ұлға да, қызға да ортақ есімдер болып келеді.

2.2 Заманауи қазақ антропонимиясы: құрылымдық-сөзжасамдық түрлері

Көне түркі заманында пайда болған антрополоксемалар арқылы негізі қаланған қазақ антропонимиялық қоры мәдениет пен өнер, әдебиет, ғылым мен техника, әлеуметтік-саяси оқиғалар, бұқаралық ақпарат құралдары, жаһандану үдерісі ықпалымен шет тілдерден енген есімдер арқылы байып, саны артқандығы белгілі.

Т. Жанұзақов тілдік заңдылық пен нормаға бағынатын қазақ антропонимдерінің бірнеше жолмен жасалатынын айта келіп, оларды *дара тұлғалы антропонимдер, туынды тұлғалы антропонимдер, біріккен тұлғалы антропонимдер* деп бөліп қарастырады [13, 129-135 бб]:

1) түбір тұлғалы антропонимдерге байырғы қазақ сөздерінен жасалған кісі есімдерін жатқызады: *Асыл, Алма, Асқар, Асау, Арай, Бақыт, Серік, Есет, Жібек, Күміс, Сәуле, Шекер* т.б.

2) антропонимдер қосымшалар қосылу арқылы *туынды тұлғалы* болып келеді. Мысалы, *-лан* жұрнағы зат есімнен етістік тудырады да, зат есімге айналады: *Нұрлан, Ерлан; -лы, -лі, -ды, -ті* жұрнақтары зат есімнен сын есім туғызып, қайтадан субстантивтенеді;

3) тіліміздегі кісі аттарының басым көпшілігі екі сөзден біріккен, яғни *біріккен тұлғалы* болып келеді. *Біріккен тұлғалы кісі аттарына* үш түрлі қасиет тән:

а) аффикстік тәсіл – түбір сөзге қосымша жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Қойшыбай, Малдыбай, Аналық, Аталық, Жақсылық, Игілік, Сағындық;*

ә) дербес мағыналы сөздердің бірігуі арқылы жасалатын кісі есімдері: *Бегайдар, Базарбай, Нұрсұлу, Айсұлу, Күлімхан, Сағынғали, Қозыбай, Асанхан, Ақжолтай, Қаракөзайым, Бибігүлжамал;*

б) эпитеті алды-артында келіп бірге айтылатын кісі аттары. Олардың екі сыңары да бірдей айтылып бір адамның есімін білдіреді: *Қозы Көрпеш, Қыз Жібек, Ер Төлеген, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Қобыланды батыр, Ақан сері, Біржан сал, Алдар көсе, Жиренше шешен, Асан қайғы* т.б.

Бекжан Әбдуәлиұлы құрылымдық сипаты тұрғысынан антропонимдердің жасалу тәсілдерін *дыбыстық* (кірме есімдердің бейімделуі), *синтетикалық* (аффиксация немесе аффикстік тәсіл: *лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті, -м (-ым/-ім), -дай/-дей, -тай/-тей*), *аналитикалық* (біріктіру, тіркестіру тәсілдерін пайдалану), *лексика-семантикалық* (дайын сөздің антропонимге айналуы) деп топтастырады [86, 18-22 бб.].

Қазақ тілінде қолданылатын *-тай, -дай, -тей, -дей* жұрнақтарын Қ. Жұбанов *тег, тек* сөздерінен шыққан деген тұжырым жасайды: «Казахский суффикс сравнения –дей, (-дай, -тей, -тай), звучащий у современных уйгуров и узбеков как *-тек, -дек* и *-дақ*, а в орхонских надписях в одной только форме – *тег* (*тәңрітег* – подобно небу), восходит к слову *тег* (род, происхождение)» [145, с. 64].

Өз еңбегінде Т. Жанұзақ кісі есімдеріне *-тай, -дай, -тей* аффикстерінің кеңінен жалғанатынын, олардың бірде еркелету жұрнағы, бірде сын есім жұрнағы ретінде кездесетінін атап өтеді: «Мысалы, *Алмастай, Күлтай, Серіктай, Әбілтай* сияқты формада еркелету жұрнағының мағынасында жұмсалып жүр. Ал *Айдай, Тастайбек* тәрізді есімдерде *-дай, -тай* аффикстері салыстырмалы сын есім туғызатын жұрнақ мағынасында жұмсалып, субстантивтеніп тұр» [13, 157-158 бб.].

Кісі есімдерінде кездесетін еркелету мағынасында қолданылатын *-ш* жұрнағын Г.Г. Мусабаев өз еңбегінде *-шақ* қосымшасының өзге бір түрі ретінде қарастырады. Мысалы: *Қарлыға – Қарлығаиш, Балтабай – Балтаиш* т.б. [146, 36 б.].

Қазақ тіл білімінде антропонимдік қосымшаларды Т. Жанұзақов екіге (тірі және өлі жұрнақ) бөліп қарастырады. Тірі жұрнақтар бір сөз табына тән сөздерден екінші сөз табына жататын сөздерді және антропонимдерді жасайды. Ол жұрнақтардың атқаратын қызметі, өзіне тән мағыналары болады [147, с. 131-133].

Осы тұрғыда З.К. Жанғабылова *Ермиш, Жармыш, Тілеміс, Жасамыс, Өтеміс* секілді антропонимдер құрамындағы *-мыс, -мыш* жұрнақтарын көне жұрнақтарға немесе өлі жұрнақтарға жатқызады. Бұл жұрнақтардың қазіргі тіліміздегі сөздерге жалғанбайтынын, тек жоғарыда көрсетілген антропонимдер құрамында ғана кездесетінін айтады [76, 26 б.].

Қазақ антропонимикасында жиі кездесетін «суффиксоид» деп аталатын грамматикалық тұлғаларға, морфемаларға М.Д. Мұсабаева *-тай, -жан, -хан* сияқты элементтерді жатқызады. Бұл элементтердің ерекшелігін М.Д. Мұсабаева бір жағынан тілімізде өзінің лексикалық мағынасында жеке-дара қолданылатын дербес сөздер ретінде, екінші жағынан морфологиялық сөзжасаушы тұлға ретінде де қолданылуымен түсіндіреді. Ғалымның пікірінше: «*Ахметжан, Мұхаметжан, Айжан, Тоғжан* секілді есімдерде «жан» сөзі грамматикалық абстракцияға ұшырап, формальді элементке, морфологиялық тұлғаға айналғандықтан, өзінің о бастағы («өмір-тіршілік көзі», рух-душа) лексикалық мағынасынан қол үзгендігі белгілі. Жоғарыдағы есімдердің бойынан «рух-жан» деген ұғымды біз аңғарып тұрғамыз жоқ» [74, 89 б.].

Қазақ грамматикасында *-жан, -тай* секілді морфологиялық элементтер жайында: «Тілімізде өзінен жасы кішілерге, жас балаларға мейірлене, ықыластана сөйлеген кезде олардың атына *-жан, -тай* секілді морфологиялық элементтерді қосып айтатын дәстүр бар. Мәселен, баланың аты *Марат, Болат* болса, оны *Маратжан, Болатжан, Әмір* болса, *Әміртай* деп қолданатын әдет елдің бәріне таныс» деп көрсетілген [80, 448 б.].

Қазақ және башқұрт тілдеріндегі кісі есімдерінің жасалу жолдарын салыстыра отырып А. Шайхулов екі тілде де нұр компонентінің кеңінен қолданылатындығы жайлы айтады: «В казахских именах преобладающими компонентами являются: *ай* (луна), *ақ* (белый), *бал* (мед), *күн* (солнце), *нұр* (светлый луч). Как видим, компонент *нұр* и в башкирских, и в казахских именах наиболее распространен» [148, с. 85].

Б. Әбдуәлиұлы бойынша: «Антропонимжасам тілдегі кісі есімдерінің жасалу жолдарын зерттейді. Кісі есімі атаушы тарапынан айтылғанда, оның көңіл-күйі мен аталушы адамға деген көзқарасына байланысты (жасы үлкендерді құрметтеп, жасы кішілерді еркелету түрінде) есімдер әртүрлі өзгерістерге түседі. Ал аталушы тарапынан алғанда, әр адамның өзіндік ішкі «мені» болады, осы арқылы адамның болмысы қалыптасады» [86, 13-15 бб.].

Профессор Қ.Қ. Жұбанов «Из истории порядка слов в казахском языке» атты ғылыми еңбегінде былай деп жазады (алғашында ғылыми жұмыс Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер (Исследования по казахскому языку) атты жеке кітап ретінде 1936 жылы жарық көрген): «Личные имена: *Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық* – не могут быть синтаксически расшифрованы в пределах современных норм, т.е. как сочетание определения с определяемым, предшествование первого второму, потому что существительные теперь употребляются в качестве определений, когда определяемым должно быть прилагательное» [144, с. 38]. Мұнда қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің орын тәртібі тұрғысында зат есімнің алдында анықтаушы сөз келу заңдылығы жайлы айтылады. Алайда осы заңдылықтың сақталмай, анықтаушы мен анықталушы сөздердің орын алмасып келуі кісі есімдеріне ғана тән тіркесу болуы мүмкін деп тұжырым жасалады.

Қазақ және татар тілдеріндегі антропонимдерді зерттеген ғалым Г.К. Чаукурова антропонимдерге құрылымдық-сөзжасамдық тұрғыда талдау жасай отырып, олардың көпшілігі зат есімдерден және сын есімдерден жасалатындығын айтады: *Ишмурат* (тат.) / *Есмұрат* (қаз.) (иш/ес «ақыл, сана» + мұрат «тілек, мақсат»), *Гүлжихан* (қаз.) (гүл «сұлулық, әсемдік, тазалықтың символы» + жихан «әлем, жер жүзі, жарық дүние, ғалам, ғарыш»). Сонымен қатар ғалым етістік формаларынан жасалатын антропонимдердің бар екендігін атап көрсетеді: *Алмас* (тат., қаз.), *Қайыргелді* (қаз.) [149, с. 12].

Қазақ және түрік тілдеріндегі бір компонентті етістік тұлғалы антропонимдердің құрамында кездесетін *бер, ту, тұр, бол, келді, ал, сүй, жаса, бақ* сынды етістіктерді З.К. Жанғабылова есім жасау жиілігіне қарай топтастырады [76, 66-67 бб.].

Морфологиялық құрылымы жағынан кісі аттарындағы аффикстер сөз таптарына қатысты болады. Олардың ішінде етістік, үстеу, көсемше, есімше, етіс сөздердің жұрнақтары бар. Олар екінші сөз табына жалғанып кісі атына айналғанда сустантивтенеді [13, 163-164 бб.].

2.2.1 Қазақ кісі есімдерінің құрылымдық-сөзжасамдық түрлері

Т. Жанұзақовтың еңбегіне сүйене отырып, қазіргі ер және әйел есімдерінің құрылымы мен сөзжасамдық ерекшеліктеріне тоқталып өтейік.

Ер антропонимиясы. Аффикстік тәсілмен жасалған ер есімдері:

-ым, -ім – *Досым, Нұрым;*

-ар – *Тұрар, Ұлар;*

-ан, -ен – *Ақан, Бекен, Досан, Есен, Көкен, Нұран, Тұран, Ұлан, т.б.*

-тай, -тей – *Елтай, Ертай, Алтай, Нартай, Әміртай,*

-дар – *Айдар, Әлидар, Қалдар;*

-лық, -лік, -дық, -тік – *Ерлік, Ертөстік, Жақсылық, Зарлық, Қуандық;*

-жан – *Байжан, Бауыржан, Біржан, Ғалымжан, Ержан, Елжан, Нұржан, Өміржан;*

-ған, -ген, -кен – *Аңсаған, Байкен, Болған, Ерген, Нұркен, Нұркен, Өркен, Өскен, Төлеген, Тілеген;*

-қын, -ғын, -кін, -гін – *Айқын, Жарқын, Еркін, Тасқын, Тарғын*;
-лан, -лен, -дан, -ден – *Арлан, Бағлан, Батырлан, Бұрлен, Ерлан, Ерден*;
Мейірлан, Нұрлан, Темірлан, Тұрлан, Гүлден, Қорлан;
-ман – *Арман, Ерман, Мейірман, Нұрман, Шорман*;
-ыш, іш – *Жұбаныш, Қуаныш, Сағыныш, Сүйеніш, Ұлыш*;
-ыс, -іс, -с – *Жеңіс*;
-бек – *Айбек, Асылбек, Әлибек, Батырбек, Мұратбек, Нарбек*;
-бай – *Әділбай, Ринатбай*.

Әйел антропонимиясы. Аффикстік тәсілмен жасалған әйел есімдері:

-ым, -ім – *Айым, Асылым, Балым, Назым*;
-ар – *Жанар*;
-дай, -дей – *Айдай*;
-ты, -ті, -лы, -лі – *Дәмелі, Сәтті, Райлы, Шырайлым, Мерейлім, Үкілім*;
-лық – *Мұңлық*;
-жан – *Айжан, Балжан, Гүлжан, Тойжан, Тоқжан*;
-ған, -кен, -ген – *Аңсаған, Айкен*;
-аш, -еш – *Айнаш, Алмаш, Дәмеш*.

Б. Әбдуәлиұлы өз жұмысында бастапқы мағынасынан алшақтап, антрополексемалық сипатқа ие болған компоненттерге келесілерді жатқызады: -*бай, -бек, -гүл, -жан, -ман, -тай, -хан, -келген* (-ді), -*берген* (-ді, -сін), -*туған* (-ар). Олар жалғанған сөздердің барлығы дерлік антропоним қызметін атқарады [86, 50 б.].

Қазақ тіліндегі қазіргі туынды тұлғалы антропонимдердің құрамында кездесетін антропокомпоненттерге: *ай, ақ, бал, ер, гүл, күн, нұр, бай, бек, бақ, бала, бике, бибі, бөпе, гүл, гали, ерке, жан, сұлу, тай, төре, хан* жатады.

Ер антропонимиясы. Ер есімдерінің жасалуында кездесетін антропокомпоненттер төмендегідей:

- *ер* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Ералы, Ерасыл, Ербол, Ерболат, Ерғали, Ержан, Еркебұлан, Ерғалым, Ерқанат, Ерлан, Ерназар, Ернияз, Ермәди, Ермұхамед, Ернар, Ернат, Ернұр, Елдос, Елжан, Елжас, Ерден, Ердос, Ерсайын, Ерсейіт, Ерсұлтан, Ертай, Ерхан*;

- *ай* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айбар, Айбарыс, Айбек, Айбол, Айзат, Айдос, Айсұлтан, Айтуар*;

- *ақ* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Ақәділ, Ақарыс, Ақберген, Ақболат, Ақжан, Ақжар, Ақжол, Ақжігіт, Ақкелді, Ақнан, Ақсұлтан, Ақтілек*;

- *гали* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айғали, Жанғали, Нұрғали*;

нұр антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Әлинұр, Нұрасыл, Нұрбатыр, Нұрбек, Нұрдәулет, Нұрдос, Нұрдосет, Нұрмахан, Нұрмұхаммед, Нұрсерік, Нұрсұлтан, Нұртілеу*;

- *күн* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Күнтуған, Күнтуар*;

- бақ антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Бағашар, Бақберген, Бақдәулет, Бақдәуір, Бақкелді, Бақнұр, Бақыт, Бақытжан, Бақтияр;*

- жан антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Асылжан, Ғалымжан, Бауыржан, Бекжан, Дәуіржан, Елжан, Зауыржан, Жантөре, Нұржан;*

- ерке антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Еркебек, Еркебұлан, Еркеғали;*

- бала антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Балабек, Балаби, Балақожа;*

- төре антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Ертөре, Жантөре, Нұртөре, Хантөре;*

- хан антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Абылайхан, Айхан, Әділхан, Әлихан, Есімхан, Ерхан; Жеңісхан, Мейірхан, Мұсахан, Нұрхан, Шерхан, Шыңғысхан, Хангелді.*

Әйел антропонимиясы. Әйел есімдері келесі антропокомпоненттер арқылы жасалады:

- ай антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер *Айгүл, Айғаным, Айдана, Айдария, Айжамал, Айжан, Айжұлдыз, Аймекен, Аймерей, Айзере, Айнұр, Айсая, Алтынай, Нұрай;*

- ақ антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Ақбибі, Ақбілек, Ақбота, Ақерке, Ақжан, Ақжібек, Ақжүзік, Ақзер, Ақманат, Ақмарал, Ақмаржан, Ақназ, Ақтілек, Ақторғын;*

- бала антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айбала, Ақбала, Гүлбала, Балажан, Жанбала;*

- бибі антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айбибі, Нұрбибі, Бібінұр, Бибіхан;*

- бике (-ш) антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айбике, Ақбикеш;*

- бөпе антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Ақбөпе, Айбөпе;*

- гүл антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айгүл, Ақгүл, Бибігүл, Бейбітгүл, Гүлбала, Гүлбану, Гүлбаршын, Гүлдарига, Гүлден, Гүлжазира, Гүлжан, Гүлжанат, Гүлжәмилә, Гүлзия, Гүлмира, Гүлназ, Гүлнұр, Гүлсім, Гүлфайруз, Гүлім;*

- нұр антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Ақнұр, Балнұр, Гүлнұр, Жаннұр, Нұрай (Нұрайым, Нұрайлым), Нұржамал, Нұрсәуле, Нұрзезім, Нұрсұлу, Семанұр, Таңнұр.*

- күн антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айкүн, Күнсұлу, Күнімай.*

- бақ антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Бағжан, Бақнұр, Бақбереке;*

- *жан* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айымжан, Алияжан, Алтынжан, Аружан, Гүлжан, Жанбота, Жанбике, Жангүл, Жансая, Жансәуле, Тоғжан, Ұлжан*;

- *ерке* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Айерке, Ақерке, Балерке, Елерке, Еркеайым, Еркежан, Еркеназ, Еркенұр, Жанерке, Назерке*;

- *хан* антропокомпоненті арқылы жасалған антропонимдер: *Гүлхан, Ханайым, Ханзира, Хансұлу*.

Сонымен ер және әйел антропонимдерінің жасалуында ортақ *ақ, ерке, жан, нұр, хан, зада* антропокомпоненттері екендігін аңғаруға болады. Алайда, гендерлік айырмашылықтарға қатысты ер мен әйел антропонимдеріне тән компоненттер де бар. Мысалы, ер есімдері – *ер, бай, бек, гали, төре*, ал әйел есімдері – *гүл, бибі, бике, бөпе, сұлу* антропокомпоненттері арқылы жасалады.

Қазақ тілінде түбір тұлғалы кісі аттарынан басқа біріккен тұлғалы кісі аттары да көп. Олардың компоненттері зат есім мен сын есім, етістік пен зат есім, сын есім мен зат есім тіркестерінен келеді де, тұтас бір атауды білдіреді [13, 140 б.].

Сонымен қазіргі ер және әйел есімдерін сөз таптарынан жасалу жолдары бойынша төмендегідей талдауға болады.

Ер есімдері. Сөз таптарынан жасалу жолдары:

1) зат есім + зат есім: *Айбатыр, Айсұлтан, Бақдәулет, Бекназар, Жансерік, Жанқуат, Бекарыс, Нұрзат, Нұрсұлтан*;

2) зат есім + сын есім: *Еркенже, Жақсыбай; Ерасыл, Нұрасыл*;

3) зат есім + етістік: *Айтуар, Әуезберді, Есбол, Тәңірберген, Ырыскелді, Тілеуберді, Ербол, Ерболат, Нұртілеу, Таңатар*;

4) сын есім + зат есім: *Кенжебек, Ақжол, Аққұлан, Асылжан, Аманжол, Асқартау, Ақтілек*;

5) сын есім + етістік: *Ақберген, Ақкелді*;

6) сан есім + зат есім: *Біржан, Сегізбай*;

7) етістік + зат есім: *Бердібек, Тілеужан, Болсынай, Жайнагүл*;

8) етістік + етістік: *Аяпберген, Сатыбалды, Тілеуберген*;

9) етістік + үстеу: *Тұрсынәлі, Ырысәлі*.

Әйел есімдері. Сөз таптарынан жасалу жолдары:

1) зат есім + зат есім: *Айжұлдыз, Айкүміс, Айсымбат, Алмагүл, Гүлбала, Гүлшахар*;

2) зат есім + сын есім: *Айсұлу, Нұрсұлу, Айкенже, Ақкенже, Жансұлу*;

3) зат есім + етістік: *Гүлболсын, Гүлжайнар, Ұлболсын, Ұлтуар*;

4) сын есім + сын есім: *Ақжарқын, Ақсұлу*;

5) сын есім + зат есім: *Ақмарал, Алтынай, Алтынаш, Асыларай, Еркеназ, Сұлушаш*;

6) сан есім + зат есім: *Бірганым, Мыңшаш*;

7) етістік + зат есім: *Жайнагүл, Тұрсынай, Тұрғангүл*;

Тілдік бірліктерді саралау нәтижесінде қазіргі қазақ антропонимиясында ұлға мен қызға қойылатын ортақ есімдер кездесті: *Айзат, Ақжан, Ақниет, Ақпейіл, Ақтөре, Ақтілек, Ақсұңқар, Аңсар, Арай, Арафат, Ардақ, Арман*,

Айнұр, Асылжан, Асылхан, Аян, Әділет, Әлинұр, Бағдат, Бағжан, Бақнұр, Бақыт, Бақытжан, Бағлан, Бейбіт, Бекзат, Дәулет, Дидар, Елнұр, Жан, Жанар, Жанат, Жаннұр, Жарқын, Зейін, Көркем, Қалжан, Қанағат, Қаршыға, Мақсат, Мерей, Нұржанат, Нұришат, Оңласын, Орынбасар, Өркен, Парасат, Райхан, Рауан, Рахат, Риза, Рысхан, Сағадат, Салтанат, Самал, Сәулет, Сымбат, Сұңқар, Табиғат, Тілектес, Үміт, Ханзада, Шадияр, Шалқар, Шапағат, Іңкәр.

Ер және әйел антропонимдерін ажыратуға мүмкіндік беретін тек категориясына қатысты бір түбірден жасалып, *-а* жалғануы арқылы ажыратуға болатын заманауи есімдер қатары артқандығын атап өтуге болады: *Айдан – Айдана, Алан – Алана, Даян – Даяна, Дидар – Дидара, Дияр – Дияра, Диляр – Диляра, Елжан – Елжана, Замир – Замира, Карим – Карима, Мүслім – Мүслима, Рашид – Рашида, Раян – Раяна, Ренат – Рената, Ризат – Риза, Руслан – Руслана, Сағи – Сағия, Салим – Салима, Саян – Саяна, Сұлтан – Сұлтана.*

Сонымен әйел антропонимдерімен салыстырғанда ер антропонимдерін жасауда қолданылатын аффикстер саны көбірек. Заманауи антропонимдік қорда келесі *-ан, -ен, -дық, -тік, -ыс, -іс -с, -ыш, -іш* аффикстерінен жасалған әйел есімдері кездеспеді. Антропокомпонеттер арасында *ер* компоненті ер есімдерін жасауда, *гүл* компоненті әйел есімдерін жасауда кеңінен қолданылады. Сондай-ақ гендерлік айырмашылықты ажыратуға мүмкіндік беретін антропокомпонеттер де бар.

2.2.2 Қазақ кісі тектерінің құрылымдық-сөзжасамдық түрлері

Заманауи қазақ антропонимиясын құрылымдық, сөзжасамдық талдау нәтижесінде кісі есіміне қарағанда кісі тегінің жасалу жолдары күрделі болып келеді. Кісі тегін жасауда қолданылған аффикстер саны жағынан ауқымдырақ болып келеді.

Кісі тегі құрамында кездесетін аффикстер:

-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі – Қалдыбаев, Малдыбаева, Меңдібаев, Бақтыбаев, Құттыбаев, Сүттібаева, Нұрлыбаев, Сырлыбаев, Өтеули(і)н;

-шы, -ші – Жаңбыршы(н)ов, Сұранишы(н)ов, Қойлыбаева, Жұмысшы(ы)ева, Жылқышы(ы)ева, Майлыбаева;

-дар – Айдаров, Жандарбаев, Жылқайдаров, Қалдаров, Қойайдаров;

-дас, -дес, -тас, -тес, -лас, -лес – Жолдасбеков, Тілектесов, Тілеуслесов;

-лық, -дық, -дік – Бабалықова, Амандықова, Қуандықов, Жақсылықов, Сағындықов, Сүйіндіков;

-ай, -ей – Ақа(й)ева, Әміре(й)ева, Доса(й)ев, Ек(і)ейбаев, Жұбана(й)ев, Көбе(й)ева, Қона(й)еева, Қоса(й)ев, Қыза(й)ев, Сағына(й)ев, Шыға(й)ева;

-ақ, -ек – Жайнақова, Қонақбаев, Тарақова, Сейтекова;

-ан, -ен – Айманов, Жұманов, Қосанова, Бекенова, Төленов; Төртенов;

-ар, -ер – Атарова, Асарова, Бастаров, Көшеров, Қайнарбекова, Тоқтаров, Тұрарова, Сүйерова, Өсеров, Шаншарбаев;

-ан, -ен – Досанов, Жоланова, Қожанова, Қосанов, Бекенов, Көкенова;

-аш, -еш – *Бабашев, Айешова, Қарашев, Тілешова, Сұрашева, Өтешова;*
 -жан – *Айтжанов, Асжанов, Есжанова, Керімжанов, Қаражанов, Молжанов, Нұржанова, Рақымжанов, Таужанова;*
 -лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен – *Бауланов, Бостанов, Берденов, Ерденов, Майтенов, Нұрланов, Төленов, Өтеуленов;*
 -қай, кей – *Балақаев, Доске(й)ев, Жауке(й)ева, Күреңке(й)ева, Малке(й)ева, Тауке(й)ева, Тілеуке(й)ев;*
 -қан, -ған, -кен, -ген – *Байкенов, Елеукенов, Жұбатқанова, Қоңырқанов, Қалкенов, Қашағанова, Сәткенбаев, Тоқтағанов, Төлегенова;*
 -сыз, -сіз – *Сансызбаева, Елеусізов, Еренсізов, Қадірсізов, Тергеусізов;*
 -сын, -сін – *Байтұрсынов, Жарылқасын, Құралсынов, Тоқтасынов, Тұрсынов, Игісінов, Елеусінов, Көбейсінов, Сүйесінов;*
 -бай – *Алмаба(й)ев, Асықба(й)ева, Балғаба(й)ева, Дәрібаева, Қайрақба(й)ев, Қарсақба(й)ев, Тауба(й)ев, Тезекба(й)ев, Шалаба(й)ев;*
 -бек – *Ақылбеков, Алмабеков, Асырбеков, Еркебеков, Жұмабеков, Иманбеков, Кемелбекова, Қуатбекова, Құсбеков, Тайбеков, Өрімбеков;*
 -дай, -дей, -тай, -тей – *Аманта(й)ев, Жан(й)даева, Жолта(й)ева, Көлта(й)ева, Нұрта(й)ев;*
 -мыс, -міс – *Құрамысов, Токтамысов, Төлемісова, Тілемісова;*
 -ман, -мен – *Айменова, Байменова, Бегманов, Болманов, Құлманова, Мейірманова, Нұрманова, Тайманова, Телманова, Тұрманов;*
 -мас, -мес – *Елемесов, Бөлемесов, Қойсоймасов;*
 -мыс, -мыш – *Қармысова, Баймышев, Нұрмышев;*
 -ыс, -іс, -с – *Қонысбаев, Нақысбеков, Тұрысбаев, Тілесова, Жеңісов;*
 -ыш, -іш – *Ақышев, Нұрышев, Қалышов, Қапышева, Сүйінішова.*

Кісі тегінің сөз таптарынан жасалу жолдары. Қазақ тіліндегі екі компонентті етістіктен жасалған кісі есімдерінің көп жағдайда мағыналас болатыны жайлы З.К. Жанғабылова: «Мәселен, *Аяпберген, Аяпберді, Жарылғанберген, Сұрапберген, Сұрапалды, Тілепалды, Тілепберген, Тілепберді* есімдері көптен баласы болмай жүрген отбасында кездесетін болса, *Сатыпалды* есімі – қазақтың өз баласын сатып алу ғұрпына байланысты қойылған есім. Ал *Өтепберген, Төлепберген* есімдері қайтыс болған баладан кейін туылған балаға төлеуіне келген бала мағынасында қойылатын есімдер. *Бердіоңғар* есімі оңынан берді мағынасында қойылған болса, *Тоқтаболат* есімі – енді осымен тоқта, жетеді, болады деген мағынада баласы көп үйлерде кездесетін есім. Бұл есім дара тұлғада *Болдық* түрінде де кездеседі» деп атап өтеді [76, 66-67 бб.].

Сөз таптарынан жасалған кісі тектері заманауи кісі есімдерімен салыстырғанда балаға есім таңдауда шексіз қиялға ерік берумен, яғни бай антропонимиялық қордың болғандығымен ерекшеленеді. Кісі тегінің сөзжасамдық сипаты кешенді болып табылады, қазақ тілінің байырғы сөздері кеңінен қолданыс тапқан:

- зат есім + зат есім: *Белгібаев, Баймұратов, Байшапанов, Ердәулетов, Қаламхатов, Мұзбұлаков, Тасеменова, Өмірсеріков;*

- зат есім + сын есім: *Бай(қ)ғараева, Нұртазин, Жоламанова, Тұнқараева,*

- зат есім + етістік: *Айтуғанов, Байбо(л)сынов, Байтілеуова, Жантуарова, Жанбо(л)сынов, Жаубасаров, Италмасова, Сүтемгенов, Танатарова, Ізтілеуов;*
- сын есім + сын есім: *Өрз(қ)араева, Аманесенова, Кенжеқараева, Есенсариева;*
- сын есім + зат есім: *Ақтаева, Ашықбаев, Жақсыбаев, Жаманбалина, Кө(п)бжанова, Қаражанов, Қарамолдаева, Қаражігітова, Тазабаев;*
- сын есім + етістік: *Аман(к)гелдиев, Есенбердиев, Көпжасаров, Тоқбергенов;*
- есімдік + зат есім: *Бәрібаев;*
- етістік + зат есім: *Тоқтабаев, Төлебаева, Тілеужанова, Шанишарбаев;*
- етістік + етістік: *Аяпбергенов, Қалапбергенова, Сатыбалдиева, Төлепбергенова, Тілепбергенова, Өтепбергенова;*
- сан есім + зат есім: *Алтыбаева, Үшкемпіров, Жетіруов, Сегізбаев, Елубаев, Қырықбаев, Жетпісбаева, Тоқсанбаева, Жүзбаева, Мыңбаев;*
- сан есім + етістік: *Жүзжасарова, Мыңжасарова;*
- үстеу + зат есім: *Әуелбеков, Жаңабекова, Өтебаев, Өтегұлов;*
- екінші компоненті етістік категорияларынан жасалған кісі тектері: *Елегенов, Жүргенов, Төлегенов, Табылғанов, Сақтағанова, Төлегенов, Есенгенов, Келгенбаев, Көбегенов, Өтегенов.*

Сонымен талдау нәтижесі бойынша заманауи қазақ кісі есімі мен тегі арасында айтарлықтай айырмашылықтар анықталды. Заманауи кісі есімдері қатарынан қазақ халқының ғасырлар бойы сақталып жеткен наным-сенімдері, ырымдары, салт-дәстүрлеріне байланысты есімдерді сирек кездестіруге болады. Бүгінгі таңда жас ата-аналар сәбиге есім таңдауда оның сыртқы формасына, дыбысталуына, заманауи және сәнді есім болуына баса назар аударады, яғни есімнің білдіретін мағынасына аса мән берілмейді. Кісі тегін жасауда қолданылған кейбір жұрнақтар қазіргі есімдерді жасауда мүлдем қолданылмайды. Туынды тұлғалы антропонимдер байырғы сөздерді аффикстік тәсіл арқылы түрлендіру негізінде жасалған.

2.3 Заманауи қазақ антропонимиясы: тілдік қатысымдылығы

Лексикалық ерекшеліктеріне қатысты жалпы есімдерге қарағанда жалқы есімдердің бір тілден екінші бір тілдің лексикалық қорына жиі енетін қасиеті жайында ғалымдар: «Известно, что имена собственные в силу своих лексических ценностей заимствуются легче и чаще, чем имена нарицательные» деп атап өтеді [5, с. 132].

К.М. Мусаев өзінің «Тюркско-иранские культурно-языковые контакты» еңбегінде көшпенді түркі тайпалары мен отырықшы иран тайпаларының өзара қарым-қатынаста болғандығын алға тартады: «Историки и археологи отмечают тесную совместную жизнь тюркских племен, которым приписан ярлык «кочевых», с иранскими, за которыми закреплен ярлык «оседлых» в античную эпоху [150, с. 13].

Шет тілден енген есімдердің бейімделуіне байланысты Д.К. Боранбаева: «... поступаая в распоряжение языка-приемника, заимствованные личные имена

претерпевают более или менее существенные трансформации по сравнению с их прежним обликом и лингвистическим статусом, присущим им в языке-источнике» деп тұжырым жасайды [151, с. 26-33].

Түркі ономастикасын зерттеуші В.У. Махпировтың түркі есімдері жайлы ғылыми еңбектері антропонимдердің ғылыми негізін анықтауға мүмкіндік береді. В.У. Махпировтың «Древнетюркская ономастика (Имена собственные в «Дивани лугат-ат турк» Махмуда Кашгарского)» атты монографиясында көне түркі антропонимдері, топонимдері, этнонимдерінің қалыптасуы зерттелген. Бұл еңбекте сөздіктегі кісі есімдерінің 70 %-ы көне түркі есімдері екендігі жазылған: «Но несмотря на самое глубокое проникновение мусульманства во все стороны жизни тюрков, широчайшее распространение в связи с принятием ислама арабских и иранских имен, тюркские народы не отрекались полностью от исконно тюркских имен. В «Диване» такие антропонимы составляют 70 %. Большая часть их – общетюркского происхождения» [152, с. 16].

Т. Жанұзақов араб тілінің ықпалы түркі тілдерінің барлығында бірдей дәрежеде болмағанын айтады: «Азербайжан, өзбек, татар тілдеріндегі арабизм сан жағынан көбірек және ерте қабылданған болса, шығыс аймақтағы қазақ, қырғыз т.б. түркі тілдеріндегі арабизм саны аз болған және кейінірек сол азербайжан, өзбек, татар тілдері арқылы келіп жеткен» [13, 106 б.]. Ғалым мұның басты себебін ислам дінінің Алдыңғы және Орта Азиядағы түркі халықтарына бұрынырақ жетіп, жылдам дамуымен түсіндіреді.

Араб текті есімдердің қалың бұқара арасында кең тарағаны жалпы есім сөздерінен қойылғандары. Үстем тап өкілдері өз есімдерімен қатар арабша атақ-дәрежесін, шыққан тегін көрсететін сословиелік титулдарды иемденген. Мысалы: *Барақ сұлтан, Құнанбай қажы*. Ол титулдар кейде үстем тап өкілдері балаларының есімдері ретінде қойылған. Мысалы: *Сұлтан, Әмір, Мәлік*, т.б. [153, 5-7 бб.].

К.М. Мусаев түркі тілдеріндегі антропонимдерді жүйелі түрде зерттеу үшін олардың бірыңғай классификациясын жасау қажеттілігін және оны жүзеге асырудағы негізгі қағиданың бірі этнолингвистикалық қабаты бойынша топтастыру деп атап өтеді. Қазақ есімдерінің лексикалық құрамын талдауда лексикалық аталым (лексическая номинация) мен сөзжасамдық аффикстер (словообразовательные аффиксы) негізінде келесі этнолингвистикалық қабаттарды бөліп қарастырады [154, с. 206]:

1) байырғы түркі қабаты (исконно тюркский пласт)

2) шет тілдерден енген қабат (заимствованный пласт) – қазақ халқының көршілес халықтармен (түркі, иран, славян т.б.) тарихи, мәдени, әлеуметтік, экономикалық қатынасының көрінісі.

Аталған классификацияны негізге ала отырып Г.И. Кульдеева ХХ ғасырдағы кісі есімдерін келесі этнолингвистикалық қабаттарға бөліп қарастырады [83, с. 32]:

1) жалпы алтай қабаты (Общеалтайский пласт);

2) түркі тілдері қабаты (Тюркский пласт): көне түркі (древнетюркский), қазақ есімдері (собственно казахский);

3) шет тілдерден енген қабат (заимствованный пласт): қытай, монғол, парсы, араб, славян тілдері;

4) гибридтер (гибриды).

Берілген бөлімде жоғарыда аталған топтастыру негізінде қазақ тіліндегі қазіргі кісі есімдері (ер және әйел) мен тектері тілдік қатысымдылығы тұрғысында сипатталатын болады. Көне түркі, қазақ тіліндегі, араб, парсы, монғол, орыс, көне еврей, көне герман тілдерінен және өзге шет тілдерден (латын, грек, кельт, испан, француз, т.б.) енген антропонимдердің шығу тегі, білдіретін мағынасы жайлы деректер антропонимиялық сөздіктерге сүйене отырып айқындалды.

2.3.1 Қазақ кісі есімдерінің тілдік қатысымдылығы

Ер және әйел антропонимдеріне тілдік қатысымдылығы анықталды.

Ер антропонимиясы

Көне түркі тіліндегі ер есімдері: *Адай* – балапан, ауыспалы мағынасында бала, сәби, перзент [136, 17 б.]; *Алпамыс* – дәу, дөкей, зор (Мамыш – батыр) [136, 24 б.]; *Дархан* (тархан) – атақ, дәреже [136, 54 б.]; *Едіге* – жақсы, игі [136, 59 б.]; *Еділ* – Волга өзенінің аты [136, 59 б.]; *Ертіс* – Ертіс өзені бойында туылған балаға қойылған есім [136, 64 б.]; *Ораз* – ырыс, құт, бақыт [136, 105 б.]; *Руслан* – көне түркі тіліндегі Арыслан есімінің орыс тілінде өзгерген түрі [136, 111 б.]; *Сырым* – шыдам, шыдамды, төзімді [136, 121 б.];

Қазақ тіліндегі ер есімдері: *Абай* – ел ағасы [136, 16 б.]; *Айбар* – айбат, айбын [136, 17 б.]; *Аңсаған* – сағынған, зарыққан [136, 25 б.]; *Бауыржан* – ағайынға, туған-туысқа жан-тәнімен берілсін, бауырмал болсын [136, 43 б.]; *Елдар* – елін, Отанын сүйетін отаншыл [136, 59 б.]; *Ерлан* – бала батыл болсын деген тілекпен қойылған есім [136, 63 б.]; *Заңғар* – үлкен, алып [136, 76 б.];

Араб тілінен енген кісі есімдері. Ислам дінінің қабылдануына байланысты қазақ отбасыларында киелі кітаптар – Құран мен Інжілдегі есімдерге, яғни агионимдерге мән беріле бастады. Есімдердің жасалуында «олла/ұлла» – *алла*, *құдай*; «*абд/әбді*» – құл секілді тілдік тұлғалардан таралған [128, 7 б.].

Қазақ тіліндегі араб кісі аттарына Ж. Ағабекова тарихи-этнографиялық шолу жасай отырып, тақырыптық топтарға бөледі. Алла-Тағаланың сипаттары мен пайғамбарлар аттарынан жасалған есімдерді атап көрсетеді: *Әбдірахман*, *Әбдірашит*, *Әбдуәли*, *Әбдірахим*, *Әбдімәлік*, *Әбдімәлік*, *Әбдіжаппар*, *Әбдіқаппар*, *Аллаберді*, *Жаппарқұл*, *Рахманқұл*, *Мұхаммед*, *Ахмет*, *Иса*, *Мұса*, *Ибраһым*, *Жүсіп*, *Жүніс*, *Дәуіт*, *Ахметжан*, *Құлмұхамет* т.б. [155, 4-7 бб.].

Олай болса араб тілінен енген ер есімдері төмендегідей: *Абзал* – ардақты, аса қадірлі, ең құрметті [136, 16 б.]; *Абылай* (абыл // әбіл) – ата, әке [136, 16 б.]; *Азамат* – 1) ұлылық, даңқ, 2) нағыз ер жігіт, 3) саналы адам [136, 17 б.]; *Баязит* – Абуязид есімінің өзгерген түрі. *Абуязид* – Язидтің әкесі деген мағынаны, ал Язид сөзі ерекше, айрықша, асқан деген мағынаны білдіреді [136, 43 б.]; *Дәулет* – 1) байлық, бақыт; 2) мемлекет, держава, империя [136, 55 б.]; *Дияр* – ел, облыс, аймақ [136, 56 б.]; *Медет* (Медәд) – жәрдем, көмек [136, 92 б.]; *Мирас* –

мұра, артта қалатын көз, тұяқ [136, 94 б.]; *Расул* – хабаршы, елші, уәкіл [136, 110 б.]; *Самат* – мәңгі, тұрақты [136, 144 б.];

Парсы тілінен енген ер есімдері: Азат – ерікті, еркін, тәуелсіз адам; *Арман* – тілек, арман, мақсат [136, 293 б.]; *Дәрмен* – күш-қуат, қайрат [136, 308 б.]; *Дидар* – жүз, келбет, бейне [136, 17 б.]; *Ескендір* – Александр Македонскийді күллі Азия, Араб халқы осылай атап кеткен [136, 66 б.]; *Жандос* (джон + дос) – жан біткеннің досы [136, 70 б.]; *Жәңгір* (джаһан + гир) – дүниені меңгеруші, әлемге үстемдік етуші [136, 73 б.].

Монғол тілінен енген кісі есімдері. Монғол тілі арқылы тунгус-маньчжур тілдерінен енген жалқы есімдер жөнінде Ц.Б. Цыдендамбаев ғылыми еңбегінде [156, с. 498-524]: «Число имен собственных, заимствованных из тунгусо-маньчжурских языков невелико. Например, *Сая* /тиб. са-йа, зау-а «миллион»/, *Мыңбай* /тиб. вим-бум «сто тысяч»/, *Калден* /тиб. галден-дгалден «счастливый»/, *Дабаев* /тиб. дава-ила-ва «луна»/, *Шойбек* /тиб. чой «король»/, *Тана* /маньч. тана «перламутр»/, *Бейсебай* /маньч. бейсе-бейсе-бэйсе «титул монгольских князей»/, *Туркебай* /маньч. турке-турка «горная река»/, *Кұралай* /маньч. гуран «джейран», «коза»/) деп атап өтеді.

Монғол тілінен енген кісі есімдеріні саны жағынан айтарлықтай көп емес. Мысалы: *Алтай*, монғ. *алтан* – алтын + *тай-таг* – тау [136, 24 б.]; *Барлас*, монғ. – батыр, атақты жерден шыққан адам [136, 42 б.]; *Ерден*, монғ. *Эрдэнэ* – қымбат зат [136, 62 б.]; *Жамбыл*, монғ. – қорған [136, 68 б.].

Христиан дінін ұстанған халықтарда кеңінен тараған ивриттік діни есімдердің ислам дінін ұстанған елдерде көрініс табу себептерін Т.Б. Мақұлбекұлы және А.Қ. Мейірбеков өз еңбектерінде түсіндіріп өтеді. Олардың пікірінше негізгі басты себеп – бұл есімдердің Құран кітабында кездесуі, екінші себебі – Израиль мен Араб елдері арасындағы күрделі қарым-қатынас екі елдің тіліне, мәдениетіне, діни мәселелеріне және әлеуметтік қатынас салаларына үлкен әсерін тигізуінде жатыр [157, 139 б.].

Көне еврей тілінен енген ер есімдері: Ибрагим, к. евр. – Авраам есімінің айтылу түрі [136, 77 б.]; *Иса*, к. евр. – Иесустың арабша айтылу түрі – құдай сыйы, құдай құтқарады [136, 78 б.]; *Илияс*, к. евр. – күш, құдірет [136, 136 б.].

Өзге шет тілдерден енген ер есімдері: Артур, кельт – күшті, мықты [136, 25 б.]; *Арсен*, гр. *арсений* – батыл, ержүрек [136, 25 б.]; *Денис*, гр. *Дионис* – шарап құдайы, сауық-сайран құдайы [136, 56 б.] және т.б.

Тілде екі немесе одан да көп шет тілдердің лексикалық немесе морфологиялық элементтерінен құралған **гибридті** немесе **екітілді есімдер** пайда болған [128, 7 б.].

А. Гафуров өз еңбегінде А.С. Пушкиннің «Руслан и Людмила» поэмасындағы басты кейіпкердің есімін гибрид деп есептейді. Руслан есімі парсы тіліндегі *Рустам* және түркі тіліндегі *Арслан* есімдерінен қысқарып жасалған [141, с. 53].

Б. Ә. Досжанов түркі тілдері мен кірме сөздерден жасалған кісі есімдерінің *өзара қарым-қатынасындағы* тұтастықтың бір белгісі деп есептейді [123, 20 б.].

Гибридті ер есімдері:

- араб-қазақ тілі сөздерінің бірігуінен жасалған ер есімдері: *Ақылбек* – ар. ақыл + қаз. бек; *Асылхан* – ар. асыл + қаз. хан; *Әлихан* – ар. әли + қаз. хан; *Әмірхан* – ар. әмір + қаз. хан; *Иманжол* – ар. иман + қаз. жол; *Нұржігіт* – ар. нұр + қаз. жігіт; *Нұртілек* – ар. нұр + қаз. тілек; *Уәлихан* – ар. уәли + қаз. хан;

- араб-парсы тілі сөздерінің бірігуінен жасалған ер есімдері: *Әлижан* – ар. әли + ир. жан; *Қасымжан* – ар. қасым + ир. жан; *Нұржан* – ар. нұр + ир. жан; *Нұрболат* – ар. нұр + ир. болат; *Рақымжан* – ар. рақым + ир. жан; *Өміржан* – ар. өмір + ир. жан;

- парсы-араб тілі сөздерінің бірігуінен жасалған ер есімдері: *Арманәли* – ир. арман + ар. әли; *Жанасыл* – жан + ар. асыл; *Досмұхамед* – ир. дос + ар. Мохаммад; *Жанайдар* – ир. жан + ар. айдар;

- қазақ-парсы тілі сөздерінің бірігуінен жасалған ер есімдері: *Айдос* – каз. ай + ир. дос; *Бекмырза* – каз. бек + ир. мырза; *Бекзат* – каз. бек + ир. зада; *Бекжан* – каз. бек + ир. жан; *Елжан* – каз. ел + ир. жан; *Елдос* – каз. ел + ир. дос;

- парсы-қазақ тілі сөздерінің бірігуінен жасалған ер есімдері: *Жанарыс* – ир. жан + каз. арыс; *Жангелді* – ир. жан + каз. келді; *Данабек* – ир. дана + каз. бек; *Досхан* – ир. дос + каз. хан;

- араб-көне еврей тілі сөздерінің бірігуінен жасалған ер есімдері: *Иманжүсіп* – ар. иман + к.еврей Жүсіп; *Сұлтансұлеймен* – ар. сұлтан + к.еврей Соломон; *Нұрсұлеймен* – ар. нұр + к.еврей Соломон.

Т. Жанұзақов төңкерістен кейін қазақ тілінде қоғамда орын алған әлеуметтік өзгерістерді сипаттайтын көптеген есімдерді *неологизм есімдер* деп атайды [135, с. 26].

Орыс тіліндегі неологизм ер есімдері: *Замир* (за мир) – бейбітшілік, тыныштық үшін [136, 76 б.]; *Марлен* – Маркс, Ленин фамилияларының бірінші буындарынан құралған біріккен тұлғалы есім [136, 90 б.]; *Ренат* – орыс тіліндегі революция, наука, труд сөздерінен қысқартылып алынған [136, 111 б.].

Әйел антропонимиясы

Көне түркі тіліндегі әйел есімдері: қыз есімдері: *Баян* (көне түркі, монғол) – мықты, зор, бай [136, 145 б.]; *Оразгүл* – ырыс, құт, бақыт [136, 165 б.]; *Сандуғаш* (Сандувач) – бұлбұл [136, 168 б.]; *Руслана* – Руслан есімінен қойылған қыз есімі [136, 167 б.].

Қазақ тіліндегі әйел есімдері: *Ажар* – әдемі, шырайлы, көрікті, өте әдемі, келбетті [136, 137 б.]; *Әдемі* – көркем, әсем [136, 142 б.]; *Сәуле* – таңғы жарық, шапақ [136, 169 б.]; *Сымбат* – көрік, кескін, келбет [136, 169 б.]; *Тогжан* – әлді, күйлі, көңілге тоқ, толымды [136, 170 б.].

А. Шайхулов өз еңбегінде қазақ және башқұрт тілдеріне енген араб-парсы есімдері жайлы: «В общий именной казахского и башкирского народов вместе с арабским вошли и многие арабо-персидские имена. Сегодня они воспринимаются как «свои» – казахские и башкирские. В первую очередь это такие имена, которые по своим фонетико-морфологическим особенностям легко могли ассимилироваться с местными именами: *Дилбэрэ* (башк.) – *Дилбара*

(каз.) – «возлюбленная, любимая»; *Пара* (башк.) – *Сара* (каз.) – «госпажа»; *Йәлилә* (башк.) – *Жәлила* (каз.) – «величественная» и т.д.» деп атап өтеді [148, с.].

Араб тілінен енген әйел есімдері: Асыл – 1) негіз, түбір, ақиқат, нағыз, 2) ардақты, қымбатты, бағалы [136, 142 б.]; *Әлима* – оқымысты, ғалым әйел [136, 143 б.]; *Әмина* – сенімді, адал, таза [136, 144 б.]; *Файни* – аса маңызды, аса елеулі [136, 150 б.]; *Жамал* – сұлулық; *Мәлике* – патша әйел, ханша, ханым [136, 153 б.]; *Үміт* – 1) сенім, 2) тілек, қалау [136, 172 б.]; *Фарида* – 1) інжу, маржан; 2) маржан, теңдесі жоқ, сирек зат [136, 172 б.].

Ислам дінінің кеңінен таралуына қатысты араб мәдениеті қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық салаларына ықпалын тигізген. Соның нәтижесінде қазақ тіліне мыңдаған жаңа сөздер, кісі есімдерінің енуі арқылы есімдер қорының толығы түскенін аңғарамыз.

Парсы тілінен енген әйел есімдері: Анар – қызыл түсті дәні бар алма тектес жеміс [136, 141 б.]; *Бибігүл* – гүл жайнаған ханым [136, 146 б.]; *Гүлзада* – (гүл + заде, зойдан) бала, сәби, яғни гүлдей әдемі, көркем [136, 149 б.]; *Гүлназ* (гүл + ноз) – еркелік, наздық, яғни гүлдей құлпырған, әдемі, әсем [136, 149 б.]; *Дариға* – шіркін-ай, ойпырай деген көңіл-күйді, тандануды білдіретін сөз [136, 151 б.]; *Дария* – теңіз, ұлы өзен [136, 151 б.]

Көне еврей тілінен енген әйел есімдері: Жанна – кептер, көгершін [136, 153 б.]; *Мария* – 1) өте жақсы, тамаша; 2) биік мәртебелі ханша [136, 161 б.]. Дыбыстық өзгерген түрі – *Мәрия*, *Мәриям*; *Тамара* – көне еврей тіліндегі құрма ағашы [136, 169 б.].

Өзге шет тілдерден енген әйел есімдері: Белла (лат.) – сұлу, көркем, әдемі [136, 146 б.]; *Венера* (лат.) – махаббат пен сұлулық құдайы [136, 147 б.]; *Клара* (лат.) – жарқын, айқын, нұрлы [136, 157 б.]; *Эльвира* (исп.) – қорғалып қалған [136, 175 б.]; *Эмма* (к. герм.) – қымбат, бағалы, ерке, тату [136, 175 б.].

Гибридті әйел есімдері:

- *араб-қазақ тілдері сөздерінің бірігуінен жасалған әйел есімдері: Асылай* – ар. асыл + қаз. ай; *Асыларай* – ар. асыл + қаз. арай; *Нұрсұлу* – ар. нұр + қаз. сұлу; *Нұрханым* – ар. нұр + қаз. ханым; *Нұрсезім* – ар. нұр + қаз. сезім; *Нұршуақ* – ар. нұр + қаз. шуақ;

- *қазақ-араб тілі сөздерінің бірігуінен жасалған әйел есімдері: Айжамал* – қаз. ай + ар. жамал; *Айнұр* – қаз. ер + ар. нұр; *Ақзия* – қаз. ақ + ар. зия; *Балхадиша* – қаз. бал + ар. Хадиша; *Жаснұр* – қаз. жас + ар. нұр; *Еркенұр* – қаз. ерке + ар. нұр;

- *араб-парсы тілі сөздерінің бірігуінен жасалған әйел есімдері: Айшабибі* – ар. гайшә + ир. бибі; *Ақылжан* – ар. ахл + ир. жан; *Асылзере* – ар. асыл + ир. зар; *Нұрзада* – ар. нұр + ир. зада; *Нұрбибі* – ар. нұр + ир. зада; *Нұрдана* – ар. нұр + ир. дана;

- *парсы-араб тілдері сөздерінің бірігуінен жасалған әйел есімдері: Жаннұр* – ир. жан + ар. нұр; *Бибішарипа* – қаз. ай + ир. зада; *Бибіайша* – ир. бибі + ар. гайшә; *Гүлнұр* – ир. гүл + араб. нұр;

- парсы-қазақ тілдері сөздерінің бірігуінен жасалған әйел есімдері: *Гүлайым* – ир. гүл + каз. айым; *Жансұлу* – ир. бибі + каз. ажар; *Бибіажар* – ир. бибі + каз. ажар; *Бибіхан* – ир. бибі + каз. хан;

- қазақ-парсы тілдері сөздерінің бірігуінен жасалған әйел есімдері: *Айбибі* – каз. ай + ир. бибі; *Айзада* – каз. ай + ир. зада; *Айдана* – каз. ай + ир. дана; *Айжан* – каз. ай + ир. жан; *Айзере* – каз. ай + ир. зар; *Ақзер* – каз. ақ + ир. зар; *Бекзада* – каз. бек + ир. зада;

- араб-көне еврей тілдері сөздері бірігуінен жасалған әйел есімдері: *Иманжүсіп* – ар. иман + к.еврей *Жүсіп*; *Сұлтансүлеймен* – ар. сұлтан + к.еврей *Соломон*; *Нұрсүлеймен* – ар. нұр + к.еврей *Соломон*;

- орыс тіліндегі неологизм әйел есімдері: *Дамира* – да зравствует мир, а – әйелдер есімінің қосымшасы [136, 151 б.]; *Зарема* – За революцию мира сөздерінен қысқартылып жасалған есім [136, 155 б.]; *Мира* – бейбіт, тыныштық өмір [136, 162 б.]; *Роза* – Роза гүлі атынан қойылған [136, 167 б.].

Қазақ фольклорындағы жалқы есімдерді зерттеген Д.М. Керімбаева ертегілер антропонимиконына шығыс фольклоры мен мәдениетінің ықпалы жайлы былай деп жазады: «Мұндай шығыс сарынды ертегілерде – *Ескендір*, *Рүстем*, *Фархад*, *Шырын*, *Сейфұл-Мәлік*, *Ирангайып шах* *Ғаббас*, *Атымтай*, *Нашаван*, *Сүлеймен* сынды және т.б. шығыс аттары кең қолданыс табады. Қазақ қиссалары мен дастандарында, әсіресе, араб-парсы тектес антропонимдер көптеп кездеседі» [158, 27 б.].

Қазақ мифо және ертегілік антропонимдерінің этномәдени мазмұны күрделі және көпқабатты болып келетіндігін Е. Керімбаев, Д. Керімбаева «Кеңістік нысандарына қатысты ертегілік және мифтік жалқы есімдердің этномәдени мазмұны» атты ғылыми мақалада атап көрсетеді. Мақалада *Баба Түкті* *Шашты Әзіз* бейнесінің, *Арыстан баптың* генезисі, *Қыдыр* (Қызыр) есімдерінің этномәдени мазмұны түркілік екендігі, мифтік ұғымдармен байланысты болып келетіндігі баяндалады. Сонымен қатар *Тазша*, *Қамбар*, *Диқан баба*, *Жиренше*, *Алпамыс* есімдерінің ежелгі мифологиялық және кейінгі фольклорлық сипаттары ажыратылады [159, 48 б.].

Зерттеу материалын саралау барысында қазіргі антропонимдік жүйеде ертегі және көркем шығарма кейіпкерлері есімдерінен жасалған төмендегідей антропонимдер кездесті:

- ертегі кейіпкерлерінің есімдері: *Алибаба*, *Алпамыс*, *Ертөстік*, *Зарлық*, *Толағай*; *Ақжүніс*, *Гүлбаршын*, *Мұңлық*;

- көркем шығарма кейіпкерлерінің есімдері: *Абай*, *Төлеген*; *Ақбілек*, *Әйгерім*, *Баянсұлу*, *Жамал*, *Зере*, *Тоғжан*, *Ұлан*, *Қамарсұлу*, *Гүлбаршын*, *Бақытжамал*, т.б.

2.3.2 Қазақ кісі тектерінің тілдік қатысымдылығы

Қазақ халқының ерте кезеңдерден көршілес елдермен сауда байланысын орнатып, тығыз мәдени қарым-қатынаста болғандығы белгілі. Мұндай экономикалық және мәдени байланыстар тілдердің өзара сөз алмасуына ықпал

етті. Осылайша басқа тілдерден енген антропонимдер арқылы қазақ антропонимиялық қоры байып отырды.

Кісі есімдерін қарастыратын антропонимияны ғылымын зерттеуші ғалымдар тарих, этнография, археология ғылымдарымен байланыста қарастырады.

В.А. Никонов антропонимияны тарихтан сыр шертетін құнды дереккөз ретінде қарастырады: «Антропонимия может служить драгоценным источником, помогая выяснить былой этнический состав и миграции населения в прошлом, датировать, локализовать письменные памятники и т.д.» [20, с. 56]. Антропонимдер халықтың өткен тарихы мен бүгінгі қалпын сипаттайтын белсенді тіл құралдары болып есептеледі.

Антропонимиялық сөздіктер негізінде кісі тектерінің тілдік қатысымдылығы айқындалды.

Көне түркі тіліндегі кісі тектері: Әжібай, әжі – аға + бай [136, 32 б.]; Көбеген – жас бала [136, 80 б.]; Қожбан – өте ірі, дәу [136, 86 б.]; Ешбай (эш – дос, ашна + бай) [136, 66 б.]; Жабағыбай «яғбу» – 1) патшаның, қағанның орынбасары; 2) бір жасар құлын + бай [136, 66 б.].

Қазақ тіліндегі кісі тектері: Ағабек (аға + бек) – жас жағынан немесе лауазым жағынан үлкен, жоғары [136, 16 б.]; Алтынсары (алтын + сары) – бала қымбатты, қадірменді болсын деген тілекпен қойылған есім [136, 24 б.]; Байзақ – баланың өмір жасы ұзық болып, көп жасасын деген тілекпен қойылған [136, 38 б.]; Бидайбек – бала астыққа кенелсін деген тілекпен қойылып отырған [136, 49 б.]; Еламан – ел-жұрт жаудан аман, сау болсын; Жайлаубай – жайлау сияқты кең, жайлы [136, 67 б.]; Жақсыбай – көпке жағымды, жұртқа сүйкімді [136, 67 б.]; Көлбай – көлдің жағасында отырғанда туған балаға қойылған [136, 80 б.].

Араб тілінен енген кісі тектері: Ахмет – мақтаулы, мақтауға лайық [136, 27 б.]; Әбдіжаппар (ғабд + джәббар) – құдіретті, күшті [136, 28 б.]; Әбдікәрім (ғабд + карим) – 1) қолы ашық, жомарт [136, 28 б.]; 2) ақкөңіл, кең пейіл, сүйкімді, әдемі; Ғалиакбар – (ғали) қымбатты + (акбар) үлкен, зор, құрметті, жоғары мәртебелі [136, 52 б.]; Қадыр (хадр) – күшті, құдіретті, қабілетті, икемді [136, 81 б.].

Парсы тілінен енген кісі тектері: Аспандияр // Спандияр – иран жыл санауындағы ай аты [136, 26 б.]; Баттал (баттол) – батыл, өткір, өжет [136, 42 б.]; Дүйсен (ду + шамбә) – әуел баста аптаның бірінші күні туған балаға осылай ат қойылған [136, 58 б.]; Бейсенбі (бес + шамбә) – күнтізбе бойынша аптаның төртінші күні [136, 44 б.]; Жексен (йек + шамбә) – жексенбі күні туылған балаға қойылған есім [136, 73 б.]; Сембі (шамбә) – алтыншы күн, сол күні туылған балаға қойылған есім [136, 118 б.].

Қазақ антропонимдік жүйесіндегі монғолизмдерді Т. Жанұзақов екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа монғол үстемдігінің (XIII – XV) ықпалынан енген антропонимдерді, екінші топқа монғол-түрік, қазақ тілдеріндегі параллельді түрде қолданылатын антропонимдерді жатқызады. Мысалы: *Бура* (монғ. бугура «бура»), *Құнанбай* (монғ. гунан «үш жасар жылқы»), *Бұқа* (монғ. бух-а «бұқа»), *Бота* (монғ. ботугу, ботго «түйенің баласы»), *Тайлақ* (монғ.

тайлаг «екі жастағы түйе баласы»), *Дөненбай* (монғ. донун, донон «төрт жасар жылқы») т.б. [138, с. 39]. Өз кезегінде монғолдар бұл есімдерді тунгус-маньчжур тілдерінен қабылдаған [160, с. 601-708].

Монғол тілінен енген кісі тектері:

Баянды – монғ. баян + ды – қосымша [136, 43 б.]; *Дөненбай* (доно) – төрт жасар өгіз [136, 58 б.]; *Құрал* (хурал) – жиын, жиналыс [136, 87 б.]; *Сайын* жақсы, онды [136, 113 б.]; *Сарман* – ай туды деген мағынаны білдіреді [136, 115 б.]; *Сатай* (садан) – туыс, туысқан, жақын [136, 115 б.].

Гибридті антропонимдер:

- *араб-қазақ тілі сөздерінің бірігуінен жасалған есімдер:* *Амангелді* (ар. аман + қаз. келді) – бала дүниеге аман-сау келді, өлмей тірі туды [136, 24 б.]; *Әлиасқар* (ар. ғали + қаз. асқар) – құдіретті Әли деген мағына [136, 33 б.]; *Дәулеткелді* (ар. дәулет + қаз. келді) – бақ-дәулеті мол, бай болсын [136, 55 б.];

- *қазақ-араб тілді сөздерінің бірігуінен жасалған есімдер:* *Байділда* (каз. бай + ар. дилла) – алтын, алтын ақшаға бай болсын [136, 37 б.]; *Бекмұхамбет* (каз. бек + ар. Мұхамед) – күшті Мұхамед [136, 46 б.]; *Ержұман* (каз. ер + ар. жұман) – қымбат бағалы зат [136, 62 б.]; *Ерназар* (каз. ер + ар. назар) – рухы күшті батыр [136, 63 б.];

- *араб-парсы тілі сөздерінің бірігуінен жасалған есімдер:* *Жұманияз* (ар. джумга + ир. нияз) – жұма күні туған сыйлы, үміт артар бала [136, 75 б.]; *Нұрпейіс* (ар. нұр + ир. пейиш) – ұрмақ, пейіштің сәулесі, нұры [136, 102 б.].

- *парсы-араб тілі сөздерінің бірігуінен жасалған есімдер:* *Базаралы* – ир. базар + ар. ғали // әлі [136, 36 б.]; *Досәлі* – ир. дос + ар. ғали // әлі [136, 57 б.]; *Жанғабыл* (ир. жан + ар. қабыл) – жан біткеннің қабілеттісі [136, 69 б.]; *Серғали* (ир. сер + ар. ғали) – басшы Ғали [136, 119 б.];

- *парсы-қазақ тілі сөздерінің бірігуінен жасалған есімдер:* *Базарбай* (ир. базар + қаз. бай) – өмірі қуаныш пен қызыққа бай болсын деген тілекпен қойылған есім [136, 36 б.]; *Жанарыстан* – ир. жан + қаз. арыстан [136, 69 б.]; *Мейірбек* – ир. мейір + қаз. бек [136, 93 б.]; *Мырзабай* – ир. мырза + қаз. бай [136, 97 б.];

- *қазақ-парсы тілдері сөздерінің бірігуінен жасалған есімдер:* *Байжан* (каз. бай + ир. жан) – үйде бала көп болсын, адам саны көбейсін [136, 37 б.]; *Баймырза* – қаз. бай + ир. мырза [136, 39 б.]; *Тұрсынқожа* – қаз. тұрсын + ар. қожа [136, 127 б.];

- *монғол-қазақ тілі сөздерінің бірігуінен жасалған есімдер:* *Сармантай* – монғ. сарман + қаз. тай [136, 115 б.]; *Құралбек* – монғ. хурал + қаз. бек, яғни жиын, үлкен жиналыс бастығы деген мағынада [136, 87 б.]; *Түменбай* – монғ. тумэн + қаз. бай [136, 126 б.];

- *көне еврей-қазақ тілдеріндегі сөздерінің бірігуі арқылы жасалған есімдер:* *Жүнісбай* – к. евр. йона + қаз. бай [136, 75 б.]; *Жүсіпбек* – к. евр. Иосиф + қаз. бек [136, 76 б.]; *Исахан* – к. евр. Иесус + қаз. хан [136, 78 б.].

Қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік өзгерістерді сипаттайтын неологизм есімдер: *Кеңес, Мэлс, Октябрь, Сайлау, Совет, Социал, Съезд*, т.б.

Антропонимдерге тілдік қатысымдылығы сипатталды. Көне түркі заманынан бастауын алған қазақ антропонимиялық қоры түрлі тарихи кезеңдерде байып, молайып отырды. Араб және парсы тілдерінен енген есімдердің үлесі айтарлықтай көп екендігі айқындалды. Сонымен қатар қазақ есімдер қорында монғол, орыс, батыс еуропалық тілдерден енген есімдер қатары да кездеседі.

2 бөлім бойынша тұжырым

Берілген бөлімде заманауи қазақ антропонимдеріне лексика-семантикалық, құрылымдық-сөзжасамдық талдау жасап, тілдік қатысымдылығын анықтауда отандық және шетелдік зерттеушілердің топтастырулары басшылыққа алынды. Адам есімінің антропонимге дейінгі (этимологиялық) және антропонимдік және антропонимнен кейінгі мағыналары арасындағы айырмашылықтар жайлы баяндалды. Адамды бір-бірінен ажырату, қарым-қатынас орнату мақсатында қойылған есімнің номинативтік қызметінің маңызы ашып көрсетілді.

В.А. Никонов, Т. Жанұзақтың антропонимдерді лексика-семантикалық топтастыруы бойынша заманауи қазақ ер және әйел есімдері және кісі тектері топтастырылды. Біздің тарапымыздан аталған топтыстыруға *заманауи қазақ есімдері* тобы енгізілді. *Заманауи қазақ есімдеріне* бұрын антропонимиялық қорда кездеспеген жалпы есім сөздерден жасалған, көне түркі антропокомпоненттері арқылы жасалған, араб-парсы тілдерінен енген есімдер, жаһандану үдерісі мен БАҚ құралдары ықпалынан енген батыстық үлгідегі және дыбыстық өзгеріске ұшыраған есімдер кіреді.

Ер және әйел антропонимдерінің гендерлік айырмашылығы тұрғысында ер антропонимдері күш, жігер, батылдық және қайсарлық мағынасындағы сөздерден, ал әйел антропонимдері әдемілік, әсемдік, сұлулық пен нәзіктікті білдіретін сөздерден жасалатындығы баяндалды. Сонымен қатар ер антропонимдері географиялық атаулардан (тау, өзен, көл), этнонимдерден (тайпа, ру атаулары), жабайы аң атауларынан жасалса, әйел антропонимдері есімдік, мата асыл тас атауларынан жасалғандығы көрсетілді.

Антропонимдер даму барысында білдіретін мағынасы тұрғысынан уақыт талабына сай эстетикалық талғамның өсуіне байланысты әр дәуірде жаңаша сипатқа ие болып отырады. Заманауи қазақ кісі есімдерінде байырғы сөздерден жасалған есімдердің жұрнағы сақталғанымен, күнтізбелік есімдердің, атап айтқанда баланың туылған айы мен күніне қатысты қойылған есімдер, бала өмірге келгенде орын алған табиғат құбылыстарына байланысты берілген есімдер кісі тектерінде ғана кездесетіндігі айқындалды.

Заманауи қазақ антропонимиясында келесі лексика-семантикалық топтағы есімдер кездеспеді: *Бөрібай, Бұқабай, Итбай, Қарсақбай, Қасқырбай* сынды тотем есімдер; қазақ халқының көшпенді өмір салтын сипаттайтын төрт түлік малға бай болсын деген ниетпен қойылған есімдер: *Жылқыбек, Қойсоймас, Қозыбақ, Қошқар*; бала дүниеге келген уақытта орын алған жағдайлар мен ауа-райы құбылыстарына қатысты қойылған *Аязбай, Жолдыбай, Боранбай, Қаржау* сынды есімдер; жабайы аң атауларынан жасалған *Түлкібай, Бесқұлан, Бөкен,*

Бұғыбай, Елікбай, Құлан, Маралбай секілді зооним есімдер; жәндік атауынан жасалған *Кенебай, Көбелек, Масабай, Тышқанбай, Шыбынтай, Шаянбай* есімдері; өсімдік атауынан жасалған *Арнабай, Бидайбек, Тарыбай, Жусанбай, Талдыбай, Сарымсақ* есімдері; қару-жарақтары атауынан жасалған *Қанжарбек, Қылыш, Сауытбай* есімдері; құрал-саймандарға қатысты *Балғабек, Балтабай, Егеубай, Қайрақбай, Орақбай, Шегебай* есімдері. Сонымен бірге ұзақ уақыт баласы тұрмай, шетіней берген жағдайда қойылған *Балатұрсын, Елемес, Жаманбала, Сатыбалды, Тұрсынәлі, Тұрғанбай* сынды қорғаныс есімдері.

Морфологиялық құрылымы жағынан кісі есімдеріндегі аффикстер сөз таптарына қатысты болып келеді. Олардың ішінде етістіктердің, үстеу, көсемше, есімше, етіс сөздердің жұрнақтары бар. Олар екінші сөз табына жалғанып кісі атына айналғанда сустантивтенеді.

Қазіргі туынды тұлғалы антропонимдердің құрамында *ай, ақ, бал, ер, гүл, күн, нұр, бек, бақ, бала, бике, бибі, бөпе, гүл, гали, ерке, жан, сұлу, тай, төре, хан* антропокомпоненттері кездеседі. Гендерлік айырмашылықты ажыратуға мүмкіндік беретін антропокомпоненттер, сонымен бірге ер және әйел антропонимдеріне ортақ антропокомпоненттер қатар қолданылады. Соңғы жылдары заманауи қазақ антропонимиясында *ел, ұлт* антропокомпоненттері арқылы жасалған есімдер назар аудартты.

Келесі *-ан, -ен, -дық, -тік, -ыс, -іс -с, -ыш, -іш* жұрнақтарынан жасалған әйел есімдері болмауы ер мен әйел антропонимдерінде құрылымдық жағынан гендерлік айырмашылықтың болуын сипаттайды. Кісі тектері байырғы сөздерді аффикстік тәсіл арқылы түрлендіру негізінде жасалған. Құрылымдық-сөзжасамдық талдау нәтижесінде заманауи кісі есімдерімен салыстырғанда кісі тектерін жасауда қолданылатын жұрнақтардың саны әлдеқайда көп екендігі анықталды.

Қазақ антропонимиялық қоры араб, парсы, орыс, монғол т.б. тілдерден енген кісі есімдері арқылы байып отырған. Яғни тарихи кезеңдерде алыс-жақын шет елдермен жасалған саяси-экономикалық, халықаралық, этномәдени қатынастар антропонимдерден көрініс тауып отырды. Заманауи қазақ антропонимдері: көне түркі, қазақ тіліндегі есімдер, араб, парсы, монғол, еврей, грек, латын, орыс тілдерінен өзге де шет тілдерден енген есімдер тұрғысында жіктеліп қарастырылды. Заманауи қазақ антропонимиялық қоры жоғарыда аталған тілдермен қоса ағылшын, испан, француз, ассирия, герман тілдерінен енген батыс еуропалық үлгідегі есімдермен толығыда.

3 АНТРОПОНИМДІК ТРАНСМИССИЯ ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Тарихи-диахронологиялық тұрғыда қазақ азаматтарының аты-жөнінің ресми құжаттарда жазылуына қатысты М.А. Диарова өз еңбегінде статистикалық деректер келтіреді: «1880 жылдардан 1930 жылдар аралығында туған адамдардың аты-жөні екі сөзден құралған, құжат иесінің өз аты мен әкесінің аты, оның ішінде әкесінің аты тектік атау (фамилия) түрінде орысша жазылып келген. 30-жылдары халық санағы кезінде жаңадан беріліп жатқан құжаттар 3 сөзден тұратын формулаға сәйкес толтырыла бастайды. 1920-1930 жылдарда туған азаматтардың 40 %-ы әкесінің аты түрінде жазылса, 1950-1960 жылдарда бұл көрсеткіш 81 %-ға дейін артып, 1970-1980 жылдарда 100 %-ға жуықтаған. Тәуелсіз ел болғаннан кейінгі кезде бұл көрсеткіш өзгерді, себебі, 3 мүшелік атаудан бас тартып, өз аты мен әкесінің атын ғана жазу тәртібі қайта қолданыла бастады» [161, 11 б].

Т. Жанұзақов 1975 жылы 500 қазақ азаматына сауалнама жүргізіп, олардың 63,8 %-ы тегі ретінде әкесінің атын, тек 27,8 %-ы ғана ата атын тегі ретінде таңдағанын айтады [135, с. 34]. Аталған мәліметтер мұрагерлік сипаттағы ата атының тек болып қалыптасу кезеңін көрсетеді.

Қазақ антропонимиясына әлеуметтік-саяси, экономикалық факторлар, халықаралық қатынастар ықпалымен 1980-1990 жылдары орыс тілі арқылы шет тілдерден *Александр, Артур, Борис, Владимир, Глеб, Константин, Максим, Марк, Михаил, Равиль, Ратмир, Юрий, Яков* сынды ер антропонимдері; *Белла, Вероника, Валентина, Гутияра, Екатерина, Елена, Елизавета, Зоя, Индира, Ирина, Лола, Луиза, Мария, Милана, Радмила, Рита, Римма, Светлана, Софья, Тамара* секілді әйел антропонимдері еніп, кеңінен қолданыста болғандығын атап өтуге болады. Бұл кезеңде сәбилерге жаппай берілген *Замир, Марлен, Ревмир, Ренат, Вильдана, Зарема* сынды аббревиатурадан жасалған жаңа есімдер түрі саяси-тарихи оқиғалардың көрінісі болып есептеледі.

2000-2018 жылдары ғаламдық жаһандану үдерісі, әлеуметтік-психологиялық факторлардың ықпалы қазақ антропонимиясында өзге ұлттың мәдени таңбаларының ізін қалдырды. Атап айтсақ, қазақ тіліндегі ер антропонимдері құрамы батыс еуропа тілдерінен енген *Амадей, Альберт, Анаис, Бернард, Давид, Дариан, Иммануил, Марк, Марсель, Маттео, Рамзес, Рафаэль, Рауль, Рауф, Самуил, Эдуард, Эйнар, Элисар Ян, Эрнест*, т.б. есімдермен, ал қазақ әйел антропонимдері *Августина, Ада, Айя, Альвира, Альмина, Альтея, Америке, Арлетта, Ассоль, Ванесса, Гаяна, Далида, Джастина, Джемма, Джулия, Ева, Жизель, Изабелла, Изетта, Лумье, Луфаан, Медея, Миллениум, Орли, Николь, Сандина, Тейли, Тея, Тиана, Хамер, Шейла, Эвелина, Эмилия, Эра, Эрика*, т.б. есімдермен толықты.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында сәбиге қазақ хандары мен билері, батырлары, қоғам қайраткерлерінің есімін беру үрдіске айналған. Өзге шет тілдерден енген есімдер арасында араб тіліндегі есімдер саны басым болып келеді. Дегенмен антропонимдік трансмиссияны анықтайтын алғышарт ретінде ұлттық есім беру дәстүрі сақталып отыр.

3.1 Қазақ антропонимиясы: кісі есімдері мен тектері құрамы

Зерттеу жұмысында елімізде соңғы жылдары орын алған саяси-әлеуметтік және мәдени жағдаяттарға байланысты 1980-2018 жылдар аралығындағы ресми құжаттар негізінде қазақ антропонимдік жүйесінде орын алған өзгерістер, есімдер қорының өсу динамикасы, сирек кездесетін есімдер анықталады. Тілдік материал (ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндері) Алматы қаласы Әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағатынан, мұрағатта сақталған құжаттардан, Алматы қаласы аудандары бойынша АХАТ бөлімдерінен жинақталды. Жалпы туу туралы акт жазбалары саны – 43 027. Оның ішінде: 1980 жыл – 3481, 1990 жыл – 5912, 2000 жыл – 6934, 2010 жыл – 9093, 2018 – 17 607 туу туралы акт жазбасы. Осы орайда тілдік бірліктерді жинақтауда көмегін көрсеткен Алматы қаласы Әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағаты қызметкерлері Батыр Әлия Мутигуллақызы, Цай Найля Аршабековна, Исмаилджанова Айнұрға, Алматы қаласы АХАТ бөлімдері қызметкерлері: Остапенко Виктория Викторовна (Алмалы ауданы), Кунчашева Айнур Булатовна (Алатау ауданы), Сырлыбекова Гульнар Сырбековна (Әуезов ауданы), Абсаттарова Фариза (Бостандық ауданы), Ергожа Гаухар Канаевна (Жетісу ауданы), Галиева Венера Ескендировна (Медеу ауданы), Килыбаева Диляра Ерзатовна (Наурызбай ауданы), Дюсембинова Жанна Алимжановнаға (Түрксіб ауданы) алғыс білдіргіміз келеді.

Сонымен бірге 2017 жылғы Қазақстан Республикасы білім гранты иегерлері (2000-2001 жылдары туылған) атанған 38 000-нан астам талапкерлердің аты-жөндері, бұқаралық ақпарат құралдары жұмыста тілдік материал ретінде сараланды.

Аталған жылдар бойынша сандық есептеу тәсілін қолданып, ресми құжаттарда тіркелген кісі аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық үлесі көрсетілді. Қазақ антропонимиясында жиі таңдалған және сирек есімдер компьютерлік EXCEL, SPSS бағдарламаларын қолдану арқылы анықталды. Есімдердің шығу тегі, жасалу жолдары, лексикалық астарлары мен мән-мағынасы L.A. Duncling «The Guinness book of names» сөздігі (1995) [167], А.В. Суперанскаяның «Современный словарь личных имен: Сравнение. Происхождение. Написание» (2005) атты сөздігі [166], Т. Жанұзақовтың «Есіміңіз кім? Ваше имя?» (2008) атты қазақша-орысша түсіндірме сөздігі [136], «Қазақ есімдерінің анықтамалығы» (2009) [174], Н.Д. Оңдасыновтың «Араб текті қазақ есімдері» (2011) [151], Ш.Ш. Сагаутдиновтың «Татарские имена: происхождение, значение, примеры» сөздігі (2011) [165], А. Смағұловтың «Қазақ есімдері» (2013) атты анықтамалығы [128] негізінде айқындалды.

Сонымен қатар бөлімде заманауи қазақ кісі есімдерінің тілдік қатысымдылығын айқындау мақсатында төл тіліміздегі және шет тілдерден енген есімдердің сандық және пайыздық көрсеткіштері ұсынылды.

3.1.1 1980, 1990 жылдардағы кісі есімдері мен тектері құрамы

1980 жылдағы кісі есімдері мен тектері құрамы. Алматы қаласында 1980 жылы дүниеге келген ұлты қазақ азаматтардың аты-жөні Ауэзов (Әуезов), Калинин (Бостандық), Ленин (Жетісу), Октябрь (Түркісіб), Совет (Алмалы), Фрунзе (Медеу) аудандары АХАТ бөлімдерінде тіркелген туу туралы акт жазбалары негізінде жинақталып, сараланды. АХАТ бөлімдерінің тарихи атаулары жайлы мәлімет кестеде (кесте 1) берілді. Бұл мәліметтер Алматы қаласы Әділет департаменті азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағаты құжаттарынан алынды.

Кесте 1 – АХАТ бөлімдері атауларының тарихи-хронологиялық сипаты

| Қазіргі АХАТ бөлімі атаулары | Бұрынғы АХАТ бөлімі атаулары |
|------------------------------|--|
| Алмалы | Сталин, 1938 жылдан Совет |
| Әуезов | 1972 жылдан Ауэзов, 1996 жылдан Аксай |
| Бостандық | 1965 жылдан Калинин, 1981 жылдан Алатау |
| Медеу | 1938 жылдан Фрунзе |
| Жетісу | 1933 жылдан Ленин, 1981 жылдан Москва |
| Түркісіб | 1929 жылдан Каганович, 1950 жылдан Октябрь |

Құжат деректеріне сәйкес 1980 жылы дүниеге келген ұлты қазақ азаматтар саны – 3481. Оның 1763-і – ер аты-жөні болса, 1718-і – әйел аты-жөнін құрайды.

Ер антропонимиясы. Жалпы сәби аты-жөнінің рәсімделуі орыс тілінің аффикстері арқылы жасалған үш мүшелі антропонимдік жүйеге (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) негізделгені анықталды. Бұған қоса, ер аты-жөні рәсімделуінде бірнеше нұсқа кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Баймагамбетов Даурен Кадырович* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич), орыс тілінің аффикстері арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Ерденев Сакен Серахмет-ұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (дефис арқылы)), тегі орыс тілінің аффикстері арқылы жасалып, әке атына *ұлы* (ұлы) сөзі дефис арқылы жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Каукенов Адил Серикулы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бірге)), тегі орыс тілінің аффикстері арқылы жасалып, әке атына *ұлы* (ұлы) сөзі жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі (ТЕ) – *Айтешов Булат* (-ов/-ев/-ин + есімі), орыс тілінің аффикстері арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

5) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Медеуұлы Архам* (-ұлы + есімі), әкесінің атына *ұлы* (ұлы) сөзі жалғанған екі мүшелі аты-жөні;

Аталған аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық көрсеткіштері кестеде (кесте 2) берілді.

Кесте 2 – 1980 жыл ер аты-жөні нұсқалары

| № | Ер аты-жөні нұсқалары (1980 ж.) | Саны | Пайыздық көрсеткіші (%) |
|---|---|------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) | 1729 | 98,07 % |
| 2 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -улы (дефис арқылы)) | 8 | 0,45 % |
| 3 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -улы (бірге)) | 8 | 0,45 % |
| 4 | ТЕ (-ов/-ев/-ин + есімі) | 17 | 0,96 % |
| 5 | ӘЕ (-улы + есімі) | 1 | 0,06 % |
| | | | Барлығы: 1763 |

1980 жылы дүниеге келген ер балалардың аты-жөнін рәсімдеу кезінде бес түрлі нұсқа қолданылған. Кісі аты-жөнінің рәсімделуі бойынша ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) нұсқасы – 98,07 %-ын құрады. Бұл нұсқаның жоғары көрсеткішке ие болуының себебі Қазақстанның аталған кезеңде КСРО құрамында болуымен пайымдалады. Екінші сатыда екі мүшелі ТЕ (-ов/-ев/-ин + есімі) нұсқасы – 0,96 %-ды көрсетті. Аталған нұсқа бойынша да кісі тегіне орыс тіліндегі -ов/-ев/-ин аффикстері жалғанған.

Үш мүшелі антропонимдік жүйе негізінде рәсімделген келесі екі аты-жөні нұсқасында сандық көрсеткіш бірдей – 8, яғни ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -улы (дефис арқылы)) – 0,45 %-ды, ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -улы (бірге)) – 0,45 %-ды құрады. Мұнда әке атына жалғанған *-ович/-евич* аффикстерінің орнына *улы* (ұлы) сөзі дефис арқылы жалғанған немесе бірге жазылған. Әке атына жалғанған *ұлы* сөзіндегі *ұ* әрпінің орыс тілінің әліпбиінде болмауы салдарынан *у* әрпіне сәйкестендірілген.

1980 жылы рәсімделген 17 құжат әке атына *улы* (ұлы) сөзінің жалғануы арқылы рәсімделген. Мұнда да *ұлы* сөзі орыс тілінің орфографиялық ерекшелігіне сәйкес *улы* болып берілген, әке атына дефис арқылы жалғанған немесе бірге жазылған. Демек қазақ азаматтарының тегі немесе әкесінің атын ұлттық дәстүрге сәйкес қазақша жазуға деген өтініш-тілектері осы кезеңде басталғандығы анық байқалады. Мұндай талап-тілекті тілдік сананың өзгеруі, ұлттық дәстүрдің жаңғыруымен түсіндіруге болады.

Жиі таңдалған ер есімдері. Жұмыста 1980 жылы Алматы қаласы бойынша 374 ер антропонимі анықталып, жиі таңдалған 10 есім кестеде (кесте 3) берілді. 1980 жылы ең жиі қойылған ер есімдері: *Тимур* (*Темір*) – 70 рет, *Нурлан* – 56 рет, *Данияр* – 55 рет, *Руслан* – 52 рет. Қазақ тіліндегі *ә, ө, ұ, ү, ы, і* дауысты дыбыстары, *қ* дауыссыз дыбысы кездесетін ер есімдері орыс тілінің орфографиялық ерекшелігіне сәйкес жазылған. Келесі есімдердің рәсімделуінде бірнеше нұсқа кездеседі. Мысалы: *Рүстем* (Рустем, Рустам, Рустэм), *Бауыржан* (Бауржан, Бауырджан), *Ержан* (Иржан).

Осы тұрғыда Б. Әбдуәлиұлы антропонимдік норма мәселесін, оның ішінде қазақ тіліндегі бір есімнің бірнеше нұсқада жазылуына байланысты

антропонимжасамдық норма мәселесіне терең мән берілу керектігі жайлы айтады. Ғалым бұл мәселе төңірегінде мынадай тұжырым жасайды: «Қазақ тіліндегі төл дыбыстық болмысынан ауытқыған мұндай есімдер антропонимжасам талаптарына сай келмейді, өйткені тілдің табиғи даму заңдылықтары бойынша емес, қолдан жіберілген қателер мен қателіктердің нәтижесінде пайда болып отыр» [86, 47 б.].

Кесте 3 – 1980 жылы жиі таңдалған ер антропонимдері

| № | Ер есімдері (1980 ж.) | Саны |
|----|-----------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Тимур | 70 |
| 2 | Нұрлан | 56 |
| 3 | Данияр | 55 |
| 4 | Руслан | 52 |
| 5 | Арман | 50 |
| 6 | Асқар | 48 |
| 7 | Рүстем | 45 |
| 8 | Бауыржан | 38 |
| 9 | Ержан | 35 |
| 10 | Марат | 34 |

Аталған жылы жиі таңдалған ер есімдерінің шығу тегі, жасалу жолдары, лексикалық астарлары мен білдіретін мән-мағынасына тоқталып өтейік:

Темір, қаз. *темір* – бала өмірі темірдей берік, мықты болсын деп қойылған есім. Синонимі – *Тимур* [136, 125 б.];

Данияр, ир. – жақын, таныс [136, 54 б.];

Нұрлан, ар. – ажарлану, әрлену, нұрлы, бақытты болу [136, 2008, 102 б.];

Руслан, к.т. – Арыслан есімінің орыс тілінде өзгерген түрі [136, 111 б.];

Арман, ир. – тілек, арман, мақсат [136, 25 б.];

Асқар, қаз. – 1) ең биік, сеңгір тау, қарлы биік шың; 2) тірек, сүйеніш [136, 26 б.];

Рүстем, ир. 1) *раода* – жүз, келбет, бейне; 2) *тама* – күшті. Бұл есімнің жалпы мағынасы – батыл, күшті, мықты, зор денелі [136, 111 б.];

Бауыржан, қаз. – ағайынға, туған-туысқа жан-тәнімен берілсін, жанындай жақсы көрсін, бауырмал болсын деген тілекпен қойылған есім [136, 43 б.];

Ержан, қаз. – батыл, өжет адам, батыр кісі [136, 62 б.];

Марат, фр. – Француз буржуазиялық революциясы қолбасшыларының бірі Жан Поль Марат (1747-1793) құрметіне қойылған есім. Қазақ отбасында 1930 жылдан бері кеңінен қойылған [136, 90 б.].

Сирек ер есімдері. Сирек есімдер жайында А.В. Сулова, А.В. Суперанская: «К редким относятся имена, которые в настоящее время лишь единично даются детям» дейді [161, с. 130].


Сәбиге қойылатын ерекше есімдердің сипатын Н.И. Шейко: «Стремление найти для ребенка необычное, оригинальное имя породило и ряд явно неудачных имен-самоделок, вроде *Ракета, Электрон, Дифференциал, Идея, Эра, Лирика*. Большинство подобных имен в лучшем случае вызывали дедоумение. Они не найдут признания и не просуществует более одного поколения» [162, с. 20] деп көрсетеді.

Яғни ерекше есім таңдауда қиялға ерік беру нәтижесінде кейбір есімдердің құлаққа тұрпайы естілетін тұстары да болады, мұндай есімдер антропонимикалық қорда белгілі бір кезеңдегі әлеуметтік-саяси және мәдени жағдаяттарға қатысты туындап, уақытша көрініс тауып отырады.

1980 жылғы сирек ер антропонимдеріне: *Ақансері* (Ахансэре), *Ақжайық*, *Аққұлан*, *Алаш*, *Архам*, *Атил*, *Барат*, *Бұлан*, *Валентин*, *Вадим*, *Глеб*, *Дмитрий*, *Ділмұхаммед*, *Камаладдин*, *Константин*, *Қалам*, *Құрмет*, *Лукиан*, *Марсель*, *Мизамбек*, *Михаил*, *Ратмир*, *Оскар*, *Өрнек*, *Рауль*, *Раухат*, *Родион*, *Сүйеніш*, *Энвер* есімдері жатады.

Тілдік қатысымдылығы. Жалпы саны 1761 туу туралы акт жазбасынан – 374 ер есімі сараланды. Ер есімдерінің тілдік қатысымдылығы анықталып, олардың сандық және пайыздық көрсеткіштері суретте (сурет 1) берілді.

1980 жылғы қазақ антропонимиялық қорында көне түркі, қазақ тіліндегі есімдер, араб-парсы тілдерінен енген, орыс тілі арқылы өзге шет тілдерден енген есімдер кездеседі. Жоғарыда берілген сандық мәліметтер бойынша араб тілінде – 112 есім (29,95 %), қазақ (түркі тілдерінен) тілінде есімдер – 28,07 %, парсы тілінде – 27 есім (7,22%), гибриді есімдер – 86 (22,99 %).



Сурет 1 – 1980 жыл ер антропонимдері тілдік қатысымдылығы

Сонымен бірге өзге шет тілдерінен енген есімдердің сандық және пайыздық үлесі келесідей: лат. – 11 есім (*Валентин, Константин, Сергей*, т.б. – 2,94 %), гр. – 10 есім (*Александр, Арсен, Юрий*, т.б. – 2,67 %), слав. – 7 есім (*Борис, Вадим, Владимир, Ратмир* – 1,87 %), к. евр. – 4 есім (*Илияс, Михаил, Равиль, Яков* – 1,07 %), монғ. – 4 есім (*Алтай, Ерден, Жайсан, Жамбыл*) – 1,07 %, герм. – 4 есім (*Глеб, Рауль, Оскар, Роллан* – 1,07 %); испан тілінен – 1 есім

(*Диас* – 0,27 %), кельт – 1 есім (*Артур* – 0,27 %), фр. – 1 есім (*Марат* – 0,27 %), сканд. – 1 есім (*Олег* – 0,27 %).

Әйел антропонимиясы. Әйел антропонимиясын саралау барысында олардың рәсімделуі кезінде келесі аты-жөні нұсқалары қолданылғандығы анықталды:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Шынтасова Алия Зиябековна* (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна), орыс тілінің аффикстері арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Ахметова Шамширак Еркін-қызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)), тегі орыс тілінің аффикстері арқылы жасалып, әке атына *қызы* (қызы) сөзі дефис арқылы жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Орункаева Салтанат Нуртулеуқызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бірге)), тегі орыс тілінің аффикстері арқылы жасалып, әке атына *қызы* сөзі жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Аккасова Акбота Бахытжан кызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бөлек)), тегі орыс тілінің аффикстері арқылы жасалып, әке атына *қызы* сөзі бөлек түрде жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі (ТЕ) – *Ерубоева Мадина* (-ова/-ева/-ина + есімі), орыс тілінің аффикстері арқылы тек пен есімнен жасалған екі мүшелі аты-жөні.

Жоғарыда көрсетілген әйел аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық көрсеткіші кестеде (кесте 4) берілді.

Әйел аты-жөнінің рәсімделуі кезінде төрт нұсқа қолданылған. Жоғары сатыда орыс тіліндегі аффикстер арқылы рәсімделген ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + овна/евна) нұсқасы – 98,20 %-ды құрады. Тек пен есімнен жасалған екі мүшелі ТЕ (-ова/-ева/-ина + есімі) аты-жөні нұсқасы – 1,40 %-ды құрады.

Кесте 4 – 1980 жыл әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел аты-жөні нұсқалары (1980 ж.) | Саны | Пайыздық көрсеткіші (%) |
|---|---|------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + овна/евна) | 1687 | 98,20 % |
| 2 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)) | 5 | 0,29 % |
| 3 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + кызы) | 2 | 0,11 % |
| 4 | ТЕ (-ова/-ева/-ина + есімі) | 24 | 1,40 % |
| | | | Барлығы: 1718 |

Ең аз қолданылған әке атына *қызы* сөзінің дефис арқылы жалғануымен жасалған ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)) аты-жөні нұсқасы – 0,29 %-ды, әке атына *қызы* сөзі жалғанған ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы) аты-жөні нұсқасы – 0,11 % ды құрады.

Жиі таңдалған әйел есімдері. 1980 жылы Алматы қаласы бойынша әйел есімдері саны – 288-ді құрады. Бұл есімдер арасында жиі қойылған 10 әйел есімі кестеде (кесте 5) көрсетілді.

Кесте 5 – 1980 жылы жиі таңдалған әйел антропонимдері

| № | Әйел есімдері (1980 ж.) | Саны |
|----|-------------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Әсел | 141 |
| 2 | Әлия | 77 |
| 3 | Айнұр | 74 |
| 4 | Динара | 67 |
| 5 | Жанар | 54 |
| 6 | Айгүл | 43 |
| 7 | Айжан | 41 |
| 8 | Жанна | 40 |
| 9 | Мәдина | 36 |
| 10 | Гауһар | 34 |

Кестеде көрсетілгендей, ең жиі қойылған әйел есімдері: *Асель (Асел)* – 141 рет, *Алия* – 77 рет, *Айнур (Айнура)* – 74 рет, *Динара* – 67 рет, *Жанар (Жанара, Джанар)* – 54 рет. Қалған есімдерді жоғарыдағы кестеден көре аламыз.

Құжаттарда әйел антропонимдері орыс тілінің орфографиялық заңдылықтарына сәйкес ә/а, ұ/у, ж/дж, л/ль, һ/х болып рәсімделген: *Әсел* – Асел, *Асель*; *Мәдина* – Мадина, *Айнұр* – Айнур, Айнура; *Жанар* – Жанара, Джанар, *Айгүл* – Айгуль, *Гауһар* – Гаухар және т.б.

Бұл тұрғыда Б. Досжанов «...Қыздар есіміне орыс тіліндегі еркелету мәнді «-а» жалғануы ауызекі тілде ғана емес, құжат жүзінде де көрініс бере бастағанын, мағынасы сондай тамаша ұлттық есімдердің өзінің дыбыстық тұлғасымен қатар, ғасырлар бойы аманат ретінде арқалап келген ұлттық мазмұнынан да айрылып отыр» деп жазады [163, 5 б.].

Жиі таңдалған әйел есімдерінің шығу тегі, жасалу жолдары, лексикалық астарлары мен білдіретін мән-мағынасына тоқталып өтейік:

Әсел, ар. *асель* – бал [136, 144 б.];

Әлия, ар. – 1) құны, бағасы артық, биік, жоғары; 2) қымбатты, сүйікті; 3) мәртебелі, көрікті қыз [136, 143 б.];

Айнұр, қаз. *ай* + ар. *нұр*) – жарық, шұғыла. Ай сипатты, ай келбетті [136, 139 б.];

Динара, ар. – алтын тиын, ақша [136, 152 б.];

Жанар, қаз. – 1) көздің жанары, сәулесі; 2) күннің сәулесі, шапағы; Ауыспалы мағынасы келбет, көрік, ажар, рең [136, 153 б.];

Айгүл, қаз. *ай* + тәж. *гүл*. Гүл сөзі тәжік тілінде роза деген мағынаны білдіреді. Бұл есім қыз бала айдай сұлу, гүлдей жайнаған көрікті болсын деген тілекпен қойылған [136, 138 б.];

Айжан, каз. *ай* + ир. *жан*. Айдай сұлу, әдемі [136, 138 б.];


Жанна, к. евр. – кептер, көгершін [136, 153 б.];

Мәдина, ар. *Мәдинә* – Сауд Арабиясындағы қала [136, 162 б.];

Гауһар, ир. *гауһар* – қымбат, бағалы тас, маржан, інжу [136, 147 б.].

Сирек әйел есімдері. 1980 жылдағы сирек таңдалған әйел есімдеріне: *Азалия, Анжела, Анжелика, Белла* (Бэлла), *Бибiana, Виния, Гиналия, Гутияра, Екатерина, Елана, Лазира, Лауласын, Лола, Мирана, Радмила, Расима, Сайран, Санди, Селина, Тәнзила, Шамшырақ, Элиза* есімдері жатады.

Тілдік қатысымдылығы. 1980 жылғы әйел антропонимиясы бойынша 1718 туу туралы акт жазбасынан – 288 әйел есімі сараланды. Әйел есімдерінің тілдік қатысымдылығы анықталып, олардың сандық және пайыздық көрсеткіштері суретте (сурет 2) берілді.



Сурет 2 – 1980 жыл әйел антропонимдері тілдік қатысымдылығы

Сандық мәліметтерге сәйкес: қазақ (түркі тілдері) тіліндегі есімдер – 25 % пайызбен басымдыққа ие болды. Келесі сатыда араб тілінен енген есімдер – 21,18 %-ды құрады. Үшінші сатыда гибридті есімдер – 18,75 %-дық үлесті көрсетті.

Өзге шет тілдерден енген әйел есімдерінің сандық және пайыздық көрсеткіші: лат. – 18 есім (*Белла, Диана, Сабина*, т.б. – 6,25 %), гр. – 16 есім (*Елена, Ирина, Софья*, т.б. – 5,56 %), слав. – 13 есім (*Радмила, Светлана, Людмила*, т.б. – 4,51 %), к. евр. – 13 есім (*Елизавета, Жанна, Тамара*, т.б. – 4,51 %), исп. – 2 есім (*Альмира, Эльвира* – 0,69%), герм. – 1 есім (*Гутияра* – 0,35 %), үнді – 1 есім (*Индира* – 0,35 %).

Аралас некеде дүнеге келген нәрестелер есімдері. Аралас некеде, яғни әкесі қазақ, анасы өзге ұлт өкілінен құрылған отбасында туылған сәбилерге қойылған есімдер біздің назарымызды аудартты. 1980 жылы аралас некеде туылған 70 сәбидің (23 ер, 47 әйел) есімі анасының ұлттық тілінде немесе басқа шет тілінде қойылған, олар жалпы есімдер санының 2,01 %-ын құрайды. Мысалы: *Баймаганов Родион Алиаскарович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Токтабаев Владимир Мавленович* (әкесі – қазақ, анасы – бурят), *Кудайбергенев Вадим Маратович* (әкесі – қазақ, анасы – поляк); *Балабекова Татьяна Кенесбековна*

(әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Чимбулатова Илоха Хамитовна* (әкесі – қазақ, анасы – кәріс); *Скакова Инесса Женисбаевна* (әкесі – қазақ, анасы – неміс); Бектелеева Сурия Шамильевна (әкесі – қазақ, анасы – татар).

Ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөнін өзгерту. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1996 жылғы сәуірдің 2-сінде «Ұлты қазақ азаматтардың ататегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығының жарыққа шығуына байланысты 1980 жылы дүниеге келген азаматтардың 0,72 %-ы (25 азамат – 15 ер, 11 әйел) ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөнін өзгерткендігі анықталды. Азаматтардың өзгертілген аты-жөнінде текті қолдануда бірізділік болмады: бірі атасының атын, екіншісі әкесінің атын, келесі біреулер бабасының атын тегі ретінде қолданған. Кейбірі екі мүшелі антропонимдік жүйеге, енді біреулері үш мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөнді қолданған. Мысалы: *Усеров Серик Адилханович – Айдос Серик Адилханұлы, Искендиоров Бауыржан Ибрагимханович – Ибрагим Бауыржан, Байдулов Тимур Рахметович – Хайржан Тимур Рахметович; Шабарбаева Анеля Бахитбековна – Бақытбекқызы Анеля, Жадранова Асель Айболовна – Айбол Асель, Байсуфинова Айнаш Сулейменовна – Сулеймен Айнаш Сулейменқызы, Момбекова Нургуль Нурланбековна – Алимхан Нургуль Нурланбековна.*

Жарлық аясында қазақ азаматтардың аты-жөнін өзгерту Алматы қаласы Әділет департаментіндегі азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің мұрағатына аты-жөнін өзгерту бойынша өтініш беру арқылы жүзеге асырылған.

Жалпы 1980 жылы Алматы қаласы бойынша ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнінің 98 %-ы орыс тілінің аффикстері арқылы жасалған үш мүшелі антропонимдік жүйеге негізделген. Әуезов (Ауэзов) ауданы АХАТ бөлімінен басқа бөлім атаулары орыс тілінде болған. Азаматтардың аты-жөні рәсімделуінде бірнеше нұсқа (ер аты-жөні – 5 нұсқа, әйел аты-жөні – 4 нұсқа) кездеседі. Ұлттық дәстүрге сәйкес әке атына *-ович/-овна* аффикстері орнына *-ұлы/-қызы* сөзін жазу арқылы аты-жөнін рәсімдеуге деген өтініш-тілек (17 ер аты-жөні – 0,96 %, 7 әйел аты-жөні – 0,40 %) осы кезеңде басталғандығы анықталды. Кісі есімдерінің басым көпшілігі қазақ, араб, парсы тілдеріндегі сөздерден жасалған. Аралас некеде туылған сәби есімдері орыс немесе басқа шет тілдерінде берілген. Президенттің «Ұлты қазақ азаматтардың ататегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығына байланысты осы жылы туылған 25 азамат аты-жөнін ұлттық дәстүрге сәйкес өзгерткен.

1990 жылғы кісі есімдері мен тектері құрамы. Алматы қаласы 1990 жылы Алатау, Әуезов (Ауэзов), Калинин (Бостандық), Москва (Жетісу), Октябрь (Алмалы), Совет (Түркісіб), Фрунзе (Медеу) аудандары бойынша АХАТ бөлімдерінде тіркелген акт жазбалары негізінде жалпы саны – 5912 аты-жөні жинақталып, сараланды. Оның 3070-і – ер аты-жөні, 2842-і әйел аты-жөні болды.

Ер антропонимиясы. 1990 жылы ер аты-жөнінің рәсімделуінде келесі нұсқалар кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Берикбосынов Бауыржан Турсунғалиевич* (-ов/-ев/-ин + есімі + -евич/-ович), орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Белесов Нартай Ербол-ұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *ұлы* (ұлы) сөзі бірге қосылып жазылған аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Сағынаев Алмас Майданбекулы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (дефис арқылы)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *ұлы* (ұлы) сөзі дефис арқылы жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Калиев Алдар Досмагул ұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бөлек)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атынан *ұлы* (ұлы) сөзі бөлек жазылған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі, әкесі (ТАӘ) – *Бертаев Асқар Асхатұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бірге)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *ұлы* сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Бисенов Нариман Мурат-ұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (дефис арқылы)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *ұлы* сөзі дефис арқылы жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

7) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Сандыбаев Олжас Балтабай ұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бөлек)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атынан *ұлы* сөзі бөлек жазылған үш мүшелі аты-жөні;

8) тегі, есімі (ТЕ) – *Алтаев Ерлан* (-ов/-ев/-ин) + есімі), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні.

Жоғарыда берілген ер аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық көрсеткіштері кестеде (кесте 6) берілді. Ер аты-жөнінің рәсімделуі кезінде 8 нұсқа анықталды.

Кестеде көрсетілгендей, ер аты-жөні нұсқалары арасында орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) аты-жөні нұсқасы – 86,94 %-ды құрап, басымдыққа ие болды.

Саны жағынан екінші сатыда ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (дефис арқылы)) аты-жөні нұсқасы – 5,60 %-ды құрады.

Кесте 6 – 1990 жыл ер аты-жөні нұсқалары

| № | Ер аты-жөні нұсқалары (1990 ж.) | Саны | Пайыздық көрсеткіш (%) |
|---|---|------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -евич/-ович) | 2669 | 86,94 % |
| 2 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бірге)) | 49 | 1,60 % |
| 3 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (дефис арқылы)) | 172 | 5,60 % |
| 4 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бөлек)) | 112 | 3,64 % |

6-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|----|---------------|
| 5 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ина + есімі + -ұлы (бірге)) | 11 | 0,36 % |
| 6 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ина + есімі + -ұлы (дефис арқылы)) | 15 | 0,49 % |
| 7 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бөлек)) | 31 | 1,01 % |
| 8 | ТЕ (-ов/-ев/-ин) + есімі) | 11 | 0,36 % |
| | | | Барлығы: 3070 |

Ең төменгі сатыда – 0,36 %-ды құраған ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы (бірге)) және екі мүшелі (-ов/-ев/-ин) + есімі) аты-жөні нұсқалары.

Кісі аты-жөнінің рәсімделуі бойынша пайыздық үлестен байқағанымыздай, үш мүшелі антропонимдік жүйеде әке атына жалғанатын *-ович/-евич* орнына қазақ тіліндегі *ұлы* сөзі жалғануы біршама артқандығы анықталды. Яғни, ұлттық дәстүрге сәйкес сәби аты-жөнін рәсімдеуге деген талап-тілектер 1980 жылы (17 ер аты-жөні – 0,96 %) бастау алып, 1990 жылы (12,7 %) дами түскендігін ресми құжаттар дәлелдеп отыр.

Жиі таңдалған ер есімдері. 1990 жылы Алматы қаласы бойынша ер антропонимдері – 503-ті құрады. Аталған жылы ең жиі берілген 10 ер есімі кестеде (кесте 7) берілді.

Кесте 7 – 1990 жылы жиі таңдалған ер антропонимдері

| № | Ер есімдері (1990 ж.) | Саны |
|----|-----------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Данияр | 96 |
| 2 | Тимур | 82 |
| 3 | Азамат | 72 |
| 4 | Арман | 70 |
| 5 | Олжас | 68 |
| 6 | Дәурен | 60 |
| 7 | Алмат | 56 |
| 8 | Бауыржан | 46 |
| 9 | Шыңғыс | 44 |
| 10 | Руслан | 41 |

1990 жылы жиі таңдалған ер есімдерінің (1980 жылмен сәйкес келмейтін) шығу тегі мен жасалу жолдары, білдіретін мән-мағынасы төмендегідей:

Азамат, ар. – 1) ұлылық, даңқ; 2) нағыз ер жігіт; 3) саналы адам [136, 17 б.];

Олжас, қаз. – ол жас қайрат, жас жігер деген мәндегі есім [136, 104 б.];

Дәурен, ар. – уақыт, дәуір [136, 55 б.];

Алмат, монғ. – қыпшақ күбі, су шелек [128, 256.];

Шыңғыс, қаз. – ұлы, азулы, мықты [128, 284 б.].

Яғни 1980, 1990 жылдар бойынша жиі таңдалған ер есімі бойынша 5 ер антропонимі сәйкес келді.

1990 жылы дүниеге келген ер балаларға келесі есімдер жиі таңдалған: *Данияр* – 96 рет, *Тимур (Темір)* – 82 рет, *Азамат* – 72 рет, *Арман* – 69 рет, *Олжас* – 68 рет. 1980-1990 жылдардағы жиі таңдалған ер есімдерін салыстыру нәтижесінде олардың басым көпшілігі сәйкес келетіндігі анықталды (кесте 8).

1990 жылы *Данияр* жиі қойылған есімдер арасында бірінші сатыда болса, 1980 жылы екінші сатыда. 1990 жылы *Тимур* екінші орында, ал 1980 жылы бірінші орында, яғни ең жиі берілген есім. 1990 жылы *Руслан* оныншы сатыда, 1980 жылы жиі қойылған есімдер арасында төртінші сатыда болған. Сондай-ақ, 1990 жылы *Арман* саны жағынан төртінші жиі қойылған есім болса, 1980 жылы бесінші жиі қойылған есім. Ең қызықтысы, *Бауыржан* 1980, 1990 жылдары жиі қойылған есімдер арасында сегізінші орында болған.

Кесте 8 – 1980-1990 жылдары жиі таңдалған ер антропонимдері

| 1980 жыл ер есімі | Саны | 1990 жыл ер есімі | Саны |
|-------------------|------|-------------------|------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Тимур (Темір) | 70 | Данияр | 96 |
| Нұрлан | 56 | Тимур | 82 |
| Данияр | 54 | Азамат | 72 |
| Руслан | 52 | Арман | 69 |
| Арман | 50 | Олжас | 68 |
| Асқар | 46 | Даурен | 60 |
| Рустем | 43 | Алмат | 56 |
| Бауыржан | 36 | Бауыржан | 46 |
| Ержан | 35 | ШЫҢҒЫС | 44 |
| Марат | 34 | Руслан | 41 |

Сирек ер есімдері. 1990 жылы сирек берілген ер есімдеріне: *Абдул-сахи*, *Айсәт* (Айсат), *Ақтаң* (Ақтан), *Арафат*, *Арнамыс*, *Ататүрік* (Ататюрк), *Әмір-Зада* (Амер-Зада), *Бақдәуір* (Бакдаур), *Жебе*, *Зарлық* (Зарлык), *Зият*, *Иррахман*, *Қалау* (Калау), *Миятқожя* (Мияткожа), *Ойназар*, *Іңкәр* (Инкар) жатады.

Тілдік қатысымдылығы. 1990 жылғы деректер жалпы саны – 503 ер есімі анықталды. Антропонимдердің тілдік қатысымдылығы анықталып, сандық және пайыздық көрсеткіштері суретте (сурет 3) берілді.

1990 жылғы ер есімдері арасында көне түркі тіліндегі, қазақ тіліндегі есімдер, араб-парсы тілдерінен енген есімдер басымдыққа ие болып табылады.

Жоғары сатыда қазақ (түркі тілдерінен) тіліндегі есімдер – 30,42 %-ды құрады.

Екінші сатыда араб тілінен енген есімдер – 27,63 %-ды көрсетті. Одан кейінгі орында гибридті есімдер – 25,45 %-ды құрады.



Сурет 3 – 1990 жыл ер антропонимдері тілдік қатысымдылығы

Келесі сатыда парсы тілінен енген антропонимдер – 8,35 %-дық үлесті құраса, өзге шет тілдерден (көне еврей, кельт, славян, латын, грек, монғол, француз, испан) енген ер есімдері – 8,15 % болды.

Өзге шет тілдерден енген ер есімдері: слав. – 8 есім (*Станислав, Владимир, Богдан* – 1,59 %), лат. – 7 есім (*Валерий, Роман, Сергей*, т.б. – 1,39 %), герм. – 7 есім (*Эдик, Рауль, Бернат*, т.б. – 1,39 %), к. евр. – 6 есім (*Иса, Равиль, Илияс*, т.б. – 1,19 %), гр. – 6 есім (*Александр, Леонид, Юрий*, т.б. – 1,19 %), монғ. – 4 есім (*Алмат, Алтай, Құрал, Ерден* – 0,80 %), кельт – 1 есім (*Артур* – 0,20%), фр. – 1 есім (*Марат* – 0,20 %), исп. – 1 есім (*Диас* – 0,20 %).

Әйел антропонимиясы. 1990 жылы әйел аты-жөнінің рәсімделуінде келесі нұсқалар кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Ошакбаева Акбота Женисбековна* (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна), орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Сембекова Жазира Аскарбекқызы* (-ова/-ева/-ин + есімі + -қызы (бірге)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *қызы* (қызы) сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Алибекова Молдир Болатбек-қызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *қызы* (қызы) сөзі дефис арқылы жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Сарсенғалиева Каламкас Жаксылық кызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бөлек)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атынан *қызы* (қызы) сөзі бөлек жазылған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Кұрманбаева Айман Қайыржанқызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бірге)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *қызы* сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

б) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Иманбекова Акерке Беделбек-қызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *қызы* сөзі дефис арқылы жалғанып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

7) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Жапарханова Арайлым Алтынхан қызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бөлек)), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атынан *қызы* сөзі бөлек жазылған үш мүшелі аты-жөні;

8) тегі, есімі (ТЕ) – *Абдикадирова Жанар* (-ова/-ева/-ина) + есімі), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні.

Әйел аты-жөнінің рәсімделуіндегі нұсқалардың пайыздық және сандық көрсеткіші кестеде (кесте 9) берілді. Кестеде көрсетілгендей саны жағынан ең жоғары сатыда орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) аты-жөні нұсқасы – 89,41 %-ды құрады.

1990 жылғы деректер бойынша әйел аты-жөні 8 нұсқа бойынша рәсімделген, кісі аты-жөнінің рәсімделу нұсқаларының саны артқан.

Кесте 9 – 1990 жыл әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел аты-жөні нұсқалары (1990 ж.) | Саны | Пайыздық көрсеткіш (%) |
|---|--|------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі+ -евна/-овна) | 2541 | 89,41 % |
| 2 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ин + есімі + -қызы (бірге)) | 19 | 0,67 % |
| 3 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)) | 89 | 3,13 % |
| 4 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бөлек)) | 111 | 3,91 % |
| 5 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бірге)) | 11 | 0,39 % |
| 6 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)) | 46 | 1,62 % |
| 7 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бөлек)) | 24 | 0,84 % |
| 8 | ТЕ (-ова/-ева/-ина) + есімі) | 7 | 0,25 % |
| | | | Барлығы: 2842 |

Одан кейінгі орындарда ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (бөлек)) аты-жөні нұсқасы – 3,91 %-ды , ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы (дефис арқылы)) аты-жөні нұсқасы – 3,13 %-ды көрсетті. 1990 жылы дүниеге келген сәбилердің аты-жөнін рәсімдеу кезінде әке атына *қызы/қызы* сөзінің жалғануын қалаған ата-аналардың саны – 10,09 %-ды құрайды. Ең төменгі сатыда екі мүшелі антропонимикалық жүйеге сәйкес жасалған, ТЕ (-ова/-ева/-ина) + есімі) аты-жөні нұсқасының саны – 7 болды.

Жиі есімдер. 1980 жылғы дерек бойынша әйел антропонимдері саны – 361 болды. Ең жиі таңдалған 10 әйел есімі кестеде (кесте 10) берілді.

1990 жылы жиі таңдалған әйел есімдерінің (1980 жылмен сәйкес келмейтін) шығу тегі, жасалу жолдары, білдіретін мән-мағынасына түсініктеме беріп өтейік.

Әйгерім (қазақ тілінде) – әй және керім сөздерінен жасалған сұлулық, көркем, келбетті мағынасын білдіретін біріккен тұлғалы есім [136, 143 б.];

Аида (араб тілінде) – пайда, сый [136, 137 б.].

Кесте 10 – 1990 жылы жиі таңдалған әйел антропонимдері

| № | Әйел есімдері (1990 ж.) | Саны |
|----|-------------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Әйгерім | 232 |
| 2 | Әсел | 107 |
| 3 | Мәдина | 86 |
| 4 | Әлия | 81 |
| 5 | Айнұр | 79 |
| 6 | Айжан | 73 |
| 7 | Динара | 64 |
| 8 | Гауһар | 50 |
| 9 | Аида | 48 |
| 10 | Жанар | 44 |

Саны жағынан ең көп таңдалған әйел есімдері арасында *Айгерім* (*Айкерім*) есімі – 232 рет кездеседі. Одан кейінгі орындарда: *Асель* (*Асел*, *Аселья*) – 107 рет, *Мадина* – 86 рет, *Алия* – 81 рет, *Айнұр* – 79 рет, *Айжан* – 73 рет кездесті, қалған есімдер кестеде берілді.

1980-1990 жылғы деректер бойынша жиі берілген 10 әйел есімінің 8-і сәйкес келеді (кесте 11).

Кесте 11 – 1980-1990 жылдары жиі таңдалған әйел антропонимдері

| 1980 ж. әйел есімі | Саны | 1990 ж. әйел есімі | Саны |
|--------------------|------|--------------------|------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Әсел | 141 | Әйгерім | 232 |
| Әлия | 77 | Әсель | 107 |
| Айнұр | 74 | Мәдина | 86 |
| Динара | 67 | Әлия | 81 |
| Жанар | 54 | Айнұр | 79 |
| Айгүл | 43 | Айжан | 73 |
| Айжан | 41 | Динара | 64 |
| Жанна | 40 | Гауһар | 50 |
| Мәдина | 36 | Аида | 48 |
| Гауһар | 34 | Жанар | 44 |

1990 жылы *Әсел* (*Асель*) екінші орында, 1980 жылы бірінші орында болған. 1990 жылы *Мәдина* үшінші сатыда, 1980 жылы тоғызыншы сатыда

болған. – 1990 жылы Әлия (Алия) төртінші орында, 1980 жылы ең жиі қойылған есімдер арасында екінші орында болған.

Сирек әйел есімдері. 1990 жылы келесі әйел есімдері сирек берілген: *Азория, Айшекер, Ақкербез, Асылкөз, Аэлита, Биназар, Гүлдейхан, Дамина, Елданасы, Елігай, Ергүл, Жауқазын, Ленби, Мұңлық, Мыңшаи, Санта, Флора, Ханике, Элизада, Элина, Эмилия.*

Тілдік қатысымдылығы. 1990 жылы жалпы саны – 361 әйел есімі қойылған. Бұл есімдердің тілдік қатысымдылығы бойынша сандық және пайыздық көрсеткіштері суретте (4-сурет) берілді.

Қазақ (түркі тілдері) тіліндегі әйел есімдері – 27,15 %-ды құрап, басымдыққа ие болды.

Араб тілінен енген – 77 есім (21,33 %) екінші сатыда тұрса, одан кейінгі орында гибридті есімдер – 19,39 %-ды құрады.

Ең төменгі сатыда парсы тілінен енген есімдер – 2,22 %-ды көрсетті.



Сурет 4 – 1990 жыл әйел антропонимдері тілдік қатысымдылығы

Кестеде берілгендей өзге шет тілдерден енген әйел есімдерінің сандық және пайыздық үлесі: лат. – 21 есім (*Виктория, Сабина, Флора*, – 5,81 %), слав. – 17 (*Светлана, Славяна, Любовь*, т.б. – 4,71 %), гр. – 12 (*Ирина, Маргарита, Софья*, т.б. – 3,32 %), көне еврей тілінен – 11 (*Анна, Мария, Жанна*, т.б. – 3,05 %), исп. – 2 (*Лола, Эльвира* – 0,55 %), үнді – 1 есім (*Индира* – 0,28 %).

Аралас некеде дүниеге келген сәби есімдері. Балаға есім таңдауда ата-анасының ұлты белгілі бір деңгейде ықпалын тигізетіндігі байқалды. Мысалы, әкесі – қазақ, анасы – өзге ұлт өкілінен құрылған отбасында туылған сәбилерге шетел тілінде берілген. Аралас некеде туылған 51 сәбидің (17 ер, 34 әйел), яғни балалардың 0,86 %-ның есімдері анасының ұлттық тілінде немесе өзге шет тілінде қойылған. Мысалы: *Бекмагамбетов Станислав Муратович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Алтыбаев Шухрап Тахирович* (әкесі – қазақ, анасы – ұйғыр), *Масанов Роман Рамазанович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Асамбаев Роман Валиханович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Шанишарбаев Игорь Нургазиевич* (әкесі – қазақ, анасы – орыс); *Елеуова Ксения Руслановна* (әкесі – қазақ, анасы – кәріс), *Ботамбекова Анастасия Сакеновна* (әкесі – қазақ, анасы

– орыс), *Машикенова Маргарита Маратовна* (әкесі – қазақ, анасы – белорус), *Бадельбаева Яна Маратовна* (әкесі – қазақ, анасы – татар); *Азатова Гюзель Алимжановна* (әкесі – қазақ, анасы – ұйғыр).

Сонымен 1990 жылы аралас некенің саны артқанын, осыған сәйкес қазақ антропонимиялық қорының шет тілдерден енген есімдермен толыға түскенін байқаймыз.

Ұлттық дәстүрге сәйкес аты аты-жөнін өзгерту. 1996 жылғы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлты қазақ азаматтардың ататегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Жарлығына байланысты 1990 жылы дүниеге келген азаматтардың 1,35 %-ы (80 азамат – 52 ер бала, 28 қыз бала) ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөнін өзгерткен. Азаматтардың өзгертілген аты-жөнінде тегін қолдануда бірізділік жоқ екендігін аңғаруға болады: бірі атасының атын, екіншісі әкесінің атын, енді біреулері бабасының атын тегі ретінде қолданған. Кейбірі екі мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес, енді біреулері үш мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөнді қолданған. Орыс тілінде тегіне жалғанатын *-ов/-ев/-ин, -ова/-ева/-ина*, әке атына жалғанатын *-ович/-евич, -овна/-евна* аффикстерінің әлі де болса қолданыста бар екендігін аңғаруға болады. Азаматтардың өзгертілген аты аты-жөні төмендегідей: *Сыздықов Руслан Қайргелдиевич – Садық Руслан Қайргелдіұлы; Казакбаев Дамир Мухтарович – Тастанбек Дамир Мухтарович, Султанов Олжас – Болатұлы Олжас, Тулентаев Қудайберген Еркінбек улы – Әділбек Қудайберген Еркінбек улы; Сапаралина Сана Бейбитовна – Сапарали Сана Бейбитқызы, Корғасбаева Асем Изатовна – Корғасбаева Асем Изатқызы, Абдилдаева Сымбат Бақитжановна – Бақытжанқызы Сымбат*, т.б.

Деректер бойынша 1990 жылы жалпы саны – 80 азамат ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөнін өзгерткендігі жоғарыда атап өтілді. Бұл көрсеткіш он жыл бұрынғы, яғни 1980 жылмен (25 азамат) салыстырғанда әлдеқайда жоғары екендігін байқауға болады.

Жалпы алғанда 1990 жылы сәбидің аты-жөнін рәсімдеуде әке атына *ұлы/улы, қызы/қызы* сөзін жазуға өтініш білдерген ата-аналардың саны артып ер аты-жөні бойынша 12,7 %-ды, әйел аты-жөні бойынша 10,56 %-ды (әйел есімі) құрады. Аталған жылда кісі аты-жөнінің 8 нұсқасы кездеседі. Есімдердің басым көпшілігі қазақ тілінде берілген, өзге шет тілдерінен енген есімдер саны арта түскен. Ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөнін өзгерткен азаматтар саны ұлғайған.

3.1.2 2000 жылғы және 2017 жыл білім гранты иегерлері материалы негізінде кісі есімдері мен тектері құрамы

2000 жылғы кісі есімдері мен тектері құрамы. 2000 жылы Алматы қаласы Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түрксіб аудандары АХАТ бөлімдерінде тіркелген туу туралы акт жазбаларынан – 6934 ұлты қазақ азаматтардың аты-жөні жинақталып, сараланды. Оның 3586-ы – ер аты-жөні болса, 3348-і – әйел аты-жөні болды.

Ер антропонимиясы. Жинақталған тілдік материалды саралау нәтижесінде 2000 жылы ер аты-жөнінің рәсімделуі бойынша 9 нұсқа кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Қанатбеков Аман Талғатович* (-ов/-ев/-ин + есімі + -евич/-ович), орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Мәуленов Сәбит Қасымұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына ұлы сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Аубақир Мерей Мухамеджанұлы* (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы), тегі аффикссіз жасалып, әке атына ұлы сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Искак Амангелді Ахмеджанович* (тегі аффикссіз + есімі + -евич/-ович) тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі -евич/-ович аффикстері жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Тайбектегі Дархан Нұрымұлы* (тегі тіркесі + есімі + -ұлы), кісі тегіне «тегі» тіркесі жалғанып, әке атына ұлы сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Мухаметсоюз Дидар Бағашар*, тегі аффикссіз + есімі + -ұлы), тегі мен әке аты аффикссіз жасалған үш мүшелі аты-жөні;

7) тегі, есімі (ТЕ) – *Дүйсенов Рахат* (-ов/-ев/-ин + есімі) тегі орыс тіліндегі аффикс арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

8) тегі, есімі (ТЕ) – *Жасұлан Даулет* (тегі аффикссіз + есімі) тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі аты-жөні;

9) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Адайұлы Бағылан* (-ұлы + есімі), әке атына ұлы сөзі жалғанып жасалған екі мүшелі аты-жөні;

Ер аты-жөні нұсқаларының пайыздық және сандық үлесі төмендегі кестеде (кесте 12) берілді.

Кесте 12 – 2000 жыл ер аты-жөні нұсқалары

| № | Ер аты-жөні нұсқалары (2000 ж.) | Саны | Пайыздық көрсеткіші (%) |
|---|---|------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ов/-ев /-ин + есімі + -ович/евич) | 971 | 27,08 % |
| 2 | ТЕӘ (-ов/-ев /-ин + есімі + -ұлы) | 1271 | 35,44 % |
| 3 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) | 1074 | 29,95 % |
| 4 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ович) | 4 | 0,11 % |
| 5 | ТЕӘ (тегі -тегі + есімі + -ұлы) | 1 | 0,03 % |
| 6 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + әкесі) | 2 | 0,06 % |
| 7 | ТЕ (-ов ев /-ин + есімі) | 37 | 1,03 % |
| 8 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 23 | 0,64 % |
| 9 | ӘЕ (-ұлы + есімі) | 203 | 5,66 % |

Ер аты-жөні нұсқалары арасында ең көп қолданыс тапқан ТЕӘ (-ов/-ев /-ин + есімі + -ұлы) аты-жөні нұсқасы – 37,95 %-ды құрады. Ұлты қазақ

азаматтардың аты-жөнін реттеу тұжырымдамасына сәйкес орыс тіліндегі аффикстер қолданыстан алынып, қазақ азаматтары үшін аты-жөнінің ұлттық нұсқасы ретінде ұсынылған «тегі, есімі, әкесі» нұсқасы – 29,95 %-ды құрап, екінші орында болғандығын аңғаруға болады. Бұл деректерден қабылданған Жарлық негізінде ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөні нұсқасының толық қолданысқа енбеуі байқалады.

Үшінші сатыда ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні нұсқасы – 27,08 %.

АХАТ бөлімдерінде тіркелген аты-жөні нұсқалары арасында ең төменгі сатыда 0,03% пайызбен кісі тегіне «тегі» сөзі жалғанған аты-жөні нұсқасы болды.

Жиі таңдалған ер есімдері. 2000 жылғы деректер бойынша ер антропонимдері саны – 469 болды. Оның ішінде ең жиі таңдалған 10 ер есімі кестеде (кесте 13) берілді.

Кесте 13 – 2000 жылы жиі таңдалған ер антропонимдері

| № | Ер есімдері (2000 ж.) | Саны |
|----|-----------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Темірлан, Тимур | 88 |
| 2 | Әлішер | 60 |
| 3 | Санжар | 56 |
| 4 | Данияр | 51 |
| 5 | Арман | 49 |
| 6 | Диас | 48 |
| 7 | Илияс | 47 |
| 8 | Азамат | 45 |
| 9 | Дінмұхамбет | 41 |
| 10 | Дәулет | 39 |

2000 жылы ең жиі қойылған ер есімдері: *Темірлан, Тимур* – 88 рет, *Әлішер* – 60 рет, *Санжар* – 56 рет, *Данияр* – 51 рет кездесті. Сонымен бірге *Данияр, Арман, Азамат* есімдерінің 1990-2000 жылдар аралығында жиі қойылған есімдер тізімінде болғанын атап өтуді жөн көрдік.

Келесі ер антропонимдері рәсімделуінде бірнеше нұсқа кездесті: *Темірлан* есімінің – 6 түрлі (Тамерлан, Темирлан, Темірлан, Тамырлан, Тамерулан, Темрлан), *Дінмұхамбет* есімінің – 4 түрлі (Динмухамед, Динмухаммед, Дінмухамед), *Илияс* есімінің – 3 түрлі (Илияс, Ильяс) нұсқасы кездесті.

2000 жылы жиі қойылған ер есімдерінің шығу тегі, жасалу жолдары мен мән-мағынасы төмендегідей:

Темірлан, қаз. – темір + қосымша *лан*. Бала өмірі темірдей берік, мықты болсын деп қойылған есім [136, 125 б.];

Әлішер, ар. *ғали* – жоғары, биік + *шер* – арыстан [136, 33 б.];

Санжар, ар. – патша, император. Түркі тілдерінде тесіп, түйреп өтуші деген мағынаны білдіреді [136, 114 б.];

Диас, исп. – күн, күндіз, Испания көтерілісшілерінің көрнекті басшысы Хосе Диас құрметіне 1936 жылы қойылған есім [136, 56 б.];


Илияс, евр. – күш, құдірет [136, 136 б.];

Дінмұхамбет, ар. – біріккен тұлғалы есім, дін + Мұхаммед, ислам дінін ұстанушы мұсылман (человек, исповедующий мусульманство) [165, с. 123];

Дәулет, ар. – 1) байлық, бақыт; 2) мемлекет, держава, империя [136, 2008, 55 б.].

Сирек ер есімдері. 2000 жылғы дерек бойынша келесі ер есімдері сирек кездеседі: *Абдулхақ, Азаматфараби, Айдынкөл, Ақнан, Амадей, Аянади, Әбутәліп, Әзірет, Әлимұхаммед, Әмірсана, Әлиескендір* (Альискандер), *Әрсенәли, Батухан, Белдос, Бірлес, Жарасөркен, Жасдәуір* (Жасдауер), *Кегенханбатыр, Күлтегін, Қуанәділ, Мәдениет* (Мадиниет), *Мұхаммедшайбани, Нариманқожа* (Нариманходжа), *Мұстақым, Нұрбатыр, Оқжетпес, Оскар, Расмұхаммед, Самуил, Сұлтанбейбарыс, Сұлтансүлеймен, Таңжарық, Тағдыр, Тоганас, Тұңғышәли, Үгедей, Ыбырайымсұлтан* (Ыбраһмсұлтан), *Эдуард, Ясауи*. Берілген есімдер арасында 2000 жылы екі немесе үш есім сөзден жасалған есім беру үрдісінің бастау алғандығы айқындалды.

Тілдік қатысымдылығы. 2000 жылы ер антропонимдерінің жалпы саны – 644. Олардың тілдік қатысымдылығы антропонимиялық сөздіктер негізінде анықталды.



Сурет 5 – 2000 жыл ер антропонимдері тілдік қатысымдылығы

Кестеде көрсетілгендей, саны жағынан гибриді есімдер – 30,59 %-бен басымдық көрсетті.

Екінші сатыда қазақ (түркі тілдері) тіліндегі есімдер – 28,73 %-ды құраса, келесі сатыда араб тілінен енген есімдер – 28,26 %-ды құрады.

Өзге шет тілдерінен енген есімдердің сандық және пайыздық көрсеткіші төмендегідей: к. евр. – 11 (*Иса, Исмаил, Мұса*, т.б. – 1,71%), монғ. – 6 (*Алтай, Ноян, Сатай*, т.б. – 0,93 %), герм. – 5 (*Эрик, Эдуард, Оскар*, т.б. – 0,78 %), слав. – 5 (*Ратмир* – 0,78 %), гр. – 4 (*Александр, Арсен, Денис, Кирилл* – 0,62 %), лат. –

2 (Алан, Амадей – 0,31 %), кельт – 1 (Артур – 0,15 %), фр. – 1 (Марат – 0,15 %), исп. – 1 (Дияс – 0,15 %), к. егип. – 1 (Рамзес – 0,15 %).

Әйел антропонимиясы. 2000 жылғы деректерге сәйкес әйел аты-жөнінің рәсімделуінде – 7 нұсқа болды:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – Бектасова Мадина Ержановна (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) орыс тілі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – Бакмолдиева Айдана Тореканқызы (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына қызы тіркеліп жазылған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – Құсайын Аяулым Жуматқызы (тегі аффикссіз + есімі + -қызы), тегі аффикссіз жасалып, әке атына қызы бірге жазылған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – Сарсенбек Амелия Наримановна (тегі аффикссіз + есімі + -евна/-евна), тегі аффикссіз жасалып, әке атына -овна/-евна аффикстері жалғанып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі, әкесі (ТЕ) – Сарсенбаева Асель (-ова/-ева/-ина + есімі), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі (ТЕ) – Есенбек Бағнұр (тегі аффикссіз + есімі), тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі аты-жөні;

7) әкесі, есімі (ӘЕ) – Нағибуллақызы Аяжан (-қызы + есімі), әке атына қызы жалғанған екі мүшелі аты-жөні;

2000 жылғы құжаттардағы деректерді сандық есептеу тәсілі бойынша талдау нәтижесінде анықталған әйел аты-жөнінің рәсімделу нұсқаларының сандық және пайыздық көрсеткіші кестеде (кесте 14) берілді.

Кесте 14 – 2000 жыл әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел аты-жөні нұсқалары (2000 ж.) | Саны | Пайыздық көрсеткіші (%) |
|---|---|------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/евна) | 1017 | 30,38 % |
| 2 | ТЕӘ ((-ова/-ева /-ина + есімі + -қызы) | 1244 | 37,16 % |
| 3 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) | 846 | 25,27 % |
| 4 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -овна) | 4 | 0,12 % |
| 5 | ТЕ (-ова/-ева/-ина + есімі) | 34 | 1,01 % |
| 6 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 26 | 0,78 % |
| 7 | ӘЕ (-қызы + есімі) | 177 | 5,29 % |
| | | | Барлығы: 3348 |

Әйел аты-жөні нұсқалары арасында саны жағынан ТЕӘ (-ова/-ева /-ина + есімі + -қызы) – 37,16 %-ды құрап, ең жоғары пайыздық көрсеткішке ие болды. Бұл нұсқада тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалса, әке атына -овна/-евна орнына қызы бірге жазылған.

Келесі орында орыс тіліндегі үш мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөні нұсқасы (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) – 30,38 %. Одан кейінгі сатыда ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) аты-жөні нұсқасы – 25,27 %-ды құрады. Ең аз колданыста – 0,12 % пайызбен тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі -овна/-евна аффикстері жалғанған аты-жөні нұсқасы.

Жиі таңдалған әйел есімдері. 2000 жылы ең жиі таңдалған 10 әйел есімі кестеде (кесте 15) берілді.

2000 жылы ең жиі таңдалған әйел есімдері: *Аружан* – 162 рет, *Диана* – 96 рет, *Әнел* – 73 рет, *Дана* – 69 рет, *Мәдина* – 68 рет. Аталған жылы жиі қойылған есімдер арасында 1990 жылы жиі таңдалған есімдер бойынша ондыққа енген *Мәдина*, *Әйгерім*, *Әсел* есімдері де кездеседі.

Келесі әйел антропонимдерінің ресми құжаттарда рәсімделуі бойынша бірнеше нұсқасы айқындалды: *Кәмила* есімінің – 7 (Камила, Камилла, Камиля, Кәмиля, Кәмила, Камелия), *Әнел* есімінің – 5 (Анель, Анеля, Анелия, Анэлия), *Әйгерім* есімінің – 4 (Айгерим, Айгерім, Айгерым), *Диана* есімінің – 4 (Дияна, Дайана, Даяна) нұсқасы. Сәби аты-жөнінің рәсімделуі кезінде ата-анаға еркіндік берілетін болғандықтан есімнің жазылуында көп нұсқалылыққа жол беріледі, бұл қазақ антропонимиясында шешілуге тиісті маңызды мәселе болып табылады.

Кесте 15 – 2000 жылы жиі таңдалған әйел антропонимдері

| № | Әйел есімдері (2000 ж.) | Саны |
|----|-------------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Аружан | 162 |
| 2 | Диана | 96 |
| 3 | Әнел | 73 |
| 4 | Дана | 69 |
| 5 | Мәдина | 68 |
| 6 | Кәмила | 67 |
| 7 | Әйгерім | 66 |
| 8 | Айдана | 65 |
| 9 | Әсел | 53 |
| 10 | Алина | 50 |

2000 жылы жиі таңдалған әйел есімдерінің (1990 жылмен сәйкес келмейтін) шығу тегі, жасалу жолдары, білдіретін мән-мағынасы төмендегідей:

Аружан, қаз. *ару* – сұлу, көркем + ир. *жан* [136, 142, 138 б.];

Диана, лат. – пәктік пен ай құдайының атауы [136, 151 б.];

Әнел (Анелия, Анель), к. евр. – Анна есімінің нұсқасы [166, с. 256.];

Дана, ир. – білгір, данышпан [136, 151 б.];

Кәмила, ар. – 1) мүлтіксіз, кемел, жетістік, тұтас; 2) Жетілген, ержеткен; 3) рас, ақиқат, шын; 4) гүлдің бір түрі, шайшөп (камелия) [128, 112-113 б.];

Айдана, қаз. *ай* + тәж. *дана* – білгір, данышпан, ғалым [136, 138 б.];

Алина, ар. 1) ар. сенімді, мүлтіксіз, қауіпсіз; 2) к. герм. асыл, ізгі, игілікті [128, 25 б.].

Сирек әйел есімдері. 2000 жылы сирек берілген әйел антропонимдеріне: *Аделина, Ақберен, Ақжелең, Ақжүзік, Ақұла, Алсу, Амели, Ангель, Арнела, Арулана, Арманда, Атина, Аэлига, Бәдинұр, Ванесса, Вильдана, Далида, Данина, Дания, Даниса, Елсияра, Жизель, Каролина, Киара, Құран, Ламира, Лария, Лилия, Люция, Низатель, Николь, Нұршаи, Орли, Ребекка, Розанна, Руслана, Тамруз, Томирисясмин, Фарангис, Фатимасофия, Фахринұр, Хайырниса (Хайриниса), Хива, Инжуару, Элизара, Элина, Эльфа, Эмма, Юлиана* есімдері жатады.

Ата-аналар тарапынан таңдалған сирек әйел есімдеріне бұрын қолданыста болмаған жалпы есім сөзден, екі есімнен бірігіп жасалған есімдер, араб тілінен енген есімдер, батыстық үлгідегі есімдер кіреді.

Тілдік қатысымдылығы. 2000 жылғы деректерге сәйкес жалпы саны – 469. Әйел есімдерінің тілдік қатысымдылығы айқындалды. Олардың сандық және пайыздық көрсеткіштері суретте (сурет 6) берілді.



Сурет 6 – 2000 жыл әйел есімдері тілдік қатысымдылығы

2000 жыл әйел антропонимиясында саны жағынан ең жоғары көрсетішті – 28,99 %-бен қазақ (түркі тілдерінен) тіліндегі әйел есімдері құрады. Екінші сатыда араб тілінен енген әйел есімдері – 23,88 %-ды құрады. Келесі сатыда гибридті есімдер – 18,12 %-ды қамтыды.

Кестеде берілгендей, өзге шет тілдерінен енген әйел есімдерінің сандық және пайыздық көрсеткіші: лат. – 27 (*Виктория, Диана, Юлия*, – 5,76 %), к. евр. – 14 (*Ева, Мария, Ребекка*, т.б. – 2,99 %), слав. – 13 (*Светлана, Славяна, Любовь*, т.б. – 2,77 %), гр. – 11 (*Александра, Николь, Софья*, т.б. – 2,35 %), к. герм. – 3 (*Аделина, Эльфа, Эмма* – 0,64 %), исп. – 3 (*Ассоль, Альмира, Эльвира* – 0,64 %), фр. – 2 (*Жизель, Низатель* – 0,43 %), үнді – 1 (*Индира* – 0,21 %).

Аралас некеде дүнеге келген сәби есімдері. Балаға есім таңдауда ата-анасының ұлты да белгілі бір мөлшерде ықпалын тигізетіндігі байқалды. Мәселен, әкесі қазақ, анасы өзге ұлт өкілінен құрылған отбасында туылған

сәбилерге қойылған шет тіліндегі есімдер ерекше назар аудартты. Аралас некеде дүниеге келген 28 сәбидің (10 ұл бала, 8 қыз бала), яғни балалардың 0,47 %-ның есімдері анасының ұлттық тілінде немесе басқа шет тілінде қойылған. Мысалы: *Сарсембаев Александр Биғайдарович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Утебалиев Эдуард Едилович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Қайратов Кирилл Қайратович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Баймуханов Амадей Алиаскарович* (әкесі – қазақ, анасы – орыс); *Ходжаева Лия Ануарбековна* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Ботамбекова Анастасия Сакеновна* (әкесі – қазақ, анасы – орыс), *Дукенбаева Анна Булатовна* (әкесі – қазақ, анасы – орыс). Олардың аты-жөні орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, орыс тілінің орфографиясына сәйкес рәсімделген.

Ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөнін өзгертуі. Президент Жарлығына байланысты 2000 жылы дүниеге келген азаматтардың 0,47 %-ы (28 азамат – 11 ұл бала, 7 қыз бала) ұлттық дәстүрге сәйкес аты-жөнін өзгерткендігі анықталды. Өзгертілген аты-жөнінде кісі тегін қолдануда бірізділік жоқ екендігі айқындалды: бірі атасының атын, екіншісі әкесінің атын, енді біреулері бабасының атын тегі ретінде қолданған. Кейбірі екі мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес, енді біреулері үш мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөні нұсқасын қолданған.

Аты-жөнін өзгерту кезінде қазақ азаматтары үшін аты-жөнінің нұсқасы ретінде ұсынылған, яғни тегі аффикссіз, әке атына ұлы сөзінің жалғануы арқылы жасалған нұсқасын таңдаған: *Тезеков Жәнібек Ерболұлы – Ерболұлы Жәнібек*, *Айтбай Адиль Нуржанұлы – Айтбай Әділ Нұржанұлы*, *Бекқожаев Маргелан Рашидович – Бекқожа Марғұлан Рашидұлы*, *Нурлан Шыңғысхан Айдосулы – Нұрлан Шыңғысхан*; *Қайратова Мерейлім Қайратовна – Қайрат Мерейлім*, *Абдрахманова Дана Дархановна – Дархан Дана*, *Джумағалиева Айғаным Еркенқызы – Еркенқызы Айғаным*.

Құжаттардың рәсімделуі кезінде ер аты-жөнінің – 9 нұсқасы, әйел аты-жөнінің – 7 нұсқасы қолданылған. Антропонимдердің тілдік қатысымдылығын айқындау нәтижесінде қазақ тіліндегі есімдер саны артқандығы анықталды. Дегенмен, қазақ антропонимиялық қорында шел тілдерден енген есімдер саны да ұлғая түскен.

2017 жыл білім гранты иегерлері материалы негізінде кісі есімдері мен тектері құрамы. Қазақстан Республикасының барлық аймақтары бойынша тілдік материал ретінде 2017 жылғы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған білім гранты иегерлерінің тізімі алынды. Аталған жылдағы мектеп түлектері шамамен 1999-2000 жылы дүниеге келгендігін ескерсек, олардың аты-жөндері жаңа ғасырдағы қазақ антропонимдерінің ерекшеліктерін айқындауға септігін тигізеді деген пікірдеміз. Деректер бойынша жалпы саны – 28250 аты-жөні жинақталып талдау жасалынды. Оның 10860-ы – ер антропонимдері болса, 17390-ы – әйел антропонимдері болды.

Ер антропонимиясы. Зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстанның барлық аймақтары бойынша ер аты-жөнінің рәсімделуінде 8 нұсқа кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Оспанов Ерасыл Қайратович* (-ов/-ев/-ин + есімі + -евич/-ович), орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Қажыкенов Ерсұлтан Алтайұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *ұлы* сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Әбілтан Еркебұлан Пернебекұлы* (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы), тегі аффикссіз жасалып, әке атына *ұлы* сөзі бірге қосылып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Балуанияз Алмас Абатович* (тегі аффикссіз + есімі + -евич/-ович) тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі -евич/-ович аффикстері жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Абдул Башир Халим*, тегі аффикссіз + есімі + -ұлы), тегі мен әке аты аффикссіз жасалған үш мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі (ТЕ) – *Абаев Диас* (-ов/-ев/-ин + есімі) тегі орыс тіліндегі аффикс арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

7) тегі, есімі (ТЕ) – *Сәрсенбек Қастер* (тегі аффикссіз + есімі) тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі аты-жөні;

8) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Нұрғазыұлы Нұрсейіт* (-ұлы + есімі), әке атына *ұлы* сөзі жалғанып жасалған екі мүшелі аты-жөні;

Ер аты-жөні нұсқаларының пайыздық және сандық үлесі кестеде (кесте 16) берілді.

Кесте 16 – 2017 жылғы білім гранты иегерлері арасында ер аты-жөні нұсқалары

| № | Ер аты-жөні нұсқалары (2017 ж. білім гранты иегерлері) | Саны | Пайыздық көрсеткіші % |
|---|---|------|-----------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ов/-ев /-ин + есімі + -ович/евич) | 2268 | 20,88 % |
| 2 | ТЕӘ (-ов/-ев /-ин + есімі + -ұлы) | 3415 | 31,45 % |
| 3 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) | 4436 | 40,85 % |
| 4 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ович/евич) | 5 | 0,05 % |
| 5 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + әке аты) | 1 | 0,092 % |
| 6 | ТЕ (-ов/-ев /-ин + есімі) | 41 | 0,38% |
| 7 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 430 | 3,96% |
| 8 | ӘЕ (-ұлы + есімі) | 264 | 2,43% |
| | | | Барлығы: 10860 |

Ер аты-жөні нұсқалары арасында ең көп қолданыс тапқан ұлты қазақ азаматтар үшін аты-жөнінің ұлттық нұсқасы ретінде ұсынылған «тегі, есімі, әкесі» нұсқасы – 40,85 %-ды құрады. Рәсімделуі бойынша екінші сатыда 31,45 %-дық көрсеткішпен – ТЕӘ (-ов/-ев /-ин + есімі + -ұлы) аты-жөні нұсқасы болған. Үшінші сатыда ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні нұсқасы – 20,88 %.

Жиі таңдалған ер есімдері. 2017 жылғы білім гранты иегерлері арасында ең жиі таңдалған 10 ер есімі кестеде (кесте 17) берілді.

Кесте 17 – 2017 жыл білім гранты иегерлері арасында жиі таңдалған ер есімдері

| № | Ер есімдері (2017 ж. білім гранты иегерлері) | Саны |
|----|--|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Әлішер | 167 |
| 2 | Әділет | 144 |
| 3 | Азамат | 142 |
| 4 | Данияр | 136 |
| 5 | Темірлан, Тимур | 132 |
| 6 | Диас | 130 |
| 7 | Нұрсұлтан | 126 |
| 8 | Нұржан | 105 |
| 9 | Нұрдәулет | 103 |
| 10 | Еркебұлан | 100 |

Қазақстанның барлық аймақтары бойынша ең жиі таңдалған ер есімдері: *Әлішер* – 167 рет, *Әділет* – 144 рет, *Азамат* – 142 рет, *Данияр* – 136 рет, *Темірлан* (Тимур) – 132 рет кездесті. Жиі таңдалған он есім арасында *нұр* антропокомпоненті арқылы жасалған *Нұрсұлтан*, *Нұржан*, *Нұрдәулет* есімдері назар аудартады. Қазақстанның барлық аймақтары бойынша таңдаулы есімдер арасында *Нұрсұлтан* есімінің уәжі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың құрметіне берілуімен түсіндіріледі.

2017 жылы ҚР білім гранты иегерлері арасында жиі қойылған ер есімдерінің (2000 жылы Алматы қаласы бойынша жиі берілген есімдермен сәйкес келмейтін) шығу тегі, жасалу жолдары мен мән-мағынасы төмендегідей:

Әділет, ар. *гадил* – әділдік, шыншылдық, ақиқаттық [136, 31 б.].

Нұрсұлтан, ар. – әрлі, нұрлы сұлтан [136, 103 б.];

Нұржан, ар. *нұр* + ир. *жан*, яғни жан біткеннің нұрлысы, әдемісі, көріктісі [136, 101-102 бб.];

Нұрдәулет, ар. *нұр* + *дәулет*; яғни байлығы, дәулеті, сәулеті жарасқан [136, 101 б.];

Еркебұлан, қаз. – бір үйдің әлпештеген аяулысы, ерке тотайы [136, 63 б.].

Осы тұрғыда Қазақстанның барлық аймақтары мен Алматы қаласы деректері негізінде 2000 жылы жиі қойылған ер антропонимдері бойынша бес есімнің сәйкес келгендігін атап өтуге болады (кесте 18). Аталған 5 антропонимге: *Әлішер*, *Азамат*, *Данияр*, *Темірлан*, *Диас* есімдері жатады.

Кесте 18 – 2000 жылы Қазақстан аймақтары және Алматы қаласы бойынша жиі таңдалған ер есімдері

| № | Ер есімдері (2017 ж. білім | Ер есімдері (2000 ж. Алматы қаласы) |
|---|----------------------------|-------------------------------------|
|---|----------------------------|-------------------------------------|

| | гранты иегерлері) | |
|----|-------------------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Әлішер | Темірлан, Тимур |
| 2 | Әділет | Әлішер |
| 3 | Азамат | Санжар |
| 4 | Данияр | Данияр |
| 5 | Темірлан | Арман |
| 6 | Диас | Диас |
| 7 | Нұрсұлтан | Ілияс |
| 8 | Нұржан | Азамат |
| 9 | Нұрдәулет | Дінмұхамбет |
| 10 | Еркебұлан | Дәулет |

Кестеде көрсетілгендей, *Данияр* және *Диас* есімдері Қазақстанның барлық аймақтарында және Алматы қаласы бойынша жиі таңдалған есімдер арасында бірдей орындарда орналасуы назарды аудартады.

Сирек ер есімдері. Қазақстан аймақтары бойынша келесі сирек таңдалған ер есімдері анықталды: *Ақсауыт, Астана, Аязби, Әбиірбек, Белес, Бірлік, Ғаламат, Ғасыржан, Ғұмырбек, Дидахмет, Жанмарал, Жансырым, Жанымхан, Жәйберген, Қастер, Қолжігіт, Қосжан, Қосдәулет, Майқыби, Мәртебе, Молшылық, Мыңжан, Ниет, Нөсер, Сүннәтіллә, Тулаған, Түлек, Өжет, Өзтүрік, Өткір, Ұланғайыр, Хазіретәлі, Харунрашид, Шешен, Ынтымақ.* Аталған сирек есімдер арасында *Ғасыржан* антропонимі нәрестенің жаңа ғасырда туылғаны жайлы нақты мәлімет береді. Сонымен бірге *Майқыби, Өзтүрік* сынды құрмет есімдері де ерекше назар аудартады.

Тілдік қатысымдылығы. 2017 жылғы білім гранты иегерлері арасында ер антропонимдерінің жалпы саны – 1235. Ұлттық тіліміздегі және өзге тілдерден енген есімдердің пайыздық үлесін анықтау мақсатында тілдік қатысымдылығы айқындалды. Талдау нәтижесі төменде суретте (сурет 7) берілді.

Суретте көрсетілгендей, саны жағынан қазақ тіліндегі есімдер – 42,27 %-бен басымдық көрсетті.

Екінші сатыда гибридті есімдер – 26,23 %-ды құраса, келесі сатыда араб тілінен енген есімдер – 24,70 %-ды құрады.

Өзге шет тілдерден енген есімдердің сандық және пайыздық көрсеткіші төмендегідей: евр. – 13 (*Адам, Дәуіт, Жақып*, т.б. – 1,05 %), герм. – 6 (*Бернард, Рауль, Эдуард*, т.б. – 0,49 %), слав. – 6 (*Богдан, Радмир* – 0,49 %), монғ. – 5 (*Алтай, Жамбыл, Құралбек*, т.б. – 0,40 %), лат. – 4 (*Алан, Армат, Марс, Марсель* – 0,32 %), гр. – 2 (*Арсен, Денис* – 0,16 %), фр. – 1 (*Марат* – 0,08 %), кельт – 1 (*Артур* – 0,08 %), исп. – 1 (*Диас* – 0,08 %).



Сурет 7 – 2017 жылғы білім гранты иегерлері бойынша ер антропонимдерінің тілдік қатысымдылығы

Әйел антропонимиясы. 2017 жылғы грант иегерлерінің (ұлты қазақ азаматтардың) аты-жөндерін саралау нәтижесінде 7 түрлі әйел аты-жөні нұсқасы кездесті. Олардың сандық және пайыздық көрсеткіші кестеде (кесте 19) берілді.

Қазақстанның барлық аймақтары бойынша білім гранты иегерлері материалы негізінде анықталған әйел аты-жөні нұсқалары төмендегідей:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Бектасова Мадина Ержановна* (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) орыс тілі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Ермекбаева Аружан Фаниқызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *қызы* тіркеліп жазылған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Кеңесбек Ақпейіл Абзалқызы* (тегі аффикссіз + есімі + -қызы), тегі аффикссіз жасалып, әке атына *қызы* сөзі бірге жазылған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Тогызбай Элизабетти Калихановна* (тегі аффикссіз + есімі + -евна/-евна), тегі аффикссіз жасалып, әке атына -овна/-евна аффикстері жалғанып жазылған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі, әкесі (ТЕ) – *Ақтаева Сая* (-ова/-ева/-ина + есімі), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі (ТЕ) – *Қуаныш Инжу* (тегі аффикссіз + есімі), тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі аты-жөні;

7) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Нұржігітқызы Айжанар* (-қызы + есімі), әке атына *қызы* жалғанған екі мүшелі аты-жөні;

Сонымен 2017 жыл білім гранты иегерлері бойынша әйел аты-жөнінің рәсімделу нұсқалары кестеде (кесте 19) берілді.

Әйел аты-жөні нұсқалары бойынша саны жағынан ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) аты-жөні нұсқасы – 40,11 % -ды құрап, ең жоғары пайыздық көрсеткішке ие болды.

Келесі орында ТЕӨ ((-ова/-ева /-ина + есімі + -қызы) аты-жөні нұсқасы – 34,68 %-ды құрады. Бұл нұсқада тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалса, әке атымен *қызы* сөзі бірге жазылған.

Одан кейінгі сатыда орыс тіліндегі үш мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөні нұсқасы (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) – 18,11 %-ды құрады.

Кесте 19 – 2017 жыл білім гранты иегерлері бойынша әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел аты-жөні нұсқалары (2017 ж. білім гранты иегерлері) | Саны | Пайыздық көрсеткіші (%) |
|---|--|------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӨ (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/евна) | 3150 | 18,11 % |
| 2 | ТЕӨ ((-ова/-ева /-ина + есімі + -қызы) | 6205 | 35,68 % |
| 3 | ТЕӨ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) | 6975 | 40,11 % |
| 4 | ТЕӨ (тегі аффикссіз + есімі + -овна) | 4 | 0,02 % |
| 5 | ТЕ (-ова/-ева/-ина + есімі) | 22 | 0,13 % |
| 6 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 391 | 2,25 % |
| 7 | ӨЕ (-қызы + есімі) | 643 | 3,70 % |
| | | | Барлығы: 17390 |

Ең аз колданыста – 0,02 % пайызбен тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі *-овна/-евна* аффикстері жалғанған аты-жөні нұсқасы.

Жиі таңдалған әйел есімдері. 2017 жылғы білім гранты иегерлері бойынша ең жиі таңдалған 10 әйел есімі кестеде (кесте 20) берілді.

Кесте 20 – 2017 ж. білім гранты иегерлері бойынша жиі таңдалған әйел есімдері

| № | Әйел есімдері (2017 жылғы білім гранты иегерлері) | Саны |
|----|---|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Аружан | 606 |
| 2 | Айдана | 451 |
| 3 | Әйгерім | 433 |
| 4 | Мәдина | 391 |
| 5 | Диана | 337 |
| 6 | Әсел | 329 |
| 7 | Арайлым | 324 |
| 8 | Ақерке | 232 |
| 9 | Назерке | 231 |
| 10 | Әсем | 217 |

2017 жылы ҚР білім гранты иегерлері бойынша жиі қойылған әйел есімдерінің (2000 жылы Алматы қаласы бойынша жиі берілген есімдермен сәйкес келмейтін) шығу тегі, жасалу жолдары мен мән-мағынасы төмендегідей:

Арайлым, қаз. *ару* – сұлу, көркем + ир. *жан* [136, 138 б.];

Ақерке, қаз. – қылықты, пәк сезімді сұлу [136, 149 б., 152 б.];

Назерке, ир., қаз. – ир. *ноз* – еркелік, наздық + қаз. *ерке* – айтқанын істететін шолжың, еркін [136, 149 б., 152 б.];

Әсем, қаз. – сән, көрік, әдемі [136, 144 б.].

Сонымен Қазақстан бойынша 2017 жылғы білім гранты иегерлері бойынша ең жиі таңдалған әйел есімдері төмендегідей: *Аружан* – 606 рет, *Айдана* – 451 рет, *Әйгерім* – 433 рет, *Мәдина* – 391 рет кездесті.

Жинақталған материалды талдау барысында белгілі болғандай әйел антропонимдері бірнеше нұсқада жазылған. Мысалы, *Мәдина* есімінің – 6 (Мадина, Медина, Медиана, Мәдйнә, Мадиням), *Әйгерім* есімінің – 8 (Айгерим, Айгерім, Айгерм, Айгерем, Айгерима, Айкерім, Әйкерім), *Әсел* есімінің – 5 (Асел, Асель, Аселья, Аселия) нұсқасы кездеседі.

Сирек әйел есімдері. Қазақстанның барлық аймақтары бойынша сирек берілген есімдер: *Айғақ, Айжүз, Айсаяр, Айсүйген, Айтулым, Ақбалғын, Ақжайнақ, Ақиық, Ақкүн, Ақмұнар, Ақнәрлі, Ақперне, Ақтұрсын, Аманғайша, Америке, Балмекен, Бүлдірген, Гүлмамыр, Ғайыпгүл, Ғибадат, Ділмира, Зейлімарал, Кермеқас, Көктемгүл, Көрікті, Қайырлы, Қолқанат, Мәртебе, Мейрамнұр, Миллениум, Момынай, Намаз, Нұрбейне, Оралсын, Өміргүл, Өскенгүл, Пида, Сыйлыгүл, Таңсу, Тәттігүл, Тәттізат, Теңгеш, Тоғай, Үлбір, Шамшырақ.* Сирек таңдалған есімдер арасында *Миллениум* (лат. millenium – мыңжылдық) есімі ерекше назар аудартады. Аталған есім сәбидің жаңа ғасырда, 2000 жылы дүниеге келгендігі жайлы ақпарат береді.

Алматы қаласы бойынша 2000 жылы жиі қойылған әйел есімдерімен сәйкес келетін бес есімнің анықталғанын атап өтуге болады (кесте 21).


Кесте 21 – 2000 жылы Қазақстан аймақтары және Алматы қаласы бойынша жиі қойылған әйел есімдері

| № | Әйел есімдері (2017 ж. білім гранты иегерлері) | Әйел есімдері (2000 ж. Алматы қаласы) |
|----|--|---------------------------------------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Аружан | Аружан |
| 2 | Айдана | Диана |
| 3 | Әйгерім | Әнел |
| 4 | Мәдина | Дана |
| 5 | Диана | Мәдина |
| 6 | Әсел | Кәмила |
| 7 | Арайлым | Әйгерім |
| 8 | Ақерке | Айдана |
| 9 | Назерке | Әсел |
| 10 | Әсем | Алина |

Қазақстанның барлық аймақтары бойынша білім гранты иегерлері (2000 жылы дүниеге келген) мен Алматы қаласы бойынша 2000 жылы жиі таңдалған әйел есімдерін салыстыру нәтижесінде 6 есімнің (*Аружан, Айдана, Әйгерім, Диана, Әсел*) сәйкес келгендігін атап өтуге болады.

Сонымен қатар әйел есімдері ішінде *Аружан* есімінің Қазақстанның барлық аймақтарында және Алматы қаласы бойынша жиі таңдалған есімдер арасында бірінші орында екендігін атап өтуге болады.

Тілдік қатысымдылығы. 2017 жылғы білім гранты иегерлері бойынша әйел антропонимдерінің жалпы саны – 1116. Ұлттық тіліміздегі және өзге тілдерден енген есімдердің тілдік қатысымдылығы анықталды (сурет 8) берілді.



Сурет 8 – 2017 жылғы білім гранты иегерлері арасында әйел есімдері тілдік қатысымдылығы

Әйел антропонимиясында саны жағынан ең жоғары көрсетішпен қазақ (түркі тілдерінен) тіліндегі есімдер – 39,25% пайызбен басым болды.

Екінші сатыда гибридті есімдер – 23,65%-ды құрады. Келесі сатыда араб тілінен енген есімдер – 16,49%-ды қамтыды.

Өзге шет тілдерден енген әйел есімдерінің сандық және пайыздық үлесі: лат. – 28 (*Альбина, Августина, Венера*, – 2,51 %), к. евр. – 22 (*Айса, Лилия, Мария*, т.б. – 1,97 %), слав. – 13 (*Бәтес, Надежда, Славяна*, т.б. – 2,77 %), гр. – 13 (*Анжелика, Маргарита, Софья*, т.б. – 1,16 %), к. герм. – 8 (*Аделина, Алиса, Берна*, т.б. – 0,72 %), ағыл. – 3 (*Жастина, Тейли, Хамер* – 0,27 %), хинди – 2 (*Индира, Санжана* – 0,18 %), исп. – 1 (*Эльвира* – 0,09 %), сканд. – 1 (*Ольга* – 0,09 %).

Жалпы 2017 жылғы ҚР білім гранты иегерлері тізіміндегі ер және әйел антропонимдерін талдау барысында ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған нұсқалар қатарында кездеспейтін тегі мен әке аты аффикссіз жасалған (*Абдул Башир Хаһим*) аты-жөні нұсқасы кездесті. Бұл өз кезегінде бала аты-жөнін рәсімдеуде ата-анаға еркіндік берудің көрінісі болып саналады.

Берілген тізімге сәйкес рәсімделуі бойынша ер аты-жөнінің 8 нұсқасы, әйел аты-жөнінің 7 нұсқасы қолданылған. Стратиграфиялық талдау нәтижесі көрсеткендей, қазақ тіліндегі есімдер саны жағынан басымдыққа ие болып

табылады. Қазақ антропонимиялық қоры жыл сайын өзге шет тілдерден енген есімдермен толығу үстінде екендігін де атап өтуге болады.

3.1.3 2010, 2018 жылдардағы кісі есімдері мен тектері құрамы

2010 жылғы деректер бойынша кісі есімдері мен тектері құрамы. 2010 жылы Алматы қаласында Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандары бойынша жалпы саны – 9093 аты-жөні жинақталып қарастарылды. Оның 4570-і – ер аты-жөні болса, 4523-і – әйел аты-жөні болды.

Ер антропонимиясы. Жинақталған тілдік материалды саралау нәтижесінде ер аты-жөнінің рәсімделуі кезінде 7 түрлі нұсқа кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Даркембаев Ералы Ердосович* (-ов/-ев/-ин + есімі + -евич/-ович) орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Омаров Ернияз Жомартұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына ұлы жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Таңатар Батырхан Бауыржанұлы* (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) тегі аффикссіз жасалып, әке атына ұлы жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Омар Дарын Медетович* (тегі аффикссіз + есімі + -евич/-ович) тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі -евич/-ович аффикстері жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі (ТЕ) – *Қабылбаев Аян* (-ов/-ев/-ин + есімі) тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі (ТЕ) – *Таңжарық Алихан* (тегі аффикссіз + есімі) тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі аты-жөні;

7) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Ғалымұлы Мадияр* (-ұлы + есімі), әке атына -ұлы сөзі жалғанып жасалған екі мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөні;

2010 жылғы ер аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық үлесі кестеде (кесте 22) көрсетілді.

Кесте 22 – 2010 жыл ер аты-жөні нұсқалары

| № | Ер аты-жөні нұсқалары (2010 ж) | Саны | Пайыздық көрсеткіш (%) |
|---|--|------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) | 861 | 18,84 % |
| 2 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы) | 387 | 8,47 % |
| 3 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) | 2861 | 62,60 % |
| 4 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ович/-евич) | 3 | 0,07 % |
| 5 | ТЕ (-ов/-ев/-ин + есімі) | 72 | 1,58 % |
| 6 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 82 | 1,79 % |
| 7 | ӘЕ (-ұлы + есімі) | 304 | 6,65 % |
| | | | Барлығы: 4570 |

2010 жылы тіркелген ер аты-жөні нұсқалары арасында саны жағынан ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) – 67,13 %-ды құрап, басымдыққа ие болды.

Екінші сатыда орыс тілі аффикстерімен жасалған ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) аты-жөні нұсқасы – 18,84 %-ды құрады. Келесі сатыда 8,47 %-бен – тегіне -ов,-ев,-ин аффикстері жалғанған, ал әке атына ұлы сөзі қосылып жазылған ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы) аты-жөні нұсқасы болды.

Жиі таңдалған ер есімдері. 2010 жылғы деректер бойынша Алматы қаласы бойынша ер антропонимдері саны – 632 болды. Оның ішінде ең жиі таңдалған 10 ер есімінің тізімі кестеде (кесте 23) берілді.

Кесте 23 – 2010 жылы жиі таңдалған ер есімдері

| № | Ер есімдері | Саны |
|----|-----------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Әлихан | 121 |
| 2 | Ерасыл | 110 |
| 3 | Мирас | 92 |
| 4 | Әли | 90 |
| 5 | Бейбарыс | 82 |
| 6 | Темірлан, Тимур | 81 |
| 7 | Дінмұхамбет | 80 |
| 8 | Нұралы | 79 |
| 9 | Диас | 78 |
| 10 | Әмір | 76 |

Кестеде көрсетілгендей, 2010 жылы ең жиі қойылған ер есімдері: *Әлихан* – 121 рет, *Ерасыл* – 110 рет, *Мирас* – 92 рет, *Әли* – 90 рет. Тізімдегі *Темірлан*, *Диас*, *Дінмұхамбет* есімдері 2000 жылы жиі таңдалған есімдер қатарында екенін атап өтуге болады. Келесі ер есімдері ресми құжаттарда бірнеше нұсқада жазылып рәсімделген: *Нұралы* (Нұрали, Нұрәли, Нұрәлі, Нұрәлім), *Темірлан* (Темерлан, Темирлан, Тамерлан), *Әли* (Әлі, Али), т.б.

2010 жылғы деректерге сәйкес жиі қойылған ер есімдерінің (2000 жылмен сәйкес келмейтін) шығу тегі мен білдіретін мағынасына тоқталып өтейік:

Әлихан, ар. – *ғали* + қаз. *хан* [128, 297 б.];

Ерасыл, қаз. – аса аяулы, нағыз батыр [136, 61 б.];

Мирас, ар. – мұра, артта қалатын көз, тұяқ [136, 94 б.];

Әли, ар. *ғали* – биік, аса зор, заңғар [136, 33 б.];

Бейбарыс, к. т. – түркі тектес мәмлүктер арасынан шыққан, Мысырды билеген сұлтан, ортағасырлық мысырдың аса ірі әскери және мемлекет қайраткері Байбарыс, Бибарыс (1271/18, Қазақ даласы – 1277, Дамаск) [128, 54 б.];

Нұрәли, ар. – араб тілінде нұр дегеніміз жарық сәуле. Әлидің нұры яки Әлидің жарығы [136, 100-101 бб.];


Әмір, ар. – 1) әкім, бастық; 2) нұсқау [136, 33 б.]; 2010 жылы жиі таңдалған ер антропонимдері арасында *Әлихан* (Бөкейханов), *Ерасыл* (Қабанбай батырдың шын есімі), *Бейбарыс* (сұлтан), Темірлан (Әмір Темір) сынды құрмет есімдерінің уәжі тарихи тұлғалар мен ұлт зиялыларын ұлықтаумен түсіндіріледі.

Сирек ер есімдері. 2010 жылы сирек қойылған ер есімдері төмендегідей: *Абдуалиф, Абдуллатиф, Ағыл, Адлен, Айбұлан, Айса, Айсері, Ақылтас, Аланқожжа, Алғыс, Ардатай, Армиль, Әлхамидулла, Әмірзада, Байел, Бельгер, Біләлражәби, Дінәли, Жанәлихан, Қайырлы, Қуанәділ, Мәдизеинуайс, Мұхаммедәлішер, Мұхаммедясин, Нұрбарыс, Нұрмұхаммедәли, Нұрсүлеймен, Өмірсұлтан, Сауат, Саммит (Саммитхан), Сеңгір, Тағырат, Таумұрат, Хабибрахман, Хайдармырза, Хандияр, Хансұлтан, Шынаәли, Эдуард, Эрнест.*

Сирек ер есімдерінің басым көпшілігі араб екі немесе үш есім сөзден жасалған күрделі есімдер және қазақ тілінде жалпы есім сөзден жасалған антропонимдер болып келеді.

Берілген есімдер ішінде құрмет есімдеріне *Бельгер* есімін, яғни Қазақстанның халық жазушысы, сыншы, аудармашы, публицист, әдебиет зерттеушісі және қоғам қайраткері, ҚР Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты Герольд Карлович Бельгердің (тегінің) құрметіне берілген есімді жатқызуға болады. Сонымен қатар *Нұрсамит, Самит, Саммитхан* – 2010 жылы Астана қаласында өткізілген Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы саммитінің құрметіне арналып қойылған. Заманауи қазақ антропонимдерінде бастапқы екі әріптің орнын ауыстыру нәтижесінде кейпі өзгерген есімдер кездеседі. Мысалы: *Армиль* – араб тіліндегі *Рамиль* есіміндегі алғашқы екі әріпті алмастыру арқылы жасалған.

Тілдік қатысымдылығы. Алматы қаласында 2010 жылы сәбилерге жалпы саны – 632 есім берілген. Антропонимдерге жасалған стратиграфиялық талдау нәтижесінде олардың саны мен пайыздық көрсеткіштері анықталды (сурет 9).



Сурет 9 – 2010 жылғы ер антропонимдері тілдік қатысымдылығы

2010 жылы сәбилерге берілген есімдердің арасында саны жағынан – 32,28 %-бен араб тілінен енген есімдер басым болды. Келесі орында қазақ (түркі) тіліндегі есімдер – 30,06 %-ды құрады.

Одан кейін орында гибридті есімдер – 27,37 %-ды құрады. Саны жағынан ең төменгі 5,22 % пайызбен парсы тіліндегі есімдер болды.

Өзге шет тілдерден енген ер есімдері: евр. – 14 есім (*Рафаэль, Сүлеймен, Илияс* – 2,21 %), слав. – 5 есім (*Ратмир, Замир, Ренат* – 0,79 %), к. герм. – 3 есім (*Роллан (Роланд), Эдуард, Эрнест* – 0,47 %), гр. – 2 есім (*Арсен, Денис* – 0,32 %), монғ. – 2 есім (*Алтай, Барлас* – 0,32 %), лат. – 2 есім (*Марк, Максим* – 0,32%), кельт – 1 есім (*Артур* – 0,16 %), фр. – 1 есім (*Марат* – 0,16 %), исп. – 1 есім (*Диас* – 0,16 %), ағыл. – 1 есім (*Саммит* – 0,16 %).

Әйел антропонимиясы. Ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған үш нұсқаның болуына қарамастан 2010 жылы әйел аты-жөнінің рәсімделуінде келесі 7 нұсқа кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі – *Қойсоймасова Айя Саматовна* (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӨ) – *Оңзарова Меруерт Илиясқызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы) тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *қызы* жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӨ) – *Амангелді Балнұр Нұрболатқызы* (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) тегі аффикссіз жасалып, әке атына *қызы* жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӨ) – *Жангирхан Кәусар Жомартовна* (тегі аффикссіз + есімі + -евна/-евна) тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі *-овна/-евна* аффикстері жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі (ТЕ) – *Далабаева Жанерке* (-ов/-ев/-ин + есімі) тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі (ТЕ) – *Тілеулес Аяулым* (тегі аффикссіз + есімі) тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөні;

7) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Қуатқызы Кәусар* (-қызы + есімі), әке атына *-қызы* сөзі жалғанып жасалған екі мүшелі аты-жөні;

Аталған аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық үлесі кестеде берілді (кесте 24).

Кесте 24 – 2010 жыл әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел аты-жөні нұсқалары (2010 ж.) | Саны | Пайыздық көрсеткіш (%) |
|---|--|------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӨ (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) | 831 | 18,37 % |
| 2 | ТЕӨ (-ова/-ева /-ина + есімі + -қызы) | 265 | 5,86 % |
| 3 | ТЕӨ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) | 2751 | 60,82 % |
| 4 | ТЕӨ (тегі аффикссіз + есімі + -овна) | 15 | 0,33 % |
| 5 | ТЕ (-ова/-ева/-ина + есімі) | 38 | 0,84 % |

24-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|-----------------------------|-----|---------------|
| 6 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 149 | 3,29 % |
| 7 | ӘЕ (-қызы + есімі) | 474 | 10,48 % |
| | | | Барлығы: 4523 |

Жоғарыда кестеде көрсетілгендей, 2010 жылғы әйел аты-жөні нұсқалары арасында жоғары сатыда ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) аты-жөні нұсқасы – 60,82 %-ды құрады.

Келесі орында – 18,37% пайызбен орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) үш мүшелі аты-жөні болды.

Одан кейінгі сатыда ұлттық аты-жөні нұсқаларының бірі ретінде қабылданған ӘЕ (-қызы + есімі) екі мүшелі аты-жөні нұсқасы – 1,62 %-ды құрады.

Жиі таңдалған әйел есімдері. Алматы қаласы деректері бойынша 2010 жылы әйел антропонимдері – 483 болды. Оның ішінде ең жиі таңдалған 10 әйел есімінің тізімі кестеде (25-кесте) берілді.

Кесте 25 – 2010 жыл әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел есімдері (2010 ж.) | Саны |
|----|-------------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Әмина | 159 |
| 2 | Кәусәр | 156 |
| 3 | Аружан | 141 |
| 4 | Айша | 137 |
| 5 | Аяулым | 131 |
| 6 | Мәдина | 120 |
| 7 | Айзере | 110 |
| 8 | Айым | 108 |
| 9 | Диана | 107 |
| 10 | Жанел | 104 |

2010 жылы ең жиі таңдалған әйел есімдері: *Әмина* – 159 рет, *Кәусәр* – 156 рет, *Аружан* – 141 рет, *Айша* – 137 рет, *Аяулым* – 131 рет, *Мәдина* – 120 рет.

Аталған жыл бойынша жиі қойылған есімдер арасында 2000 жылы ондықта болған *Аружан*, *Мәдина*, *Диана* есімдері кездеседі. Келесі әйел есімдері бірнеше нұсқада рәсімделген: *Диана* (Даяна, Дайана, Дайяна), *Айша* (Аиша, Айше), *Кәусәр* (Кәусар, Каусар). Кісі есімдерінің емлесі ұсынылып, қабылданған Жарлыққа қарамастан ата-анаға бала есімін рәсімдеуге еркіндік берілуі салдарынан бір есім бірнеше нұсқада жазылып жүргендігін атап өтуге болады.

Сонымен жиі қойылған әйел есімдерінің (2000 жылмен сәйкес келмейтін) шығу тегі, жасалу жолдары мен білдіретін мән-мағынасы төмендегідей:

Әмина, ар. – 1) адал, сенімді; 2) зиянсыз, сәтті, игілікті [136, 144 б.];

Кәусәр, ар. – пәк, жомарт, дәмді, мөлдір, Жаннаттағы өзеннің аты [128, 114 б.];

Айша, ар. *зайишә* – к. евр. *айше* ұзақ өмір сүруші, өмірге құмар, құштар [136, 139 б.];

Аяулым, қаз. – қадірлі, қасиетті, қымбатты [128, 37 б.];


Айзере, қаз. ай + ир. *зер* – алтын [136, 138 б.];

Айым, қаз. – менің бақытым, ырысым, айдай сұлуым деген мәнде қойылған есім [136, 140 б.];

Жанел, ир. *джан* сөзінен жасалған есім; 1) рух, тірі адам; 2) қадір-қасиет тұту ретінде айтылатын сөз [128, 91 б.];

Сирек әйел есімдері. 2010 жылы Алматы қаласында сирек берілген әйел есімдері: *Ада, Азия, Айбарша, Айлана, Айлар, Айлун, Айсель, Айсу, Ақбикеш, Ақпейіл, Ақжүзік, Ақжелең, Альзара, Амалия, Ангелина, Аруана, Асылажар, Әсманұр, Әуел, Балхадия, Бақбереке, Бибіроз, Бөрте, Гүлфар, Ғайникамал, Зәмзәм, Жанниет, Инаятбану, Инеш, Инзара, Махфират, Мелек, Мизамгүл, Нұрбейне, Нұрсағым, Нұршаиқан, Нұршуақ, Рамина, Риана, Самирамида (Семирамида), Сарина, Сариям, Семетей, Сәтті, Севиль, Семанұр, Сұлтанпатша, Тамилана, Тәслима, Ұлыш, Інжумаржан, Эвелина, Элайя, Эльвина, Эмилия*. Сирек есімдер арасында қазақ тіліндегі, араб-парсы, өзге шет тілдерден енген есімдер, гибридті есімдер, екі есім сөзден бірігіп жасалған антропонимдер кездеседі.

Тілдік қатысымдылығы. 2010 жылы жалпы саны – 483 әйел есімі таңдалған. Әйел есімдеріне жасалған стратиграфиялық талдау нәтижесінде келесідей сандық және пайыздық көрсеткіштер анықталды (10-сурет).



Сурет 10 – 2010 жылы әйел антропонимдерінің этнолингвистикалық аспектісі

Саны жағынан әйел антропонимиясында жоғары сатыда қазақ (түркі) тіліндегі есімдер – 30,23 %-ды құрады.

Екінші сатыда араб тілінен енген есімдер – 26,29 %-ды, одан кейінгі сатыда гибридті есімдер – 20,08 %-ды құрады.

Әйел антропонимиясында парсы тілінен енген есімдер – 9,52 %-дық үлесті көрсетті.


Өзге шетел тілдерінен енген әйел есімдері төмендегідей: лат. – 18 есім (*Анабель, Белла, Диана*, т.б. – 3,73 %), к. евр. – 17 есім (*Ада, Ева, Елизавета*, т.б. – 3,52 %), ор. (слав) – 15 есім (*Дамира, Карина, Радмила*, т.б. – 3,11 %), гр. – 12 (*Ангелина, Ираида, Тиана*, т.б. – 2,48 %), герм. – 2 (*Аделина, Алина* – 0,41 %), ассир. – 2 (*Азия, Семирамида* – 0,41 %), исп. – 1 есім (*Ассоль* – 0,21 %).

Келесі әйел антропонимдері қосымшалар жалғанып жасалуы бойынша сыртқы формасы өзгергені анықталды. Мысалы, *Айлы – Айлана, Айлар, Айлун, Айлуна; Әдемі – Адемиш, Әсел – Аселина; Тамила – Тамилана* және т.б. Бұл қатардағы *Айлуна* есімін А. Смағұлов тавтологияға жатқызады: «мағынасы бір сөздер: қаз. – ай, ор. – луна» [128, 17 б]. Екі есімнің бірігуі арқылы жасалған біріккен тұлғалы әйел есімдері саны арта түскендігі назар аудартты.

Жалпы 2010 жылғы дерекке сәйкес қазақ антропонимиясында азаматтардың (ер, әйел) аты-жөні рәсімделуінде 7 нұсқа кездесті. Олардың арасында ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған, орыс тілі аффикстері арқылы жасалған бірнеше нұсқа анықталды. Антропонимиялық қорда ер есімдерінде араб тілінен енген есімдер саны басымдыққа ие. Батыс тілдерінен енген есімдер саны арқан. Кейбір есімдердің сыртқы формасы өзгеруі, қазақ антропонимиясында тілдік трансформация құбылысына алып келді.

2018 жылғы деректер бойынша кісі есімдері мен тектері құрамы. 2018 жылы Алматы қаласы бойынша Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандары негізінде жалпы саны – 17607 аты-жөні қарастырылды. Оның 9007-і – ер аты-жөні болса, 8600-і – әйел аты-жөні болды (сурет 11).

Суретте көрсетілгендей, акт жазбаларын саралау нәтижесінде саны жағынан әйел аты-жөніне қарағанда ер аты-жөні басым екендігі анықталды. Демек қыз балаға қарағанда ер баланың туылу көрсеткіші жоғары болып келеді.



Сурет 11 – 2018 жыл бойынша акт жазбасы саны (Алматы қаласы)

Ер антропонимиясы. Жинақталған тілдік материалды саралау нәтижесінде ер аты-жөнінің рәсімделуі кезінде 7 түрлі нұсқа кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Килыбаев Нұрланды Тохтарбаевич* (-ов/-ев/-ин + есімі + -евич/-ович) орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Қожабаев Заңғар Асыланұлы* (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы), тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *ұлы* жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Ерғазы Фибратолла Ғалымұлы* (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) тегі аффикссіз жасалып, әке атымен *ұлы* жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Омар Дарын Медетович* (тегі аффикссіз + есімі + -евич/-ович) тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі -евич/-ович аффикстері жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі (ТЕ) – *Бекбосынов Бекнұр* (-ов/-ев/-ин + есімі) тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі (ТЕ) – *Табынбай Нұрғасыр* (тегі аффикссіз + есімі) тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі аты-жөні;

7) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Жасұланұлы Омар* (-ұлы + есімі), әке атына *-ұлы* сөзі жалғанып жасалған екі мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөні;

2018 жылы ер аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық үлесі кестеде (кесте 26) көрсетіледі.

Кесте 26 – 2018 жыл ер аты-жөні нұсқалары

| № | Ер аты-жөні нұсқалары (2018 ж) | Саны | Пайыздық көрсеткіш (%) |
|---|--|------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) | 1443 | 16,02 % |
| 2 | ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы) | 41 | 0,45 % |
| 3 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ович/-евич) | 2 | 0,02 % |
| 4 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) | 6294 | 69,88 % |
| 5 | ТЕ (-ов/-ев/-ин + есімі) | 141 | 1,57 % |
| 6 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 243 | 2,70 % |
| 7 | ӘЕ (-ұлы + есімі) | 843 | 9,36 % |
| | | | Барлығы: 9007 |

2018 жылы тіркелген ер аты-жөні нұсқалары арасында саны жағынан ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) – 69,88 %-ды құрап, басымдыққа ие болды.

Екінші сатыда орыс тілі аффикстерімен жасалған ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич) аты-жөні нұсқасы – 16,02 %-ды құрады.

Келесі сатыда 9,36 % пайызбен – тегі аффикссіз жасалып, әке атына *ұлы* тіркеліп жазылған ТЕӘ (-ов/-ев/-ин + есімі + -ұлы) ұлттық аты-жөні нұсқасы.

Жиі таңдалған ер есімдері. 2018 жылы Алматы қаласы бойынша барлығы – 791 ер антропонимдері анықталды. Оның ішінде ең жиі таңдалған 15 ер есімінің тізімі кестеде (27-кесте) берілді. Келесі ер есімдері бірнеше нұсқада рәсімделген: *Нұралы* (Нұрали, Нұрәли, Нұрәлі, Нұрәлім), *Темірлан* (Темерлан, Темирлан, Тамерлан), *Әли* (Әлі, Али), т.б.

Кестеде берілгендей, 2010 жылы ең жиі қойылған ер есімдері: *Әлихан* – 316 рет, *Айсұлтан* – 264 рет, *Әмір* – 216 рет, *Әлинұр* – 193 рет. Тізімдегі есімдер арасында *Әлихан* – 2010, 2018 жылдары ең жиі таңдалған ер есімі екендігі анықталды. Сонымен қатар *Әмір*, *Әли*, *Ерасыл*, *Темірлан*, *Мирас* есімдері де 2010 жылы жиі таңдалған есімдер қатарынан табылады. Ал *Дінмұхамбет*, *Санжар* – 2000 жылы жиі таңдалған он есім тізімінде болды.

Кесте 27 – 2018 жыл жиі қойылған ер есімдері

| № | Ер есімдері | Саны |
|----|-----------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Әлихан | 316 |
| 2 | Айсұлтан | 264 |
| 3 | Әмір | 216 |
| 4 | Әлинұр | 193 |
| 5 | Әли | 161 |
| 6 | Дінмұхамбет | 155 |
| 7 | Рамазан | 144 |
| 8 | Алан | 133 |
| 9 | Мансұр | 125 |
| 10 | Темірлан, Тимур | 124 |
| 11 | Ерасыл | 122 |
| 12 | Мирас | 121 |
| 13 | Санжар | 118 |
| 14 | Алдияр | 115 |
| 15 | Омар | 103 |

2018 жылы жиі қойылған ер есімдерінің (2010 жылмен сәйкес келмейтін) шығу тегі мен білдіретін мағынасына тоқталып өтейік:

Айсұлтан, қаз. *ай* + ар. *сұлтан* – өкімет, билеуші, әкім [136, 119 б.];

Әлинұр, ар. *ғали* + нұр – көркі, ажары артық, әдемі деген мағынаны білдіреді [136, 33 б.];

Рамазан, ар. *рамадан* – күйдіруші, жандырушы. Араб жерінде бұл өте ыстық ай. Мұсылман жыл санауының тоғызыншы айы, осы айда туған балаға осындай есімдер қойылады [136, 110 б.];

Алан, лат. *Alanus* – скифтермен көршілес тұрған ежелгі алан халқының атауы. 2. ар. – ашықтық, жариялылық [166, с. 28];

Мансұр, ар. – 1) жеңімпаз, жеңіске жетуші; 2) құдіретті [136, 90 б.];

Алдияр, ар.+ир. *Алла-йар* – Аллаһтың досы; тақсыр, ұлы мәртебелі; құлдық [128, 25 б.];

Омар, ар. – 1) ең жоғары; 2) өмір, ғұмырлы, пайғамбардың ізін жалғастырушы [167, р. 34].

Сирек есімдер. 2018 жылы сирек берілген ер есімдері төмендегідей: *Абдурашидалауддин, Абдуррауф, Абылайханбейбарыс, Айтас, Ақтаң, Ақылдос, Алансұлтан, Аллаяр, Артаберсұлтан, Арұл, Аспандияр, Асылтөре, Атанияз, Аттила, Әзірет Сұлтан, Әлиназар, Әлисұлтан, Әлішайдар, Байашат, Бақашар, Бақсыйлар, Батырбаян, Бекмұхамедсұлтан, Биік, Бірбекет, Фибратолла, Джихат, Елсұңқар, Елтерес, Елімай, Ерлібек, Жансүгір, Жаным, Исаәділ, Қажымұрат, Мәдімәр, Маттео, Мұзарт, Мұхаммад Амин, Мұхамедиярхан, Нартұлға, Нұриман, Нұрланды, Нұр-Райян, Омар-Фарух, Өмірлан, Рухқанат, Салах Ад Дин, СулейманӨмірхан, Сүннет, Сыйлас, Таңнұрым, Таңсұлтан, Тәнірұлан, Толағай, Ұлтқыран, Хақназар, Хансұлтан, Хандияр, Хамза Али, Элисар Ян*. Аталған жылы 1980, 1990, 2000, 2010 жылдармен салыстырғанда сирек таңдалған есімдер саны әлдеқайда ұлғайып, олардың арасында біріккен тұлғалы есімдер саны артқандығы назар аудартады.


Бұл мысалдардан қазіргі уақытта ерекше есімдердің саны артқандығын анық байқауға болады. Сәбиге есім таңдауда ата-аналар тарапынан оның өзге есімдерден ерекшеленуіне, түпнұсқалылығына баса назар аударылады. Антропонимдерді зерттеуші ғалымдар мұндай үрдістің жаһандық сипат алуын атап көрсетеді. Осы орайда D. Geisbauer өзінің зерттеу нәтижелері бойынша қазіргі уақытта Германияда есімдер алуан түрлі және стандартқа сай емес болып келеді (нестандартный) деген тұжырым жасайды [168, s. 14].

Сәйкесінше В.Л. Дьячков, Е.В. Трофимова өз ғылыми еңбектерінде Ресейде соңғы 20-30 жылда антропонимдердің сапасы төмендегені жөнінде тоқталып өтеді. Мұның себебін ғалымдар әлеуметтік және мәдени құлдыраумен, қоғамда жастардың негізгі ақпарат көзі ретінде кітап оқуды азайтуымен, тарихи және әдеби эрудицияның болмауы, жас немесе болашақ ата-аналардың сөздік қорының аз болуымен түсіндіреді [169, с. 264-266]. Демек қазіргі таңда антропонимдер барынша айрықша, өзгеше, замануи сипат алып, есімнің сәнді болуына басымдық берілуде.

Тілдік қатысымдылығы. Алматы қаласы бойынша тілдік деректерге сәйкес 2018 жылы сәбилерге жалпы саны – 791 есім берілген. Есімдердің тілдік қатысымдылығы бойынша сандық мен пайыздық үлесі анықталды (сурет 12).

2018 жылы сәбилерге берілген есімдердің арасында араб тілінен енген есімдер саны жағынан – 35,02 %-бен басым болды.

Келесі орында қазақ (түркі) тіліндегі есімдер – 32,62 %-ды құрады. Одан кейін орында гибридті есімдер – 21,99 %-ды құрады. Саны жағынан ең төменгі 4,81 %-бен өзге шет тілдерден енген ер есімдері болды.



Сурет 12 – 2018 жыл ер антропонимдері тілдік қатысымдылығы

Өзге шет тілдерден енген ер есімдері: евр. – 16 есім (*Адам, Арон, Исмаил* – 2,02 %), ор. (слав). – 6 есім (*Дамир, Ренат, Эльмир* – 0,76 %), монғ – 5 есім (*Алтай, Барлас, Жайсаң* – 0,63 %), гр. – 4 есім (*Алан, Арсен, Арьен* – 0,50 %), лат. – 3 есім (*Дариан, Марк, Карл* – 0,38 %), фр. – 1 есім (*Марат* – 0,13 %), кельт – 1 есім (*Артур* – 0,13 %), испан тілінен – 1 есім (*Диас* – 0,16 %), к. герм. – 1 есім (*Бернард* – 0,13 %).

Әйел антропонимиясы. 2018 жылы әйел аты-жөнінің рәсімделуінде келесі 7 нұсқа кездесті:

1) тегі, есімі, әкесі – *Олжабаева Дария Олжасовна* (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған үш мүшелі аты-жөні;

2) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Бегалиева Еркежан Маратқызы* (-ова/-ева/-ина + есімі + -қызы) тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалып, әке атына *қызы* жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

3) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Наурызбай Раяна Асылханқызы* (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) тегі аффикссіз жасалып, әке атына *қызы* жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

4) тегі, есімі, әкесі (ТЕӘ) – *Абилкасым Айдана Нурсултановна* (тегі аффикссіз + есімі + -евна/-евна) тегі аффикссіз жасалып, әке атына орыс тіліндегі *-овна/-евна* аффикстері жалғанған үш мүшелі аты-жөні;

5) тегі, есімі (ТЕ) – *Сергаина Зере* (-ов/-ев/-ин + есімі) тегі орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған екі мүшелі аты-жөні;

6) тегі, есімі (ТЕ) – *Үмбетжан Дәмелі* (тегі аффикссіз + есімі) тегі аффикссіз жасалған екі мүшелі антропонимдік жүйеге сәйкес аты-жөні;

7) әкесі, есімі (ӘЕ) – *Еділқызы Әдемі* (-қызы + есімі), әкесінің атына *-қызы* сөзі жалғанып жасалған екі мүшелі аты-жөні;

Аталған аты-жөні нұсқаларының сандық және пайыздық үлесі кестеде берілді (28-кесте).

2018 жылғы әйел аты-жөні нұсқалары арасында жоғары сатыда ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) аты-жөні нұсқасы – 66,73 %-ды құрады.

Келесі орында – 17,03 %-бен орыс тіліндегі аффикстер арқылы жасалған ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) үш мүшелі аты-жөні болды.

Кесте 28 – 2018 жыл әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел аты-жөні нұсқалары (2018) | Саны | Пайыздық көрсеткіш (%) |
|---|--|------|------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | ТЕӘ (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) | 1465 | 17,03 % |
| 2 | ТЕӘ (-ова/-ева /-ина + есімі + -қызы) | 52 | 0,60 % |
| 3 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) | 5739 | 66,73 % |
| 4 | ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -овна) | 1 | 0,01 % |
| 5 | ТЕ (-ова/-ева/-ина + есімі) | 166 | 1,93 % |
| 6 | ТЕ (тегі аффикссіз + есімі) | 239 | 2,78 % |
| 7 | ӘЕ (-қызы + есімі) | 938 | 10,91 % |
| | | | Барлығы: 8600 |

Кестеде көрсетілгендей, одан кейінгі сатыда ұлттық аты-жөні нұсқаларының бірі ретінде қабылданған ӘЕ (-қызы + есімі) екі мүшелі аты-жөні нұсқасы – 2,78 %-ды құрады.

Жиі таңдалған әйел есімдері. 2018 жылы ең жиі таңдалған 15 әйел есімінің тізімі кестеде (кесте 29) берілді.

Кесте 29 – 2018 жылы әйел аты-жөні нұсқалары

| № | Әйел есімдері (2018 ж.) | Саны |
|----|-------------------------|------|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Айша | 362 |
| 2 | Раяна | 298 |
| 3 | Мәдина | 288 |
| 4 | Айзере | 281 |
| 5 | Әмина | 280 |
| 6 | Айлин | 270 |
| 7 | Айару | 257 |
| 8 | Кәусар | 219 |
| 9 | Аяла | 185 |
| 10 | Томирис | 150 |
| 11 | Сафия | 149 |
| 12 | Әдина | 145 |
| 13 | Асылым | 138 |
| 14 | Мария | 134 |
| 15 | Айым | 120 |

2018 жылы ең жиі таңдалған әйел есімдері: *Айша* – 362 рет, *Раяна* – 298 рет, *Мәдина* (Медина) – 288 рет, *Айзере* – 281 рет, *Әмина* – 280 рет, *Айлин* – 270 рет.

Келесі әйел есімдері рәсімделуі бойынша дыбыстық жағынан өзгеріп, бірнеше нұсқада жазылған: *Мария* (Мәрия, Мәриям, Мариам, Мариям, Марияма, Марьям, Марям, Марияш), *Раяна* (Раян, Райян, Райана, Раияна, Райяна), *Сафия* (Сафи, Сафина, Сафият, Сафийе, София), *Айлин* (Айлина, Айлуна, Айэлин, Айлы, Дайлин, Тайлин), *Томирис* (Тамирис, Тамерис), *Асылым* (Аслым).

2018 жылы жиі қойылған есімдер арасында 2010 жылы ондықта болған *Айша*, *Әмина*, *Мәдина*, *Кәусар*, *Айзере*, *Айым* есімдері кездеседі.

Сонымен жиі қойылған әйел есімдерінің (2000 жылмен сәйкес келмейтін) шығу тегі, жасалу жолдары мен білдіретін мән-мағынасы төмендегідей:

Раян, *Раяна*, ар. – 1) толық, тегіс, түзу; 2) дамыған, кемелденген, жетілген [128, 205 б.];

Айлин, каз. – ай сәулесі түсіп жарқырап тұрған; нұрлы [128, 17 б.]; Айлы есімінің дыбыстық өзгерген нұсқасы.

Аяла, каз. – мәпелеп өсіру, әлпештеу; ардақтау, қадірлеу [128, 17 б.];

Айару, каз. *ай* + *ару* – сұлу, көркем [136, 137 б., 142 б.];

Томирис – скиф халқына жататын массагеттердің атақты патшасы, Тұмар ханым (шамамен б.з.б. 570-518), ол парсы патшасы Кир II-мен соғысып, жеңіске жеткен [128, 244 б.];

Сапа, *Сафия*, ар. *сәфа* – 1) таза, мөлдір; 2) адал, тыныштық, таңдаулы [128, 213 б.];

Әдина, ир. *одина* – 1) әдеміленген, безенген; 2) жұма күні, аптаның бесінші күні туған балаға қойылатын есім. Синонимі – *Әтина* [136, 142 б.];

Асылым, ар. *әсил* – 1) негіз, түбір, түп нұсқасы; 2) шынайы, нағыз; 3) қымбатты, ардақты [136, 142 б.];

Мария, к. евр. 1) өте жақсы, тамаша; 2) биік мәртебелі ханша; Дыбыстық өзгерген түрі – *Мәрия*, *Мәриям* [136, 161 б.].

Сирек әйел есімдері. 2018 жылғы Алматы қаласы бойынша деректерге сәйкес сирек берілген әйел есімдері: *Ағиян*, *Адалин*, *Адеби*, *Аделаида*, *Адель-Дениз*, *Азия*, *Ай-Әдина*, *Айя-Нұр*, *Ақзерде*, *Айқаракөз*, *Айла-Сумайя*, *Айсофи*, *Айтеңіз*, *Ақмөр*, *Аль-Маруа*, *Аль-Сафи*, *Айшешек*, *Ар Райан*, *Аруана*, *Асыл-Дара*, *Асылзада*, *Әдемі Ау*, *Бақмекен*, *Балхадиша*, *Бибі Зере*, *Бинарис*, *Гүлбегім*, *Джемма*, *Джулия*, *Дінзухра*, *Елриза*, *Елігай*, *Жамиға*, *Жан Айдын*, *Жанриза*, *Зафира*, *Изабель*, *Кербез*, *Мириамрада*, *Мұнтаз Мақал*, *Микаэля*, *Нұрифа*, *Нұрпатима*, *Нұршуақ*, *Періште*, *Рания-Насиба*, *Рабия Бегім*, *Ринель*, *Розали*, *Рулана*, *Румейса*, *Руфина*, *Рухаят*, *Сағдана*, *Сақыпжамал*, *Салидат*, *Сальма*, *Самайя*, *Саримма*, *Сара Мишель*, *Сәлсәбіл*, *Сәнді*, *Семанұр*, *Сұлуназ*, *Сырғалым*, *Талжан*, *Таслима*, *Тәттіару*, *Тоқмейіл*, *Уасиля*, *Ұмай*, *Ұлым*, *Фатима-Захра*, *Фердаус*, *Ханна Окоуе*, *Ханыкей*, *Хафса*, *Хусна*, *Шейла*. Бұл тізімнен сирек таңдалған әйел антропонимдерінің саны артып, есімнің ерекше, өзгеше болуына баса назар аударылуы айқындалып отыр.

Біріккен тұлғалы есімдер бірнеше нұсқада жазылған: бірге, бөлек және дефис арқылы. Сирек таңдалған әйел есімдері арасында әнге қосып айтылған

келесі әйел есімдері кездеседі: *Айқаракөз, Ақмаржан, Балхадия, Джулия, Қорлан, Ләйлім, Мәриям, Медина, Нурикамал, Салидат, Тәттіару*, т.б.

Тілдік қатысымдылығы. 2018 жылы жалпы саны – 538 әйел есімі таңдалған. Әйел есімдеріне жасалған стратиграфиялық талдау нәтижесінде антропонимдердің тілдік қатысымдылығы бойынша сандық және пайыздық көрсеткіштері анықталды (сурет 13).

Саны жағынан әйел антропонимиясында жоғары сатыда қазақ (түркі) тіліндегі есімдер – 33,83%-ды құрады.

Екінші сатыда араб тілінен енген есімдер – 25,65%-ды, одан кейінгі сатыда гибриді есімдер – 17,47%-ды құрады.

Әйел антропонимиясында парсы тілінен енген есімдер – 10,60%-дық үлесті көрсетті.



Сурет 13 – 2018 жыл әйел антропонимдері тілдік қатысымдылығы


Өзге шетел тілдерінен енген әйел есімдері 12,45 %-ды құрады: лат. – 19 есім (*Белла, Венера, Лаура* – 3,53 %), к. евр. – 18 есім (*Лиля, Мария, Ханна*, т.б. – 3,35 %), гр. – 17 есім (*Арселия, Медея, Тея*, т.б. – 3,16 %), ор. (слав.) – 8 есім (*Карина, Лемара, Мира*, т.б. – 1,49 %), герман тілінен – 2 (*Аделаида, Алина* – 0,37 %), ағыл. – 1 (*Саммита* – 0,18 %), санск. – 1 есім (*Сати* – 0,18 %), исп. – 1 есім (*Альмира* – 0,18 %). Бұл тұрғыда мәдени қарым-қатынас ықпалынан, өзге тілден енген антропонимдер арқылы кез-келген тілдің есімдер қорына жаңа есімдер қосылып, антропонимикалық қоры байып отыратындығын атап өтуге болады [170, р. 84].

Жалпы 2018 жылғы деректер бойынша қазақ антропонимиясында азаматтардың (ер, әйел) аты-жөні рәсімделуінде 7 нұсқа кездесті. Олардың арасында ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы/-қызы) аты-жөні нұсқасы басымдыққа ие болды. Одан кейінгі орында саны жағынан тегі орыс тілі аффикстері арқылы жасалып, әке атына -ұлы/-қызы жалғанан ТЕӘ (-ов/-ова, -ев/-ева, -ин/-ина + есімі + -ұлы/-қызы) аты-жөні нұсқасы.

Антропонимиялық қорда саны бойынша әйел есімдеріне қарағанда ер есімдері көп екендігі анықталды. Кейбір есімдер дыбыстық өзгеріске ұшырап, бірнеше нұсқада жазылған.

Жұмысшылар қозғалысы, оның көсемдері мен қайраткерлерінің есімдерінен жасалып, 30-жылдары кеңінен дамыған *Марлен, Ревмир, Ренат, Эмиль; Дамира, Зарина, Мира* есімдері [13, 70 б.] қазіргі уақытқа дейін қолданыста екендігі анықталды. Аталған есімдер 1980-2018 жылдар аралығында қазақ антропонимиялық қорында сақталып келеді.


Аталған жылдарда саны жағынан көп қолданылған 3 ер және әйел аты-жөні нұсқасы суреттерде (сурет 14, 15) берілді.



Сурет 14 – 1980-2018 жылдар бойынша негізгі ер аты-жөні нұсқалары

Ал 2018 жылы бұл нұсқа саны жағынан азайып – 16,02 %-ға жетті. 1996 жылы ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған үш мүшелі ТЕƏ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) ер аты-жөні нұсқасы 2000 жылы – 29,95 %-ды құраса, 2018 жылы – 69,88 % пайызбен жоғары сатыға көтерілді.

Қазіргі қазақ антропонимиясында саны жағынан 1996 жылғы Президент Жарлығына сәйкес ұсынылған ұлттық аты-жөні нұсқасы басымдыққа ие. Алайда орыс тіліндегі *-ов/-ова, -ев/-ева, -ин/-ина, -ович/-овна, -евич/-евна* аффикстері арқылы жасалған аты-жөні нұсқасы заманауи қазақ антропонимиясында қазіргі уақытта да қолданыста.



Сурет 15 – 1980-2018 жж. негізгі әйел аты-жөні нұсқалары

Әйел аты-жөні нұсқаларына келсек (сурет 15), орыс тілі аффикстері арқылы жасалған ТЕƏ (-ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна) әйел аты-жөні

нұсқасы 1980 жылы – 98,20% пайызбен ең жоғары көрсеткішке ие болды. 2000 жылы – 30,38%-ды құрап, айтарлықтай төмендеді. Ал 2018 жылы бұл нұсқа саны жағынан төмендеп – 17,03%-ға дейін жетті. Ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған үш мүшелі ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -қызы) әйел аты-жөні нұсқасы 2000 жылы – 25,27%-ды құраса, 2018 жылы – 66,73%-ға дейін көтерілді. Жоғарыда аталған қолданыстағы негізгі аты-жөні нұсқаларымен параллельді түрде бірнеше аты-жөні нұсқалары қатар қолданылып жүр. Жалпы ресми құжаттар (туу туралы акт жазбасы) негізінде ұлты қазақ азаматтардың аты-жөні бірнеше нұсқада рәсімделгені белгілі болды: 1980 жылы – 5 ер аты-жөні нұсқасы, 4 әйел аты-жөні нұсқасы; 1990 жылы – 8 ер аты-жөні нұсқасы, 8 әйел аты-жөні нұсқасы; 2000 жылы – 9 ер аты-жөні нұсқасы; 7 әйел аты-жөні нұсқасы; 2010 жылы – 7 ер аты-жөні нұсқасы, 7 әйел аты-жөні нұсқасы; 2018 жылы – 7 ер аты-жөні нұсқасы, 7 әйел аты-жөні нұсқасы.

3.2 Ұрпақаралық антропонимдік трансмиссия

Қазіргі таңда ономастикалық кеңістік өрістік тәсіл (полевой подход) тұрғысында қарастырылуда. Ономаст ғалымдар (Супрун, 2000; Крюкова, 2004) пікірінше аталған тәсіл жалқы есімдерді зертеуде жекелеген ономастикалық топтар бойынша негізгі өзегі пен шеткері кеңістік арақатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда антропонимдер ономастикалық өрістің өзегі болса, теоним, мифоним, зооним ономастикалық өріс өзегіне жуық (околоядерное) кеңістікті құрайды.

В.И. Супрун өз еңбегінде антропонимдік өріс құрылымын былайша түсіндіреді: «ядро антропонимического поля составляют личные имена и их гипокористические (краткие, домашние) формы, отчества и фамилии располагаются в околоядерном пространстве, а прозвища и псевдонимы образуют антропонимическую периферию [171, с. 14].

Яғни кісі есімдері, олардың еркелетіп, қысқартып айтылған түрлері антропонимдік өрістің өзегін құраса, әке аты мен кісі тегі антропонимдік өрістің өзегіне жуық кеңістікте орналасады, лақап және бүркеншік аттар антропонимиялық кеңістіктің шеткері аймағына жатады.

Заманауи қазақ ер антропонимиясын өрістік тәсіл бойынша талдау. 1980-2018 жылдар бойынша әр он жылдықтағы жиі таңдалған ер антропонимдері кестеде берілді (кесте 30).


Аталған уақыт аралығында ер антропонимдері бойынша тұрақты түрде *Темір* және *Темірлан* таңдаулы есім болғандығы анықталды. *Темір* (синонимі Тимур), *Темірлан* (темір + қосымша *лан*) есімдері болды. Бұл есімнің қойылуындағы басты уәж, бастапқы мағына ер баланың темірдей берік, мықты, күшті жігерлі, болуын қалаумен байланысты. Сонымен бірге бұл есімнің уәжін монғол және түрік тектес халықтарының билеушісі, Темір әулеті империясының негізін қалаушы *Әмір Темір* (Ақсақ Темір, Темірлан) есімімен байланыстырамыз. Тарихи тұлғаның қоғамда атқарған ісіне, батырлығы, тұлғалық, көшбасшылық, қасиеттеріне, яғни есімнің әлеуметтік мағынасының да маңызын атап өтуге болады.

Кесте 30 – 1980-2018 жылдары жиі таңдалған ер есімдері

| КСРО құрамында | | Тәуелсіздік жылдары | | | |
|----------------|---------------|---------------------|--------------------------------------|-------------|-------------|
| 1980 ж. | 1990 ж. | 2000 ж. | 2017 ж. білім гранты иегерлері | 2010 ж. | 2018 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Темір (Тимур) | Данияр | Темірлан | Әлішер | Әлихан | Әлихан |
| Данияр | Темір (Тимур) | Әлішер | Әділет | Ерасыл | Айсұлтан |
| Нұрлан | Азамат | Санжар | Азамат | Мирас | Әмір |
| Руслан | Арман | Данияр | Данияр | Әли | Әлинұр |
| Арман | Олжас | Арман | Темірлан | Бейбарыс | Әли |
| Асқар | Даурен | Диас | Диас | Темірлан | Дінмұхамбет |
| Рүстем | Алмат | Ілияс | Нұрсұлтан | Дінмұхамбет | Рамазан |
| Бауыржан | Бауыржан | Азамат | Нұржан | Нұралы | Алан |
| Ержан | Шыңғыс | Дінмұхамбет | Нұрдәулет | Диас | Мансұр |
| Марат | Руслан | Дәулет | Еркебұлан | Әмір | Темірлан |

Сонымен бірге 2000-2018 жылдар аралығында – *Дінмұхамбет*; 2010-2018 жылдары – *Әлихан*, *Әли*, *Әмір* ер антропонимдері жиі таңдалған есімдер қатарында болған. Нақты уақыт кезеңінде жиі таңдалып, қазіргі уақытта қолданысы бойынша саны кеміген ер антропонимдері: 1980-1990 жылдар – *Бауыржан*; 1980-2000 жылдар – *Арман*, *Данияр*; 1990-2000 жылдар – *Азамат*, 2000-2010 жылдар – *Диас*.

Заманауи ер антропонимдерін өрістік тәсіл бойынша талдау нәтижесінде антропонимиялық кеңістіктің негізгі өзегін құрайтын келесі лексика-семантикалық топтарға жататын ер антропонимдері айқындалды. Қазақ антропонимиясы өзегіндегі, өзегіне жуық аймақтағы, шеткері кеңістігіндегі ер есімдері суретте (сурет 16) берілді.



Сурет 16 – Заманауи қазақ ер антропонимиялық кеңістігі

Замануи қазақ антропонимиялық кеңістігінің өзегі ретінде «екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған араб тіліндегі антропонимдер», «құрмет есімдерінен жасалған антропонимдер», «апеллятивтен жасалған антропонимдер» қатарын бөліп қарастыруға болады.

Екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған араб тіліндегі антропонимдердің уәжін талдау арқылы бұл топтағы ер антропонимдерінің Ислам дінімен, діни тұрғыда ойлаумен ішкі байланысы анықталды.

Бұл үрдіс қазіргі жастардың басым бөлігінің Ислам дініне бет бұруы ықпалынан туындап отырғанын байқауға болады. Мысалы: *Асылмұрат, Әбдуәли, Әбдіғазиз, Әбдіғани, Әбдікәрім, Әбдімүтәліп, Әбдіразақ, Әбдірақым, Әбдірахман, Әбдірашид, Әбдісабыр, Әбдісалам, Әбдісамат, Әбдіхамит, Әбунасыр, Әбубәкір, Әбілмансұр, Әлинұр, Әзіретсұлтан, Әли-Ағзам, Әлиназар, Әлиасқар, Әлимұхамбетнұр, Әлисұлтан, Әмірсұлтан, Мәдизейінуайыс, Мұстафа-Әмір, Мұхамбетәлі, Мұхамбетсыдық, Мұхамбетясин, Нұриман, Нұрислам, Нұрмұхамбет, Нұр-Раян, Омар-Серік, Рамазанәли, Хабибрахман, Яхияжұма*. Сонымен бірге, Ислам дінінде «Аллаһым, дұғамызды қабыл ет» деген мағынаны білдіретін *әмин* сөзінен жасалған *Әмин* (Мұхамбетәмин) антропонимі және мұсылмандар үшін ең қасиетті мерекенің бірі – Мифраж түні дүниеге келген сәбиге берілген *Мифраж* есімі қазіргі қазақ антропонимиясына енгендігі анықталды.

Құрмет есімдерінен жасалған антропонимдердің уәжі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Мәдени мұра» сынды бағдарламалар аясында ұлттық тарих пен мәдениетті жаңғыртумен тікелей байланысты екендігін аңғаруға болады. Мысалы: *Абылайхан, Абылайханбейбарыс, Альбертгор* (Альберт Гор), *Асанәлі* (Әшімов), *Ататүрік, Аттила, Әбілқайыр, Әлихан* (Бөкейханов), *Балғынбек* (Имашев), *Батухан, Бауыржан* (Момышұлы), *Бәйдібек* (Қарашаұлы), *Бейбарыс, Бельгер, Бөкейхан, Досхан* (Жолжақсынов), *Ертұзғыл, Есімхан, Жәнібек, Жәңгірхан, Жиренше, Заманбек* (Нұрқаділов), *Қазыбек, Иманғали* (Тасмағамбетов), *Кенесары, Керейхан, Қайырхан, Қарасай, Қасымжосмарт* (Тоқаев), *Құбылай, Қаныш* (Сәтбаев), *Қобыланды, Қожасмет* (Яссауи), *Құнанбай, Құрманғазы, Мағжан* (Жұмабаев), *Майқыби, Мұқағали* (Мақатаев), *Мұхамбет* (пайғамбар), *Нұрсұлтан* (Назарбаев), *Нұх* (пайғамбар), *Пірбекет, Райымбек, Рамзан* (Кадыров), *Тәукехан, Төлеби, Өзтүрік, Шерхан* (Мұртаза), *Шәкәрім* (Құдайбердіұлы), *Шерхан* (Мұртаза), *Шоқан* (Уәлиханов), *Шыңғысхан, Ыбырай* (Алтынсарин), *Яссауи*.

Апеллятивтен жасалған антропонимдер де қазақ антропонимиялық кеңістігінің өзегінен орын алады. Мысалы: *Абырой, Аманат, Арын, Арұл, Асар, Асу, Әлем, Балуан, Батыл, Белес, Белсен, Берен, Биік, Болашақ, Білім, Ғаламат, Ғарыш, Ғасыр, Демеу, Дербес, Ерен, Жалын, Илан, Иман, Қазан, Қаһарман, Құдірет, Құрмет, Мәртебе, Өжет, Өткір, Пейіл, Сауат, Сыйлас, Ұланғайыр, Шуақ, Ынтымақ*.

Заманауи қазақ антропонимиялық кеңістігі өзегіне жуық (околоядерное) аймаққа жататын антропонимдерге «бай, бек, хан, төре, сұлтан» сынды

элеуметтік детерминативтер арқылы жасалған есімдер», «ел», «нұр», «ұлт», «рух» сөздері қосылып жасалған есімдер жатады.

Элеуметтік детерминативтер *бай, бек, хан, төре, сұлтан* арқылы жасалған антропонимдерге: *Айсұлтан, Айтөре, Ақтөре, Ақсұлтан, Алансұлтан, Арсұлтан, Артаберсұлтан, Асылтөре, Әлісұлтан, Әмірсұлтан, Байнұр, Бақсұлтан, Бақтөре, Бақытхан, Бисұлтан, Жансұлтан, Жантөре, Сұлтанмұрат, Таңсұлтан, Төрехан, Ханәли, Ханбайбек, Ханболат, Хандияр, Ханзада, Хангелді, Хансұлтан, Хантәңір, Хантемір, Хантөре* есімдері жатады.

«Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламаларының ықпалын «ел», «ұлт», «рух» апелляциятивтері арқылы жасалған есімдерден көрініс табады [172, р. 320]. Тарихи кезеңдерде елдің қамын ойлайтын азамат болып өссін деген тілекпен ер антропонимдерін жасауда жиі қолданылған «ел» апелляциятиві Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Егеменді ел болған уақыттан кейін де белсенді қолдынасқа ие болғандығына құжаттарды талдау барысында көз жеткіздік. Мысалы: *Байел, Еларыс, Елбасы, Елбек, Елдар, Елдәулет, Елдос, Елжан, Елжас, Елқанат, Елмұрат, Елназар, Елнар, Елнұр, Елсияр, Елсұңқар, Елтөре, Елхан, Елишат, Елімай* есімдері осының дәлелі бола алады. Сонымен бірге *Ұлтқыран, Рухқанат, Астана* антропонимдері ұлттық сананың, рухтың жаңғыруының көрінісі ретінде анықталады.

Сонымен қатар *нұр* антропокомпоненті арқылы жасалған ер есімдерінің саны артқан: *Нұрел, Нұрайдар, Нұрақын, Нұр-Арыслан, Нұрасыл, Нұрахмет, Нұраділ, Нұрәлем, Нұрәли, Нұрбақыт, Нұрбатыр, Нұрғасыр, Нұрқадыр, Нұргелді, Нұржақия, Нұрланды, Нұрсамит, Нұрсаналы, Нұрсәт, Нұртөре, Нұрхан, Нұршуақ.*

Қазіргі қазақ антропонимиялық кеңістігі шеткері аймағына келесі лексика-семантикалық топтағы антропонимдер жатады. Шеткері кеңістіктегі ер антропонимдері бойынша жыл өткен сайын қолданыстан шығып, есім ретінде сирек қойылып жүрген есімдерді бөліп қарастыруға болады: «туыстық атаудан жасалған антропонимдер», «қорғаныс есімдер», «табиғат құбылыстарына қатысты есімдер», «күнтізбелік есімдер», «*бер, берді, берген, болсын, кел, келді, туар, туған, туды* антропокомпоненттері арқылы жасалған біріккен тұлғалы антропонимдер»:

- туыстық атаудан жасалған антропонимдер: *Азабек, Азадай, Азахан, Атабек, Атаберді, Атанияз, Әкежан.*

- ұзақ уақыт баласы тұрақтамаған жағдайда қойылатын қорғаныс есімдері: *Елемес, Тоқтар, Тұрар, Тұрсынбек.* Уақытынан бұрын шала туылған балаға берілетін есім – *Шалабай.*

- бала өмірге келген уақытта орын алған табиғат құбыстары мен қазақ халқының көшпенді өмір салты мен мәдениетін сипаттайтын төрт-түлік мал атауларына қатысты жасалған антропонимдер: *Боранәлі, Дауыл, Ербота, Нөсер.*

- сәбидің қай айда дүниеге келуіне қатысты қойылған есімдер: *Мамырбек, Наурызбай.* Заманауи қазақ антропонимиясында апта күндеріне қатысты антропонимдер мүлде кездеспеді.

- қазақ тілінде *бер, берді, берген, болсын, кел, келді, туар, туған, туды* антропокомпоненттері арқылы жасалған біріккен тұлғалы антропонимдер: *Айберген, Айтуар, Айтуған, Аллаберген, Амангелді, Байгелді, Бақберген, Бақкелді, Бердәулет, Ертуған, Есенгелді, Жолболсын, Келдәулет, Құдайберген, Нұрберген, Нұргелді, Нұртуған, Тәңірберген.*

Зерттеу барысында антропонимдік кеңістіктің шеткері аймағынан табылып архаизм есімдерге айналып бара жатқан антропонимдерге ықпал еткен: 1) ежелгі наным-сенімдердің ұмыт болуына әсер еткен жаңа идеология; 2) жаһандану үдерісі әлемдегі дамыған елдер мәдениеті ықпалынан батыстық үлгідегі есімдердің тілдік санада сәнді, заманауи болып қабылдануы факторларын жатқызуға болады.

Заманауи қазақ әйел антропонимиясын өрістік тәсіл бойынша талдау. 1980-2018 жылдар арлығында ата-аналар тарапынан жиі қойылған әйел антропонимдері бір кестеде (кесте 31) берілді.

Зерттеу жүргізілген уақыт кезеңінде әйел антропонимдері бойынша ең жиі қойылған есімдер қатарында болып, тұрақты түрде ең таңдалған антропоним ретінде *Мәдина* есімі анықталды, яғни бұл есім заманауи қазақ антропонимиялық кеңістігі өзегінен орын алған болып есептеледі. *Мәдина* (Сауд Арабиясындағы қала атауы) есімінің таңдалу уәжі қыз баланың иманды, инабатты, тәрбиелі болып өсуін тілеумен болашақ ана ретінде салықалы ұрпақты дүниеге келтіріп, олардың бойына барлық жақсы қасиеттерді ана сүтімен дарытады деген тілекпен байланысты деп пайымдауға болады. Қазіргі уақытта *Мәдина* есімінің дыбыстық өзгерген түрі, яғни *Медина* нұсқасы қолданылуы бойынша басымдыққа ие екендігі байқалды.

Кесте 31 – 1980-2018 жылдары жиі таңдалған әйел есімдері

| КСРО құрамында | | Тәуелсіздік жылдары | | | |
|----------------|----------|---------------------|---|----------|----------|
| 1980 ж. | 1990 ж. | 2000 ж. | 2017 ж. білім гранты иегерлері | 2010 ж. | 2018 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Әсел | Әйгерім | Аружан | Аружан | Әмина | Айша |
| Әлия | Әсел | Диана | Айдана | Кәусар | Раяна |
| Айнұр | ✚ Мәдина | Әнел | Әйгерім | Аружан | ✚ Мәдина |
| Динара | Әлия | Дана | ✚ Мәдина | Айша | Айзере |
| Жанар | Айнұр | ✚ Мәдина | Диана | Аяулым | Әмина |
| Айгүл | Айжан | Кәмила | Әсел | ✚ Мәдина | Айлин |
| Айжан | Динара | Әйгерім | Арайлым | Айзере | Айару |
| Жанна | Гауһар | Айдана | Ақерке | Айым | Кәусар |
| ✚ Мәдина | Аида | Әсел | Назерке | Диана | Аяла |
| Гаухар | Жанар | Алина | Әсем | Жанел | Томирис |


Сонымен бірге жиі таңдалған әйел антропонимдеріне: 1980-1990 жылдар – *Әлия, Динара, Айнұр, Жанар*; 1980-2000 жылдар – *Әсел*; 1990-2000 жылдар – *Әйгерім*, 2000-2010 жылдар – *Аружан, Диана*; 2010-2018 жылдар – *Айша, Айзере, Әмина, Кәусар* есімдері жатады.

Заманауи әйел антропонимдерін өрістік тәсіл бойынша талдау нәтижесінде антропонимикалық қордың негізгі өзегін құрайтын келесі лексика-семантикалық топтарға жататын әйел есімдері айқындалды. Қазақ антропонимиясы өзегінде, өзегіне жуық аймақта, шеткері кеңістігіндегі әйел есімдері суретте (17-суретте) берілді.

Қазіргі қазақ антропонимиялық кеңістігінің өзегіне «сұлулық» ұғымын білдіретін әйел антропонимдері және «араб тілінен енген есімдер жататындығы анықталды. Тілдік тұлға санасында «сұлулық» ұғымы түрлі түсініктер бойынша қарастырылады. Зерттеу жұмысында «сұлулық» ұғымы материалдық нысандар және абстракт ұғымдар болып екі топқа бөліп қарастырылады. Материалдық нысандарға қатысты атаулардан жасалған әйел антропонимдері келесі топшаларға топтастырылады:

1) өсімдік атауларынан, оның ішінде сұлулық символы саналатын гүл атауларынан, «гүл» сөзінен жасалған әйел антропонимдері: *Азалия, Ақгүл, Бүлдірген, Гүлайым, Гүлбегім, Гүлпатшайым, Гүлперзент, Гүлсәнім, Гүлсезім, Гүлхадидша, Гүлімишат, Еңлік, Жаңагүл, Жауқазын, Қалампыр, Қарақат, Құлпынай, Қызғалдақ, Лиана, Раушан, Сарығалдақ, Сыйлыгүл, Талжан, Талшын*.

2) асыл тас, қымбат мата атауларынан жасалған әйел антропонимдері: *Айбарша, Айзере, Ақжібек, Ақмаржан, Алтынай, Алтынзер, Барқыт, Гауһартас, Зара (Зере), Кәмшат, Күмісай, Мақпал, Меруерт, Инжу*.



Сурет 17 – Заманауи қазақ әйел антропонимиялық кеңістігі

Абстракт ұғымдардан жасалған әйел антропонимдері әдемілікті, әдептілікті, нәзіктікті, кішіпейілділік пен мейірімділікті білдіреді: *Ажар, Айдай, Айерке, Айкөркем, Айнәзік, Айсезім, Айсұлу, Айымбике, Ақназ, Ақпейіл, Аяулым, Әдемі, Әдеп, Әсемай, Балерке, Ғажап, Жайдары, Жайнасын, Жамал, Жансұлу*,

Кербез, Керімай, Қорлан, Ләтина, Мейірім, Рахима, Рәзия, Сәнді, Сәнім, Сымбат, Таңсұлу, Шырайлым, Изет.

«Араб тілінен енген есімдер» соңғы жылдары Ислам дінінің дамуы ықпалынан, діни тұрғыда ойлаумен байланысты кеңінен қолданысқа ие болып отыр. Мысалы: *Айшанұр, Әл-Мәруа, Әлфия, Әмина, Әмира, Дінзухра, Жәннат, Зәмзәм, Кәусар, Құран, Мәдина, Мүслима, Низатель, Нұрәлима, Нұрила, Нұрикамал, Нұриман, Нұрфатима, Нұрхадия, Раяна, Румейса, Рухаят, Сағадат, Сафиянұр, Сәлсәбіл, Семанұр, Фирдаус, Хадиа, Хайырниса, Ханифа, Уәсила, Ясина.*

Заманауи қазақ антропонимиялық кеңістігі өзегіне жуық (околоядерное) аймақтағы антропонимдерге гендерлік айырмашылықты сипаттайтын сөздерден жасалған, яғни «ару», «ана», «бике», «бibi», «ханиша», «ханым», «патиша» апеллятивтерінен жасалған есімдер жатады. Бұл топтағы антропонимдердің уәжі Отанасы, еланасы болсын деген тілекпен анықталады. Мысалы: *Айару, Айбике, Айбibi, Айғаным, Аруана, Арухан, Байбике, Гүлбibi, Гүлханым, Гүлімхан, Елана, Нұрғаным, Оразбibi, Патшайым, Сұлубике, Сүйінбике, Тәттіару, Ханжан, Ханиза, Ханшайым, Ханыкей (ханның әйелі), Ырысбике.* Сонымен бірге отбасында ұл баланың өмірге келуін қалаумен байланысты «ұл» және «жаңылу» сөздері арқылы жасалған әйел антропонимдері қазіргі уақытта та қолданыста екендігі анықталды. Мысалы: *Жаңыл, Жаңылған, Жаңылсын, Ұлай, Ұлана, Ұлбану, Ұлбөбек, Ұлбөпе, Ұдай, Ұлдықыз, Ұлқыз, Ұлбике, Ұлдария, Ұлжалғас, Ұлжан, Ұлжарқын, Ұлжібек, Ұлдада, Ұлзира, Ұлина, Ұлнара, Ұлсана, Ұлсая, Ұлсерік, Ұлту, Ұлтуар, Ұшат, Ұлым, Ұлыш.*

Бұл топқа «екі есімнен бірігіп жасалған антропонимдер» де жатады. Соңғы жылдары «екі есімнен бірігіп жасалған есім беру үрдісі кеңінен өріс алып отырғандығы тілдік деректерді саралау барысында айқындалды. Екі есімнен бірігіп жасалған әйел антропонимдері: *Айшагүлден, Аруаққу, Асылажар, Асылайым, Асыл-Дара, Бибіжамал, Бибіфатима, Бибімәриям, Данеркем, Мұнтаз Мақал, Сафиябегім, Томирисясмин, Ханна Окоуе, Інжуару.*

Заманауи қазақ әйел антропонимиясы шеткері кеңістігінде орналасқан есімдерге тілдік санадан ұмыт болып, қолданыстан шыққан, яғни архаизм есімдерге айналып бара жатқан күнтізбелік есімдер (күн, апта, ай, жыл мезгілі атауларынан жасалған) енеді. Мысалы: *Жұмабике, Көктемгүл, Маусымжан, Наурызгүл, Сәуіржамал.* Сонымен бірге батыстық үлгідегі есімдер осы топқа кіреді: *Армида, Артемида, Ангелика, Дея, Леян, Сабриза, Эльза, Эмилия.*

Талдау нәтижесі көрсеткендей қазіргі қазақ антропонимиясы араб өркениетінің ықпалымен араб тіліндегі жаңа есімдер қатарымен толығып, заманауи қазақ антропонимиясы кеңістігінің өзегінен орын алып отыр.

Кісі тегін өрістік тәсіл бойынша талдау. Заманауи қазақ кісі тектерін өрістік тәсіл бойынша талдау нәтижесінде антропонимиялық кеңістік өзегінде, өзегіне жуық және шеткері аймақта орналасқан кісі тектер айқындалды. Талдау нәтижесі суретте (сурет 18) берілді.

Заманауи қазақ антропонимиялық кеңістігінің өзегі ретінде анықталған кісі тектеріне: «хан, бай, бек сынды әлеуметтік детерминативтер, ақын, құл және тай антропокомпонеттері мен араб тіліндегі ғали (әлі, алы, қали), қажы, қазы антропокомпонеттері арқылы жасалған біріккен тұлғалы антропонимдерді» жатқызамыз. Мысалы: *Абызбай, Әлімқұл, Баймұхамбет, Дүйсенғазин, Жұманалы, Заманхан, Қабылтай, Қажымұрат, Қажығали, Қанжархан, Құсайынғазы, Молдақын, Мырзатай, Нұрғазы, Ордабай, Пердебай, Рахманқұл, Сапарғали, Серікқазы, Сұлтанғали, Темірәлі, Тұрдақын.*



Сурет 18 – Заманауи қазақ кісі тектерінің өрістік кеңістігі

Ж.А. Манкеева өз еңбегінде халықтардың ат қоюы немесе таңбаны таңдауы өзіндік тұрмыс салтының, әдет-ғұрпының, көзқарастарының, дүниетанымының әсерінен болады деп түсіндіреді [173, 147 б.]. Қазақ халқының негізгі кәсібі болып саналатын, көшпенді өмір салты мен мәдениетін сипаттайтын мал шаруашылығымен, оның ішінде төрт-түліктің жас ерекшеліктеріне қатысты атаулардан жасалған кісі тектері антропонимиялық кеңістіктің өзегіне жуық (околоядерное) аймақты құрайды. Мысалы: *Баспақ, Ботабай, Жылқыбаев, Қозыбай, Қойлығара, Қойбағар, Қойшыбай, Қойшыман, Қошқарбек, Малдыбай, Марқа, Серкебай, Тайлыбай, Тайлақ*, т.б. Бұған қоса, қазақ халқының төрт-түлікке шұрайлы жайылым табу мақсатында жылдың төрт мезгіліндегі көшпенді өмір салтын сипаттайтын атаулардан, мал басының санына байланысты атаулардан, құрал-сайман атауларынан жасалған антропонимдер де заманауи қазақ антропонимиялық кеңістігінің өзегіне жуық (околоядерное) аймақта орналасқан. Мысалы: *Жайлаубаев, Қыстаубаев, Қамшыбек, Отархан, Табынбай*, т.б. Сонымен бірге бұл топқа тарихи оқиғалар, әлеуметтік-саяси жағдайлардан мәлімет беретін антропонимдер жатады: *Армия, Герой, Докторхан, Зауытбек, Кеңесқали, Мәжіліс, Мәлсбек, Октябрь, Өндірісбек, Пунктбай, Сайлау, Сайлаубек, Советхан, Советқали, Совхозбек, Социал, Съезд*, т.б.

Табиғат құбылыстарына қатысты атаулардан жасалған есімдер мен күнтізбелік есімдерден жасалған кісі тектері шеткері кеңістікке ығысып, архаизм есімдерге немесе историзм есімдерге айналып барады. Мысалы:

Аязбай, Боранбай, Дауылбай, Жаңбырбай, Көшкінбай, Қаржаубай, Қарлы, Мұздыбаев; Августбекова, Қаңтарбаев, Мартбай, Наурызбек, Сәуірбаев. Аталған топқа баланың тірі қалуы үшін берілген қорғаныс есімдері мен тотемге байланысты есімдер де кіреді. Мысалы: *Қодіренов, Қожалақ, Елемес, Сатылған, Тезекбай; Бөлтіріков, Итемген, Итібаев, Қасқырбаев.*

Сонымен заманауи қазақ кісі тектерін өрістік тәсіл бойынша талдау нәтижесіне сәйкес антропонимиялық кеңістіктің өзегінде *хан, бай, бек* сынды әлеуметтік детерминативтер, *ақын, құл және тай* антропокомпонеттері мен араб тіліндегі *ғали (әлі, алы, қали), қажы, қазы* антропокомпонеттері арқылы жасалған антропонимдер орналасқан. Антропонимиялық кеңістіктің өзегіне жуық аймаққа мал шаруашығына қатысты атаулардан жасалған есімдер, тарихи, әлеуметтік-саяси оқиғаларды сипаттайтын антропонимдер жатады. Ал шеткері кеңістікте орналасқан кісі тектері қатарынан табиғат құбылыстарына қатысты атаулардан жасалған есімдер, күнтізбелік есімдер және тотемге байланысты антропонимдер табылды.

3.3 Қазақ кісі есімдері мен тектері трансформациясы

Ер антропонимиясы. Тілдік материалды саралау нәтижесінде заманауи қазақ кісі есімдеріндегі дыбыстық өзгерістер, яғни антропонимдік трансформация құбылысы келесі жолдармен жүзеге асырылғандығы анықталды:

- ер есімдеріне қосымша дыбыстардың немесе қосымшаның үстелуі. Мысалы: *Айнар – Айанер, Аман – Аманыш, Әди – Әдият, Сағи – Сағди, Әділ – Адлен, Әли – Альали, Әлияр; Әмір – Аламир, Амирден;*

- ер есімдерінде қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың (*ұ, ы*) түсіп қалу құбылысы. Мысалы: *Айсары – Айсар, Арыслан (к.т. – арслан) – Аслан, Жасұлан – Жаслан;*

- ер есімдеріндегі әріптердің немесе сөздердің орнын ауыстыру. Мысалы: *Рамиль – Армиль, Еласар – Алесар; Нұрәли – Әлинұр;*

Сонымен бірге ресми құжаттарда ер есімдері тілдік нормаға сәйкес жазылмауы, дұрыс дыбысталмауы салдарынан бірнеше нұсқада рәсімделіп жүргендігі анықталды:

- дауысты *ә, е* дыбысының *э* дыбысымен алмастырылуы: *Әлфараби – Эльфараби, Байел – Байэль, Елнар – Эльнар.*

- *у* дыбысының орнына *в* дыбысының жазылуы: *Науат – Нават; Наурызбек – Наврузбек, Уалихан – Валихан;*

- *қ* дыбысының орнына *х* дыбысының жазылуы: *Бақтияр – Бахтияр, Бақыт – Бахыт;*

- *х* дыбысының орнына *к* дыбысының жазылуы: *Асхат – Аскат; ш* дыбысының орнына *ч* дыбысының жазылуы: *Шоқан – Чокан, Шыңғыс – Чингис, і* дыбысының орнына *ы* дыбысының жазылуы: *Едіге – Едыге, Әбдісамат – Абдысамат, Жангелді – Жангельды, т.б.*

Әйел антропонимиясы. Жинақталған тілдік деректер бойынша әйел антропонимиясында орын алған антропонимдік трансформация құбылысына келесі мысалдар жатады.

Әйел есімдеріне қосымша дыбыстардың үстелуі. Мысалы: *Алтынай – Алтыная, Асия – Асият, Әдемі – Әдемиш; Әдила – Адилан, Рахат – Рахатай, Риза – Ризам;*

Есімге қосымшалардың жалғануы және дыбыстардың түсірілуі арқылы түрленіп, дыбыстық өзгеріске ұшыраған әйел антропонимдері:

- *Айлы* → Айлана → Айлана → Айлар → Айлуна → Аймара → Айфара → Аэлина → Дайлин → Тайлин;

- *Айна* → Айнель → Айнэль → Айнэля;

- *Альбина* → Альвина;

- *Әли* → Алиана → Ализа → Алика → Алира → Алиша → Альзина → Альмина → Альфара;

- *Әлфия* → Альфина;

- *Әсел* → Аселина;

- *Әсма* → Асмита → Асмира;

- *Ару* → Аруза → Аруна → Арулана;

- *Ғайни* → Ғайниса → Ғайнура;

- *Дидар* → Диадара → Дидара;

- *Дина* → Динель;

- *Дана* → Даная → Данина → Даниса;

- *Елдана* → Елданасы;

- *Лия* → Лияра;

- *Нұрия* → Нұрида, Нұрина, Нұрфия;

- *Нұршаш* → Нұршашты;

- *Рабия* → Рабина;

- *Рахима* – Рахмила, Рахмина;

- *Роза* → Розали → Розалина;

- *Руфия* – Руфина;

- *Сабина* → Сабриза;

- *Сағи* → Сағида;

- *Сара* → Саримма → Сарина;

- *Сафия* → Сафият; есімнің жасалуы бойынша Айсафи (Айсофи) → Аль-Сафия түрлері кездеседі.

Ұл сөзіне қосымшалар жалғану арқылы жасалған есімдер → *Ұлзана, Ұлиза, Ұлина, Ұлман, Ұлнара.*

Сонымен бірге замануи қазақ әйел антропонимиясында дәстүрлі есімдерге -а дыбысын жалғау арқылы жасалған есім беру үрдісі анықталды: *Баян – Баяна, Елжан – Елжана, Іңкәр – Инкара, Радмир – Радмира, Руслан → Руслана, Саян – Сайяна, Шынар – Шинара.*

Әйел есімдерінің тілдік нормаға сәйкес дұрыс жазылмауы, дыбысталуы бойынша жіберілген қателіктер негізінде бірнеше нұсқада рәсімделген есімдерге: *Бағжан – Бағыжан; Гүлдидар – Гүлдийдар; Гүлзат – Гүлизат; Еңлік*

– Еңілік; Мәдина – Мәдіна, Мәдйінә, Медиана, Мадиням; Нәйла – Нәйлия; Рабия – Рабийя, Сая – Саия, Сәмия – Самайя – Сумаийя, Талшын – Талышын антропонимдері жатады.

Әйел есімдері рәсімделуінде дыбыстардың түсіп қалуына байланысты туындаған қателіктер: *Бибіана – Бибана, Зейнеп – Зейне, Ләззат – Лязат, Меңсұлу – Менслу, Сағадат – Саадат, Хафиза – Хафса*. Сонымен бірге антропонимикалық қорда сақталған дәстүрлі әйел есімдерінің жасалауы бойынша жаңа формалар назар аудартты: *Айсұлу – Айсұ, Бейсенгүл – Бейсгүл, Жансұлу – Жансу*.

Әйел антропонимиясында келесі есімдер әріптердің орнын ауыстыру: *Биназир – Бинариз, Зафира – Зарипа* < зариф, есімдегі сөздердің орнын ауыстыру арқылы жасалған: *Айнұр – Нұрай, Еркежан – Жанерке, Жансая – Саяжан, Нұржан – Жаннұр, Нұржас – Жаснұр*.


Сонымен қатар тілдік нормаға сәйкес дұрыс дыбысталып рәсімделмеген әйел есімдеріне келесі мысалдар жатады:

- қ дыбысының орнына х дыбысының жазылуы: *Ақмамық – Ахмамық, Ақнұр – Ахнұр*;

- дауысты а, е дыбысының ә дыбысымен алмастырылуы: *Жанна – Джаннә, Бөрте – Бортә*;

- жіңішке і дыбысының орнына жуан ы дыбысының жазылуы: *Айкуміс – Айкумыс*, т.б.

Заманауи қазақ антропонимиясындағы ер және әйел есімдерінің дыбыстық өзгеріске түсуі ықпалынан туындаған антропонимдік трансформация құбылысы 2000 жылдары белең алып, 2010, 2018 жылдары біршама артқандығы анықталды. Дыбыстық өзгерген есімдердің өсу динамикасы төмендегі суретте (сурет 19) берілді.



Сурет 19 – Антропонимдік трансформация динамикасы

Кестеде көрсетілгендей, антропонимдік трансформация құбылысына байланысты дыбыстық кейпі өзгерген есімдер жоғарыда аталған уақыт аралығында саны жағынан арта түскен. Ер есіміне қарағанда дыбыстық өзгеріске әйел есімдерінің бейім екендігін де атап өтуге болады. Бұған қоса, қазіргі кезде *-аль* дыбысы қосылуы арқылы жасалған ер және әйел есімдері: *Альали, Альжан, Альискандер, Альмади, Альмансур, Альмир, Аль-Мухамеднур*,

Альсапар, Альназар, Альнаир, Альрами, Альтаир, Альхан, Сальман; Альви, Альзара, Альдина, Аль-Каусар, Аль-Маруа, Альмина, Альнура, Альсара, Альсара, Аль-Сафи, Альтея, Альфина, Альфинур, Альяна, Амаль, Амираль, Сальма, Сальсабилъ; -ель дыбысы жалғануы арқылы жасалған әйел есімдері де кеңінен қолданылу үрдісі айқындалды: *Адель, Азель, Айнель, Айсель, Динель, Жансель, Ельназ, Жанель, Ринель.*

Сонымен бірге қазіргі уақытта заманауи қазақ антропинимдік жүйесінде екі есімнен бірігіп жасалған антропонимдер саны арта түскендігі анықталды. «Қазақ есімдерінің анықтамалығында» соңғы кездері кейбір азаматтар өз есімдерін бөлшектеп *Мырза-Әлі, Құл-Керім, Құрман-Ғали* тұлғаларында жазып жүргендігі, және бұл ережеге қайшы екендігі айтылады [174, 528 б.].

Зерттеу жұмысына қатысты тілдік деректерді жинақтау уақытында АХАТ қызметкерлерімен сұхбат барысында сәбидің аты-жөнін рәсімдеуде, есім таңдауда тек ата-анасының өтініш парағын толтыруға құқылы екендігі белгілі болды. Сондықтан таңдалған есім мен оның дұрыс дыбысталуы, нормаға сәйкес жазылмауы, есімнің бірнеше нұсқада берілуіне қатысты мәселе туындап отыр. АХАТ қызметкері өтініште көрсетілген есімді өзгертіп, орфографиялық қателерін жөндеуі заңға негізделмеген.

Заманауи қазақ антропонимиясында қазақ тілінің орфографиялық заңдылықтарына, тілдік нормаға сәйкес келмейтін рәсімделмеген есімдер төменде кестелерде берілді (кесте 32, 33).

Кесте 32 – Заманауи қазақ кісі есімдеріндегі дыбыстық өзгерістер

| № | Қазақ тіліндегі дауысты дыбыс | Өзгертілген дыбыс | Мысалы |
|-----|-------------------------------|-------------------|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | а | | |
| 1.1 | | я | <i>Диас – Дияс, Әдила – Адиля</i> |
| 1.2 | | у | <i>Махаббат – Мухаббат</i> |
| 2 | ә | э | <i>Әмина – Эмине, Ләйла – Лейла, Нәйла – Нэйла</i> |
| 3 | е | | |
| 3.1 | | и (немесе а) | <i>Әйтеке – Айтике, Ескендір – Искендир (Искандир), Рүстем – Рустам, Темірлан – Тамирлан</i> |
| 3.2 | | э | <i>Әуез – Ауэз, Байел – Байэль, Елдар – Эльдар (Ильдар), Елнар – Эльнар, Елдана – Элдана, Меруерт – Меруэрт, Бөрте – Бортэ</i> |
| 4 | и | | |
| 4.1 | | ей | <i>Мирас – Мейрас, Серікқали – Серікгали, Фируза – Фейруза</i> |
| 4.2 | | й | <i>Айбике – Айбйке, Мұхамеди – Мұхамедй</i> |
| 4.3 | | ь | <i>Дария – Дарья, Мария – Марья</i> |
| 5 | о | | |
| 5.1 | | а | <i>Томирис – Тамирис</i> |
| 5.2 | | у | <i>Амангос – Амангус, Болат – Булат, Омар – Умар</i> |

32-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|------|---|--------------------|--|
| 6 | ө | у | <i>Төлеген – Тулеген, Өміржан – Умиржан, Ақкөркем – Аккуркем, Мөлдір – Мольдир</i> |
| 7 | ұ | Дыбыстың түсірілуі | <i>Жасұлан – Жаслан, Самұрат – Самрат, Айсұлу – Айслу, Ақсұлу – Акслу, Сұлухан – Слухан</i> |
| 8 | ү | | |
| 8.1 | | ю | <i>Ататүрік – Ататюрк, Алмагүл – Алмагюль</i> |
| 8.2 | | е | <i>Мүнира – Менура</i> |
| 9 | ы | у | <i>Жамбыл – Жамбул, Жұлдыз – Жулдуз, Зылиқа – Зулейха</i> |
| 10 | і | | |
| 10.1 | | а/е/я | <i>Әдемі – Адема, Жәңгір – Жангер, Дәмелі – Дамеля</i> |
| 10.2 | | ы | <i>Еділ – Едыль, Ерсін – Ерсын, Жангелді – Жангельды, Құдірет – Кудырет, Айкүміс – Айкумыс</i> |
| 10.3 | | у | <i>Тастемір – Тастемур, Әбілқайыр – Абулхаир, Ақжүніс – Акжунус, Үмігүлсім – Умигульсум</i> |

Берілген кестеде заманауи қазақ кісі есімдерінде орын алған дыбыстық өзгерістерге қатысты қателіктер көрсетілді. Мысалы:

- қазақ кісі есімдерінде дауысты *а* дыбысының *я* немесе *у* дыбыстарына өзгеруі: *Диас – Дияс, Әдила – Адиля, Диана – Дияна, Махаббат – Мұхаббат*;

- дауысты *ә* дыбысының *э* дыбысына өзгеруі: *Әмина – Эмине, Ләйла – Лэйла, Нәйла – Нэйла*;

- дауысты *е* дыбысының *и/а* немесе *э* дыбыстарына өзгеруі: *Әйтеке – Айтике, Ескендір – Искендир* (Искандир), *Рүстем – Рустам, Әуез – Ауэз, Байел – Байэль, Елдар – Эльдар* (Ильдар), *Елдана – Элдана, Меруерт – Меруэрт, Бөрте – Бортэ*;

- дауысты *и* дыбысының *ей* дыбысына және дауыссыз *й* дыбысына өзгеруі немесе эпентеза құбылысының орын алуы: *Мирас – Мейрас, Серікқали – Серікгалей, Айбике – Айбийке, Мұхамеди – Мұхамедй, Аида – Айда* (Айида), *Саида – Сайда*;

- қазақ кісі есімдеріндегі тіркескен *йі* дыбыстарының *э* дыбысымен *Мейірім – Мээрим*;

- дауысты *о/ө* дыбыстарының *а* немесе *у* дыбысына өзгеруі: *Томирис – Тамирис, Амангос – Амангус, Болат – Булат, Төлеген – Тулеген, Өміржан – Умиржан, Ақкөркем – Аккуркем*;

- дауысты *ұ* дыбысының *о* дыбысына өзгеруі немесе түсіп қалуы: *Ерұлан – Еролан, Жасұлан – Жаслан, Самұрат – Самрат, Айсұлу – Айслу, Ақсұлу – Акслу, Сұлухан – Слухан*;

- дауысты *ү* дыбысының *ю* немесе *е* дыбыстарына өзгеруі: *Ататүрік – Ататюрк, Алмагүл – Алмагюль, Мүнира – Менура*;

- дауысты *ы* дыбысының *у* дыбысына өзгеруі: *Жамбыл – Жамбул, Жұлдыз – Жулдуз, Зылиқа – Зулейха*;

- дауысты *i* дыбысының *a/e/я* дыбыстарына өзгеруі: *Әдемі – Адема, Жәңгір – Жангер, Дәмелі – Дамеля;*

Сонымен айтылуына қарай немесе орыс тілінің орфографиялық ерекшеліктеріне қатысты жіңішке дауысты дыбыстылардың жуан дауысты дыбысқа өзгеруі, қазақ тіліне тән емес өзге дыбыстардың теліну мәселелері бойынша деректер келтірілді.

Заманауи қазақ кісі есімдерінде дауыссыз дыбыстарға қатысты орын алған өзгерістер төменде кестеде (33-кесте) көрсетілді.

Кесте 33 – Қазақ кісі есімдерінде дауыссыз дыбыстардың өзгеру құбылыстары

| № | Дауыссыз Дыбыстар | Өзгертілген дауыссыз дыбыс | Мысалы |
|------|-------------------|-----------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | б | | |
| 1.1 | | в | <i>Айбар – Айвар, Әліби – Аливви, Альбина – Альвина</i> |
| 1.2 | | п | <i>Есбол – Еспол, Сатыбалды – Сатыпалды</i> |
| 2 | г | к | <i>Амангелді – Аманкельд, Хангелді – Ханкелді</i> |
| 3. | ж | | |
| 3.1 | | дж | <i>Әжігерей – Аджи Гирей, Нариманқожа – Нариманходжа, Жәмила – Джамия,</i> |
| 3.2 | | ш | <i>Шамжан – Шамшиан</i> |
| 4. | з | | |
| 4.1 | | с | <i>Әуезхан – Әуесхан, Рамзес – Рамсес, Ақкербез – Ақкербес</i> |
| 4.2 | | қос з әрпінің бірінің түсуі | <i>Ләззат – Лязат</i> |
| 5. | й | и | <i>Әйгерім – Аигерим, Айжан – Аижан, Айша – Аиша</i> |
| 6 | йі | э | <i>Мейірім – Мээрим</i> |
| 7. | к | г | <i>Бекзат – Бегзат, Сейітбек – Саидбег</i> |
| 8. | қ | | |
| 8.1 | | г | <i>Ерқанат – Ерганат, Серікқали – Серикгали, Ұлықбек – Улугбек, Ақдана – Агдана</i> |
| 8.2 | | х | <i>Ақсұңқар – Ахсунхар, Балқаш – Балхаш, Қамарсұлу – Хамарсұлу, Қорлан – Хорлан.</i> |
| 8.3 | | ғ | <i>Ақнұр – Агнұр</i> |
| 9. | л | | |
| 9.1 | | қос л әрпінің бірінің түсуі | <i>Әсетолла – Асетола,</i> |
| 9.2 | | ы әрпінің үстелуі | <i>Талшын – Талышын</i> |
| 10. | ң | <i>i</i> әрпінің үстелуі | <i>Еңлік – Еңілік</i> |
| 11. | п | | |
| 11.1 | | б | <i>Данышпан – Данышбан, Мақпал – Мақбал</i> |
| 11.2 | | ф | <i>Шапағат – Шафағат, Шәрипа – Шерифе</i> |

33-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|----|---|----|--|
| 12 | у | в | Наурызбек – Наврузбек, Дәулет – Давлет |
| 13 | ф | п | Бибіфатима – Бибіпатыма |
| 14 | х | к | Асхат – Асқат, Дархан – Дарқан |
| 15 | ш | ч | Қылышбек – Киличбек, Шоқан – Чокан, Шыңғыс – Чингис, Шынар – Чынар |
| 16 | я | йа | Аяна – Айана, Аянұр – Айанұр, Аяулым – Айаулым, Дания – Данийа, Хаят – Хайат |

Кестеде заманауи қазақ кісі есімдерінде дауыссыз дыбыстардың өзгертіліп жазылуына байланысты антропонимдік нормаға сай рәсімделмей дыбыстық өзгеріске түскен антропонимдерге мысалдар берілді:

- қазақ кісі есімдерінде дауыссыз *б* дыбысының *в* дыбысына өзгеруі немесе эпентезаның орын алуы: Айбар – Айвар, Әліби – Аливи, Есбол – Еспол, Сатыбалды – Сатыпалды;

- қазақ есімдерінде ұяң дауыссыз *г* дыбысының қатаң *к* дауыссыз дыбысына өзгеруі: Амангелді – Аманкельды, Хангелді – Ханкелді;

- қазақ кісі есімдерінде дауыссыз *ж* дыбысының *жд* немесе *ш* дыбыстарына өзгеруі: Әжігерей – Аджи Гирей, Жәнібек – Джәнибек, Санжар – Санджар, Жәмила – Джәмиля, Шамжан – Шамшан;

- ұяң *з* дауыссыз дыбысының қатаң *с* дауыссыз дыбысына өзгеруі: Әуеззхан – Ауэсхан, Рамзес – Рамсес, Ақкерзес – Ақкерсес;

- дауыссыз *й* дыбысының дауысты *и* дыбысына өзгеруі: Әййгерім – Аиигерим, Аййжан – Аиижан, Аййша – Аииша;

- қатаң *к/қ* дауыссыз дыбыстарының ұяң *г* дауыссыз дыбысына өзгеруі: Беккат – Беггат, Сейіткеке – Сеидгеке, Ерканат – Ерганат, Серікқали – Серикгали, Ұлыққбек – Улугбек, Аққдана – Агдана;

- дауыссыз *қ* дыбысының дауыссыз *х* дыбысына өзгеруі: Ақсұнқар – Ахсунхар, Баққыт – Баххыт, Балқаш – Балхаш, Жарқын – Жархын, Шоқан – Шохан, Қамарсұлу – Хамарсұлу, Қорқан – Хорхан.

- қазақ кісі есімдерінде қос *зз* және *лл* дауыссыздарының бірінің түсіп қалуы: Ләззат – Ляззат, Әсетоллла – Асетолла;

- дауыссыз *л* және *ң* дыбыстарына дауысты *ы* дыбысының үстелуі: Таллшын – Талышын, Еңлік – Еңылік;

- дауыссыз *п* дыбысының дауыссыз *ф* дыбысына өзгеруі: Данпышпан – Данфышпан, Мақпал – Мақфал, Шапағат – Шафағат, Шәприпа – Шәфрифе;

- қатаң дауыссыз *х* дыбысының *к* дыбысына, *ш* дыбысының *ч* дыбысына өзгеруі: Асхат – Асқат, Дархан – Дарқан, Шшоқан – Ччокан, Шшыңғыс – Ччингис, Шшынар – Ччынар;

- *я* дыбысының *йа* дыбыстарына өзгеруі: Аяна – Айана, Аянұр – Айанұр, Аяулым – Айаулым, Дяния – Дйанийа, Хяят – Хйайат.

Көріп отырғанымыздай заманауи қазақ кісі есімдерінде дыбыстық өзгерістер нәтижесінде өрескел қателіктер орын алған.

Сонымен қатар заманауи қазақ антропонимиясында екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған есім бері үрдісі белең алып, есімдер бірнеше нұсқада рәсімделген: бірге, бөлек және дефис арқылы. Дерек бойынша 2000 жылы бірге жазылған ер есімдері – 24 (Жарасөркен, Мұхамбетшайбани, Сұлтансүлеймен, Ибраһимсұлтан), дефис арқылы жазылған – 1 (Қаблан-Бек) есім.

Нақты деректерге сәйкес 2010 жылы бірге жазылған ер есімдері – 63 (Біләлрәжаби, Мәдизейінуайыс, Сұлтанбейбарыс).

2018 жылғы бірге жазылған ер есімдері – 71 (Абылайханбейбарыс, Әбдірашидалауддин, Артаберсұлтан), бөлек жазылған ер есімдері – 8 (Әзірет Сұлтан, Камал Әбілмансұр, Мұхаммед Әмин), дефис арқылы жазылған ер есімдері – 12 (Әли-Ағзам, Әмір – Саид, Омар-Фарух) болды.

Заманауи қазақ антропонимиясында екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған әйел есімдері: 2000 жылғы дерек бойынша бірге жазылған әйел есімдері – 6 (Айшабибі, Томирисясмин), бөлек жазылған – 1 (Қыз Жібек). Деректерге сәйкес 2010 жылы бірге жазылған әйел есімдері – 9 (Асылажар, Сұлтанпатша), 2018 жылы бірге жазылған әйел есімдері – 12 (Еркеайым, Бибіфатима, Сақыпжамал), бөлек жазылған әйел есімдері – 7 (Мұнтаз Мақал, Рәбия Бегім, Ханна Окоуе), дефис арқылы жазылған – 7 (Адель-Дениз, Айла-Сумайя, Асыл-Дара), т.б.

Байқағанымыздай, аталған жылдарда екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған күрделі есім беру үрдісі жыл өткен сайын артуда.

«Мемлекеттік тілдің тазалығы, мәдениетінің арта түсуі, сауаттылық үшін күрес қаншалықты қажет болса, адамдардың аты-жөндерінің қолдану аясы мен қоғамдық қызметіне, олардың сауатты жазылуына мән беру – ерекше ден қойып, баса назар аударарлық мәселе. Өйткені аты-жөн – тарих» [174, 5 б.].

Аты-жөнді әдеби тіл нормасына сәйкес жазып қолдану мақсатында «Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері жайлы нұсқаулық ұсынылып, онда кісі есімдерінің емлесі, біріккен тұлғалы кісі есімдерінің жазылуы, шет тілдерден енген кісі есімдерінің жазылуы, аты-жөнді жазу үлгісі көрсетілді [174]. Алайда нұсқаулықта берілген ережелер сәбидің аты-жөнін рәсімдеуде ескерілмей отырғандығын деректі құжаттар көрсетіп отыр. Осыған орай қазіргі таңда бір есім бірнеше нұсқада жазылып, қолданылуда.

У.Е. Мусабекова өз еңбегінде: қоғамдағы трансформация тілдік норманың демократиялануына алып келгендігі жөнінде: «Таким образом, необходимо отметить, что происходящие процессы в трансформирующемся обществе приводят демократизации норм» деп атап өтеді [175, с. 81].

Мұндай қателіктер ата-аналардың қазақ әдеби тілінің нормасын, ережелерді және «Кісі аттарының емлесінен» бейхабар екендігін көрсетеді. Кісі аты-жөнін рәсімдеу АХАТ бөлімдері қызметкерлерінің міндетіне кіреді. Дегенмен, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексіне сәйкес 10-тарауда баланың құқықтары қарастырылады. Баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы қарастырылған 63-бапта: «Балаға ат ата-анасының (немесе олардың орнындағы адамдардың) келісімі бойынша қойылады, аты-

жөні әкесінің аты бойынша не ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып беріледі» [176] деп көрсетілген. Сол себепті ата-ана тарапынан толтырылған өтініш бойынша бала аты-жөні рәсімделуі тиіс. Бала аты-жөнінде жіберілген орфографиялық қателіктер АХАТ қызметкерлері тарапынан жөнделуі (АХАТ бөлімі қызметкерлерінің жауабына сәйкес) заңға қайшы болып есептеледі.

Кісі тектерінің трансформациясы. «Кісі тегінің бір отбасында ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде берілетін қызметі жөнінде Н.И. Шейко: «Фамилия передается по наследству в неизменном виде от отца к сыну, от сына к внуку и может существовать в неограниченном ряду поколений одной и той же семьи, если в каждом из них будет рождаться мужчина, так как дети обычно получают фамилию от отца и сами в свою очередь передают своим сыновьям» [163, с. 260] деп тұжырым жасайды. Кісі тегі – еш өзгеріссіз табысталатын мұрагерлік атау және белгілі бір отбасында шектеусіз бірнеше ұрпаққа дейін жалғасуы мүмкін, ал кісі есімі жеке адамға берілетін индивидуалды атау болып табылады.

Қазақ тіліндегі кісі тектерінде дауысты дыбыстардың орыс тілінде берілу ережесінің бұзылу жағдайлары кестеде (34-кесте) көрсетілді.

Кесте 34 – Кісі тектерінде дауысты дыбыстардың өзгеру құбылыстары

| № | Дауысты дыбыс | Дауысты дыбыстың өзгеруі | Мысалы |
|-----|---------------|------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | а | | |
| 1.1 | | е | <i>Еламанов – Елеманов, Қожамқұлова – Кожемқұлова</i> |
| 1.2 | | я | <i>Исламов – Ислямов, Биаметов – Бияметов, Жайлаубек – Жайляубек, Тайлақов – Тайляков</i> |
| 1.3 | | у | <i>Қожамбаев – Кожумбаев, Оразғалиев – Урузғалиев, Тоқтағанова – Токтағанова</i> |
| 2. | 2 | я | <i>Білалов – Билялов, Фабділәшім – Кабдыляшим, Қалиәкпарова – Калиәкперова</i> |
| 3. | е | | |
| 3.1 | | и | <i>Шегебаев – Чигебаев, Есбаев – Исбаев, Есенәлиева – Исиналиева, Жиренбаева – Джиринбаева, Шерханов – Чирханов</i> |
| 3.2 | | э | <i>Әуезов – Ауэзов, Есбаева – Эспаева, Ергазиев – Эргазиев, Ермуратова – Эрмуратова</i> |
| 3.3 | | әріптің (дыбыстың) түсірілуі | <i>Ескендіров – Скендилов, Зейінбай – Зинбай, Ниетқалиев – Нитқалиев</i> |
| 3.4 | | ю | <i>Төлебаева – Тюлюбаева</i> |
| 4 | еу | ю | <i>Төлеубаев – Тюлюбаев, Елеукенов – Елюкенов, Елеусінов – Елюсинов</i> |
| 5. | и | | |
| 5.1 | | ей немесе ий | <i>Әлибеков – Алейбеков, Досқали – Досғалий, Қали – Калий, Оразғали – Уразғалий</i> |

34-кетенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|------|----|-------------------|--|
| 5.2 | | ь | <i>Даниярова – Даныярова, Дәулетияров – Давлетьяров, Илиясова – Ильясова</i> |
| 5.3 | | әріптің түсірілуі | <i>Жиенәлиев – Женалиев, Исламжанова – Сламжанова</i> |
| 6. | о | | |
| 6.1 | | а | <i>Совет – Савет, Тоқтаров – Тахтаров.</i> |
| 6.2 | | у | <i>Аманжолов – Аманжулов, Қосанов – Кусанов, Шокбаров – Чукбаров</i> |
| 7 | ө | | |
| 7.1 | | у | <i>Бөлтірікова – Бультрикова, Көрпетаев – Курпетаев, Өтеуленова – Утивленова</i> |
| 7.2 | | ю | <i>Төлеуханов – Тюлевканов, Төребаев – Тюребаев</i> |
| 8. | у | | |
| 8.1 | | в | <i>Әнуаров – Анваров; Сәдуақасов – Садвақасова</i> |
| 8.2 | | ю | <i>Елубаева – Елюбаева</i> |
| 9. | ү | ю | <i>Сүлейменов – Сюлейменов, Түлікбаева – Тюлюкбаева</i> |
| 10. | үй | ю | <i>Дүйсенбеков – Дюсенбеков</i> |
| 11. | ы | | |
| 11.1 | | е | <i>Арынов – Аренов, Шыбықбаев – Чебыкпаев, Мырзахметова – Мерзахметова</i> |
| 11.2 | | у | <i>Байбосынов – Байбосунов, Қоңыров – Конуров, Нұрышев – Нурушев, Бұғыбаева – Бугубаева</i> |
| 12. | і | | |
| 12.1 | | е | <i>Әбділдинов – Абдельдинов, Ділмұқанов – Дельмуханов, Темірбекова – Темербекова</i> |
| 12.2 | | ы | <i>Әшімов – Ашымов, Бердіқұлова – Бердықұлова, Ділдабаев – Дыльдибаев</i> |
| 12.3 | | у | <i>Әбдікәрімов – Абдукаримова, Жүнісов – Жунусов, Өксікбаев – Уксукбаев, Тілеубаев – Тулеубаев</i> |

Кестеде көрсетілгендей, қазақ кісі тектеріндегі дауысты дыбыстарға катысты келесі фонетикалық өзгерістерге тоқталып өтейік:

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде *л* дауыссыз дыбысынан кейін келетін *а* және *ә* дауысты дыбыстарының *я*-ға өзгеруі: *Исламов – Ислямов, Жайлаубеков – Жайляубеков, Білалов – Билялов, Қалиәкпарова – Калиякпарова;*

- қазақ тіліндегі есімдерде *м* және *н* үнді дауыссыздарының алдында келетін *а* дауысты дыбысының *е*-ге немесе *у*-ға өзгеруі: *Еламанов – Елеманов, Қожамқұлова – Кожемқұлова, Қожамбаева – Кожұмбаева, Тоқтағанова – Токтағунова;*

- қазақ кісі тектерінде сөз басында немесе сөз ортасында келетін *е* дауысты дыбысының *и* дыбысына өзгеруі: *Есбаев – Исбаев, Есенәлиева – Исиәлиева, Жиренбаева – Джиринбаева, Шегебаев – Чигибаев, Шерханов – Чирханов;*

- замануи қазақ кісі тектерінде сөз басында немесе сөз ортасында келетін *е* дауысты дыбысының *э* дыбысына өзгеруі немесе түсіп қалуы: *Есбаева – Эспаева, Әуезов – Ауэзов, Ергазиев – Эргазиев, Ескендіров – Скендиоров, Ниетқалиев – Ниткалиев*;

- қазақ кісі тектерінде *е/ө/ү* дауысты дыбыстарының, *-еу* жұрнағының *ю*-ға өзгеруі: *Төлебаева – Тюлюбаева, Төлеубаев – Тилюбаев, Төребаев – Тюребаев, Елеукенов – Елюкенов, Елеусінов – Елюсинов, Сүлейменов – Сюлейменов*;

- *и* дыбысына аяқталатын есім соңында дауыссыз *й* дыбысының қосылуы (эпентеза): *Досқали – Досгалий, Оразғали – Уразгалий*;

- замануи қазақ кісі тегінде дауысты *и* дыбысының *ь* жіңішкелік белгісіне өзгеруі немесе түсіп қалуы: *Даниярова – Даньярова, Дәулетияров – Давлетьяров, Илиясова – Ильясова, Жиенәлиев – Женәлиев, Исламжанова – Сламжанова*;

- замануи қазақ кісі тегіндегі *о* дауысты дыбысының *а*-ға өзгеруі: *Совет – Савет, Тоқтаров – Тахтаров*;

- замануи қазақ кісі тегінде *о* және *ө* дауысты дыбыстарының *у*-ға өзгеруі: *Аманжолов – Аманжулов, Қосанов – Қусанов, Бөлтірікова – Бультрикова, Көрпетаев – Курпетаев, Төлепов – Түлепов*;

- замануи қазақ кісі тегінде дауысты *у* дыбысының *в*-ға немесе *ю*-ға өзгеруі: *Әнуаров – Анваров; Сәдуақасов – Садвақасова, Елубаева – Елюбаева*.

- замануи қазақ кісі тегінде дауысты *ы* дыбысының *е*-ге немесе *у*-ға өзгеруі: *Арынов – Аренов, Шыбықбаев – Чебыкпаев, Мырзахметова – Мерзахметова, Қоңыров – Конуров, Нұрышев – Нурушев, Бұғыбаева – Бугубаева*;

- замануи қазақ кісі тегінде дауысты *і* дыбысының *е/ы/у*-ға өзгеруі: *Әбділдинов – Абдельдинов, Темірбекова – Темербекова, Әшімов – Ашымов, Әбдіқалықова – Абдықалықова, Әбдікәрімов – Абдукаримова, Өксікбаев – Уксукбаев*. Кісі тектерін орыс тілінің дыбысталу жүйесіне сәйкес рәсімдеу салдарынан қазақ тіліне тән төл (*э, о, ө, ұ, ү, ы, і, қ*) дыбыстардың өзгеріп, антропонимдік трансформация құбылысы орын алғандығын атап өтуге болады.

Қазақ тіліндегі кісі тектерінде дауыссыз дыбыстардың орыс тілінде берілу ережесінің бұзылу жағдайлары кестеде (кесте 35) көрсетілді.

Кесте 35 – Қазақ кісі тектерінде дауыссыз дыбыстардың өзгеру құбылыстары

| № | Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар | Өзгерген дыбыс | Мысалы |
|----|-----------------------------------|----------------|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | б | | |
| | | в | <i>Абатов – Аватов, Әбуғали – Авугали, Сәбит – Савит, Сыбанбаева – Сванбаева</i> |
| | | п | <i>Арықбаев – Арыкпаев, Бесбаев – Беспаев, Болатова – Полатова, Рысбаев – Рыспаев, Тұрысбеков – Турыспеков</i> |

35-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|-----|----|----|--|
| 2. | ғ | к | <i>Айтуғанов – Айтуқанов, Молдағалиев – Молдақалиев, Ғайсина – Қайсина, Ғизатова – Қизатова</i> |
| 3. | ж | | |
| 3.1 | | дж | <i>Әжібаев – Аджибаев, Жаңбыршынов – Джанбуришинов, Жылқайдаров – Джелкайдаров</i> |
| 3.2 | | д | <i>Жұртбаева – Дюртбаева, Жүзбаева – Дузбаева, Жүсіпов – Дюсупов</i> |
| 3.3 | | ч | <i>Әбілжанов – Абилчанов, Білжанов – Билчанов, Құтжанов – Қутчанов</i> |
| 4. | қ | | |
| 4.1 | | г | <i>Ақдәулетов – Агдавлетов, Шыңқожанова – Шыңғужанова</i> |
| 4.2 | | х | <i>Айтқожина – Айтхожина, Ысқақов – Исхаков, Қожабаяев – Ходжабаяев, Құдайбергенов – Худайбергенов, Сиқымбаяев – Сихымбаяев</i> |
| 5. | н | м | <i>Аргынбеков – Аргимбеков, Жиенбаяев – Жиембаев, Қашқынбаяев – Кашкимбаяев, Сәрсенбаяева – Сарсембаяева</i> |
| 6. | п | | |
| 6.1 | | б | <i>Әбдіжаппаров – Әбдіжаббиров,</i> |
| 6.2 | | ф | <i>Әнапияева – Анафьяева, Шәріпханова – Шарифканова</i> |
| 7. | с | з | <i>Тасболатов – Тазболатов, Шыңғысов – Чингизов</i> |
| 8. | сж | щ | <i>Досжанов – Доцанов, Есжанов – Ицанов</i> |
| 9. | т | д | <i>Ахметов – Ахмедов, Ришатов – Ришадов, Советов – Соведев, Махмұтов – Махмұдова</i> |
| 10 | у | в | <i>Әуелбеков – Авелбеков, Дәулетқұлов – Давлетқұлов, Сайлауханова – Сайлевханова, Таубай – Тавбай, Тілеулесов – Тілевлесов</i> |
| 11. | ш | ч | <i>Ақшабаяева – Ақчабаяева, Алақушікова – Алақушікова, Шекебаяев – Чекебаяев, Шойынбеков – Чуенбеков, Шеңгелбаяев – Ченгельбаяев</i> |

Қазақ кісі тектеріндегі дауыссыз дыбыстарға қатысты кестеде берілген келесі фонетикалық өзгерістерге тоқталып өтейік:

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде *б* дауыссыз дыбысының *в* немесе *п*-ға өзгеруі: *Әбуғали – Авуғали, Сәбитов – Савитов, Сыбанбаяева – Сванбаяева, Арықбаяев – Арықпаяев, Бесбаяев – Беспаяев, Болатова – Полатова;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде ұяң *ғ* дауыссыз дыбысының қатаң *к* дауыссыз дыбысына өзгеруі: *Айтуғанов – Айтуқанов, Молдағалиев – Молдақалиев, Ғайсина – Қайсина, Ғизатова – Қизатова;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде *ж* дауыссыз дыбысының *дж/ж/ч* дыбыстарына өзгеруі: *Әжібаев – Аджибаев, Жылқайдаров – Джелкайдаров, Жұртбаева – Дюртбаева, Жүзбаева – Дузбаева, Білжанов – Билчанов, Құтжанов – Қутчанов;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде қатаң қ дауыссыз дыбысының х дыбысына және ұяң г дыбысына өзгеруі: *Айтқожина – Айтхожина, Ысқақов – Исхақов, Құдайбергенов – Хұдайбергенов, Ақдәулетов – Агдавлетов, Шынқожанова – Шынгужанова;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде н дауыссыз дыбысының м-ға өзгеруі: *Арғынбеков – Аргимбеков, Жиенбаев – Жиембаев, Қашқынбаев – Қашкимбаев;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде п дауыссыз дыбысының ф-ға немесе ұяң б дыбысына өзгеруі: *Әнапияева – Анафьяева, Шәріпханова – Шарифканова, Әбдіжаппаров – Әбдіжаббиров;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде қатаң с дауыссыз дыбысының з-ға өзгеруі: *Тасболатов – Тазболатов, Шыңғысов – Чингизов;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде сж дыбыстары тіркесінің щ-ға өзгеруі: *Досжанов – Дощанов, Есжанов – Ищанов;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде қатаң т дауыссыз дыбысының ұяң д-ға өзгеруі: *Ахметов – Ахмедов, Советов – Соведов, Махмұтов – Махмудов;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде у дауыссыз дыбысының в-ға өзгеруі: *Әуелбеков – Авелбеков, Дәулетқұлов – Давлеткулов, Сайлауханова – Сайлевханова, Таубай – Тавбай, Тілеулесов – Тилевлесов;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде х дауыссыз дыбысының к дыбысына өзгеруі: *Әділханов – Адельқанов, Қасымханонова – Касымқанова, Дарханов – Дарқанов;*

- қазақ тіліндегі кісі тектерінде ш дауыссыз дыбысының ч дыбысына өзгеруі: *Ақшабаева – Ақчабаева, Алақушікова – Алақучікова, Шекебаев – Чекебаев, Шойынбеков – Чуенбеков, Шеңгелбаев – Ченгельбаев.*

Жоғарыда келтірілген мысалдар қазақ кісі тектерінің дұрыс жазылып рәсімделмеуі салдарынан орын алған қателіктердің көрінісі болып табылады. Антропонимдер алғашқы формасынан, мағынасынан ауытқаған. Ресми құжаттарда антропонимдердің (кісі есімі, әкесінің аты, тегі) ұлттық тіліміздің нормасына сәйкес дұрыс жазылуы бойынша мәселе өз шешімін толықтай таппай келеді.

У.Е. Мусабекова тілдік норма, орфографиялық ережелер тұрғысында: «... правописание – это отнюдь не только результат нормализаторских усилий, система раз и навсегда установленных правил, – это и саморазвивающаяся система, требующая регулярной и систематической корректировки, упорядочения с учетом существующей практики письма на основе отслеживания спонтанно происходящих в нем изменений» дейді [177, с. 26].

Антропонимдердің әдеби тіл нормасына сәйкес дұрыс жазылуы, құжаттарда қатесіз рәсімделуі шешілуге тиісті өзекті мәселелер қатарында. Кісі аты-жөнінің дұрыс рәсімделмеуі бойынша жоғарыда атап көрсетілген қателіктер қазіргі қоғам мүшелері тарапынан сауаттылықты талап етеді.

3.4 Қазақ антропонимиясындағы сахналық есімдер трансформациясы

Соңғы жылдары әр түрлі гуманитарлық ғылым салаларында бүркеншік атқа (псевдоним) деген қызығушылық туындағаны байқалады. Атап айтсақ,

лексикографтар бүркеншік аттарды зерттеу нәтижесінде сөздік құрастырса (И.Ф. Масанов «Словарь русских псевдонимов», 1958), ономастикада бүркеншік атқа В.Г. Дмитриев (1977); А.В. Сулова, А.В. Суперанская (1978); М.В. Голомидова (1998) ғылыми еңбектерінде түсініктеме беріп, жан-жақты сипаттайды. Бүркеншік атқа берілген бірнеше анықтаманы ұсынуға болады. И.Ф. Масанов «В мире псевдонимов, анонимов и литературных подделок» еңбегінде бүркеншік атқа мынадай анықтама береді: «псевдоним – всякая подпись под произведением, не соответствующая действительной фамилии автора» [178 с. 285].

А.В. Суперанская бүркеншік аттарды жалқы есімнің ерекше тобы ретінде қарастырады. Оның пікірінше: «Если он имеет псевдоним, у него обязательно есть настоящее имя собственное» [19, с. 38]. Яғни адамда бүркеншік аттың болуы дегеніміз оның міндетті түрде шын есімі бар екендігін білдіреді.

Өз еңбегінде В.Г. Дмитриев: «бүркеншік атты – қолтаңбада шын есім мен текті алмастыратын ойдан шығарылған немесе өзгерген есім мен тектің жалпы атауы» деп қарастырады [179, с. 278].

Н.В. Подольская құрастырған сөздікте бүркеншік атқа келесі анықтама беріледі: «Псевдоним – вид антропонима, вымышленное имя, существующее в общественной жизни человека наряду с настоящим именем или вместо него. В русской традиции псевдоним может заменять фамилию (чаще всего), имя личное, отчество, всю формулу имени [15, с. 113]. Жоғарыда берілген анықтамалардың айырмашылығына қарамастан, ғалымдар бүркеншік аттың кісі есімімен салыстырғанда жалған, ойдан шығарылған есім екендігін атап көрсетеді.

Қазақ антропонимикасында лақап, бүркеншік аттарды жүйелі түрде алғаш рет ғалым Т. Жанұзақ қарастырған: «Бүркеншік ат (псевдоним) деп шын аттан бөлек, ойдан шығарылған, көп реттерде фамилия мен есімдер орнына жүретін атауларды айтады. Ол гректің *псевдонимес* сөзінен, мәнісі «жалған аталған, жасырын» деген ұғымды білдіреді» [13, 86 б.].

Қазіргі таңда кісі есімдерінің бұл тобын зерттеген ғалым Т.Т. Джарасова бүркеншік атты туылған кезде берілген шынайы кісі есімімен салыстырғанда, неғұрлым кештеу қойылатын бейресми ат ретінде есептейді. «Бүркеншік есім» (псевдоним) сөзі грек тіліндегі *ψευδής* «жалған, өтірік» және *ὄνομα* «есім» екі түбір сөзден құралған. Ағылшын тілінде «бүркеншік ат» терминіне «*pseudonym*, *penname* (әдебиеттегі есім), *stage-name* (сахналық есім)» терминдері сәйкес келеді [180, с. 97].

Сонымен қатар, *сахналық есіммен* бірге *әртістік есім* деген термин де қолданылады. *Сахналық есімдердің* бірнеше түрлері бөлініп қарастырылды (*антионим*, *аристоним*, *героним-псевдоним*, *ихтионим*, *инкогнитоним*, *преноним*, *хромотоним*, *ойдоним*, т.б.).

В.Г. Дмитриев өз еңбегінде қазіргі шетел әншілері бүркеншік аттың *преноним* деп аталатын ерекше түрін, яғни кісі тегін қолданбай, тек қана өз есімін танымалдық үшін қолданатынын атап өтеді [179, с. 278], мысалы: *Алсу*, *Валерия*, *Ника*, *Шура*, *Юлиан*, *Bejoncé*, *Fergie*, *Usher*, *Madonna* және тағы басқа.

Бүркеншік ат пен тауар таңбалары және жарнама арасындағы өзара байланысты зерттеген К.С. Мочалкина: «с товарными знаками псевдонимы роднит искусственность их создания и вольное обращение с языковым материалом» [181, с. 77] деп тұжырым жасайды. Адресаттың назарын аударта отырып, жағымды ассоциация туғызатын бүркеншік аттар жарнамалық қызмет атқарады. Мысалы: *50 Cent, Глюк'oZa, Pink, Eminém, Lady Gaga, Pitbull* – заманауи эстрада жұлдыздарының бүркеншік аттары. Жарнаманың негізгі мақсаты тауарды сатып алуға (қарауға, тыңдауға, оқуға және тағы басқа) деген қызығушылықты арттыру екендігі баршамызға белгілі.

Бүркеншік атқа сипаттама беруде А.В. Суперанская лингвистикалық тұрғыда топтастыруды (құрылымы, фонетикалық, семантикалық және тағы да басқа белгілері бойынша) басшылыққа алуды ұсынады. Сонымен қатар Бүркеншік ат әлеуметтік, психологиялық, тарихи, эстетикалық, логикалық тұрғыда зерттелуі қажет деген. Сондықтан әр жолы зерттеушінің алдында алуан түрлі шешілуі тиіс міндеттер болады [7, с. 221].

2000 жылдары сахналық есімнің жасалуындағы өзгешелікті атап көрсеткен зерттеуші О.В. Врублевскаяның пікірінше: «Существует и вербальный компонент, который можно отнести к средствам адресации. Это написанная латиницей аббревиатура MC, которая обозначает / помечает исполнителя рэпа. Многие исполнители используют эту комбинацию как компонент своего псевдонима, например: *Noize MC* (Иван Алексеев), *MC Молодой* (Антон Ионов), *Dino MC 47*» [109, с. 134]. Демек рэп жанрында өнер көрсететін жұлдыздардың есімінің алдына немесе есімінен кейін жалғанатын MC аббревиатурасымен ерекшеленеді. Мұндай бүркеншік ат үлгісімен назар аудартқан Қазақстан сахнасында да *MC Сайлаубек* атты рэп әншісі бар екендігін білеміз. Оның шын аты-жөні – *Қабылхамит Сайлаубек*, яғни бұл әнші сахналық есім ретінде тек өзінің шын есімін қолдана отырып, MC аббревиатурасын қосқан.

Қазақ эстрадасындағы әнші, әрі дизайнер *Лидо* өзінің сахнадағы атын шынайы Лидия Досалина деген есімі мен тегінің алғашқы буындары арқылы құрастырған – *ли + до*. Осыған байланысты журналистер әншінің жаңа есімі оның шығармашылығында, жеке өмірінде сәттілікке, танымалдылыққа қол жеткізуіне жол ашты деген пікірде. Сахнадағы келесі ойдан шығарылған, қиялдан туындаған аттар бүркеншік аттың жасалуындағы жаңа үрдістің қалыптасуын аңғартады. Музыкалық аспапта ойнайтын танымал скрипкашы Қорлан Кунсеркина *Лана* деген лақап атпен белгілі, ол өз шығармашылығында тұңғыш рет скрипка мен поп-музыканы ұштастырған нағыз өнер иелерінің бірі [182]. Тыңдаушылар бұл әртістердің шын аты-жөнінен мүлдем хабарсыз, оларды тек *Лидо* және *Лана* ретінде таниды.

Бүркеншік аттың ерекшелігі сол, мұнда ресми антропонимиялық формулаға (кісі тегі, кісі есімі, әкесінің аты) қойылатын талап сақталмайды. Мысалы, өзіндік тыңдармандары бар *Айжан Нұрмағамбетованың* есімі мүлдем басқа екен. Құжатта *Айтжан* Нұрмағамбетова болып жазылған. Ал *Айжан* есімі туған сіңлісінің есімі. Халыққа ер баланың атымен танылғысы

келмегендіктен осындай қадамға барған. Әнші *Кенталды* алғашында Талғат Кенжеболатов есімімен танытын едік. Алайда әріптесі *Лидо* ханым секілді есімі мен тегінің алғашқы *кен* және *тал* буындарын біріктіріп, өзіне бүркеншік ат ойлап тапқан [183].

Қазақ әншілерінің сахнадағы аттарына талдау жасау арқылы постсоветтік кезеңде өзін халыққа таныстырудың жаңа формалары пайда болғандығын байқауға болады. Әншілердің арасында өз руын тегіне айналдырған әншілеріміз бар. Мысалы, *Нұрлан Албан*, *Аша Матай*, *Сара Найман*, *Ақылбек Жемей*, *Майра Керей*. *Ғаділбек Жанай*. Майра әнші алғашында Мұхамедқызы болып шыққандықтан, жұрт оны әлі күнге дейін солай атаудан жаңылар емес. «Тегін кенет Керей деп ауыстырғанда, шыны керек, барша қазақ Майраға бір түрлі тосырқай қарады. Оның мәнін әншінің өзі «Еуропа жұртының Мұхамедқызы деген ұзын текті айтуға тілі келмейтіндігімен» түсіндіруге тырысты. Сонымен бірге сол тұстағы исламға деген теріс көзқарас «Мұхаммед» атауына үрке қарап, қасиетті есімді көзге шыққан сүйелдей көрсе керек. Сол себепті Мұхамедқызы Керейге айналды» [184].

Сонымен қатар, руын бүркеншік атына айналтырған әншілердің бірі – *Абай Бегей*. «<...> әні ең көп сұранысқа ие болған батыстың әншісі *Абай Бегей* де сахнаға лақап атпен шығып жүрген өнер адамының бірі болып шықты. Есімі Абай, ал фамилиясы Ниязқұлов. Бірақ *Бегей* тегімен танылуды жөн көріпті». [185].

Қазақ шоу-бизнес өкілдерінің ішінде *Қайрат Нұртас* (Айдарбеков Қайрат Нұртасұлы), *Төреғали Төреәлі* (Әлиханов Төреғали Төреәліұлы), *Ернар Айдар* болып танылған жұлдыздар (Айдаров Ернар Жанабаевич) «кісі есімі + әкесінің аты» немесе «кісі есімі + тегін» қолданған.

Қазақ эстрадасында *Бүркіт* деген бүркеншік атпен жүрген әншінің шын есімі – *Айбек*. Әнші бұл бүркеншік атты таңдауын дәл осы құс секілді өнер әлемінде биік самғауды мақсат етумен түсіндіреді. Сахнаға лақап атпен шығуға кеңес берген продюсері Евгений Жагалтаев. Бүркіттің жары құжатта Айша деп жаздырған есімін *Аиша* есіміне өзгертті. Сонымен бірге *Жігіттер* тобының мүшесі *Айдар Байжановтың* шын есімі – *Ерсінбек Тұрғанбекұлы*. Бала кезінен оны *Айдар* деп әке-шешесі мен достары атап кеткен, сол есім сахналық есім ретінде қалыптасқан [183].

Сонымен қатар тыңдармандарын әндерімен ғана емес, сымбатымен тамсандырып жүрген әнші *Луинаның* шын есімі – *Луиза Кәрімбаева* екендігін көпшілік жұрт біле бермейді [186]. Қарқынды дамып келе жатқан қазақ шоу-бизнес өкілдерінің бүркеншік аттарының пайда болу, шығу себептерін зерттеуді жөн санадық.

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде шоу-бизнес жұлдыздарының сахнадағы бүркеншік аттары алынды. Зерттеу дереккөзіне 1990-2017 жылдар аралығында БАҚ материалдары мен www.aburoy.kz сайты [186] жатады. Аталған жылдар бойынша 120 музыкант, әнші, ән әрлеушілердің бүркеншік аттары зерттелді. Жинақталған бүркеншік аттар формасы, құрылымы, семантикасы бойынша жіктеліп, топтастырылды (кесте 36).

Қазақ шоу-бизнес жұлдыздарының бүркеншік аттарының жасалу жолдарына талдау жасау нәтижесінде, олардың 44,16 %-ы – «кісі есімі+ тегі (әкесінің аты)» үлгісі арқылы жасалған сахналық атпен танымал екендігі анықталды. Мысалы: *Қайрат Нұртас, Төреғали Төреәлі, Ернар Айдар, Сейдахмет Айбек* және тағы басқа. Өз есімдерінің дыбыстық өзгерген формасын бүркеншік ат ретінде қолданған өнер иелері – 3,3 %-ды құраса (*Луина, Айтжан*), ойдан құрастырылған бүркеншік атпен халыққа танылғандарының пайыздық үлесі – 5,9 %-ды (*Бүркіт, Диная, Сату, Макеша*) көрсетті.

Бір қызық мысал ретінде *Қапқараишка* бүркеншік атты келтіруге болады. Яғни, Нұржан Керменбаев Қазақстан «Super star» жобасында қатысқан кезінде әділ-қазы мүшесі Нағима Есқалиева бет-әлпетіне қарап, оны *Қапқараишка* лақап есіммен деп атаған. Осы лақап есім сол әншіге таңба ретінде телінді.

Кесте 36 – Сахналық есімнің жасалу жолының заманауи бағыттары

| Сахналық есім үлгісі | Мысалы | Пайыздық үлесі |
|--|--|----------------|
| 1 | 2 | 3 |
| Кісі есімі + тегі (әкесінің аты) | Қайрат Нұртас (Айдарбеков Қайрат Нұртасұлы, Төреғали Төреәлі (Әлиханов Төреғали Төреәліұлы, Ернар Айдар (Айдаров Ернар Жанабаевич) | 44,16 % |
| Бүркеншік ат | Бүркіт (Айбек Сейітов), Диная (Динара Каирова), Шамси (Ахметәлі Байменов) | 5,9 % |
| Трансформацияланған кісі есімі | Луина (Луиза Кәрінбаева), Айжан Нұрмағанбетова (Айтжан Нұрмағанбетова), | 3,3 % |
| Бүркеншік тек + кісі есімі | Қожағұл Ерболат (Измурзаев <i>Ерболат</i> Итешович), Алиев Арыстанбек (Мухамедиұлы Арыстанбек) | 5,86 % |
| Бүркеншік ат + кісі тегі | <i>Әсия Омарова (Омарова</i> Василия Шынқожаевна) | 0,8 % |
| Бүркеншік ат + бүркеншік тек | <i>Айдар Байжанов</i> (Ерсінбек Тұрғанбекұлы), <i>Ерұлан Көпжасарұлы</i> (Кобен Ерлан) | 1,66 % |
| Бүркеншік ат + бүркеншік тек | <i>Айдар Байжанов</i> (Ерсінбек Тұрғанбекұлы), <i>Ерұлан Көпжасарұлы</i> (Кобен Ерлан) | 1,66 % |
| Аббревиатура (кісі есімі мен тегі алғашқы буынынан жасалған) | <i>Лидо</i> (Лидия Досалина), <i>Кентал</i> (Талғат Кенжеболатов) | 1,66 % |
| Кісі есімі + ру аты | <i>Майра Керей, Нұрлан Албан, Сара Найман, Ақылбек Жеменей</i> | 7,5 % |
| Мифтік кейіпкер, апелляция атаулар, сөз тіркестері | <i>Қыдыр-ата, Барыс Хан, Қожаназар, Жігер, Сұлужүрек</i> | 9,16 % |
| Латын графикасы негізінде жасалған бүркеншік аттар | <i>DAS, Ballou, Dias Adil, Uoli, Qonyratbay Fat</i> | 20,83 % |

Сонымен бірге танымал тұлғалар арасында «бүркеншік тек + кісі есімі» үлгісіндегі бүркеншік атпен белгілі тұлғалар – 5,86 %-ды көрсетсе (*Қожағұл Ерболат – Измурзаев Ерболат Итешович, Алиев Арыстанбек* – Мухамедиұлы Арыстанбек), «лақап ат + кісі тегі» үлгісіндегі лақап аттар – 0,8 %-ды (*Әсия Омарова – Омарова Василия Шынкожаевна*), «лақап ат + лақап тектен жасалған үлгі – 1,66 %-ды көрсетті (*Ерұлан Көпжасарұлы* – Кобен Ерлан, *Айдар Байжанов* – жігіттер тобының әншісі).

2000 жылдары бүркеншік аттың жаңа үлгісі пайда болғанын келесі мысалдар дәлелдейді: *J.Nai* – Абилдинов Жандос Жанболатович, композитор, ақын; *DAS* – Ақынбеков Диас Нурланович, музыкант, ән сөзінің авторы; *Dias Adil* – Әбіл Диас Берікұлы, музыкант, аранжировка; *Ballou* – Балымбетов Тимур Бауыржанович, музыкант, ән сөзінің авторы; *Uoli* – Джайлыбаев Уалихан Халилуллаевич, музыка, аранжировка; *DJ Samick* – Ермаханов Самал Сисекенович, музыкант, аранжировка; *Shivang* – Жамбакиев Азиз Махаметович, музыка, аранжировка, *Qonyratbay Fam* – Қоңыратбай Сұлтанәлі Кенжеәліұлы, музыкант. Мұндай жаңа бағыттағы латын графикасы негізінде жасалған бүркеншік аттардың пайыздық көрсеткіші – 20,83 %-ды құрады. Жоғарыда мысал ретінде келтірілген бүркеншік аттар дәстүрлі антропонимдік үлгіге формасы жағынан да, құрылысы жағынан да сәйкес келмейді.

Мифтік кейіпкер, апеллятив атаулар, сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы жасалған 9,16 %-ды құрайтын лақап аттардың жаңа үлгісі ерекше назар аудартады. Мысалы: *Қыдыр-ата* – Азимбаев Ернур Мусаевич, музыкант; *Қожаназар* – Акбуркитов Кожа, ән сөзінің авторы; *Барыс Хан* – Ахметов Бақдәулет Арыстанұлы, музыкант, ән сөзінің авторы; *Сұлу* – Бегманова Жаксыгуль Шамшеновна, музыкант, ән сөзінің авторы; *Тілек* – Даму Тілеухан, музыка, мәтін; *Жігер* – Еликбаев Канат Жарқимбекович, музыка, мәтін; *Қалдыбай* – Иламанов Моллаберген Сейлханович, аранжировка; *Хан-қызы* – Іңкәрбек Әлия Ерболатқызы, мәтін; Ораз ақын – Кинбаев Оразбек Бекболатович, мәтін; *Сары Тентек* – Максұтов Қуаныш Мажкенович, музыка, мәтін; *Сұлужүрек* – Өмірбек Бекмұрат, мәтін. Қазақ жұлдыздары арасында «кісі есімі + ру аты» үлгісіндегі бүркеншік атпен танылғандар – 7,5 %-ды құрады. Мәселен: *Нұрлан Албан, Сара Найман, Ақылбек Жеменей, Майра Керей, Ғаділбек Жанай* және тағы басқа.

Сахнадағы бүркеншік аттардың жасалуының бірнеше үлгісі бар екендігі анықталды. Бүркеншік аттар жасанды атау сөздер ретінде түрлі экстралингвистикалық факторлар арқылы пайда болып, антропонимдердің бір түрі түрінде қоғамда қызмет атқарады. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, оқиғалар, жаңалықтар, қоршаған ортадағы құбылыстар оларға тікелей ықпалын тигізеді. Бүркеншік ат жүйесінің қалыптасуы мен дамуы әлеуметтік, мәдени үдерістермен тығыз байланыста болып келеді. Сол себептен, келешекте бүркеншік ат жасаудың басқа да ерекше түрлері пайда болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Қазақ шоу-бизнесіндегі сахналық аттар жыл өткен сайын артуда. Заманауи сахналық аттардың барлығын жинақтап, мән-

мағынасын ашу келешекте жүзеге асырылуы тиіс міндеттердің бірі болып саналады.


3 бөлім бойынша тұжырым

Берілген бөлімде 1980-2018 жылдар аралығы бойынша қазақ антропонимдік жүйесінде орын алған өзгерістер, антропонимиялық қордың өсу динамикасы анықталды.

Қазақ антропонимиялық қоры жыл сайын жаңа есімдермен толығуда. Антропонимдердің өсу динамикасы (1980, 1990, 2000, 2010, 2018 жылдар) төмендегі суретте (20-сурет) берілді.

Салыстырмалы тұрғыда қарастырылған уақыт кезеңдері бойынша ер антропонимдері саны жағынан әйел антропонимдерінен көп екендігі анықталды.

1980 жылы ер антропонимдерінің саны – 324 болды. 2000 жылы бұл көрсеткіш ұлғайып, 644-ке жеткен. Ал 2018 жылы ер есімдері екі есеге дейін артып, жалпы саны – 791-ге артты.



Сурет 20 – Қазақ антропонимдері өсу динамикасы

Әйел антропонимдерінің де саны айтарлықтай өскендігі байқалады. 1980 жылы – 288 есімді құрады. 2000 жылы әйел есімдері 469-ға дейін артқан. 2018 жылы әйел антропонимдерінің саны – 538-ге көтерілді.

Стратиграфиялық талдау нәтижесінде қазақ тіліндегі есімдер саны артқандығы айқындалды. Мысалы: 1980 жылы қазақ тіліндегі ер есімдері – 28,07 %-ды құраса, 2018 жылы – 32,62 %-ға ұлғайған. Сәйкесінше 1980 жылы қазақ тіліндегі әйел есімдері – 28,99 %-ды құраса, бұл көрсеткіш 2018 жылы – 33,83 %-ке артқан.

Сонымен бірге заманауи қазақ антропонимиясында екі немесе үш есімнен бірігіп жасалатын (бірге, бөлек, дефис арқылы) есім беру үрдісі назар аудартады. Кейбір есімдер дыбыстық жағынан өзгеріп, бірнеше нұсқада жазылып, рәсімделіп жүр. Осыған орай соңғы жылдары қазақ антропонимиясында тілдік трансформация құбылысы белең алып отыр.

Алматы қаласында 1980, 1990, 2000, 2010, 2018 жылдар бойынша ең жиі қойылған немесе таңдамалы ер есімдерін анықтау мақсатында әр он жылдағы жиі таңдалған ер антропонимдері мен әйел антропонимдері бір кестеге біріктіріліп берілді. Бұл көрсеткіш әр кезеңде жиі таңдалған есімдер қатарында ондықта болған ер және әйел антропонимдерінің өсу динамикасын бақылап, салыстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл бөлім қазақ антропонимиясындағы антропонимдік трансформация және антропонимдік трансформация құбылыстарын ашуға бағытталған. Антропонимдік трансмиссия дегеніміз – антропонимдердің алдыңғы буын өкілдерінен кейінгі жас ұрпаққа мұра ретінде табысталу, жеткізілу үдерісі. 1980-2018 жылдар аралығында жиі қойылған ер есімдері ішінде *Темір, Темірлан* (темір + қосымша *лан*) есімдері тұрақты түрде таңдалып келгендігі анықталды. Бұл есімдегі басты уәжді ер баланың темірдей берік, мықты, күшті әрі жігерлі, қайратты болуын тілеумен байланыстыруға болады. Сонымен қатар, аталған есім атақты Монғол және түркі халықтарының билеушісі, Темір әулеті империясының негізін қалаушы *Әмір Темірдің* құрметіне қойылғандығын атап өтуге болады.

Заманауи ер антропонимдерін өрістік тәсіл бойынша талдау нәтижесінде қазақ антропонимиялық кеңістігінің өзегінде *«екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған араб тіліндегі антропонимдер»*, *«құрмет есімдерінен жасалған антропонимдер»*, *«апеллятивтен жасалған антропонимдер»*, *«нұр, хан, төре, сұлтан* сынды әлеуметтік детерминативтер арқылы жасалған антропонимдер» орналасқандығы анықталды. Антропонимиялық кеңістіктің өзегіне жуық (околоядерное) аймақты құрайтын антропонимдерге әлеуметтік терминдерден жасалған, яғни *«ел»*, *«ұлт»*, *«рух»* ұғымдарымен, *«ру атауларынан»* байланысты есімдерді жатқызамыз. Ал шеткері кеңістіктегі ер антропонимдеріне *«туыстық атаудан жасалған антропонимдер»*, *«қорғаныш есімдер»*, *«табиғат құбылыстарына қатысты есімдер»*, *«күнтізбелік есімдер»*, *«бер, берді, берген, болсын, кел, келді, туар, туған, туды* антропокомпоненттері арқылы жасалған біріккен тұлғалы антропонимдер», *«бай, бек, би* антропокомпоненттері арқылы жасалған антропонимдер» жатады.

Заманауи қазақ әйел антропонимиясы бойынша зерттеу жүргізілген уақыт аралығында тұрақты түрде таңдаулы есім ретінде жиі таңдалған – *Мәдина* (Сауд Арабиясындағы қала атауы) есімі болды. Бұл есімнің таңдалу уәжі қыз баланың иманды, инабатты, тәрбиелі болып өсуін тілеумен болашақ ана ретінде салиқалы ұрпақты дүниеге келтіріп, олардың бойына барлық жақсы қасиеттерді ана сүтімен дарытады деген тілекпен байланысты деп пайымдауға болады. Заманауи әйел антропонимдерін өрістік тәсіл бойынша талдау нәтижесінде қазақ антропонимиялық кеңістігінің өзегі ретінде *«сұлулық»* ұғымын білдіретін антропонимдер, *«екі есімнен бірігіп жасалған антропонимдер»*, *«араб антропонимдері»*, *«нұр* антропокомпоненті арқылы жасалған әйел антропонимдері» айқындалды. Заманауи әйел антропонимиялық кеңістігінің өзегіне жуық (околоядерное) аймақта гендерлік айырмашылықты сипаттайтын сөздерден жасалған, яғни *«ару»*, *«ана»*, *«бике»*, *«бибі»*, *«ханиша»*, *«ханым»*,

«патшайым» апеллативтерінен жасалған есімдер, «ұл» және «жаңылу» сөздері арқылы жасалған әйел антропонимдері жатады. Шеткері кеңістікте орналасқан заманауи әйел антропонимдеріне архаизм, историзм есімдеріне айналып бара жатқан күнтізбелік есімдер (күн, апта, ай атауларынан жасалған) қатары енеді.

Замануи қазақ кісі тектерін өрістік тәсіл бойынша талдау нәтижесінде анықталғандай, антропонимиялық кеңістік өзегінде *хан, бай, бек* сынды әлеуметтік детерминативтер, *ақын, құл және тай* антропокомпонеттері мен араб тіліндегі *ғали (әлі, алы, қали), қажы, қазы* антропокомпонеттері арқылы жасалған антропонимдер орналасқан. Антропонимиялық кеңістіктің өзегіне жуық аймақта әлеуметтік-саяси жағдайларды сипаттайтын антропонимдер мен қазақ халқының көшпенді өмір салты мен мәдениеті негізінде мал шаруашығына қатысты атаулардан жасалған есімдер жатады. Ал шеткері кеңістікте орналасқан кісі тектері қатарынан табиғат құбылыстарына қатысты атаулардан жасалған есімдер, күнтізбелік есімдер және тотемге байланысты антропонимдер табылды.

Берілген бөлімде замануи қазақ антропонимиясындағы шоу-бизнес жұлдыздарының сахналық аттары құрылымы, семантикасы бойынша жіктеліп, топтастырылды. Сахналық аттардың жасалуындағы заманауи бағыттары төмендегідей: кісі есімі + тегі (әкесінің аты), бүркеншік ат, трансформацияланған кісі есімі, Бүркеншік тек + кісі есімі, бүркеншік ат + кісі тегі, бүркеншік ат + бүркеншік тек, аббревиатура (кісі есімі мен тегі алғашқы буынынан жасалған бүркеншік ат), кісі есімі + ру аты, мифтік кейіпкер, апеллатив атаулар, сөз тіркестері арқылы жасалған бүркеншік аттар және латын графикасы негізінде жасалған бүркеншік аттар. Қоғамда болып жатқан өзгерістер, оқиғалар, жаңалықтар, қоршаған ортадағы құбылыстар оларға тікелей ықпалын тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Антропонимия – тұлғаны сәйкестендірудің символдық жүйесі ретінде тарихи тұрғыда қалыптасып, қоғамның ортақ алғышарттарына сәйкес әлеуметтік тұрғыда анықталады. Қоғамда аты-жөні жоқ адам әлеуметтік және психологиялық тұрғыда толыққанды тұлға ретінде саналмайды.

Антропонимдік саясатқа сәйкес антропонимдер тілдің құрамдас бөлігі, әлеуметтік-мәдени құндылықтың, салт-дәстүрдің көрінісі ретінде тіл саясатымен өзара байланыста қарастырылады.

Антропонимдер – кез келген тілдің ономастикалық кеңістігінің өзегі, әмбебап тілдік бірліктер. Антропонимдердің қызметі интралингвистикалық заңдылықтар және экстралингвистикалық факторлармен анықталады.

Тілдік бірлік ретінде антропонимдер мәдениеттің ажырамас бөлігіне жатады. Мәдениеттің игерілу, сақталу, кейінгі ұрпаққа табысталу, тіл арқылы мәдениеттің модернизациялану мәселелері тіл білімінде антропоэзектік және этноцентристік бағыттағы зерттеулерде қарастырылуда. Осыған орай, жұмыста қазақ антропонимиясында ұрпақтан ұрпаққа берілетін *тілдік/антропонимдік трансмиссия* мәселесі қарастырылды.

Антропонимдік трансмиссия – антропонимдердің алдыңғы буын өкілдерінен кейінгі жас ұрпаққа мұра ретінде табысталу, жеткізілу үдерісі болып табылады.

Сонымен бірге жұмыста халық менталитеті трансформациясын көрнекі түрде аңғартатын антропонимдердің трансформациясы құбылысы айқындалды. Антропонимдер қоғамдағы түрлі жағдаяттарға, жаһандану үдерісіне сәйкес мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан үнемі өзгеріп, дамып отырады.

Антропонимдік трансформация – әлеуметтік-саяси жағдаят пен жаһандану үдерісі ықпалынан кісі есімдерінің тілдік санада сәнді, заманауи болып қабылдануы тұрғысынан батыс елдері тілдерінің нормаларына сәйкес дыбыстық өзгеріске ұшырау құбылысы.

Заманауи қазақ антропонимиясына жасалған лексика-семантикалық талдау нәтижесінде ғылыми еңбектердегі топтастыруға өз тарапымыздан заманауи *қазақ есімдері* тобы енгізілді. *Заманауи қазақ есімдеріне* жалпы есім сөздерден жасалған дара тұлғалы антропонимдерді, екі немесе үш есімнен бірігіп жасалған күрделі антропонимдерді, араб тілінен енген жаңа есімдер, жаһандану үдерісі мен ақпараттық технологиялар ықпалынан пайда болған батырстық үлгідегі есімдер және дыбыстық өзгеріске ұшырап, трансформацияланған есімдер кіреді.

Сонымен бірге лексика-семантикалық талдау нәтижесінде заманауи қазақ антропонимдік жүйесінде: көшпенді өмір салтын сипаттайтын, төрт түлік малға бай болсын деген ниетпен қойылған есімдердің (*Жайлаубай, Қыстаубай, Көктеубай, Қойсоймас, Қошқар, Жылқайдар*), тотем есімдердің (*Бөрібай, Бұқабай, Итбай, Қасқырбай*), зооним есімдердің (*Бесқұлан, Бөкенбай, Бұғыбай, Кенебай, Көбелек, Масабай, Тышқанбай, Шыбынтай*); қорғаныс есімдерінің (*Елемес, Жаманбала, Сатыбалды, Тұрсынәлі*), ауа-райы құбылыстарына

қатысты антропонимдердің (*Аязбай, Жолдыбай, Боранбай, Қаржау*), күнтізбелік есімдердің (*Қаңтарбай, Ақпанбет, Сәуірбек, Мамырхан, Шілдебай, Дүйсенбек, Сейсенбай, Байжұма, Сенбек, Жексенбай*), қару-жарақ пен құрал-саймандар атауынан жасалған есімдердің (*Қанжарбек, Қылышбай, Сауытбай, Балғабек, Балтабай, Егеубай, Қайрақбай, Орақбай, Шегебай*) архаизм есімдерге, историзм есімдерге айналып бара жатқанды анықталды. Жоғарыда аталған мағыналық топтағы есімдердің қазіргі уақытта тек кісі тектерінде кездеседі. Бүгінгі таңда жас ата-аналар сәбиге есім таңдауда оның сыртқы формасына, дыбысталуына, сәнді есім болуына баса назар аударады.

Стратиграфиялық талдау нәтижесінде заманауи қазақ кісі есімдері мен тектері тілдік қатысымдылығы бойынша топтастырылды: көне түркі тіліндегі, қазақ тіліндегі антропонимдер, араб, парсы, монғол, көне еврей, монғол, орыс, өзге де шетел тілдерінен (грек, латын, испан, француз, көне герман, ағылшын, ассирия, т.б.), гибридті есімдер. Өз бастауын көне түркі дәуірінен алған қазақ антропонимикалық қоры өзге елдермен саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени қарым-қатынаста болуы нәтижесінде сол елдердің тілінен енген сөздер арқылы байып, молайып отырды.

Гендерлік айырмашылық тұрғысында баланың туған жеріне қатысты антропонимдер ер есімдерінде ғана кездесетіндігін атап өтуге болады. Ер антропонимдері аңдарға, құстарға байланысты атаулардан есімдер жасалса, әйел антропонимдері өсімдік, гүл, мата атауларынан жасалған. Яғни ер антропонимдері күш, жігер, батылдық және қайсарлық мағынасындағы сөздерден, әйел антропонимдері әдемілік, сұлулық, нәзіктікті білдіретін сөздерден жасалады.

Заманауи қазақ антропонимдерінің құрылымдық-сөзжасамдық ерекшеліктері келсек, *-ан, -ен, -дық, -тік, -ыс, -іс -с, -ыш, -іш* жұрнақтарынан жасалған әйел антропонимдерінің болмауы да ер мен әйел антропонимдеріндегі гендерлік айырмашылықты сипаттайды. Заманауи қазақ кісі есімдерімен салыстырғанда кісі тектеріндегі жұрнақтардың саны әлдеқайда көп екендігі айқындалды. Туынды тұлғалы антропонимдердің құрамында дәстүрлі *ай, ақ, бал, ер, гүл, күн, нұр, бек, бақ, бала, бике, бибі, бөпе, гүл, гали, ерке, жан, сұлу, тай, төре, хан* антропокомпоненттеріне қоса *рух, ұлт* антропокомпоненттерінен жасалған есімдер де кездеседі.

Кісі аты-жөнінің рәсімделуі бойынша ұлты қазақ азаматтардың орыс тіліндегі (*-ов/-ев/-ин, -ович/-евич, -ова/-ева/-ина, -овна/-евна*) аффикстері арқылы жасалған үш мүшелі антропонимиялық үлгіден бас тартып, ұлттық тарихи дәстүрге сәйкес аты-жөнді (*Медеуұлы Архам*) рәсімдеуге деген өтініш-тілегі 1980 жылдары өз бастауын алғандығы анықталды.

2018 жылғы деректер бойынша ұлттық нұсқа ретінде ұсынылған үш мүшелі ТЕӘ (тегі аффикссіз + есімі + -ұлы) ер аты-жөні нұсқасы – 69,88%, әйел аты-жөні нұсқасы – 66,73%-ды құрайды. Екі мүшелі ӘЕ (-ұлы + есімі) ер аты-жөні нұсқасы – 9,36% болса, ӘЕ (-қызы + есімі) әйел аты-жөні нұсқасы – 10,91% болды. Дегенмен, орыс тілі аффикстері арқылы жасалған ТЕӘ (*-ов/-ев/-ин + есімі + -ович/-евич, -ова/-ева/-ина + есімі + -овна/-евна*) аты-жөні нұсқасы

(ер аты-жөні – 16,02%, ер аты-жөні – 17,03%) әлі де болса қолданыстан шықпаған.

1980-1990 жылдары барлық дерлік кісі аты-жөндері орыс тілінің орфографиялық заңдылықтарына сәйкес рәсімделген. Қазақ антропонимикалық қоры орыс тілі арқылы өзге шетел тілдерінен енген *Валентин, Вадим, Глеб, Лукиан, Марсель, Рауль, Родион, Энвер; Анжела, Анжелика, Валентина, Виния, Гайде, Гиналия, Гутияра, Екатерина, Славяна, Флора, Элиза* сынды есімдермен толыққан.

2000-2018 ғаламдық жаһандану үдерісі, әлеуметтік-психологиялық факторлардың ықпалы қазақ антропонимиясында өзге ұлттың мәдени таңбаларының ізін қалдырды. Атап айтсақ, қазақ тіліндегі ер антропонимдері құрамы батыс еуропа тілдерінен енген *Амадей, Альберт, Анаис, Бернард, Давид, Дариан, Иммануил, Марк, Марсель, Маттео, Рамзес, Рафаэль, Рауль, Рауф, Самуил, Эдуард, Эйнар, Элисар Ян, Эрнест*, т.б. есімдермен, ал қазақ әйел антропонимдері *Августина, Ада, Айя, Альвира, Альмина, Альтея, Америке, Арлетта, Ассоль, Ванесса, Гаяна, Далида, Джастина, Джемма, Джулия, Ева, Жизель, Изабелла, Изетта, Лумье, Луфаан, Медея, Миллениум, Орли, Николь, Сандина, Тейли, Тея, Тиана, Хамер, Шейла, Эвелина, Эмилия, Эра, Эрика*, т.б. есімдермен толықты.

«Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында ұлттық тарих пен мәдениетті жаңғыртумен тікелей байланысты құрмет есімдерінің саны артқанын аңғаруға болады. Мысалы: *Абылайхан, Абылайханбейбарыс, Альбертгор* (Альберт Гор), *Асанәлі* (Әшімов), *Ататүрік, Аттила, Әбілқайыр, Әлихан* (Бөкейханов), *Ертұғрыл, Жәңгірхан, Майқыби, Мұқағали* (Мақатаев), *Нұрсұлтан* (Назарбаев), *Нұх* (пайғамбар), *Пірбекет, Райымбек, Рамзан* (Кадыров), *Тәукехан, Төлеби, Өзтүрік, Шерхан* (Мұртаза), *Шәкәрім* (Құдайбердіұлы), *Шерхан* (Мұртаза) және т.б.

Жұмыста өрістік тәсіл арқылы антропонимиялық қордың өзегінде, өзегіне жуық және шеткері кеңістігінде орналасқан кісі есімдері мен кісі тектері айқындалды. 1980, 1990, 2000, 2010, 2018 жылдардағы туу туралы акт жазбалары, 2017 жылғы білім гранты иегерлері тізімі бойынша қазақ антропонимиясының өсу динамикасы, жиі таңдалған және сирек кездесетін есімдер анықталды.

Заманауи қазақ антропонимикалық қорындағы дәстүрлі есімдерден ерекшеленетін антропонимдерге: құрамында екі бірдей дауысты немесе дауыссыз дыбыс қатар келетін *Иммануил, Маттео, Саммит; Ариелла, Арлетта, Джемма, Жаннетта, Изабелла, Изетта, Луфаан, Марианна, Меери, Миллениум, Нелли, Ребекка, Саримма, Ханна, Эллайя* сынды есімдер; э, я, в, ф әріптері және ь жіңішкелік белгісі кездесетін *Альали, Альрами, Арьен, Даниэль, Эльбрус; Альви, Лумье, Айнель, Динель, Микаэля, Ринель, Эвелина, Элайя, Эльфа, Элизара, Эмилия, Эрика, Эсмира*, т.б. есімдер жатады.

Заманауи әйел есімдерінде *-ина, -ия, -ра* жұрнақтарын қолданылып есім беру үрдісі айқындалды: *Айяра, Альдина, Альфина, Асмира, Дамина, Нармина, Нұрания, Руфина, Самира*, т.б.

Сонымен бірге екі немесе үш есім сөзден бірігіп жасалған есім қою үрдісі белең алып отыр. Мысалы: *Абдул-сахи, Әли-ғазиз, Әмір-зада, Ир-рахман, Арысұланбек Асан-Әли, Аян-Ади, Әбді-Мансұр, Әуез-Әбілсаид, Әли-Мұса, Әли-Мұхамеднұр, Әл-Фараби, Ер-Мәди, Әбу-Бәкір, Әли-Ағзам, Әли-Әкпар, Әли-Бөгенбай, Мұхаммедәмин, Ғабдул-Мақсат, Еркебұлан-Әл-Тарази, АзаматФараби, СүлейменӨмірхан*, т.б. Мұндай есімдердің жазылуы, яғни рәсімделуінде бірізділік жоқ екендігі қазақ антропонимикасында шешілуге тиісті мәселелер қатарына енеді.

Қазақ антропонимиялық жүйесінде өзге ұлт тілдерінің мәдени таңбалары енуімен есімдер дыбыстық өзгерістерге ұшырады. Заманауи ер және әйел есімдерінің бірнеше нұсқасы кездеседі, есім беруде еркіндікке жол берілу салдарынан олардың ресми құжаттарда рәсімделуінде қателіктер орын алған. Аталған мәселелердің шешімін табу мақсатында біздің тарапымыздан қазақ есімдерінің дұрыс жазылуы тұрғысында ақпарат беретін, қазақ-орыс тілдерінде мобильді қосымша түрінде заманауи қазақ есімдері электронды сөздігі ұсынылып отыр. Біздің басты міндетіміз қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланысты үнемі өзгеру үстінде болатын кісі есімдерін жинақтап, жүйеге келтіру арқылы өте бай тілдік мұраны сақтап қалу болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – Т. 1. – 784 б.
- 2 Қазақстан – 2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиясы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_11.10.1997
- 3 Лейбниц Г.В. Новые опыты о человеческом разуме. Перев. П.С. Юшкевича. – М.; – Л.: Госсоцэкониздат, 1936. – 483 с.
- 4 Жанұзақ Т., Рысбергел Қ. Қазақ ономастикасының зерттелуі, болашағы мен жетістігі // Ономастикалық хабаршы. –2005. – №2. – 3-14 бб.
- 5 Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х. Теория и методика ономастических исследований / под ред. А.П. Непокупный. – Изд. 2-е, перер и доп. – М.: ЛКИ, 2007. – 256 с.
- 6 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М., 1978. – 198 с.
- 7 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 366 с.
- 8 Van Langendonck W. Theory and Typology of Given Names. – Berlin; New York: Mouton de Gruyter, 2007. – P. 378.
- 9 Algeo J. Is a Theory of Names Possible? // Names. – 1985. – Vol.33, № 3. – P. 136-144.
- 10 Бондалетов В.Д. Русская ономастика: учебное пособие. – Изд. 2-е, перер и доп. – М.: Книжный дом «Лубриком», 2012. – 312 с.
- 11 Белецкий А.А. Лексикология и теория языкознания (ономастика). – Киев: Издательство Киевского университета, 1972. – 208 с.
- 12 Hough C. The Oxford Handbook of Names and Naming. – Ed. by Carole Hough. – Oxford University Press: Oxford, 2016. – P. 800.
- 13 Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы (Лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау). – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
- 14 Algeo J. ‘Onomastics’. In: The Oxford Companion to the English Language. – Ed. by Tom McArthur. – Oxford: Oxford University Press, 1992. – P. 727-729.
- 15 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. Изд. 2-е, перер и доп. – М.: Наука, 1988. – 192 с.
- 16 Ермолович Д.И. Имена собственные на стыке языков и культур. – М.: Валент, 2001. – 200 с.
- 17 Супрун В.И. Антропонимы в вокативном употреблении // Известия Уральского государственного университета. – 2001. – № 20. – С. 92-96.
- 18 Тропин Г.В. Русские имена, отчества и фамилии. – Иркутск, 1961. – 40 с.
- 19 Суперанская А.В. Структура имени собственного (фонология и морфология). – М.: Наука, 1969. – 207 с.
- 20 Никонов В.А. Имя и общество. – Москва: Наука, 1974. – 277 с.

- 21 Agyekum K. The Sociolinguistic of Akan Personal Names // *Nordic Journal of African Studies*. – 2006. – Vol.15, № 2. – P. 206-235.
- 22 Van Langendonck W., Van de Velde M. Names and Grammar // *The Oxford Handbook of Names and Naming*. – Ed. by Carole Hough. – Oxford University Press: Oxford, 2016. – P. 17-38.
- 23 Мадиева Г.Б. Антропонимическая зона в ономастическом пространстве // *Вестник КазНУ. Серия «Филология»*. – Алматы, 2007. – №7 (106). – С. 30-35.
- 24 Толковый словарь русского языка. Под редакцией Д.Н. Ушакова. – М.: ООО «Издательство Астрель», 2000. – Т. 4. – 1500 с.
- 25 Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – 367 с.
- 26 Scott J.C. Seeing Like a State: How Certain Schemes to Improve the Human Condition Have Failed. – New Haven & London: Yale University Press, 1998. – 445 p.
- 27 Баскаков Н.А. Русские фамилии тюркского происхождения. – Москва, 1993. – 279 с.
- 28 Селищев А.М. Происхождение русских фамилий, личных имен и прозвищ // *Избранные труды*. – М.: Просвещение, 1968. – С. 97-128.
- 29 Ч.С. Антропонимика, топонимика и ономастика по-казахски // «Қазақстан: бірлік пен әр алуандылық жолында»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. – С. 267-271.
- 30 Madiyeva G.B., Tayeva R.M. The Evolution of the Kazakh surnames: “For” and “Against” // *5th World Conference on Educational Sciences – WCES 2013. Procedia - Social and Behavioral Sciences*. – 2014. – Vol. 116. – P. 4798 – 4802.
- 31 Levi-Strauss C. *The Savage Mind*. – Chicago: University of Chicago Press, 1966. – 290 p.
- 32 Джанузаков Т.Д. Тюркская ономастика в СССР: Перспективы и развитие: Научно-аналитический обзор. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 62 с.
- 33 Махпиров В.У. Особенности функционирования древнетюркских антропонимов // *Вопросы антропонимики: Сб. ст. Вып. 1*. – Алматы, 2003. – С. 29-36.
- 34 Akinnaso F. The Sociolinguistic Basic of Yoruba Personal Names // *Anthropological Linguistics*. – 1980. – 22 (7). – P. 275-305.
- 35 Еспаева К.С. Лексико-семантические типы антропонимов в эпосе «Путь Абая» М. Ауезова // *Тюркская ономастика*. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 229-234.
- 36 Adminiene V., Nauseda A. Sociolinguistic tendencies of baby names in English speaking countries // *Acta humanitarica universitatis Saulensis*. – 2009. – Vol.8. – P. 329-336. ISSN 1822 7309.
- 37 Al-Qawasmi A.H., Al-Haq A. A. Sociolinguistic Study of Choosing Names for Newborn Children in Jordan // *International Journal of English Linguistics*. – 2016. – Vol. 6, № 1. – P. 177-186. ISSN 1923-869X E-ISSN 1923-8703.

38 Spolsky B. Review of Tomasz Kamusella's *The Politics of Language and Nationalism in Modern Central Europe* // *Language Policy*. – 2010. Vol. 9, № 4. – P. 375–377.

39 Walkowiak J.B. *Personal Name Policy: From Theory to Practice* // Poznań: Wydział Neofilologii UAM w Poznaniu Poznań, 2016. – 417 p.

40 Mwizenge S. *Tembo. Zambian Traditional Names*. – Lusaka: Julubbi Enterprises Ltd., 2006. – 142 p.

41 Reisoeter G. “Immigrants in Norway and Their Choice of Names: Continuation or Adaptation?” In: Botolv Helleland, Christian-Emil Ore [&] Solveig Wikstrøm (eds.) *Names and Identities*. Oslo: University of Oslo, 2012. – P. 224-234.

42 Данилова И.В. Система личных имен Смоленского региона в XX веке: динамический аспект: дис. ... канд. филол. н. – Смоленск, 2004. – 214 с.

43 Мадиева Г.Б. *Имя собственное в контексте познания*. – Изд. 2-е, переп и доп. – Алматы, 2010. – 239 с.

44 Сейдімбек А. Антропонимика және шежіре // *Ономастикалық Хабаршы*. – Алматы, 2009. – №1 (15). – Б. 21-27.

45 Мусабекова У.А. Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков: дисс. ... к. филол. н. – Алматы, 1996. – 136 с.

46 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғ. д. ... дисс. – Алматы, 2012. – 313 б.

47 Гинатулин М.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц): автореф. ... к. филол. н. – Алма-Ата, 1972. – 27 б.

48 Блинова О.И. *Явление мотивации слов: Лексикологический аспект*. – Томск: изд-во Томского университета, 1984. – 191 с.

49 Кияк Т.Р. *Мотивированность лексических единиц*. – Львов.: изд-во Львовс. гос. университета, 1988. – 160 с.

50 Галиуллини Г.Р. Антропонимическая система татарского языка в контексте национальной культуры // Сб. матер. междунар. научн. конф. посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан «Тюркская цивилизация и суверенный Казахстан». Т. 1: (А-Й). – Астана: Тюркская академия, 2011. – С. 266-272.

51 Lyons J. *Semantics*. – Cambridge and New York: Cambridge University Press, 1977. – Vol. 1. – 371 p.

52 Голев Н.Д. *Динамический аспект лексической мотивации*. – Томск: изд-во Том. университета, 1989. – 252 с.

53 Ахметжанова З.К., Мусабекова У.А. Антропонимы казахского и русского языков: функциональная мотивация. – Алматы: Каз. ун-т междунар. отн. и мировых языков им. Абылай хана, 2006. – 128 с.

54 Асылбекова Н.Ө. Кісі есімдерінің уәжділігі және танымдық сипаты: филол. ғ. к. ... дисс. – Алматы, 2006. – 112 б.

55 Stoller R.J. *Sex and Gender*. 1st edition. – New York: Science House, 1968. – 383 p.

- 56 Кирилина А.В. О применении понятия гендер в русскоязычном лингвистическом описании // Филологические науки. – 2000, – № 3. – С. 18-27.
- 57 Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж. Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 392 б.
- 58 Alford R.D. Naming and Identity: A Cross-Cultural Study of Personal Naming Practices. New Haven: HRAF Press, 1988. – 190 p.
- 59 Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – Б. 284-288.
- 60 Мамашарипова Г. Адам дамуы және оның гендерлік аспектісі // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – Алматы, 2004. – №4(16). – Б. 29-32.
- 61 Ергазиева Н.И. Система казахских антропонимов в деловых документах XVIII – XIX в // Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. – С. 207-212.
- 62 Шоқым Г. Тілдің гендерлік жіктелімінің ғылыми негіздері: филол. ғ. д. ... дисс. – Алматы, 2009. – 281 б.
- 63 Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол. ғ. к. ... дисс. – Алматы, 2008. – 143 б.
- 64 S. Lieberman., E.O. Bell. Children's First Names: An Empirical Study of Social Taste // American Journal of Sociology. – Chicago: The University of Chicago Press, 1992. – V. 98, № 3. – P. 511-554.
- 65 Гордлевский В.А. К личной ономастике у османцев // Избранные сочинения. Этнография, История, Рецензии. – М.: Наука, 1968. Т. 4. – 609 с.
- 66 Сельвина Р.Л. Калмыцкие личные имена // Этническая ономастика. – М.: Наука, 1984. – С. 87-92.
- 67 Стратанович Г.Г. Личное имя у бирманцев // Этническая ономастика. – М.: Наука, 1984. – С. 124-127.
- 68 Никулина Л.В. Особенности антропонимической модели Тобо-батаков // Этническая ономастика. – М.: Наука, 1984. – С. 127-134.
- 69 Jernudd B.H. Personal names and Human Rights. In: *Linguistic Human Rights: Overcoming Linguistic Discrimination*, Eds. Tove Skutnabb-Kangas, Robert Phillipson [&] Mart Rannut. – Berlin & New York: Mouton de Gruyter, 1985. – P.121-132.
- 70 Creamer Thomas B.I. Chinese Place and Personal Names. In: Ernst Eichler, Gerold Hilty, Heinrich Löffler, Hugo Steger, Ladislav Zgusta (Hrsg.), *Namenforschung – Name Studies – Les noms propres (Ein internationales Handbuch zur Onomastik)*. – Berlin & New York: Walter de Gruyter, 1995–1996. – Vol. 1. – P. 906-912.
| Нағым , ар. <i>нагим</i> – аман-саулық, есендік, бақытты өмір, рақат, ләззат. | Нагим , ар. <i>нагим</i> – благополучный, невредимый, счастливая жизнь, блаженство, наслаждение. |
| Назар , ар. <i>назар</i> – қарау, көзқарас, көз салу, ықылас, ілтипат. Метафоралық мағынасы – жәрдем, көмек, игі ниет. | Назар , ар. <i>назар</i> – смотреть, точка зрения, взгляд, взор, внимание. Метафорическое значение – помощь, благосклонность, покровительство, поддержка. |
| Нариман , ир. <i>нари</i> – батыл, ержүрек + <i>ман</i> . Яғни оттай жанған, батыл, ер адам. | Нариман , ир. <i>нари</i> – мужественный, смелый, огненный + ман. Букв. – смелый, мужественный человек, как огонь. |
| Нартай , қаз. <i>нар</i> – 1. Жалғыз өркешті ірі түйе. 2. ауысп. Үлкен, мықты, ерекше, зор + <i>тай</i> . Бала үлкен, зор, мықты болсын деген тілекпен қойылған есім. Нартай Бекежанов (1890–1954) – <u>ақын</u> , <u>композитор</u> , <u>әнші</u> . | Нартай , қаз. <i>нар</i> – 1. Одногорбый верблюд. 2. перен. Большой, крепкий. Это имя давалось детям с пожеланием, чтобы они были крупными, большими и крепкими, здоровыми + <i>тай</i> . Нартай Бекежанов (1890–1954) – <u>ақын</u> , певец, композитор. |
| Наурыз , ир. <i>нов</i> – <i>руз</i> – күн. Новруз ирандықтардың күнтізбесі бойынша жаңа жылдың басы – 21 наурыз. Бұл мейрам күні туған балаларға <i>Наурыз</i> , <i>Наурызбай</i> , <i>Наурызгали</i> , <i>Наурызбек</i> деген есімдер берілген. | Наурыз , ир. <i>нов</i> – новый + <i>руз</i> – день. Новруз – день Нового года, по персидскому солнечному календарю – 21 марта. Детям, рожденным в эти дни, давались такие имена, как <i>Наурыз</i> , <i>Наурызбай</i> , <i>Наурызгали</i> , <i>Наурызбек</i> . |
| Нәби , ар. <i>нааб</i> – әулие, құдірет, жаратушының елшісі. | Наби , ар. <i>нааб</i> – творец, всемогущий, посланец. Букв. – посланец творца, всемогущего. |
| Нияз , тәж. <i>нияз</i> – 1. Өтініш, тілек, жалбарыну. 2. Үміт. 3. Сый, тарту. | Нияз , тадж. <i>нияз</i> – 1. Просьба, усердие, мольба. 2. Надежда. 3. Подарок, дар. |
| Нұғман , к.евр. – амандық, есендік, жақсылық. | Нугман , др.-евр. – милость, благо. |
| Нұрайдар , ар. <i>нұр</i> + <i>айдар</i> . Айдары жарқыраған, бақытты бала. | Нурайдар , ар. <i>нұр</i> + <i>айдар</i> . Букв. – сияющий, счастливый ребенок. |
| Нұрақын , ар. <i>нұр</i> + ир. <i>ақун</i> . Нұрлы, сәулетті ақын. | Нурақын , ар. <i>нур</i> + ир. <i>ақун</i> – певец. Букв. – певец света. |
| Нұралы , ар. <i>нұр</i> + <i>гали</i> . Әлидің нұры яки | Нуралы , ар. <i>нур</i> + <i>гали</i> . Букв. – луч Али |

| | |
|---|---|
| Әлидің жарығы. | или дитя Али. |
| Нұрасыл , ар. <i>нұр</i> + <i>асил</i> – 1. Негіз, түбір, түп, нұсқасы. 2. Шынайы, нағыз. 3. Қымбатты, ардақты. | Нурасыл , ар. <i>нур</i> + <i>асил</i> – 1. Основа, корень, подлинник, оригинал. 2. Настоящий, истинный. 3. Дорогой, драгоценный. |
| Нұрахмет , ар. <i>нұр</i> + <i>әхмәд</i> – мақтаулы, мақтауға лайық. | Нурахмет , ар. <i>нур</i> + <i>ахмад</i> –достойный похвалы. |
| Нұраят , ар. <i>нұр</i> + <i>айәт</i> – құран сүрелерінің белгілі бір шумағы; әулие, қайырлы. | Нураят , ар. <i>нур</i> + <i>айат</i> – стих, аят Корана; святой, благополучный. |
| Нұрәділ , ар. <i>нұр</i> + <i>ғадил</i> – әділдік, шыншылдық, ақиқаттық, дұрыстық. | Нурадилъ , ар. <i>нур</i> + <i>ғадил</i> – справедливость, честность, правота, правильный. |
| Нұрбай , ар. – нұрлы, көрікті ер бала. | Нурбай , ар. – сияющий, светлый, красивый мальчик. |
| Нұрбақыт , ар. <i>нұр</i> + <i>бахт</i> , бағы жанған, бақытты, нұрлы. | Нурбақыт , ар. <i>нур</i> + <i>бахт</i> . Букв. – счастливый человек. |
| Нұрбатыр , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>батыр</i> – қаһарман, батыл, ержүрек. | Нурбатыр , ар. <i>нур</i> + қаз. батыр – храбрый, смелый, отважный, герой. |
| Нұрбек , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>бек</i> – берік, мықты; өте нұрлы, әдемі көркем. | Нурбек , ар. <i>нур</i> + қаз. <i>бек</i> – крепкий, очень сильный; очень счастливый, сияющий, красивый. |
| Нұрберген , ар. <i>нұр</i> + <i>берген</i> , яғни аспаннан Кұдай нұр берді. | Нурберген , ар. <i>нур</i> + <i>берген</i> – дал, подарил. Букв. – бог подарил, красивый, изящный дар. |
| Нұрбол , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>бол</i> . Нұрлы көркем,көрікті болсын деген тілекпен қойылған есім. Дыбыстық өзгерген тұлғалары – <i>Нурболат</i> , <i>Нұрболсын</i> . | Нурбол , ар. <i>нур</i> + қаз. <i>бол</i> – будь. Букв. – будь красивым, счастливым. Фонетически измененные формы – <i>Нурболат</i> , <i>Нурболсын</i> . |
| Нұргелді , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>келді</i> , яғни өмірге әдемі, көркем, бақытты бала келді деген мәндегі есім. | Нургелди , ар. <i>нур</i> + қаз. <i>гелди</i> < <i>келди</i> – появился, пришел. Букв. –появился на свет красивый, милостивый мальчик. |
| Нұрғиса , ар. <i>нұр</i> + <i>гиса</i> < Иса, яғни келбетті, сұлу, көркем тұлғалы <i>Иса</i> , <i>Ғайса</i> . | Нургиса , ар. <i>нур</i> + <i>гиса</i> < Иса. Букв. – красивый, милостивый, прекрасный <i>Иса</i> , <i>Гайса</i> . |
| Нұрдан , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>-дан</i> қосымша. Нұрдан туған, жаратылған деген мағынаны білдіреді. | Нурдан , ар. <i>нур</i> + қаз. аффикс <i>-дан</i> . Букв. – созданный от луча, от света. |
| Нұрдәулет , ар. <i>нұр</i> + дәулет. Байлығы, дәулеті, сәулеті жарасқан. | Нурдаулет , ар. <i>нур</i> + ар. <i>даулет</i> . Букв. – имеющий большое богатство; свет государства. |
| Нұржақия , ар. <i>нұр</i> + <i>яхья</i> – ғұмырлы, өмірлі. | Нуржахия , ар. <i>нур</i> + <i>яхья</i> – долгоживущий, жизнеспособный. |
| Нұржан , ар. <i>нұр</i> + ир. <i>жан</i> , жан біткеннің нұрлысы, әдемісі, көріктісі. | Нуржан , ар. <i>нур</i> + ир. <i>джон</i> . Букв. – самый изящный, красивый человек. |
| Нұриман , ар. <i>нұр</i> + <i>иман</i> – сенім, наным. | Нуриман , ар. <i>нур</i> + <i>иман</i> – вера, верование. |
| Нұрислам , ар. <i>нұр</i> + <i>ислам</i> . | Нурислам , ар. <i>нур</i> + <i>ислам</i> – религия Ислам. |

| | |
|---|---|
| Нұрқадыр , ар. <i>нұр</i> + <i>хадр</i> – 1. Күшті, құдіретті. 2. Қабілетті, икемді, бейімді. 3. Дәреже, құрмет. | Нурқадыр , ар. <i>нур</i> + <i>хадр</i> – 1. Сильный, могущественный. 2. Способный, склонный. 3. Почет, уважение. |
| Нұрланды , ар. – ажарлану, әрлену, нұрлы, бақытты болу. | Нурланды , ар. – всегда быть красивым, озаренным, румяным, счастливым. |
| Нұрлыбек , ар. <i>нұрлы</i> + қаз. <i>бек</i> . Өте әдемі, көркем, сұлу. | Нурлыбек , ар. <i>нұрлы</i> + қаз. <i>бек</i> . Букв. – очень красивый, изящный, миловидный. |
| Нұрлыби , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>би</i> – билік, үстемдік. | Нурлыби , ар. <i>нурлы</i> + қаз. <i>би</i> – начальник, глава. |
| Нұрмардан , ар. <i>нұр</i> + тәж. <i>мард</i> – ер, еркек + <i>дан</i> – батыл, ер жүрек. | Нурмардан , ар. <i>нур</i> + тадж. <i>мард</i> – мужчина + <i>дан</i> – мужественный, храбрый. |
| Нұрмейір , ар. <i>нұр</i> + ир. ир. <i>мейр</i> – мейірім, ынта, ықылас, қайырым. | Нурмейр , ар. <i>нур</i> + ир. <i>мехр</i> – любезность, благосклонность, милость. |
| Нұрмұхамбет , ар. <i>нұр</i> + <i>Мохаммад</i> – Мұхамбеттің нұры, сәулесі. | Нурмұхамбет , ар. <i>нур</i> + <i>Мухаммад</i> – светоч Мухамбета. |
| Нұрсайын , ар. <i>нұр</i> + монғ. <i>сайын</i> – жақсы, оңды. | Нурсайын , ар. <i>нур</i> + монғ. <i>сайын</i> – хороший, лучший. |
| Нұрсанат , ар. <i>нұр</i> + <i>санат</i> – бақыт, сәт, ұлылық, дәреже. | Нурсанат , ар. <i>нур</i> + <i>санат</i> – счастье, удача. |
| Нұрсәт , ар. <i>нұр</i> + ар. <i>сәт</i> < <i>сад</i> – бақыт, құт, ырыс. | Нурсәт , ар. <i>нур</i> + <i>сад</i> – счастье, благоприятное влияние звезд. |
| Нұрсейіт , ар. – ажарлы, нұрлы мырза. | Нурсейт , ар. – красивый, миловидный мурза, господин. |
| Нұрсұлтан , ар. – әрлі, нұрлы сұлтан. | Нурсұлтан , ар. – красивый, миловидный султан. |
| Нұрұлан , ар. <i>нұр</i> + түрк. <i>ұлан</i> – сәби, бала; жауынгер, жігіт, азамат, жасақшы. | Нурулан , ар. <i>нур</i> + тюрк. <i>улан</i> – ребенок, дитя, сын; молодой воин, дружинник или гвардеец при дворце; парень, молодец. |
| Нұрхалид , ар. ар. <i>нұр</i> + <i>халид</i> – мәңгі өмір сүруші, мәңгілік, өлмейтін. | Нурхалид , ар. <i>нур</i> + <i>халид</i> – вечно живущий, вечный, бессмертный. |
| Нұршуақ , ар. <i>нұр</i> + <i>шуақ</i> . Нұрлы, көңілі шуақты болсын деген тілекпен қойылған есім. | Нуршуақ , <i>нур</i> – свет, сияние, луч + <i>шуақ</i> – солнечный луч. |
| Нұртас , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>тас</i> < <i>тасысын</i> . Бұл есім негізінде, баланың нұры тасысын, сәулесі, шапағаты басқаларды да шарпысын деген тілекпен қойылған. | Нуртас , ар. <i>нур</i> – свет, луч + қаз. <i>тас</i> – усеченная форма от <i>тасысын</i> – пусть переполнится. Букв. – пусть полнится светом. |
| Нұртөре , ар. <i>нұр</i> + к.т. <i>төре</i> – 1. Тәртіп, ереже, заң. 2. Әдет, ғұрып, салт. | Нуртөре , ар. <i>нур</i> + др.-тюрк. <i>торе</i> – 1. Порядок, правила, закон. 2. Обычай, обряд. |
| Нұртуған , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>туған</i> – нұр болып туған, нұрдан туған, нұрдан жаратылған бала деген мағыналы есім. | Нуртуған , ар. <i>нур</i> + қаз. <i>туған</i> – рожденный. Лучезарный, светлый, созданный от луча. |
| Нұртілеу , ар. <i>нұр</i> + қаз. <i>тілеу</i> , аман-есен дүниеге келсін, нұрлы, көркем, көрікті болсын деген тілекпен қойылған есім. | Нуртілеу , ар. <i>нур</i> + қаз. <i>тілеу</i> – желать, просить. Букв. просить, чтобы ребенок родился невредимым, красивым, изящным. |
| Нұрхан , ар. – нұрлы, көрікті хан. | Нурхан , ар. – красивый, изящный хан. |
| Нұрым , ар. – менің сәулем, жарығым, нұрым. | Нурым , ар. – мой светоч, мой луч; мой красавчик. |
| Нығмет , ар. <i>нигмәт</i> – 1. Береке, дәулет, байлық. 2. Бақытты, бақытты өмір. | Нигмет , ар. <i>нигмат</i> – 1. Благо, богатство. 2. Счастливый, счастливая жизнь. |

| | |
|--|---|
| Олжас , қаз. – ол жас қайрат, жас жігер деген мәндегі есім. | Олжас , қаз. – <i>ол < он + жас</i> – молодой. Букв. – молодой, энергичный, настойчивый, решительный. |
| Омар , ар. <i>гумар</i> – өмірлі, ғұмырлы. | Омар , ар. <i>гумар</i> – живучий, жизненный. |
| Орал , қаз. – өзен атынан қойылған кісі есімі. | Орал , қаз. – имя образованное от названия реки Урал. |
| Осман , ар. – ерлік, батырлық, батылдық мағынасын білдіреді. Оспан есімінің дыбыстық өзгерген тұлғасы. | Осман , ар. – героизм, смелость. фонетически измененная форма имени Оспан. |
| Оспан , ар. – ерлік, батырлық, батылдық. | Оспан , ар. – героизм, смелость. |
| Өмір , ар. <i>гомр</i> – ғұмыр, тіршілік. | Омир , ар. <i>гумр</i> – жизнь, существование |
| Өркен , к.т., қаз. – 1. Тұқым, ұрық. 2. Қауынның сабағы, желісі. | Өркен , др.-тюрк., қаз. – 1. Семья, семена. 2. Стебель. |
| Өміржан , ар. <i>өмір</i> + ир. <i>жан</i> . Бала өмірлі болсын, өмір жасы ұзақ болсын деп қойылған есім. | Омиржан , ар. <i>омир</i> + ир. <i>джон</i> . Букв. – долгоживущий, долголетний. |
| Өмірзақ , ар. <i>гомр < өмір</i> + қаз. <i>зақ < ұзақ</i> , көп жасайтын, ғұмыры ұзақ, өлмейтін. | Омирзақ , ар. <i>гумр < омир</i> – жизнь + қаз. <i>зак</i> – усеченная форма от <i>узак</i> – долгий. Букв. – живущий долгие годы. |
| Парасат , ар. – ақыл-ой. | Парасат , ар. – разум, догадливость, рассудительность. |
| Радмир , ор. – рад < <i>радоваться</i> + <i>мир</i> сөздерінен жасалған есім. | Радмир , рус. – рад < радоваться + мир. |
| Райыл , ар. – негізін салушы. | Раил , ар. – основатель. |
| Райымбек , ар. <i>раим</i> – рақымды, мейірімді + қаз. <i>бек</i> – мықты, мығым. Яғни мейірімді, қайырымды, бет алысынан қайтпайтын қайсар, батыл, берік адам. Райымбек Түкеұлы (1705–1785) – қазақ батыры, қолбасшы. | Раимбек , ар. <i>раим</i> – милосердие, мягкосердие + қаз. <i>бек</i> – крепкий, твердый. Букв. – человек, не отступающий от своих взглядов, мнений, прямой, смелый, твердый. Раимбек Тукеулы (1705–1785) – казахский <u>батыр</u> , полководец. |
| Райыс , ар. <i>рэйса</i> – бастық, басшы, әкім. | Раис , ар. <i>рэйса</i> – председатель, глава, начальник. |
| Рақат , ар. – тыныштық, тыным, тыныс. | Рахат , ар. – наслаждение, блаженство; покой, спокойствие. |
| Рақым , ар. <i>рэхим</i> – қайырымды, мейірімді, ізгі ниетті. Біріккен тұлғалы есімдер – <i>Рақымбай</i> , <i>Рақымбек</i> , <i>Рақымберді</i> , <i>Рақымжан</i> . | Рахим , ар. <i>рахим</i> – милосердный, милостивый. Сложные составные имена – <i>Рахимбай</i> , <i>Рахимбек</i> , <i>Рахимберди</i> , <i>Рахимжан</i> . |
| Рамазан , ар. <i>рамадан</i> – күйдіруші, жандырушы. Мұсылман жыл санауында ораза ұсталынатын тоғызыншы айдың аты, Арабия жерінде бұл айда қатты ыстық болады. Осы қасиетті айда дүниеге келген сәбилерге Рамазан есімі жиі қойылады. | Рамазан , ар. <i>рамадан</i> – сжигающий, горячий, жаркий. Название девятого месяца, в этот месяц в Аравии сгорает вся растительность и этот период совпадает с Великим постом. Именем Рамазан часто называют детей, родившихся в течение священного месяца. |
| Рамиз , ар. – белгі, таңба. | Рамиз , ар. – знак, символ. |
| Расул , ар. – 1. Хабаршы. 2. Елші, уәкіл. | Расул , ар. – 1. Посланец. 2. Посол, представитель, посланник. |
| Рауан , ир. <i>рэван</i> – жан өмір. | Рауан , ир. <i>рэван</i> – душа, жизнь. |

| | |
|---|--|
| Рахман , ар. – рақымды, мейірімді, кішіпейіл. | Рахман , ар. – милосердный, милостивый. |
| Раян , ар. – турашыл, бағалы, жан-жақты дамыған. | Раян , ар. – прямая, полгоценная, всесторонне развитая. |
| Ренат , ж.ес. ор. – «революция, наука, труд» сөздерінен қысқартылып алынған есім. | Ренат , неолог. рус. – сложносокращенное имя, образованное от слов «революция, наука, труд». |
| Риза , ар. – разылық, келісім, күнәнің жуылуы. Өмірге риза болу, бақытты мағынасында. Туынды тұлғасы – <i>Ризат</i> . | Риза , ар. – удовлетворение, согласие, искупление грехов. Букв. – довольный, счастливый, удовлетворенный. Производная форма – <i>Ризат</i> . |
| Руслан , к.т. <i>арыслан</i> – арыстан, <i>Арыслан</i> есімінің орыс тілінде өзгерген тұлғасы. | Руслан , др.-тюрк. <i>арслан</i> – лев, фонетически измененная форма имени <i>Арслан</i> . |
| Рүстем , ир. <i>раода</i> – жүз, келбет, бейне + <i>тама</i> – күшті. Сонда бұл есімнің жалпы мағынасы – батыл, күшті, мықты, зор денелі. | Рүстем , <i>раода</i> – стан, облик, рост + <i>тама</i> – сильный, мощный. Букв. – храбрый, мужественный, мощный, могучий ростом. |
| Сабыр , ар. – шыдамды, төзімді. | Сабыр , ар. – терпение, выносливость, стойкость, выдержка. |
| Сағадат , ар. – бақыт, құт, шаттық. | Сағадат , ар. – счастье, благополучие, блаженство. |
| Сағи , ар. – 1. Бақытты, ырысты, құтты. 2. Мырза. | Сағи , ар. – 1. Счастливый. 2. Щедрый. |
| Сағынғали , қаз. <i>сағын</i> + ар. <i>ғали</i> . Қатты аңсау, құмарту, көруге ынтық болу, яғни ата-ана ұлға зар болып жүргенде көрген балаға қойылған есім. | Сагинғали , қаз. <i>сагин</i> – сильно скучать, тосковать + ар. <i>ғали</i> . Так обычно называли ребенка, родившегося после долголетнего ожидания. |
| Сағындық , қаз. – ұзақ уақыт сағынып, сарғайып жүріп көрген ер бала. Синонимі – <i>Сағыныш</i> . | Сагиндық , қаз. – соскучились, тосковали, долгожданный. Синоним – <i>Сағыныш</i> . |
| Сайфуддин , ар. <i>сайф</i> – қылыш + <i>дин</i> – Ислам діні. | Сайфуддин , ар. <i>сайф</i> – меч + <i>дин</i> – религия (дин) Аллаха – ислам. |
| Саламат , ар. – 1. Бейбітшілік, тыныштық, саулық. 2. Сәлем. | Саламат , ар. – 1. Мир, спокойствие, благополучие. 2. Привет. |
| Салих , ар. – тақуа, адал, изгі, шариғатты сақтаушы. | Салих , ар. – праведный, благочестивый, хороший, добрый. |
| Самат , ар. – мәңгі тұрақты. | Самат , ар. – вечный, постоянный, устойчивый. |
| Самұрат , ир. <i>шах</i> + ар. <i>мурад</i> . Мақсатына жеткен шах. Синонимі – <i>Шахмұрат</i> . Дыбыстық өзгерген тұлғалары – <i>Шаймұрат</i> , <i>Шамұрат</i> . | Самурат , ир. <i>шах</i> + ар. <i>мурад</i> – цель. Букв. – шах, достигающий цели. Синоним – <i>Шахмурат</i> . Производные формы – <i>Шаймурат</i> , <i>Шамурат</i> . |
| Санат , ар. – 1. Тірек, сүйенім, таяныш. 2. Бақыт, сәт, ұлылық, дәреже. | Санат , ар. – 1. Опора. 2. Счастье, удача. |
| Санжар , к.т. – Саншора есімінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі. Көне түркі, қазақ тілінде сан «он мың», шора – «ер, батыр» деген мағыналарды білдіретінін ескерсек, «бір өзі он мың қолға тең ер, батыр» | Санжар , др.-тюрк. – фонетически измененная форма древнетюркского имени Саншора. В древнетюркском и казахском <i>сан</i> – «десять тысяч», <i>шора</i> – «герой, богатырь». Букв. – могучий, крепкий, |

| | |
|---|--|
| мәнінде қойылған есім екенін байқаймыз. Замандар бойы айтыла келе, <i>Саншора</i> < <i>Саншор</i> < <i>Саншар</i> < <i>Санжар</i> тұлғасында қалыптасып кеткен. | сильный герой, богатырь, который имеет силу тысячи воинов. Первоначальное <i>Саншора</i> подверглось фонетическому изменению в виде <i>Саншора</i> < <i>Саншор</i> < <i>Саншар</i> < <i>Санжар</i> . |
| Сапар , ар. <i>сафар</i> – саяхат, алыс жол. | Сапар , ар. <i>сафар</i> – путешествие, дальняя дорога. |
| Сардар , ир. <i>сэр</i> – 1. Генерал, бастық, қолбасшы. 2. түрк. – батыр. | Сардар , ир. <i>сэр</i> – 1. Генерал, начальник, главнокомандующий. 2. тюрк. – богатырь. |
| Саян , қаз. – Саян тауы атауынан қойылған есім. | Саян , қаз. – имя, образованное от названия горы Саян. |
| Саят , ар. <i>саят</i> – аңшылық, аң аулаушылық. | Саят , ар. <i>саят</i> – охотник на зверей и птиц. |
| Сәбит , ар. – мықты, тұрақты, табанды, адал. | Сабит , ар. – твердый, крепкий, стойкий, непоколебимый, верный. |
| Сәлмен , ир. – есейген, ер жеткен, үлкен. | Салмен , ир. – повзрослевший, возмужавший, взрослый. |
| Сәлім , ар. – 1. Сау, бүтін, толық, аман-есен. 2. Нағыз, шын, табиғи, аман-сау. 3. Қарапайым, адал. | Салим , ар. – 1. Целый, здоровый, нормальный, невредимый. 2. Настоящий, истинный, благополучный. 3. Простой, искренний, честный. |
| Сейіт , ар. <i>сейид</i> – 1. Мырза, бастық, әкім. 2. Құрметті. | Сейт , ар. <i>сейид</i> – 1. Госпадин, глава, начальник. 2. Почетный, уважаемый. |
| Серғали , ар. <i>сэр</i> + <i>ғали</i> . Басшы Ғали. | Серғали , ар. <i>сер</i> + <i>ғали</i> . Букв. – глава, старший Али. |
| Серік , ар. <i>шәрік</i> – жолдас, серіктес. | Серик , ар. – товарищ, спутник, компаньон. |
| Серікбол , ар. <i>шәрік</i> – жолдас, серіктес + қаз. бол. Көптің серігі, досы бол деген тілекпен қойылған есім. | Серикбол , ар. – товарищ, спутник + қаз. <i>бол</i> – будь. Букв. – будь товарищем, компаньоном. |
| Сұлтан , ар. – өкімет, билеуші, әкім. | Султан , ар. – власть, господство, верховный правитель, государь. |
| Сұңқар , қаз. <i>сұңқар</i> – бала сұңқардай қырағы, батыл болсын деп қойылған есім. | Сункар , қаз. <i>сункар</i> – сокол. Букв. – сильный, зоркий, как сокол. |
| Сүйіндік , қаз. <i>сүйіну</i> – ырза болу, сүйіну, көңіл толу. | Суиндик , қаз. <i>сүйіну</i> – любоваться, восторгаться, отстаться довольным. |
| Сүлеймен , к.евр. <i>соломон</i> – бейбіт, тыныш, қорғалған. | Сулеймен , др.-евр. <i>соломон</i> – мирный, защищенный. |
| Сүндет , ар. <i>суннат</i> – рәсім, әдет, дәстүр. | Сундет , ар. <i>суннат</i> – обычай, традиция, практика, предание. |
| Сырым , к.т. <i>сер</i> – шыдам, шыдамды, төзімді. | Сырым , др.-тюрк. <i>сер</i> – терпеть, выносить. |
| Таймас , қаз. – өмірде алған өз бағытынан, алға қойған мақсатынан қайтпас бала. | Таймас , қаз. – неотступающий, не уклоняющийся от своей цели, желания, упрямый, упорный. |
| Тайыр , ар. <i>таир</i> – 1. Жоғарыға ұшушы. 2. Самғаушы құс. | Таир , ар. <i>таир</i> – 1. Высоколетающий. 2. Летающая птица. |
| Талант , ж.е., гр. <i>талантон</i> – 1. Ең жоғары салмақ пен ақша санауының өлшемі. 2. Табиғи дарын, ерекше қабілетті, дарынды | Талант , неолог., гр. <i>талантон</i> – 1. Наивысшая весовая единица в греческой таблице мер. 2. Природное дарование, |

| | |
|--|--|
| адам. | одаренность, талантливость. |
| Талғат , ар. – өң, түр, келбет, рең, жүз, әдемілік, сұлулық. | Талгат , ар. – образ, вид, облик, красота, изящность. |
| Таңат , қаз. – таң атқан кезде туған балаға ертеде осындай есім берілген. Біріккен тұлғалы есімдер – <i>Таңатқан, Таңатар</i> . | Танат , қаз. <i>тан</i> – утро, рассвет, утренняя заря + <i>ат</i> – рассветать. Имя дается ребенку, рожденному на рассвете. Составные имена – <i>Танатқан, Танатар</i> . |
| Таңсұлтан , қаз. <i>таң</i> + ар. <i>сұлтан</i> – өкімет, билеуші, әкім. | Тансұлтан , қаз. <i>тан</i> – утро, рассвет, утренняя заря + ар. <i>сұлтан</i> – власть, господство, верховный правитель. |
| Тарлан , қаз. – 1. Шебер, майталман, шыныққан. 2. Тарғыл, шұбар аралас түс. 3. Шөптесін өсімдіктің атауы (змеевка). 4. Бүркіт. | Тарлан , қаз. – 1. Мастер, очень сильный, выносливый. 2. Пестрый, пятнистый, полосатый. 3. Змеевка; 4. Беркут. |
| Тасқын , қаз. – бала өмірі тасқындай боп өтсін деген мәндегі есім. | Тасқын , қаз. – наводнение, прилив. Букв. – бурный, стремительный. |
| Тастемір , қаз. <i>тас</i> + <i>темір</i> . Ата-ана тарапынан баласының өмірлі болуын, тас мен темірдей мықты, берік болуын тілеп қойылған есім | Тастемир , қаз. <i>тас</i> + <i>темир</i> – железо. Букв. – железное здоровье. |
| Таубай , қаз., к.т. <i>тағ</i> , ар. <i>таван</i> – шың, асқар, заңғар + <i>бай</i> . | Таубай , қаз., др.-тюрк. <i>тағ</i> – гора, ар. <i>таван</i> – вершина, высочайший, очень высокий + <i>бай</i> . |
| Тауман , қаз. – таудай зор адам. | Тауман , қаз. – громадный, подобный горе человек. |
| Тәңір , қаз. – аспан, тәңір. | Танир , қаз. – небо, тенгри. |
| Тәңірберген (қараңыз: Құдайберген) | Танирберген (см: Құдайберген) |
| Тәуекел , қаз. – батылдық, бел байлағандық. | Тауекел , қаз. – риск, мужество, смелость. |
| Тәуке , қаз. – тәйке, асықтың бір түскен кейпі. | Тауке , қаз. – тайке, <i>гладкая противоположная сторона альчика</i> . |
| Темір , қаз. – бала өмірі темірдей берік, мықты болсын деп қойылған есім. Синонимі – <i>Тимур</i> . | Темир , қаз. – железо. Букв. – жизнь крепка, как железо. Синоним – <i>Тимур</i> . |
| Темірлан , қаз. <i>темір</i> + <i>-лан</i> қосымша. | Темирлан , қаз. <i>темир</i> – железо + аффикс <i>-лан</i> . |
| Темірхан , қаз. <i>темір</i> + <i>хан</i> . Темір сияқты мықты хан. Синонимі – <i>Хантемір</i> . | Темирхан , қаз. <i>темир</i> + <i>хан</i> . Букв. – крепкий, сильный хан. Синоним – <i>Хантемир</i> . |
| Тоқтар , қаз. <i>тоқтар</i> < <i>тоқтау</i> – ұл бала тұрақтамай өле берген отбында ерте кезде ырым жасап, бала тоқтасын деген мақсатпен қойылған есім. | Токтар , қаз. <i>тоқтар</i> < <i>тоқтау</i> – остановиться. Обычно такое имя давалось ребенку в той семье, где постоянно умирали дети, мальчики. |
| Тұрсынбек , қаз. – өмірі берік болсын деген мағыналы есім. | Турсынбек , қаз. – пусть живет многие годы, да будет крепким, прочным. |
| Тілеулі , қаз. – <i>тіле</i> < <i>тілеу</i> – сұрау, қалау + <i>-лі</i> қосымша. Тілеп алған, сұрап алған деген мағынаны білдіреді. | Тлеулі , қаз. – <i>тіле</i> < <i>тілеу</i> – просить + аффикс <i>-лі</i> . Букв. – выпрошенный. |
| Тілеухан , қаз. <i>тіле</i> < <i>тілеу</i> – сұрау, қалау + <i>хан</i> . | Тлеухан , қаз. <i>тіле</i> < <i>тілеу</i> – выпрошенный + <i>хан</i> . |

| | |
|--|---|
| Уәлихан , ар. <i>уәли</i> – әкім, қожайын; үкімет басқарушысы; туысқан бауыр + қаз. <i>хан</i> . | Уалихан , ар. <i>уали</i> – правитель, хозяин, родня, родственник + қаз. <i>хан</i> . |
| Ұлан , түрк. – сәби, бала; жауынгер, жігіт, азамат, жасақшы. Ұлан түркі тілдерінің көбінде бар есім. | Улан , тюрк. – ребенок, дитя, сын; молодой воин, дружинник или гвардеец при дворце; парень, молодец. Имя Улан встречается в разных тюркских языках. |
| Ұлықбек , қаз. <i>ұлық</i> – ұлы, зор + бек. | Улықбек , қаз. <i>улық</i> – великий + бек. |
| Үміт , ир. <i>омид</i> – сенім, тілек, қалау. | Умит , ир. <i>омид</i> – надежда, ожидание, желание. |
| Фараби , ар., ир. – дария, үлкен өзен. Отырар қаласының көне атауы және ұлы ұстаз, данышпан, энциклопедист ғалым әл-Фарабидің (870–950, Мұхаммед ибн Узлаг Тархани Әбу Насыр әл-Фараби) есімі. | Фараби , ар., ир. – море, река. Название древнего города и имя великого ученого, мыслителя, энциклопедиста аль-Фараби (872–951, Мухаммед ибн Узлаг Тархани Абу Наср аль-Фараби). |
| Хабибулла , ар. <i>хабиб</i> – жан дос, сүйікті, сүйкімді жолдас + <i>олла</i> – Алла, Алда, Құдай. | Хабибулла , ар. <i>хабиб</i> – любимый друг, милый товарищ, спутник жизни + <i>олла</i> – Алла. |
| Хайдар , ар. – арыстан. Синонимдері – <i>Асет, Шер, Айдар</i> . | Хайдар , ар. – лев. Синонимы – <i>Асет, Шер, Айдар</i> . |
| Хакназар , ар. <i>хақ</i> – әкім, пайғамбар + <i>назар</i> – 1. Қарау, көзқарас, көз салу. 2. Ықылас, ілтипат. Демек бұл есім «Алланың, пайғамбардың назары, ықыласы, ілтипаты» деген мағынаны білдіреді. | Хакназар , ар. <i>хак</i> – правитель, пророк, начальник + <i>назар</i> – 1. Смотреть, точка зрения, взгляд. 2. Взор, внимание. Имя означает «Взор, внимание Аллаха». Помощь, благосклонность, покровительство, поддержка. |
| Халид , ар. <i>халид</i> – 1. Мәңгілік, тұрақты, өлмес, ажалсыз. 2. Жолдас. | Халид , ар. <i>халид</i> – 1. Вечный, почтоянный, вечно живущий, бессмертный. 2. Друг. |
| Хамза , ар. – дәрілік өсімдік. | Хамза , ар. – лекарственное растение. |
| Хан , қаз. – ер баланың мықты, күшті, атақты болуын тілеп қойылған есім. | Хан , қаз. <i>хан</i> – царь. Имя дается ребенку с пожеланием, чтобы он был сильным, славным. |
| Хангелді , қаз. <i>хан</i> + <i>келді</i> . Ер баланың мықты, күшті, атақты болуын тілеп қойылған есім. Қысқартылып еркелете айтылу түрі – Қаныш. | Хангельди , қаз. <i>хан</i> – царь + <i>гельди</i> от <i>келди</i> – прибыл. Букв. – появился на свет сильный, славный человек. Сокращенно-ласкательная форма – Қаныш. |
| Ханзада , қаз. – хан баласы. | Ханзада , қаз. – сын хана. |
| Хантемір (қараңыз: Темірхан) | Хантемир , (см: Темірхан) |
| Хасан // Хасен , ар. – әдемі, сұлу, көркем, жақсы, тамаша. | Хасан // Хасен , ар. – красивый, прекрасный, хороший. |
| Хәкім , ар. – 1. Өкім етуші, әмірші. 2. Данышпан, дана, кемеңгер. | Хаким , ар. – 1. Повелитель, властелин. 2. Мудрый, гений, умный. |
| Шадияр , ир. <i>чәһариар</i> – төрт дос (Мұхамбет пайғамбардың Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли деген сенімді төрт серігі, халифалар). | Шадияр , ир. <i>чәһариар</i> – четыре друга (Абубакр, Омар, Оспан, Али – друзья пророка Мухамбета) |
| Шалқар , қаз. – кең-байтақ, шексіз, шетсіз. | Шалкар , қаз. – обширный, бескрайний, необъятный. |
| Шапағат , ар. <i>шафакат</i> – аяныш, аяу, есіркеу, қайырымдылық, мейірімділік. | Шапагат , ар. <i>шафакат</i> – жалость, сострадание, снисходительность, милосердие. |
| Шаһ , ир. <i>шах</i> – Ирандағы билеуші | Шах , ир. <i>шах</i> – титул правителя в Ирана, |

| | |
|---|--|
| лауазымы, патша. | царь. |
| Шаһбатыр , ир. <i>шах</i> + қаз. <i>батыр</i> – қаһарман, батыл, ержүрек. | Шахбатыр , ир. <i>шах</i> + қаз. <i>батыр</i> – храбрый, смелый, отважный, герой. |
| Шахислам , ир. <i>шах</i> + ар. <i>ислам</i> . | Шахислам , ир. <i>шах</i> + ар. <i>ислам</i> – религия. |
| Шаһмардан , ир. <i>шах</i> + мардан – ержүрек, батыл. | Шахмардан , ир. <i>шах</i> + мардан – мужественный, смелый, храбрый. |
| Шаһназар , ир. <i>шах</i> + ар. <i>нәзәр</i> . – карау, көзқарас, көз салу, ықылас, ілтипат. | Шахназар , ир. <i>шах</i> + ар. – смотреть, точка зрения, взгляд, взор, внимание. |
| Шахнияз , ир. <i>шах</i> + ар. <i>нияз</i> – өтініш, тілек, тілену, үміт, сый, тарту. | Шахнияз , ир. <i>шах</i> + ар. <i>нияз</i> – просьба, мольба, надежда, дар. |
| Шәкәрім , ар., ир. – 1. ир. <i>шах</i> + ар. <i>карим</i> – қолы ашық, мырза. Жомарт, ақкөңіл, кеңпейіл патша. 2. Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) – қазақ ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы. | Шакарим , ар., ир. 1. ир. <i>шах</i> + ар. <i>карим</i> – прекрасный, дивный, великодушный, щедрый, добрый шах. 2. Шакарим Кудайбердиұлы (1858–1931) – казахский поэт, мыслитель, композитор, переводчик. |
| Шәкір , ар. – игі, асыл, мейірбан, сыйлаушы, құрметтеуші. | Шакир , ар. – благородный, драгоценный, добрый, благодарящий, признательный, уважающий. |
| Шерәлі , ир. <i>шер</i> – 1. Арыстан. 2. Батыл, ержүрек + ар. <i>ғали</i> // <i>али</i> – жоғары, биік, ең асқақ. Бұл есімнің мағынасы – батыр, ержүрек, арыстан Әли. | Шерали , ир. <i>шер</i> – 1. Лев. 2. Сильный, храбрый, мужественный + ар. <i>ғали</i> // <i>али</i> – высший, верховный. Букв. – смелый, храбрый, лев Али. |
| Шерхан , ир., қаз. – арыстандай айбатты, мықты, батыр, ержүрек. | Шерхан , ир., қаз. – смелый, храбрый, мужественный, как лев, сильный. |
| Шоқан , Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835–1865) – ғалым, тарихшы, этнограф, фольклоршы, саяхатшы, ағартушы. | Шокан , Шокан Шингисович Валиханов (1835–1865) – ученый, историк, этнограф, фольклорист, путешественник и просветитель. |
| Шынболат , қаз. <i>шын</i> + ир. <i>пулат</i> , болаттай берік, мықты адам деген мағына береді. | Шынболат , қаз. <i>шын</i> – действительно, настоящий + ир. <i>джон</i> + <i>пулат</i> – сталь. Букв. – настоящий стальной человек. |
| Ыбырай , к.евр. – Абраам – ел атасы. Дыбыстық өзгерген тұлғалары – <i>Ибрагим</i> , <i>Ыбрайым</i> , <i>Ыбыраи</i> . | Ибрай , др.-евр. – Абраам – отец народов. Фонетически измененные формы – <i>Ибрагим</i> , <i>Ибраим</i> , <i>Ибраи</i> . |
| Ықсан , ар. <i>ихсан</i> – 1. Жақсылық, қайырымдылық; 2. Көркемдік, нұрлылық. Құранда Ихсан – адалдық мағынасын береді. | Ихсан , ар. <i>ихсан</i> – 1. Благодеяние, добро, милость. 2. Красота, изящество, преданность. В Коране Ихсан – искренность. |
| Ықылас , ар. – пейіл, ниет, берілу, ашықтық, адалдық. | Ихлас , ар. – искренность, чистосердечие, откровенность, преданность. |
| Ырысбек , қаз. <i>ырыс</i> + <i>бек</i> . Өте бақытты, ырысты. | Рысбек , қаз. <i>рыс</i> + <i>бек</i> . Очень счастливый, удачливый человек. |
| Ырысдәулет , қаз. <i>ырыс</i> + <i>дәулет</i> – байлық, бақыт. Бақытты, дәулетті болсын деген тілекпен қойылған есім. | Рысдаулет , қаз. <i>рыс</i> – счастье + ар. <i>даулет</i> – богатство, счастье. Букв. – богатый, счастливый. |
| Ырыскелді , қаз. <i>ырыс</i> + <i>келді</i> , өмірге бақытты, ырысты, ауқатты адам келді мәніндегі есім. | Рыскельди , қаз. <i>рыс</i> – счастье + <i>келди</i> – появился. Букв. – появился, прибыл на свет, родился счастливый, богатый человек. |
| Ізбасар , қаз. <i>із</i> + <i>басар</i> – әкесінің мұрагері, ізбасары болсын деген мақсатпен қойылған | Избасар , қаз. <i>из</i> – след + <i>басар</i> от гл. <i>бас</i> – наступить. Букв. – наследник отца. |

| | |
|-----------------------------------|---|
| есім. | |
| Илияс , евр. – күш, жігер. | Ильяс , евр. – сила, могущество. |

ЕКІ НЕМЕСЕ ҮШ ЕСІМ СӨЗДЕН БІРІГІП ЖАСАЛҒАН ЕР ЕСІМДЕРІ

| | |
|--|---|
| Абылайханбейбарыс , екі есімнен бірігіп жасалған. Абылай хан – (1771–1781) Қазақ хандығының ханы + Бейбарыс – атақты қолбасшы, Египет пен Сирияны билеген (1260–1277) мәмлүктердің сұлтаны. | Абылайханбейбарыс , составное имя. Абылай хан – (1711–1781) хан всего Казахского ханства + Бейбарыс – выдающийся полководец и мамлюкский правитель Египта и Сирии (1260–1277). |
| Ақылдос , ар. <i>ахл</i> – ақыл, сана + ир. <i>дуст</i> – жан жолдас, серік, жар. Ақылды болып өсіп, досы көп болсын деген мәндегі есім. | Ақылдос , ар. <i>ахл</i> – ум, разум, здравый смысл + ир. <i>дуст</i> – друг, приятель. Имя давалось с пожеланием, чтобы он был умным и имел много друзей. |
| Аланқожа , лат. <i>Alanus</i> – скифтермен көршілес тұрған ежелгі алан халқының атауы + ар. <i>ходже</i> – ұстаз, мырза, бай, көпес, қожайын. | Аланқожа , лат. <i>Alanus</i> – название древнего народа аланы, жившего по соседству со скифами + ар. <i>ходже</i> – учитель, господин, богатый, купец, хозяин. |
| Алансұлтан , лат. <i>Alanus</i> – скифтермен көршілес тұрған ежелгі алан халқының атауы + ар. <i>сұлтан</i> – билік, үстемдік, өкімет, билеуші, әкім. | Алансұлтан , лат. <i>Alanus</i> – по названию древнего народа аланы, жившего по соседству со скифами + ар. <i>султан</i> – власть, господство, верховный правитель, государь. |
| Арманәли , ир. <i>арман</i> – мақсат, тілек, мүдде + <i>ғали</i> – биік, аса зор, заңғар. | Арманәли , ир. <i>арман</i> – желание, заветная мечта, цель + <i>ғали</i> – высокий, высший. |
| Асанәлі , ар. хасан – сұлу, тым көркем, өте әдемі + <i>ғали</i> – биік, аса зор, заңғар. | Асанәли , ар. хасан – очень красивый, очень хороший + <i>ғали</i> – высокий, высший. |
| Асылмұрат , ар. <i>асил</i> – 1. Негіз, түбір, түп, нұсқасы; 2. Шынайы, нағыз. 3. Қымбатты, ардақты + <i>мұрад</i> – мақсат, тілек, ықылас. Асыл мұратқа жету мағынасындағы есім. | Асылмұрат , ар. <i>асил</i> – 1. Основа, корень, подлинник, оригинал. 2. Настоящий, истинный. 3. Дорогой, драгоценный + <i>мұрад</i> – желание, цель. Букв. – достичь цели. |
| Аянәли , қаз. <i>аян</i> – көпке белгілі, жұртқа мағлұм; анықтық, ақиқат, шындық + ар. <i>ғали</i> – биік, аса зор, заңғар. | Аянәли , қаз. <i>аян</i> – явный, широко известный народу, ясный, истинный, правдивый + ар. <i>ғали</i> – высокий, высший. |
| Әбдуәли , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>уәли</i> – әкім, қожайын, үкімет басқарушы; туысқан, бауыр. Яғни, әкімнің, әміршінің, басқарушының қызметкері, құлы. | Әбдуәли , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>уәли</i> – правитель, хозяин, родня, родственник. Букв. – раб слуга повелителя, управителя. |
| Әбдіғазиз , ар. <i>абд.</i> – құл + <i>ғазиз</i> – қадірлі, қымбатты, құрметті, сүйкімді, аяулы, бағалы. | Әбдіғазиз , ар. <i>абд</i> – раб + <i>ғазиз</i> – почетный, дорогой, любезный, уважаемый, милый, драгоценный. |
| Әбдіғани , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>ғани</i> – бай, дәулетті, беделді. | Әбдіғани , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>ғани</i> – богатый, зажиточный, знатный. |
| Әбдіжалел , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>жалил</i> – ұлы, даңқты, атақты. | Әбдіжалел , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>жалил</i> – великий, славный, знаменитый, известный. |
| Әбдіжаппар , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>джаббар</i> – құдіретті, күшті (Алла). Жаратушының (Алланың) құлы. | Әбдіжаппар , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>джаббар</i> – слуга, раб всемогущего, могучий (Аллах). Букв. – слуга Всевышнего (Аллах). |
| Әбдіжәміл , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>жәмил</i> – 1. Сұлу, өте әдемі, сүйкімді, шырайлы. 2. | Әбдіжәміл , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>жәмил</i> – 1. Красивый, прекрасный, любезный. 2. |

| | |
|--|---|
| Шапағаттылық, ізгі, сыпайы, қайырымды. Қайырымдының, шапағаттының құлы. | Милосердный, снисходительный, добрый + вежливый. Букв. – раб доброго. |
| Әбдікәрім , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>карим</i> – 1. Қолы ашық, мырза, жомарт. 2. Ақкөңіл, кең пейіл, сүйкімді, мейірімділіктің, жомарттылықтың, мырзалықтың құлы. | Абдикарим , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>карим</i> – 1. Щедрый, могущественный. 2. Милостивый, любезный, приятный, симпатичный, господин, Букв. – раб щедрого. |
| Әбділатиф , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>латиф</i> – қайырымды, рақымды, жайдары, сүйкімді. | Абдилатиф , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>латиф</i> – добрый, любимый, любезный, милый, приветливый, приятный. |
| Әбдімәжит , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>мажит</i> – атақты, даңқты. Даңқты, атақтылардың құлы. | Абдимажит , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>мажит</i> – могущественный, славный, знатный. |
| Әбдімүтәліп , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>мүтәліп</i> – талап ету, сұрау. | Абдимүтәліп , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>мүтәліп</i> – взыскание, требование. |
| Әбдінасыр , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>насыр</i> – жәрдем беруші, жеңімпаз. Мәңгі жеңуші, жеңімпаздың құлы. | Абдинасыр , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>насыр</i> – помогающий, победитель. Букв. – раб, слуга победителя. |
| Әбдірақым , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>рахим</i> – қайырымды, мейірімді, рақымды; Мейірімділіктің, рақымдының құлы. Қысқарған түрі – <i>Әбдірақ</i> . | Абдирахим , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>рахим</i> – милосердный, милостивый, добродушный. Букв. – раб милосердия, доброты, милостивости. Сокращенная форма – <i>Абдрах</i> . |
| Әбдірахман , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>рахман</i> – рақымды, мейірімді, кішіпейілді; Мейірімділіктің, кішіпейілділіктің, яғни Құдайдың, Алланың құлы. Қысқартып, еркелетіп айту түрлері – <i>Әбдірақ</i> , <i>Әбіш</i> . | Абдрахман , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>рахман</i> – милосердный, милостивый, скромный. Букв. – раб милосердия, раб милостивого (аллаха). Сокращенно-ласкательные формы – <i>Абдрах</i> , <i>Абиш</i> . |
| Әбдірашидаладдин , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>рашид</i> – саналы, ақылды, парасатты + <i>ала-ад-дин</i> – Алланың діні – ислам. | Абдирашидаладдин , ар. <i>ғабд</i> + <i>рашид</i> – разумный, благоразумный, рассудительный + <i>ала-ад-дин</i> – религия (дин) Аллаха – ислам. |
| Әбдірәсіл , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>расул</i> – елші, уәкіл, хабаршы. Алланың хабаршысы, елшісінің құлы. | Абдирасул , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>расул</i> – посланник, посланец, представитель. Букв. – слуга посланника, представителя Аллаха. |
| Әбдісабыр , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>сабур</i> – шыдамдылық, төзімділік, ұстамдылық, табандылық. | Абдисабыр , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>сабур</i> – терпение, выносливость, стойкость, выдержка. |
| Әбдісалам , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>салам</i> – бейбітшілік, тыныштық, қауіпсіздік, амандық. Мәңгі тыныштықты, бейбітшілікті сүйюшінің құлы. | Абдисалам , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>салам</i> – мир, безопасность, благополучие. Сторонник мира, покоя, благополучия. |
| Әбдісамат , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>самад</i> – мәңгі, тұрақты, яғни мәңгі өмір сүруші; мәңгіліктің құлы. Дыбыстық өзгерген тұлғалары – <i>Әбсамат</i> , <i>Әбдусамат</i> . | Абдисамат , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>самад</i> – вечный, постоянный, устойчивый, то есть вечно, постоянно живущий. Фонетические формы – <i>Абсамат</i> , <i>Абдусамат</i> . |
| Әбдіхамит , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>хамид</i> – мақтаулы, мақтауға лайық. | Абдихамит , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>хамид</i> – похвальный, достойный похвалы. |
| Әбдіхафиз , ар. <i>ғабд</i> – құл + <i>хафез</i> – сақтаушы, күзетуші. | Абдихафиз , ар. <i>ғабд</i> – раб + <i>хафез</i> – хранитель, блюститель. |
| Әбубәкір , ар. <i>абу</i> – әке + <i>бикер</i> – 1. | Абубакир , ар. <i>абу</i> – отец + <i>бикер</i> – 1. |

| | |
|--|---|
| Тұңғыш. 2. Кіршіксіз пәк, таза. Әкесінің тұңғышы деген мағынаны береді. | Первенец. 2. Честный, чистый. Букв. – первенец в семье отца. |
| Әбуораз , ар. <i>әбу</i> – әке + к.т. <i>ораз</i> – ырыс, құт, бақыт. | Абуораз , ар. <i>абу</i> – отец + др.-тюрк. <i>ораз</i> – счастье, удача. |
| Әбіласан , ар. <i>әбу</i> – әке деген мағынаны білдіретін сөзінің сөйлеу тілдегі айтылу формасы + <i>хасан</i> – сұлу, тым көркем, өте әдемі. | Абильасан , ар. фонетически измененная форма <i>абу</i> – отец в просторечии + <i>хасан</i> – очень красивый, очень хороший. |
| Әбілқасым , ар. <i>әбу</i> – әке + ар. <i>хасим</i> – бөліп беруші, асыраушы. | Абильхасим , ар. <i>абу</i> – отец + <i>хасим</i> – распределяющий, кормилец. |
| Әбілмансұр , ар. <i>әбу</i> – әке + <i>мансұр</i> – 1. Жеңімпаз, жеңіске жетуші. 2. Құдіретті. | Абильмансур , ар. <i>абу</i> – отец + <i>мансур</i> – 1. Победитель, побеждающий. 2. Всемогущий. |
| Әділсерік , ар. <i>гадил</i> – әділдік, шыншылдық, ақиқаттық, дұрыстық + <i>шәрік</i> – жолдас, серіктес. | Адилсерик , ар. <i>гадил</i> – справедливость, честность, правота, правильный + товарищ, спутник, компаньон. |
| Әзиретсұлтан , ар. <i>һазрәт</i> – дінбасы, ғұлама, хазірет + <i>сұлтан</i> – өкімет, билеуші, әкім. Бұл есім ислам дінін таратуға күш салып, түркі халықтары арасына сопылықтың орнығуына негіз салған әулиенің мәртебелі есімі. Шын есімі – Қожа Ахмет Ясауи; Нұрсұлтан қаласында орналасқан мешіт атауы. | Азиретсултан , ар. <i>хазрат</i> – глава богословов, большой знаток + власть, господство, верховный правитель, государь. Это имя прозвище суфийского поэта Ходжа Ахмеда Яссави. Он – суфийский поэт, один из первых суфийских мистиков в тюркоязычном мире; название мечети в городе Нур-султан. |
| Әлиағзам , ар. <i>ғали</i> – биік, аса зор, заңғар + <i>ағзам</i> – зор, ең ұлы. | Алиағзам , ар. <i>ғали</i> – высокий, возвышенный, высший + <i>ағзам</i> – величайший, всемогущий. |
| Әлиайдар , ар. <i>ғали</i> + <i>хайдар</i> – арыстан, яғни арыстандай күшті, қайратты Әли. | Алиайдар , ар. <i>ғали</i> + <i>хайдар</i> – лев. Букв. – Али сильный, как лев. |
| Әлиәзіз , ар. <i>ғали</i> + <i>азиз</i> – қадірлі, қымбатты, құрметті, сүйкімді, аяулы, бағалы. | Алиазиз , ар. <i>ғали</i> + <i>азиз</i> – почетный, дорогой, любезный, уважаемый, милый, драгоценный. |
| Әлиәкпар , ар. <i>ғали</i> + <i>акбар</i> – ұлы, өте үлкен, зор, құрметті. Үлкен, зор Әли. | Алиакпар , ар. <i>ғали</i> + <i>акбар</i> – великий, самый большой, величайший. Букв. – могучий Али. |
| Әлиәмір , ар. <i>ғали</i> + <i>әмір</i> – 1. Бастық, әкім, билеуші. 2. Нұсқау, жарлық, бұйрық. | Алиамир , ар. <i>ғали</i> + <i>амир</i> – 1. Правитель, начальник. 2. Указание. |
| Әлидамир , ар. <i>ғали</i> + <i>дамир</i> – 1. ар. Ұят, ұждан. 2. түрк. Темір, ауыс. мағынасы – мықты. 3. «Да здравствует мир» ұранынан қысқартылып жасалған есім. | Алидамир , ар. <i>ғали</i> + <i>дамир</i> – 1. ар. Совесть, честь. 2. түрк. Железо, в перен. значении – крепкий. 3. Имя, образованное путем сокращения лозунга «Да здравствует мир». |
| Әлиескендір , ар. <i>ғали</i> – биік, аса зор, заңғар. Әли – төртінші халифаның есімі + ир. <i>Ескендір</i> – Александр есімінің дыбыстық өзгерген түрі. Александр Македонскийді күллі Азия, Араб халқы осылай атап кеткен. | Алиескендир , ар. <i>ғали</i> – высокий, возвышенный, высший. Али – собственное имя четвертого халифа + ир. Ескендир – видоизмененная форма Александр. Все народы Азии и Аравии так называли Александра Македонского. |
| Әлиман , ар. <i>ғали</i> + <i>Иман</i> – 1. қасиетті <u>Құран</u> Кәрімнің үшінші сүресі. 2. Құран Кәрімде Мариямның әкесі ретінде екі рет аталған. | Алиман , ар. <i>ғали</i> + <i>Иман</i> – 1. Третья сура Корана. 2. Упомянется в Коране дважды, как отец <u>Марьям</u> . |

| | |
|---|--|
| Әлимансұр , ар. <i>ғали</i> + <i>мансұр</i> – 1. жеңімпаз, жеңіске жетуші. 2. Құдіретті. | Алимансур , ар. <i>ғали</i> + <i>мансур</i> – 1. Победитель, побеждающий. 2. Всемогущий. |
| Әлимұрат , ар. <i>ғали</i> + <i>мурад</i> – мақсат, тілек, ықылас. | Алимурат , ар. <i>ғали</i> + <i>мурад</i> – желание, цель. |
| Әлимұхамбетнұр , ар. <i>ғали</i> + Мұхамед < Мохаммад – даңқы шыққан, атақты, мақталған + <i>нұр</i> – жарық, сәуле. | Алимухамбетнұр , ар. <i>ғали</i> + Мухамбет < Мохаммад – прославленный, славный + <i>нур</i> – свет, луч, сияние. |
| Әли Назар , ар. <i>ғали</i> – биік, аса зор, заңғар + <i>назар</i> – 1. Қарау, көзқарас, көз салу. 2. Ықылас, ілтипат. Алланың назарында болу деген мағынада қойылған есім. | Али Назар , ар. <i>ғали</i> – высокий, возвышенный, высший + <i>назар</i> – 1. Смотреть, точка зрения, взгляд. 2. Взор, внимание. Имя означает «Взор, внимание Аллаха». |
| Әлисултан , ар. <i>ғали</i> – биік, аса зор, заңғар + <i>султан</i> – әкім, билеуші, Мемлекет басшысы деген сөз. | Алисултан , ар. <i>ғали</i> – высокий, возвышенный, высший + <i>султан</i> – правитель, начальник, султан. Букв. – правитель, государь. |
| Әлімгерей , ар. <i>ғалым</i> – 1. Білімді, білгір ғалым, дана. 2. Оқымысты, ғалым + ир. <i>герай</i> – тілек, ықылас, бейімділік. | Алімгерей , ар. <i>ғалим</i> – 1. Знающий, просвещенный. 2. Ученый, мудрый. + ир. <i>герай</i> – желание, старание, способность. |
| Әмірәлі , ар. <i>әмір</i> – 1. Әкім, бастық, билеуші. 2. Нұсқау, жарлық, бұйрық + ар. <i>ғали</i> . | Амирали , ар. <i>амир</i> – 1. Правитель, начальник. 2. Указание + ар. <i>ғали</i> . |
| Әмірсаид , ар. <i>әмір</i> – 1. Әкім, бастық, билеуші. 2. Нұсқау, жарлық, бұйрық + <i>саид</i> – мырза, бастық, әкім. | Амирсаид , ар. <i>амир</i> – 1. Правитель, начальник. 2. Указание + <i>саид</i> – господин, глава, начальник. |
| Әмірсана , ар. <i>әмір</i> – 1. Әкім, бастық, билеуші. 2. Нұсқау, жарлық, бұйрық + қаз. <i>сана</i> – ынталы, ақылды, парасатты. | Амирсана , <i>амир</i> – 1. Правитель, начальник. 2. Указание + қаз. <i>сана</i> – сознание, мысль, дума, букв. вдумчивый, сознательный. |
| Әмірсұлтан , ар. <i>әмір</i> – 1. Әкім, бастық, билеуші. 2. Нұсқау, жарлық, бұйрық + <i>сұлтан</i> – өкімет, билеуші, әкім. | Амирсултан , ар. <i>амир</i> – 1. Правитель, начальник. 2. Указание + <i>султан</i> – власть, господство, верховный правитель, государь. |
| Батухан , Бату (Батый, Сайын хан, 1208 – 1255 жж.) – Шыңғыс ханның немересі, Жошының екінші ұлы, Алтын Орда мемлекетінің негізін қалаушы. | Батухан , Бату (Батый, Саин хан, 1208 – 1255 гг.) – внук Чингисхана, второй сын Джочи, основатель Золотой Орды. |
| Батырбаян , қаз. <i>батыр</i> – қаһарман, батыл, ержүрек + к.т., монғ. <i>баян</i> – Батыр Баян – ХХ ғасырдың басындағы қазақтың атақты қаламгері Мағжан Жұмабаевтың жазған поэмасы. Батыр Баян – поэманың бас кейіпкері. Ол қазақ халқының батыры және Абылай ханның қалмақтармен шайқастағы ең жақын жауынгері. Оның мінезі отаншыл және өте намысқой. | Батырбаян , қаз. <i>батыр</i> – храбрый, смелый, отважный, герой + др.-тюрк., монғ. <i>баян</i> – крепкий, могучий, богатый. Батыр Баян – поэма казахского поэта начала ХХ века Магжана Жумабаева. Батыр Баян – главный герой поэмы. Он богатырь казахского народа и военачальник в ставке хана Аблая, участник героических сражений с калмыками. Он предан своей родине, гордый. |
| Батырғали , қаз. <i>батыр</i> + ар. <i>ғали</i> , яғни батыр Ғали (Әли). | Батырғали , қаз. <i>батыр</i> + ар. <i>ғали</i> – отважный, смелый герой Гали (Али). |
| Бекмұхамбетсұлтан , қаз. <i>бек</i> – мықты, | Бекмухамбетсултан , қаз. <i>бек</i> – сильный + |

| | |
|---|--|
| күшті + ар. <i>Мохаммад</i> + ар. <i>сұлтан</i> – өкімет, билеуші, әкім. | ар. <i>Мохаммад</i> + ар. <i>сұлтан</i> – власть, господство, верховный правитель. |
| Бөкейхан , Бөкей хан – Бөкей ордасының ханы, Әбілхайыр ханның немересі, кіші жүздің ханы Нұралы ханның баласы. | Бокейхан , Бокей хан – основоположник и первый правитель Бокеевской орды, внук Абилхаир хана, сын хана младшего жуза Нуралы хана. |
| Біләлихсан , ар. <i>біләл</i> – 1. Балғындық, көл, теңіз. 2. Ылғалдық + ар. <i>ихсан</i> – 1. Жақсылық, қайырымдылық. 2. Көркемдік, нұрлылық. Біләл ибн Рабах әл-Хабаша – Исламдағы алғашқы азаншының есімі. Құранда Ихсан – адалдық мағынасын береді. | Билалихсан , ар. <i>билал</i> – 1. Свежесть, река, море. 2. Влага + ар. <i>ихсан</i> – 1. Благодеяние, добро, милость. 2. Красота, изящество, преданность. Билал – имя первого муэдзина (лицо призывающее мусульман к молитве) в Исламе В Коране Ихсан – искренность. |
| Біләлраджаб , ар. <i>біләл</i> – 1. Балғындық, көл, теңіз. 2. Ылғалдық + <i>раджаб</i> – тәжім ету, бас ию, құрметтеу. 2. Арабша жетінші ай аты. Осы айда туылған балаларға <i>Раджаб</i> , <i>Ережеп</i> деп ат қойылып отырған. | Билалраджаб , ар. <i>билал</i> – 1. Свежесть, река, море. 2. Влага + <i>раджаб</i> – 1. Поклонение, почитание. 2. Седьмой месяц лунного календаря. Детей, родившихся в этом месяце, нарекали <i>Раджабам</i> , <i>Ережепом</i> . |
| Дәулеткерей , Даулеткерей Шығайұлы (1820 – 1887) – қазақтың әйгілі халық композиторы, күйші, аспапты музыка өнеріндегі лирикалық бағыттың негізін салушы. | Даулеткерей , Даулеткерей Шығайұлы (1820 – 1887) – народный композитор, күйші, основоположник лирического направления в инструментальной музыке. |
| Ермұхамбетәли , қаз. <i>ер</i> + ар. <i>Мохаммад</i> + ар. <i>ғали</i> . Күшті, батыр, ержүрек Мұқамбет. | Ермухамбетали , қаз. <i>ер</i> – сильный + ар. <i>Мохаммад</i> + ар. <i>ғали</i> . Букв. – сильный, возвышенный Мухамбет. |
| Жақияжұма , ар. <i>яхья</i> – ғұмырлы, өмірлі + <i>джумга</i> – жиын, жалпы қауым жиналатын күн. | Жахияжума , ар. <i>яхья</i> – долгоживущий, жизнеспособный + <i>джумга</i> – пятница, день сбора. |
| Жанарыс , ир. <i>джон</i> + қаз. 1. Ер адам, азамат. 2. Көшбасшы, ұйытқы, көсем адам. 3. Арыс өзені атынан қойылған есім. | Жанарыс , ир. <i>джон</i> + қаз. <i>арыс</i> – 1. Мужчина, гражданин. 2. Лидер, предводитель, вождь. 3. Имя, образованное от названия реки Арыс. |
| Жанасыл , ир. <i>джон</i> + ар. <i>асил</i> – 1. Негіз, түбір, түп, нұсқасы. 2. Шынайы, нағыз. 3. Қымбатты, ардақты. | Жанасыл , ир. <i>джон</i> + ар. <i>асил</i> – 1. Основа, корень, подлинник, оригинал. 2. Настоящий, истинный. 3. Дорогой, драгоценный. |
| Жанәділ , ир. <i>жан</i> + ар. <i>әділ</i> . Жаны таза, ақ, кіршіксіз адал болсын деген тілекпен қойылған есім. | Жанадиль , ир. <i>джон</i> – душа + ар. <i>адиль</i> – справедливость, честность, правота, правильный. |
| Жанәли , ир. <i>джон</i> – жан + ар. <i>ғали</i> – мықты, күшті. Ғали сияқты батыл, өжет адам. | Жанали , ир. <i>джон</i> – душа + ар. <i>ғали</i> – крепкий, смелый. Букв. – отважный, как Гали. |
| Жанболат , ир. <i>джон</i> + <i>пулад</i> – Болаттай берік, мықты адам деген мағына береді. | Жанболат , ир. <i>джон</i> + <i>пулат</i> – сталь. Букв. – стальной человек. |
| Жандәулет , ир. <i>джон</i> + ар. <i>дәулет</i> . Дәулеті мол, бақытты жан болсын деген тілекпен қойылған есім. | Жандаулет , ир. <i>джон</i> + ар. <i>даулет</i> . Букв. – зажиточный, счастливый человек. |
| Жандияр , ир. <i>джон</i> + ар. <i>дияр</i> – ел, облыс, аймақ. | Жандияр , ир. <i>джон</i> + ар. <i>дияр</i> – страна, область, провинция. |

| | |
|---|--|
| Жансүгір , ир. <i>джон</i> + к.т. <i>сукур</i> – хабар. Бала ғылымнан, өнерден хабары, білімі мол, білгір жан болсын деген мағыналы есім. | Жансугир , ир. <i>джон</i> – душа + др.-тюрк. <i>сукур</i> – весть. Букв. – богатый знаниями человек. |
| Жансұлтан , ир. <i>джон</i> + ар. <i>сұлтан</i> – жан біткеннің сұлтаны. | Жансултан , ир. <i>джон</i> – душа + ар. <i>солтан</i> . Букв. – правитель. |
| Жантемір , ир. <i>джон</i> + қаз. темір | Жантемир , ир. <i>джон</i> + қаз. темір – железо. Жизнь крепка, как железо. |
| Жантөре , ир. <i>джон</i> + к.т. <i>төре</i> – 1. Тәртіп, ереже, заң. 2. Әдет, ғұрып, салт. | Жантөре , ир. <i>джон</i> + др.-тюрк. <i>төре</i> – 1. Порядок, правила, закон. 2. Обычай, обряд. |
| Жәңгірхан , ир. <i>джахан</i> + <i>гир</i> – дүниені меңгеруші, әлемге үстемдік етуші + қаз. <i>хан</i> . Жәңгір хан (1801–1845) – Бөкей Ордасының соңғы ханы. | Жангирхан , ир. <i>джахан</i> + <i>гир</i> – покровитель мира, завоеватель мира + қаз. <i>хан</i> . Жангир хан (1801–1845) – последний правитель Бокеевской орды. |
